Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 101.8:124.5

Қолжазба құқығында

ҚАБУЛ ОРАЛБАЙ ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

Сабақтастық – философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы)

6D020100 - Философия

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
ҚР ҰҒА академигі
философия ғыл. докторы,
профессор
Ғарифолла. Есім

Шетелдік ғылыми кеңесші
философия докторы (PhD),
профессор
Синан Өзбек

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР..... 3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 5
КІРІСПЕ..... 6

1 САБАҚТАСТЫҚ: МӘНІ, МАҢЫЗЫ..... 15
1.1 Сабақтастық ұғымы және оның Адам-Дүние болмысындағы орны... 15
1.2 Сабақтастықты зерттеудің теориялық және әдіснамалық қырлары... 22
1.3 Сабақтастық – мәдени дамудың алғышарты және заңдылығы 29

2 МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК САБАҚТАСТЫҚ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ..... 41
2.1 Мәдени даму динамикасы және қазіргі әлемдегі құндылықтар өзгерісінің әлеуметтік-философиялық негіздемесі..... 41
2.2 Әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлар – құндылықтар трансформациясының алғышарты ретінде..... 67
2.3 Рухани-адамгершіліктік сабақтастықтың мәдени-әлеуметтік тетіктері..... 82

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ..... 96
3.1 Қазақстандағы рухани-адамгершіліктік сабақтастық үдерісінің негізгі мәселелері..... 96
3.2 Қазақтың дәстүрлі этикалық құндылықтарындағы трансформацияның ерекшеліктері..... 102
3.3 Құндылықтық сабақтастықты белсендендіру – заманауи Қазақстандағы патриоттық тәрбиенің кепілі 120

ҚОРЫТЫНДЫ..... 128
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 130

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Аберрантты мінез-құлық (лат. aberratio, aberrare – ауытқу, жаңылу; биологиялық мағынада, хромосомалық аберрация – генетикалық сипаттағы құрылымдық өзгерістер) – моральға қайшы келетін, адамгершілік, ар-намыс, пәктік, ұстамдылық және қарапайымдылық сияқты жалпыға ортақ, барша қабылдаған идеяларды теріске шығаратын бейәдеп мінез-құлық.

Амбивалент (гр. ambi – жұрнақ, екіжақтықты білдіреді, лат. valentia – күйі) – тұлғаның күрделі күйі, сезімдердің және эмоциялардың бір уақытта қарсыласуынан туады; тұлғаның ішкі қарсылығының көрінуі. Амбиваленттілік терминін алғаш швейцарлық психолог Э. Блейлеф ұсынған. К. Юнг оны мәдениеттануда қолдана бастады.

Анклав [фр. enclave, лат. inclavare – құлыптау] – барлық жағынан басқа мемлекеттің немесе мемлекеттердің қоршауында қалған мемлекет территориясының бір бөлігі**.**

Архетип (грек, arche – бастау, tupos – бейне) – алғашқы үлгі, түпнұсқа. Архетип жалпы адамзаттық рәмізділіктің негізіне, шығармашылық жасампаз қиялдың нәр алатын бастауына жатады.

Инновация (жаңалық жарату) – қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені өңдеу, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту, сөйтіп адамға және адамзатқа бақыт сыйлау.

Инвариант – ешбір жағдайда өзгермеуге тиістілікті білдіретін ұғым. Терминнің нақты мәні қай салада қолданылуына байланысты анықталады: математикада – ешбір жағдайда түрленбейтін қасиет. Физикада – физикалық заңдылықтарға тәуелсіздікті білдіретін іргелі ұғым. Фольклорда: фольклорлық шығармадағы сюжеттің өзгермейтін бөлігі. Лингвистикада инвариант – нақты бір тілдің тек өзіне тән құрылымы (фонема, морфема, лексема, т.б.). Инвариантқа – вариантқарсы тұр.

Мотиватция (ағылш. motivation) – қолданылу ыңғайына қарай қазақша «ниет», «түрткі», «кірісу», «жігерлену», «ынталану» сөздерінің мағынасына жақын келетін, қазіргі заман мәдениеті мен гуманитарлық ғылымдарында кең қолданылатын ұғым.

Парадигма («үлгі») – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория; теориялық көзқарастардың, әдіснамалық принциптердің, әдістемелік қабылдаудың және эмпиризмдік нәтижелердің бірігу жүйесі; ғылымның белгілі бір даму кезеңінде ғылыми қауымдастықпен қабылданған және болжамдарды ғылыми ұғыну үшін, ғылыми таным процесінде туатын

міндеттерді шешу үшін үлгі, модель, стандарт ретінде пайдаланылатын теориялық және әдістемелік ережелер жиыны.

Плюрализм (ағылш. pluralism; лат. pluralis; множественный, многообразный) **-** Өздерінің мүдделері, көзқарастары мен пікірлерін білдіру еркіндігін заңмен қамтамасыз ететін, қоғамда түрліше саяси партиялар мен басқа қоғамдық ұйымдардың (кәсіподақ, діни, коммерциялық және т.б.) қатар өмір сүруі мен өзара әрекеттестігі.

Толеранттылық (лат. tolerantia – төзімділік, көнбістік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті.

Трансформация (көне лат. transformatio – айналу). Трансформация құбылысын 1928 жылы ағылшын ғалымы Ф.Гриффит (1877-1941) ашқан.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БАҚ - Бұқаралық ақпарат құралы
ҚР - Қазақстан Республикасы
ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҚХА -Қазақстан халық Ассамблеясы
БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы
КСРО -Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ЕҚЫҰ -Еуропадағы Қауіпсіздік және ЫнтымақтастықҰйымы

КІРІСПЕ

Тақырыпты зерттеудің өзектілігі. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында тұлғаның және сол арқылы қоғамның дамуына ықпал ететін мәдени-философиялық тетік, Адам-Қоғам-Дүниенің қалай сақталып, жаңаратындығын немесе тоқырайтындығын айқындайтын, көне мен бүгінді байланыстырушы көпір – «сабақтастық» ұғымы зерделенген. Жұмыстың өзектілігі бүгінгі жаңа басымдықтардың және дүниедегі, қоғамдардағы сабақтастықтардың мәртебесін, рөлін анықтау қажеттілігінен туындауда: заманауи Қазақстанның озық мәдениетті мемлекетке айналуы құндылықтар трансформациясынжәне сабақтастыққұбылысының теориялық негіздерін ұғынуды, барынша толық рефлексиялауды және тәжірибелік тұрғыдан сараптауды қажет етеді.

Зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігін былайша негіздейміз: «Сабақтастықтың» мәнін, формаларын, ерекшеліктерін және ұрпақаралық сабақтастықтың сырларын зерттеуге деген ұмтылыс бірінші кезекте дүниетанымдық себептермен негізделген. Өтпелі, дағдарысты кезеңдерде өткеніміз бен болашағымыздың сабақтастығы мәселесі өткір қойылады – мәдениетіміздің ішкі тетіктерін айқындап рухани потенциалымызды практикалық әрекетке бастау беретін күшке айналдыру үлкен мәнге ие болады. Сол импульстің нәтижесінде анықтылған,айшықталған ақиқат құндылықтардың болмысы жаңа ұрпақтың рухани қажеттіліктерін алдағы сан ғасырлар бойы өтей бермек. Мәдени әлеуметтік бағдарлардың өзгеруі жағдайында алдыңғы қатарлы озық тәжірибелермен қатар өз өткенімізді ескеру, игеру үлкен маңыздылыққа ие. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [1] атты мақаласы осы мәселеге –ұлттық құндылықтарды ардақтауға, туған жерді көркейтуге, жаңашыл ойлап, қоғам үшін игі іс жасауға арналған. Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың өмірі мен қызметінің ең жақсы үлгілері қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін тәрбиелік ықпал құралы бола алады және болуға тиіс. Қазақ халқының ұрпақаралық мәдени сабақтастығының ерекшеліктерін теориялық талдаудың қажеттілігі – ұлт тарихында қолданыста болған, қоғамның рухани адамгершілік сипатын анықтаған және оның мәдениетін сипаттайтын дүниетанымдық ережелерді анықтаудан тұрады. Сондықтан ғалымдардың түрлі әлеуметтік-тарихи жағдайлардағы ұрпақтар сабақтастығының сипаттамаларын түсіндіруі өте маңызды, өйткені оларды түсіну және практикада қолдану қазіргі қоғамның өмірін жүйелеуге көмектеседі.

Өзіне дейінгі ұлт тәжірибесін бойына сіңіріп, ілгері дамытпаған, өз тарихын екшеп саралау арқылы өз болашағына бағдар жасамаған қоғам кертартпа қоғамға айналатындығы белгілі. Демек, барынша ілгерілеп, Мәңгілік Елге айналу үшін айшықты төл мәдениетімізді, ұлттың танымдық-тәрбиелік маңызға ие әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді қастерлеу қажет.

1. Әлеуметтік және мәдени құбылыстарға мән беріп, әрбір байланыстың

қайнарын айқындап, әлеуметтік, мәдени сабақтастықтың өзегін құрайтын жаңа шығармашылық әлеуеттерді іздестіру арқылы дағдарыстан жол табу – қоғамдық және ғылыми-танымдық міндет. Бұлтұста философиялық жаңашылдық пен сабақтастықты мінсіз, қатар қолдану талабы қойылуда.Себебі адами өмір-тіршіліктің өзегін құрайтын «сабақтастық»– әлеуметтік өмірдің мәдени нысандарының бекітілуіне, ұйымдастырылуына және жаңартылуына ықпал етеді.

2. Әлемдік жаһандану үдерісі заманында мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік интеграциялық құбылмалы өзгерістер аясында тұлғаның, ұлттың, жалпы адамзаттың өзіндік дүниетанымдық көзқарастары мен жалпы өмірлік бағдарларын айқындау міндеті өткір қойылуда. Өйткені, бүгінгі күні адамзаттың, өркениеттің, адамның жеке әлеуетіне қатысты рухани қорлары сарқылуға жақындап, сапалық түрленулер орын алуда. Ғылыми-техникалық прогресс пен болып көрмеген материалдық молшылыққа қол жеткізгеніне қарамастан, адамзат саяси-әлеуметтік, экономикалық қана емес, дүниетанымдық дағдарысқа ұшырауда. Бұл жағдай қоғамның моральдық саулығының іргетасы болып келген парадигмалардан бас тартудан, оларды өзге экзистенциалдармен алмастырудан немесе эклектикалық түрде біріктіруінен көрініс беруде. Ұлғайып келе жатқан этно-мәдени нәсілдік көптүрлі мәдениет тенденцияларын өзіміздің ұлттық консолидациялық мүддемізбен үйлестіретін, төл мәдениетімізді сақтап және өркендетіп, қайнарларына серпін мен тұрақтылық беретін концепция және әлеуметтік-мәдени, рухани-адамгершіліктік тұрақтылыққа қол жеткізудің сенімді жолдары ізделуде. Ол үшін құндылықтар трансформациясын және сабақтастық құбылысының теориялық негіздерін зерделеу аса қажет.

3. Жаһандану дәуірінде ұлт және ұлтжандылық мәселесінің маңызы әлемдік кеңістік аясында арта түсуде. Ұлттық, азаматтық сана, қоғамдық санадағы ұлттық рухтың қуаты, идентификация мәселесі, жаһандану заманындағы мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік интеграциялық құбылмалы өзгерістер аясындағы тұлғаның, ұлттың, жалпы адамзаттың бағдарларын айқындау міндеті өткір тұр. Жаһандану үдерісінің ұлттық мәдениетімізге ықпалын жаңаша рефлексиялау – заман талабынан туған сұраныс. Ұсынылып отырған зерттеу – жаңа мәдени идентификациялық тенденциялардың талабына берілген жауаптың авторлық нұсқасы.

4. Құндылықтар трансформациясындағы сабақтастық мәселесіне арналған ғылыми, теориялық зерттеулер саны жеткілікті. Алайда, дәл Қазақстандағы құндылықтар трансформациясындағы сабақтастық құбылысын талдау, қоғамды жаңа мәдени жағдайға келтіретін әлеуметтік тетіктерді айшықтау, жаһандық мәдениетке қол жеткізудің теориясы мен практикасы арасындағы қайшылықтарды жеңудің жолдарын анықтау қажет. Тақырыпты зерттеудің өзектілігі осы олқылықты толықтыру мақсатынан туындады.

Құндылықтар трансформациясындағы сабақтастық құбылысының мәнін зерттеудің өзектілігін біз осыдан түйеміз.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Сабақтастық – тарихи-мәдени үдерістер барысында жаңа мен көненің арасында туатын объективті қатынас, мәдениеттің үдемелі дамуының алғышарты – бір күйден екінші күйге ауысу барысында өзгерістермен біргебастапқы тұтастықтың дажүйелі сақталуы.

Сабақтастық идеясы екі мың жылдан астам уақыттан бері өмір сүріп келе жатқанына, Платон мен Аристотельдің жазбаларында кездесетініне қарамастан, «сабақтастық» ұғымын алғаш рет Рих Есипов өзінің 1945 жылы жарық көрген еңбегінде қолданған [2]. Осы сәттен бастап сабақтастық мәселесінің ғылыми деңгейде зерттелуі қарқын алды. Э.А. Баллер, [3], Б.С.Батурин [4], С.М. Карев [5], Г.Р. Исаенко, [6], Ф.Ю. Исмаилов, [7], В.Г.Рубанов [8], Б.Г. Ананьев [9],В.В. Гринин [10] сынды зерттеушілердің барлығы дерлік сабақтастықты кез келген дамудың негізі ретінде қарастырылады: тұтас жүйе өзгергенде, бір күйден екінші күйге ауысқанда, тұтастықтың прогрессивті элементтері сақталады және дамиды. Сондықтан сабақтастық өткен мен қазіргі уақыттың байланысын қамтамасыз етіп қана қоймай, болашақты да анықтайды.

Неміс классикалық философиясында құндылықтар әлемі жаңа «еркіндік, бостандық» ұғымы тұрғысынан сипатталады. Еркіндік – адамның ең құдіретті құндылығы деген ұғым қалыптасты. Құндылықтар, неміс классигінің пікірінше, адамның алға қойған мақсаттарына жету жолындағы факторлардың мәнділігінен туындайды. Мысалы, И. Канттың «Тұжырымдау қабілетіне сын» атты еңбегінде еркіндік – абсолютті құндылық ретінде қарастырылады. Ғалым, негізінен, зерденің міндетін адамгершілік заңымен байланыстырады [11, с. 467]. Осылайша, адамның адамгершілік танымы қалыптасқан сайын мәдениеті жетіле түседі, оның шынайы табиғаты айқындала бастайды деген қорытындыға келеді.

Сабақтастық мәселесі Г.Ф. Гегельдің еңбектерінде әлеуметтік-мәдени өзгерушілік тұрғысынан зерттелген. Г.Ф. Гегель өткен шақтың рухани мұрасынан тек оңтайлы тұстарды ғана алып пайдалану туралы ойын дамыта отырып тарихи үдерістің заңдылықтарын талдау негізінде сабақтастықтың біртұтас тұжырымдамасын әзірледі. Ол «Адамдар осыған дейінгі ұрпақтардың шығармашылық жетістіктерін меңгеру барысында мәдени құндылықтар түрінде қабылданған зат нысанына айналған, жинақталған шығармашылық ой мен еңбектің жиынтығының қуатына бөленеді» [12, с. 231] - деп түйеді.

Сонымен қатар, сабақтастық белгілі бір бағдарды, құндылықтарды анықтауда үлкен өзектілікке ие. Сабақтастық өздігінен іске аспайды, ол үшін мәдениеттер мен құндылықтар арасында өзіндік қатынас іске асуы тиіс. Бұл байланыс сұхбат немесе қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Тарихтағы адами қатынастар туралы А. Тойнби маңызды пайымдаулар тұжырымдайды [13].

Сабақтастықтың сабақтастырар тетігі бар. Ол – адам. Өз танымына санғасырлық білім-мағлұматты, ал ішкі рухани дүниесіне – адамгершіліктің асыл қағидаларын қабылдау-қабылдамауы. Адамзат тарихындағы дәстүр тұрақты, қалыптасқан дүние болса, сабақтастық осы дәстүрлерді ұрпақтан

ұрпаққа жеткізер құрал немесе трансформацияланудың тәсілі, технологиясы, тетігі және бір кезеңнен екінші бір кезеңге өтудің сәті. Ендеше, адамзат тарихындағы сабақтастықтың рөлі зор әрі жауапты.

Сабақтастықтың түпкі мәні адамзаттың санғасырлық тәжірибесінің жауһарларын сақтауғана емес. Озық тәжірибені әрбір тұлғаның рухани мешігіне айналдырып, ешбір жағдайда адами бейнеден айрылмайтын саналы азаматқа айналуына қызмет етуде. Сондықтан, жер бетінде «адам» деп аталатын тіршілік иесі бар болған жағдайда сабақтастық қызметі ешқашан үзілмейді.

Ежелгі Грек философиясының иірімдерін зерттеген ойшыл А.Ф. Лосев Платонның құндылықтарды объективті мінсіздік ретінде қарастыруын софистердің түсініктерімен салыстырады. Платон үшін ең жоғарғы құндылық абсолютті түрде өмір сүреді, ал софистер өздерінің әйгілі «Адам – барлық нәрсенің өлшемі» тезисі арқылы барлық нәрселердің адами бағалаудан өтетінін көрсетіп, олардың салыстырмалы қасиетіне назар аударған. А.Ф. Лосев софистердің көзқарастарында субъективизмнің бағынышты рөл атқарғанын айта келіп, олар көпшілік мойындаған объективті құндылықтарды субъективті түйсіктер тіліне аударған еді деген пікір тұжырымдады [14, с. 186].

Адам – мәдениет пен өркениетті жасаушы, табиғаттың төл тумасы. Адам мен табиғаттың терең қатынасынан туындаған мәдени алғашарттар өркениеттің өзегін құрайды. Сол алғышарттардан бастау алып, жинақталған тәжірибе құндылыққа айналады.

Құндылықтардың қалыптасу, өзгеру, жойылу мәселесі әрдайым ойшылдар назарында болып келген. Мәселен, Әл-Фараби «Философиялық трактаттар» жинағында «Адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдасқан ортадан ғана таба алады. Жеке жан иесі адамдар бірлестігінің арқасында ғана жетіліп, өз қабілетін шыңдай түседі. Осыдан келіп олардың әлеуметтік мәні қалыптасады» [15, с. 75] деп жазады.

Қазақстан философтарының еңбектерінде құндылықтар мәселесі, мәні мен табиғаты ақиқатпен, еркіндікпен, руханилықпен байланыстырыла қарастырылады. Сабақтастық мәселесін зерттеген отандық ғалым З.А.Мұқашев «Философиядағы сабақтастық» [16, 4-5 б.], «Сабақтастық – дамудың бір сәті тәрізді» атты еңбектерінде социализмге дейінгі сабақтастықтың тарихын зерттей келе: «ертедегі данышпандар ой байланысы туралы сұрақты алға қойған емес. Тек ежелгі Грецияда, сонымен қатар Ежелгі Үнді және Ежелгі Қытайда философиялық ойлау ерекше адамдардың дара қасиеті, яғни данышпандық деп есептелінді» дей келе, тарихи кезеңдерде алдыңғы ұрпақтың белсенділігі арқылы жасалған материалдар, қорлар, өндіріс күштері келесі ұрпаққа ауысу сәтінде сабақтастықтың қызметіне жүгінеді, деген ой түйіндейді [17, с. 13].

Ғалым А. Сейдімбек «Қазақ әлемі» атты кітабында сабақтастықты зерттеп, «кез келген халықтың көне заманнан бері қалыптасқан өмір салты, материалдық және рухани мұралар жасау машығы, дәстүр тағылымдары, кісілік

қалыптары – сол халықтың бастан өткерген ғұмыр жолының айрығы» деген ой айтады [18, 178б.]. Зерттеуші Мұрат Әуезовтің пікіріне сүйенсек «сабақтастық, негізінен, уақыттағы тұтас өмір.

Сондықтан да қоғам саналы түрде өткенмен байланысты белгілі бір тұтастықты игеруге ұмтылады және болашаққа талпыныста, ол сабақтастық заңдарының мәнін түсінуге тап келеді» [19, 36-37 б.].

Құндылықтар жүйесі белгілі әлеуметтік-этникалық қауымдастықта қалыптасып дамитын болғандықтан ол мәдени, ділдік, идеялық, мұраттық бағдарлардың маңыздылығы тұрғысынан да зерттелді. Қоғамдағы моральдық, құқықтық сананың дамуы, адамгершілік принциптердің орнығуы құндылықтар жүйесіне түбегейлі әсерін тигізетіндігі жөнінде көптеген еңбектер жарық көрді. Мәселен, К.Ж. Нугмановаының «Общечеловеческие ценности и их объективация в национально-этнической культуре» деген тақырыпта жазылған диссертациясы ұлттық-этникалық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтар арақатынасын зерттеуге арналған [20, с. 13-17]. Автор өз еңбегінде жалпы адамзаттық құндылықтардың басымдық танытуы қажеттілігін негіздейді. Адамзаттық құндылықтар мәселесіне арналған Е.Н. Аубакировтың «Проблема ценностей в контексте трансформационных процессов общества переходного периода» деген еңбегін атауға болады [21, с. 10-12].

Рухани құндылықтарға жақын мәселелер К.М. Мухамеджановтың «Духовные интересы как источник и фактор самореализации личности» [22, с. 9-19] тақырыбындағы диссертациялық еңбегінде зерттеледі. Автор рухани құндылықтардың тәрбиелік қызметін жан-жақты талдаудан өткізеді.

Г.Б. Нұрадиннің «Өркениет: дәстүр және сабақтастық» атты еңбегінде адамзаттың тіршілік болмысына айналған өркениеттегі дәстүр мен өркениет тарихының сатылары арасындағы үздіксіз сабақтастық мәдениет философиясының негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарастырылған [23].

Ұлттық мәдениетімізді, ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртудың философиялық-дүниетанымдық, мәдени-тарихи, этномәдени-мифологиялық, бірегейлік-құндылықтық, мәдени мүдделік-мәдени әмбебаптылық, ұлтшылдық-рухтанушылық, жаһанданушы-жаңашылдық және басқа қырлары тұрғысынан жасалған зерттеулердің қатарында отандық ғалымдарымыздың еңбектерінен: А.Х. Қасымжановтың «Рухани тамырлар» [24], Д.К. Кішібековтың «Национальная идея и идеология» [25], М.С. Орынбековтың «Предфилософия протоказахов» [26], Ж.Ж. Молдабековтың «Қазақтану және жаңару философиясы» [27], Ә.Н. Нысанбевтың «Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі» [28], Г.Ж. Нұрышеваның «Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау» [29], Б.Ғ. Нұржановтың «Модерн. Постмодерн. Культура» [30], С.Б. Булекбаевтың «Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию» монографиясы[31], С.Е.Нұрмұратовтың «Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау» [32], З.Н. Исмағамбетованың «XX ғасырдағы батыс мәдениеті философиясы» [33], Ғарифолла Есімнің «Қазақ философиясы мен өркениетінің мәселелері» [34], А.Р. Масалимованың

«Культурная антропология» [35], З.К.Шаукенованың «Идеологическое конструирование в Республике Казахстан: вехи эволюции и траектории развития в контексте Стратегии «Казахстан-2050» [36], М.З. Изотовтың «Формирование человеческого капитала в независимом Казахстане: социально-философский анализ» [37], А. Сағиқызының «Проблема гуманизма в философии Конфуция» [38], Г.Қ. Абдигалиеваның «Қазақстан Республикасының рухани-адамгершілік құндылықтарын жаңғырту» [39], А. Қасабек және Ж. Алтаевтың «Қазақ философиясының тарихы» [40],С. Мырзалының «Модернизация общества: взаимосвязь политики и морали» [41], Т.Х. Ғабитовтың «Қазақ мәдениетінің типологиясы» [42], С.Ж. Еділбаеваның «Білім беру: модерн және постмодерн кеңістігінде» [43], А.Г. Қарабаеваның «Проблема идентичности и толерантности в условиях модернизации казахстанского общества» [44], А.Т. Құлсариеваның «Интеллектуалдық әлеуеттен – интеллектуалдық ұлтқа» [45], Р.К. Кадыржановтың «Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана» [46], М.С. Шайкемелевтің «Казахская идентичность» [47], Б.М. Аташтың «Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер» [48], Г.З. Абдрасиловаңың «Философия: тарихи-теориялық дискурсы» [49], С. Қондыбайдың «Қазақ мифологиясына кіріспесі» [50], Ә.А.Құранбектің «Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдық (XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы)» [51] зерттеулерін атай аламыз. Философиялық энциклопедиялық сөздіктер [52].

Диссертациялық зерттеудің нысаны – «сабақтастық» ұғымының мәні, құндылықтар трансформациясындағы сабақтастық феноменінің рөлі.

Зерттеу пәні – сабақтастық үдерісінің барысы және құндылықтар трансформациясының аясы (әлеуметтік, мәдени, рухани сабақтастық), мүмкіндіктері және салдары.

Зерттеу жұмысының мақсаты – «сабақтастық» ұғымының философиялық мәніне, негізгі қырларының мәндік сипаттамасына талдау арқылы аталмыш құбылыстың ұлт болмысына, тұлға мен қоғамның дамуына, Қазақстан халқының рухани адамгершіліктік халіне ықпалын және өзекті мәселелерін зерделеу.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін келесі **міндеттер** белгіленді:

- «сабақтастық» ұғымының мәнін философиялық тұрғыдан талдау;
- отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріндегі «сабақтастық» құбылысының теориясы мен практикасына берілетін талдауларды зерделеу;
- «сабақтастық» үдерісіне ықпал етуші мәдени-әлеуметтік факторларды зерттеу;
- құндылықтар табиғатын және Адам-Қоғам болмысындағы сабақтастықтың орнын айқындау;
- Қазақстанның, қазақ халқының төл философиясының іргелі, негіздерін және қазіргі заманғы құндылықтар трансформациясының салдарын талдау.

Диссертациялық зерттеудің нысаны – «сабақтастық» ұғымының мәні,құндылықтар трансформациясындағы сабақтастық феноменінің рөлі.

Зерттеу пәні –сабақтастық үдерісінің барысы және құндылықтар трансформациясының аясы (әлеуметтік, мәдени, рухани сабақтастық), мүмкіндіктері және салдары.

Зерттеу жұмысының мақсаты – «сабақтастық» ұғымының философиялық мәніне, негізгі қырларының мәндік сипаттамасын талдау арқылы аталмыш құбылыстың ұлт болмысына,тұлға мен қоғамның дамуына, Қазақстан халқының рухани адамгершіліктік жағдайына ықпалын және өзекті мәселелерін зерделеу.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін келесі **міндеттер** белгіленді:

- «сабақтастық» ұғымының мәнін философиялық тұрғыдан талдау;
- отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріндегі «сабақтастық» құбылысының теориясы мен практикасына берілетін сипаттамаларды сараптау;
- «сабақтастық» үдерісіне ықпал етуші мәдени-әлеуметтік факторларды зерттеу;
- құндылықтар табиғатын және Тұлға-Қоғам болмысындағы сабақтастықтың орнын айқындау;
- Қазақстанның, қазақ халқының іргелі, төл философиясының негіздерін және қазіргі заманғы құндылықтар трансформациясының салдарын талдау.

Зерттеудің теориялық негізі: талдаудың теориялық негізі рөлін жоғарыда аталған зерттеушілердің және М. Мид [53],Г.И. Исхаковаңың мәдени-әлеуметтік сабақтастық теориялары [54], М.С. Каган [55], Г. Зиммелдің [56] еңбектері маңызды болды. Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген отандық философ, мәдениеттанушы ғалымдардың еңбектеріндегі идеялар басшылыққа алынды. Қазіргі заманғы құндылықтық сабақтастықтарды түсінуге көмектесетін материалдар кеңінен қолданылды.

Зерттеудің тәсілі және әдіснамалық негіздері.Диссертациялық зерттеу жұмысы барысындатарихи-мәдени сабақтастық қағидалары, компаративистика және аналогия әдістері, тарихилық принципі, салыстырмалы талдау, сараптамалық талдау және тарихи-логикалық, философиялық талдау, индукция, дедукция, жүйелеу әдістері қолданылды. Антропологиялық, аксиологиялық, герменевтикалық талдаулардың қырлары қазіргі жаһандану кезеңінің проблемаларымен байланыста қарастырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалықтары:

- «Сабақтастық» ұғымының философиялық ұғым ретіндегі мәні анықталды.
- Қолданыстағы көзқарастарды талдау негізінде осы «сабақтастық» ұғымының мазмұнын анықтайтын авторлық түсіндірме ұсынылды [57], [58], [59], [60], [61], 62], [63].
- Сабақтастықтың жоғарғы түрі – мәдени-әлеуметтік сабақтастық екені нақтыланды.

- «Сабақтастық» және «дәстүр» ұғымдарына салыстырмалы талдау жасалынып, «сабақтастықтың» «дәстүр жалғастылығындағы» функционалды рөлі тұжырымдалды.

- Мәдени-әлеуметтік сабақтастықтың өзегін құндылықтар трансформациясы құрайтыны тұжырымдалды, құндылықтар трансформациясы жан-жақты зерттелді.

- Сабақтастық векторы тарихи жадының күйін анықтайтыны тұжырымдалды.

- Бүгінгі Қазақстанда іске асып жатқан құндылықтар трансформациясының мәдени дамуы мен қалыптасуының ұлт болмысына әсер-ықпалы, даму сипаты және өзекті қырлары ашып көрсетілді.

Қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдар. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша мынадай ғылыми тұжырымдар ұсынылды:

1. Белгілі бір жүйелеуші нормаларға деген қажеттілік – адам жаратылысының философиялық және антропологиялық заңдылығы. Сабақтастық – өз шығу тегін сақтау және әрекет аясын кеңейту сияқты адам табиғатының тереңдегі болмыстық негіздеріне сүйенетін көпқырлы мәдени-әлеуметтік құбылыс. Және, сол халықтың тарихи тіршілігінің мерзімін анықтайтын негізгі механизм.

2. Мәдени-әлеуметтік сабақтастық – аккумуляцияның жоғарғы түрі. Рухани-адамгершіліктік сабақтастық «дәстүр» арқылы іске асады. Дәстүр – адам болмысының ең бастапқы, ең маңызды координаттаушы жүйесі. Дәстүр арқылы адамдар арасындағы кеңістіктік-уақыттық тарихи алшақтық жойылып, позитивті рухани-адамгершіліктік қағидалар ортақтығы қамтамасыз етіліп, құндылықтарды табыстау және тұрақтандыру іске асады.

3. Урбанизацияланған әлеуметтік ортада, соңғы жылдары, дәстүрлердің жойылуы немесе символдық-рәсімдік деңгейдегі сабақтастықтың орындалуы байқалады (мысалы, Наурыз мерекесі). Бұл саладағы оқыту, түсіндіру, насихат күшейтіле түсуге тиіс деп ойлаймыз.

4. Заманауи Қазақстанның рухани өмірінде сапалы өзгерістер орын алуда. Нарықтық тетіктердің белсенді әрекет етуіне байланысты дәстүрлі құндылықтар саласында төңкеріс жүруде. Сондықтан, әлеуметтік топтардың бір-бірінен алшақтауы, ұрпақаралық интеграциялық қағидалардың жоғалуы қаупінің алдын-алу шаралары іске асырылуы тиіс.

5. Ұлттың тарихи жадының күйін сабақтастық векторы анықтайды. Халықтың ортақ тарихи тағдырын бейнелейтін рухани мәдениет қана интеграция факторы және рухани-адамгершіліктік тәжірибенің қайнары бола алады. Қазақстан тарихындағы ондай өзекті қазақ мәдениеті құрайды. Ендеше, ұлттық тіліміз бен ділімізді, дәстүрлі мәдениетімізді қорғауға бағытталған арнайы шаралар – мемлекетіміздің тұтастығы мен тәуелсіздігін күшейту мүддесін көздей отырып орындалуы тиіс.

6. Жаһандану жағдайындағы тұтынушы қоғамдарға және заманауи Қазақстанға көп мәдениетті әлеуметтік кеңістіктегі қарым-қатынас пен

ынтымақтастыққа бағдар беретін жаңа құндылықтық парадигма қажет. Ол парадигмада дәстүрлі мәдениетіміздің және ҚР тұрғындарының прогрессивті құндылықтары бейнеленіп, оларды насихаттауға бағытталған арнайы шаралар асқан шеберлікпен, кәсіпқойлықпен бейнеленуі тиіс деп ойлаймыз.

Жұмыстың қолданбалық маңызы. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары:

- философиялық пәндер бойынша дәрістер әзірлеуде;
- тарих және мәдениет философиясы, мәдениеттану, этика, т.б. пәндерді оқытуда;
- жаһандану үдерісінің философиялық мәселелерімен шұғылданып жүрген мамандар үшін нұсқаулық құрал дайындауда;
- қоғамдағы этностардың өзара келісімін тереңдетуге, әлеуметтік мәселелердің алдын-алуда;
- «Мәдениет философиясы», «Аксиология мәселелері», «Ұлттық мәдениет мәселелері» тақырыбындағы оқу курстары үшін көмекші құрал дайындауда;
- мәдени-идеологиялық, дүниетанымдық сипаттағы тұжырымдамаларды игеруде;
- келтірілген тұжырымдар, философиялық пайымдаулар, түсіндірмелер, салыстырмалы талдау нәтижелері – жастарды руханилыққа, отаншылдыққа тәрбиелеуде пайдалы бола алады.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы және сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультетінің Философия кафедрасында талданды. Диссертациялық зерттеудің мазмұны және негізгі тұжырымдары 9 ғылыми мақалада көрініс тапты. Атап айтқанда, 3 мақала ҚР БҒМ БҒСКБ журналдарында, 4 мақала Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференция жинақтарында және 2 мақала Scopus базасында тіркелген журналда сынақтан өтті. Оларда диссертациялық жұмыстың теориялық принциптері мен нәтижелері сипатталды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы және көлемі. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, 9 бөлімшеден, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеудің ақпараттық дереккөзі ретінде 141 әдебиет пайдаланылды. Диссертацияның көлемі 137 бет.

1 САБАҚТАСТЫҚ: МӘНІ, МАҢЫЗЫ

1.1 Сабақтастық ұғымы және оның Адам-Дүние болмысындағы орны

«Сабақтастық» – дәстүр мен жаңашылдықтың байланысы. Дамудың ішкі бастауы, қайнар көзі. Мәдени-әлеуметтік үдерістің бастапқы қалпынан асып түсетін іргелі нысаны, үздіксіз ұмтылыс.

«Сабақтастық» ұғымын талдау – қоғамды, мәдениетті дамыту және адамның әлеуетін жаңғыртудың тарихи заңдылығы. Сабақтастық – даму үстіндегі дүниенің әртүрлі күйлерінің арасындағы маңызды сапалық байланысты көрсететін философиялық ұғым. Терістелген құбылыстың, нәрсенің біржола жоғалып кетпей, оның мәнді қасиет-мазмұнының сақталып, өркендеп, өзгеріске түсіп түрленетіндігі.

Сабақтастық –тарихи қалыптасқан, ұзақ уақыт бойы сақталған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығының ұрпақтан ұрпаққа берілуі.Әр түрлі кезеңдерде өмір сүрген белсенді адамдардың озық идеяларының жиынтығынан ұжымдық жады түзіледі. Сабақтастық –ұлттық мәдениеттің сақталуына, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілуіне ықпал етуші тетік. Сабақтастық арқылы кез-келген ақпарат кез-келген уақытқа, кез-келген кеңістікке орын ауыстырады.

Сабақтастық – мәдениет пен өркениет сынды құбылыстардың өзара қарым-қатынасы мен ықпал етуі. Бұл үдеріс үнемі қарама-қарсы және әркелкі бағытта. Түрлі ұлттар мен ұлыстардың мәдениеттерінің араласуы, мәдени дамудың тарихи сабақтастығын көрсетеді. Кез келген халықтың мәдениетінде тарихи тұрақты немесе тұрақтылығы төмен рухани қазына көрініс табады. Сол мұраның зерттелу, игерілу және ұлттық рухани дәстүрлердің жанданып-жалғасып дамуы сабақтастық арқылы жалпы адамзаттық мүдделер негізінде жүзеге асырылады.

Сабақтастық және мәдениеттердің өзара ықпалдастық мәселесі қоғам дамуының кез келген сатысында қызығушылық тудыратын мәселелердің бірі болып саналады. Қазіргі кезде бұл үдерістер жаһандану тұрғысынан жүзеге асырылады.

Сабақтастық мәселесі ежелден бері түрлі философиялық мектептердің зерттеу объектісі. XVIII, XIX және XX ғасырлардан бастап әлеуметтік өзгерістер мен әлеуметтік дамуды пайымдауға ерекше назар аударылды. Ал қазіргі заманғы әлеуметтік-философиялық әдебиеттерде сабақтастық ұғымына қатысты келесі көзқарастар қалыптасқан:

1. *Биологиялық.* Бұл көзқарас эволюциялық парадигма шеңберінде қоғамның даму заңдары табиғаттың даму заңдарына ұқсас екендігі туралы ой түйіндейді. Өркендеу үнемі қарапайым нәрседен күрделіге қарай бағытталады. Олай болса, әлеуметтік орта –табиғи іріктеуден өткен, ортаға аса бейімделгендердің өмір үшін және күнкөріс үшін күресті басты қағида еткендердің қауымы, деген түсінік. Әлеуметтік бәйгедегі жеңіске адамның

түйсіктері мен психикасы арқылы қол жеткізіледі. Осы тұжырымдаманың қалыптасуына Ш.Л. Мальтус, Г. Спенсер, Л. Гумплович, У. Самнер, Р. Парк және т.б. ғалымдар айтарлықтай ықпал етті. Адамның психикалық қасиеттерінің жиынтығы барлық қоғамдық ортада, мәдениетте өзіне тән ерекшелігі бар тұрақты жиынтық ретінде пайымдаланатындығын, яғни, адамның табиғаты туралы сөз қозғалатындығын атап өту керек. Ғалымдардың барлығы адам табиғатын жеке тұлғаның психикалық қасиеттерінің жиынтығы деп қарастырмайды. Ондай көзқарастың негізін қалаушылар: Д. Локк, Д. Юм, Дж.Ст. Милль, одан кейін бұл көзқарас З.Фрейдтің, Э. Фроммның, К. Юнгтың еңбектерінде зерттеліп, жетілдірілген. Есімдері аталған ғалымдар адамның өмір тіршілігіндегі ой елегінен өткізілмеген, бейсаналы факторлардың рөлін көрсете білді.

2. *Әлеуметтанушылық.* Қоғам дамуының әлеуметтанушылық тұрғысынан адамдардың бірлескен қызмет түрі немесе өзара қарым-қатынас ұйымдастыру тәсілі басты орынға қойылады. Қоғам дамуындағы сабақтастық дегеніміз ол қоғамдық өмірдегі жекелеген адамдарға қол сілтеу емес, ең алдымен белгілі бір факторларға байланысты орын алатын адамдардың өзара қарым-қатынастарының ерекшелігі арқылы сипатталатын әлеуметтік қатынастардағы сабақтастық. Бұл көзқарасты көптеген ойшылдар дамытқан, дегенмен негізін қалаушы Г. Зиммель болды. Оның ойынша, әлеуметтік құбылыстар «адамдардың өзара әрекеттесуіне негізделген адамдар бірлестігінің айқын нысандары болып табылады, ол өз тұжырымында бірліктің бар болатындығын да көздейді» [56, б. 23]. Сабақтастықты ауыс-түйіс негізінде қол жеткізілетін игілік деп түсінуге болады.

3. *Мәдениеттанушылық.* А. Тойнби, О. Шпенглердің, П. Сорокиннің және т.б. еңбектерінде сипатталған мәдениеттанушылық көзқарас қоғамның өзгеруі барысында мәдениет ерекшеліктерін бірінші кезекке қояды. Табиғат адамның күнкөрісіне кепілдік бермейтіндіктен, күнкөріс мақсатқа айналады, Ал, табиғаттағы адамның өзі мен адами орта рефлексияның мәніне айналады. Адамның мінез-құлқы байыпты және пайымдалған болады. Жалпы қоғамның дамуы да байыпты әрі пайымдалған болуы тиіс. Мәдениеттілік биологиялық негізде мұра етілмейді, ол тек оқыған, тоқыған кезде ғана қол жеткізілетіндігін ескерген жөн.

4. *Құрылымдық-функционалды көзқарастың б*асты басымдығы – әлеуметтік құрылым және оның әрбір элементінде белгілі бір функционалдық жүктеменің болуы. Бір қарағанда әлеуметтік нысандар әртүрлі болғанымен, олардың барлығын әрекет ету мен ойлаудың ортақ сұлбалары шеңберінде сипаттауға болады. Олардың іргелілігі сабақтастық тетігінің жұмысын қамтамасыз етеді. Өкілдері: Р. Мертон және Т. Парсонс.

Келтірілген көзқарастарда қоғам адам организміне ұқсас екендігі есепке алынбаған, алынса да, шектеулі деңгейде. Қоғамның дамуы оның белгілі бір құрамдас бөлігінің дамуымен ұштасады деп біледі.

Біздің пайымдауымызша, сабақтастықты зерттеуде әлеуметтік, мәдени, рухани, табиғи, тарихи көзқарасты тең дәрежеде есепке алған жөн, өйткені сабақтастық осындай сәйкестікте дамиды. Сабақтастық – адам қызметінің нәтижесінде орын алатын әлеуметтендіру бірлігі.

Жекелеген адам, әлеуметтік топ, қоғам, жалпы бүкіл адамзат – сабақтастықтың субъектісі. Бұл – сабақтастық субъектісін көпдеңгейлі субъект ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Осы тұста сабақтастықты сипаттау барысында туындайтын өзекті мәселелердің бірі – адам туралы пайымдаулар, нақты атасақ, Дарвин іліміндегі биологиялық сабақтастық. Дарвинизм теориясының негізгі ұстанымдары төмендегідей:

1. Жан-жануар, өсімдік әлемі және жалпы жан иелері бір-бірінен пайда болды. Барлық жан иелерінің түпкі тегі біреу. Жан-жануарлар мен өсімдіктер уақыт өте келе бүгінгі пішіндері мен түрлеріне айналған. Бастауы миллиондаған жылдарға барып тірелетін тіршілік иелерінің қазіргі түрлері – мақсатсыз, мағынасыз, кездейсоқтықтың әсерінен, бір клеткалылардан сатылай дамып, пайда болған.

2. Жан-жануарлар мен өсімдіктер тіршілік барысында өзара күрес жүргізеді. Өмір үшін жүргізілген бұл күресте күштілері сұрыпталып, ұрпағы көбейіп, уақыт озған сайын бір түрден екінші түрге ауысып, өзгеруде. Бұл өзгерістер жаңа ұрпақтарға да өтуде. Яғни, қазіргі жан иелерінің бәрі жалғыз жасушаның дамуы арқылы сатылай пайда болған.

Дарвинизмге керісінше, Клаус Доус (Германиядағы Johannes Gutenberg университетінің биохимия институтының ректоры) соңғы 30 жыл бойы өте терең зерттеулер жасалса да, жанды жасушаның пайда болуына ешбір ғылыми дәлел жоқтығын айтады.

Кейц Graham: «Алғашқы өмірдің (жанды жасушаның) бастауы деп есептелген элементтер қазір де бар. Бірақ қазір неліктен олардан жанды нәрсе пайда болмайды?» деп, жансыз элементтерден жанды нәрсе пайда болмайтынын дәлелдеді [64]. Батыстың белгілі ғалымы Макс Планк материяның қалай пайда болғандығы жайлы былай дейді: «Материя белгілі бір күш-құдірет арқылы тіршілік бетіне шығып, пайда болды. Материяның ішінде кішкентай күн жүйесі тәріздес жүйелер бар. Атом және электрон деп аталатын бұл жүйелер материяны ыдырап кетуден корғайды. Ғарышта мұндай керемет күш-қуат болмағанына карағанда күллі жаратылысты белгілі бір жүйеде ұстап тұрған шексіз құдірет иесі болуға тиіс. Міне, материяның бастауы – осы құдірет. Бұл құдіреттің Ұлы Жаратушы екені күмәнсіз» [65].

Тар мағынада сабақтастықтың субъектісі – әлеуметтік топ, әлеуметтік орта, әлеуметтік институт. Олардың мақсаты – әлеуметтің жаңа мүшелерін тәрбиелеу арқылы жаңа әлеуметтік жүйе шеңберінде өзін-өзі жаңғырту.

Жеке адам деңгейінде қоғамдық және жеке даму нысандары тоғысады. Адамның іс-әрекетінде өте күрделі құрамдас бөліктер үйлескен. Оның қызметін қоғам қалыптастырады да, адам өз өмірінің белгілі бір кезеңінде жаңа бір

құбылыстың зерттеушісіне айналады. Ол сондай-ақ, сабақтастық барысында адамның табиғи және әлеуметтік дамуы өзара тоғысады.

Ғалымдар қызықты бір заңдылықты байқады: генетикалық ақпарат адамзаттың өмірлік тәжірибесінде көрініс табатын жалпы ақпаратты шоғырландырады да, әлеуметтік тұрғыдан мұрагерлік ретінде адамның жеке өмірлік тәжірибесі өзіндік ақпарат болып беріледі. Алайда, әлеуметтік және генетикалық бағдарламалар бір-бірлеріне қатарласып, байланысып тұрғандай. Осы генетикалық бағдарлама мен әлеуметтік бағдарламаны меңгерудің негізінде қоғам дамиды.

Адамның қажеттіліктері қоғамдық ортада пайда болғандығына қарамастан, адамды басқа адамдардан өзгешелендіретін нәрсе – адамның жеке ізгі амалдары мен игілікті ісі. Адам табиғи жаратылыс болғандықтан олардың байланыс қарым-қатынастарынан, өзара байланыстарынан құралатын күллі әлеуметтік қауымдастықтар әлемі де табиғи заңдылықтар бойынша әрекет етеді. Некеге негізделген отбасы қоғамның аса маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Ол ерекше әлеуметтік тұрақтылықпен сипатталатын өзіндік бір шағын әлеуметтік институт, оның әлеуметтік ортаны дамыту мүмкіндіктері бар. Отбасының қоғамдағы маңызды функцияларының бірі – адамзаттың ұдайы жетілуін қамтамасыз ету, адамдардың маңызды табиғи және рухани қажеттілігін қанағаттандыру.

Адам табиғатына тән жалпыға бірдей табиғи заңдардың ерекшелігі – оларды адам өмірінде кездесетін барлық жағдайларда пайдалануға болатындығын атап өту керек. Тек әлеуметтік жағдайлармен өзара әрекеттесу барысында адамның жалпыға бірдей табиғи қасиеттері белгілі бір мән-мағынаға, ерекше тұрпаттарға ие болады және олардың көріну нысандары әртүрлі. Басқаша айтқанда, нақты әлеуметтік орта адамдарының әлеуметтік қасиеттері мен қабілеттіліктері белгілі бір әлеуметтік жағдайлар нәтижесінде қалыптасады. Сонымен қатар, кез келген әлеуметтік құбылыстарды белгілі бір жағдайлар орын алғанда ғана қалыптасады деп пайымдау дұрыс емес. Адам кез келген әлеуметтік үдерістің белсенді қозғалтқыш күшіне айналады, ол күш адамның барлық іс-әрекеттерінде басымдыққа ие болады. Адам әлеуметтік жағдайлардың сипатына қарай әр түрлі әрекет етеді. Сондықтан да әлеуметтік үдеріс нақты жағдайлардағы адамның іс-әрекетінің нәтижесі деген орынды болады.

Отандық әдебиетте қоғамдағы сабақтастыққа сипаттама беру ұрпақаралық шеңберде ғана қарастырылатындығын ескеруіміз қажет. Аға буын өкілдері әлеуметтік тәжірибенің «иесі» ретінде қарастырылады да, жастар осыған дейінгі ұрпақтардың әлеуметтік тәжірибесін меңгеруге тиісті буын болып табылады.

Сабақтастықтың сипаты мен ерекшелігі әлеуметтік тәжірибенің және оны беру әдістерінің алуан түрлілігімен сипатталады. Сабақтастық жаратылыстың және қоғам өмірінің барлық салаларын қамтиды және әрбір саладағы сабақтастықтың өз ерекшеліктері болады.

Сабақтастықтың көп қырлылығын пайымдай отыра, оның кезеңдерін белгілеуге болады, ол сабақтастықты егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік береді. Кезеңдердің әрқайсысының өз ерекшеліктері бар, олар адам мен қоғам дамыған сайын айтарлықтай өзгеріске ұшырап отырған.

Сабақтастықтың бірінші кезеңі: әлеуметтік тәжірибенің жинақталуы. Қоғам өмірінің барлық салаларын, әрбір адамның қызметін қоса қамтитын тәжірибенің берілу кезеңі. Қоғамның дамуымен қатар әлеуметтік тәжірибені бүкіл қоғам шеңберінде тарату міндетін атқаратын әлеуметтік институт – білім беру жүйесі пайда болды.

Сабақтастықтың екінші кезеңі – әлеуметтік тәжірибенің сұрыпталуы. Сұрыптау нәтижесінде бірінші тыйым салулар, нормалар пайда болды. Бағалаудың негізі – қоғамның мүдделері, қоғамның тұрақтылығын сақтау, қоғам мүшелерінің тілектестігі, ол өз тарапынан қоғамның өзін-өзі әрдайым жаңғыртып тұруына кепілдік береді. Сабақтастықтың күрделенуіне ықпал еткен жағдайлар – тілдің және жазу-сызудың пайда болуы, соның нәтижесінде жеке тәжірибе мен әлеуметтік тәжірибе арасындағы айырмашылықтың орын алуы.

Сабақтастықтың үшінші кезеңі–ғылымның пайда болуы. Адамның өзі қол жеткізген объектілерге, ақпаратқа, өзінен кейін мұра ретінде қалдырған игілікке сыни көзқарас таныта бастауы. Сонымен қатар, іріктеліп алынған тәжірибенің сабақтастық арнасына беруге жарауы [66, с. 112].

Сабақтастық дамуының үшінші кезеңінде адамның жеке тәжірибесі әлеуметтік тәжірибеге тең келеді деуге болады. Әлеуметтік тәжірибе жиынтығы адамдардың ой-санасында шоғырланған. Одан әрі әлеуметтік институттар сынды әлеуметтік тәжірибені сақтаудың объективтендірілген құралдары мен әдістері пайда болған, яғни, заттандырылған әлеуметтік мұраға айналған мұрағаттар мен мұражайлар [67, с. 113].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сабақтастықтың мынадай нысандарын атап көрсетуге болады:

Сабақтастықтың бірінші нысаны: аксиологиялық – белгілі бір қағидаттарға енетін мұраттар мен құндылықтардың мұра ретінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілуі. Бұл сабақтастықтың ең күрделі нысаны ретінде адамның ішкі әлемінің күрделенуімен бірге пайда болады. Ерекше феномен болып табылатынатын руханиятсыз құндылықтар туралы айтуға болмайды. Сабақтастықтың кезеңдері мен нысандарын салыстыра қараған кезде олардың күрделі және бір-бірімен тығыз байланыста екендігін байқаймыз. Осындай әлеуметтік тәжірибе көлемінің ұлғаюы мен қоғам құрылымының жіктелуі нәтижесінде сабақтастық күрделене түседі.

Сабақтастықтың екінші нысаны – ең қарапайым тыйым салулардан бастап, қазіргі заманғы айтарлықтай өте күрделі құқықтық кодекстерге дейінгі нормаларды, нұсқаулар мен тыйым салуларды пайдалану. Сабақтастықтың осы нысанын алғашқы қоғамнан байқауға болады және қоғам, мәдениет әлемі күрделенген сайын, айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Ең алдымен адамның

табиғи қажеттіліктеріне қатысты өзіндік мұқтаждық ретінде пайда болып, біртіндеп адамдардың, қауымдастықтардың, өзара байланысының деңгейіне көтеріледі. Нормалар арқылы мәдениеттің реттеуші рөлі артады, бұл үрдісті кезінде М. Вебер 68], П. Сорокин [69] сынды ғалымдар кеңінен зерттеген, ал американдық әлеуметтанушы Т. Парсонс тыйым салу нормаларын топтастырған [70].

Шетелдік ғалымдардың пайымдауынша, «норманың функциясы кездейсоқ субъективті уәждер мен мән-жайларды, психологиялық күйлерді жоққа шығаруда және мінез-құлықтың сенімділігін, стандарттылығын, жалпыға түсінікті болуын, алдын ала болжауды қамтамасыз етуде. Зерттеушілердің пікірінше, норма – қоғамға ортақ түсінікті болатын мінез-құлықты қалыптастырады» [71, с. 573-580].

Сабақтастықтың үшінші нысаны: тәжірибені еліктеу арқылы жаңғырту – сабақтастықтың ең көне және қарапайым, сонымен қатар, адам қызметінің барлық салаларында қызмет ететін әмбебап әдісі. Әлеуметтік тәжірибені беру барысындағы еліктеудің маңызы туралы егжей-тегжейлі жазылған. Француз әлеуметтанушылары Э. Дюркгеймніңжәне Ж.Тардтың [72] еңбектері– классикалық еңбектер қатарында.

Еліктеудің әлеуметтендіру үдерісінде адамның белгілі бір мінез-құлық өлшемдері, әлеуметтік нормалар мен мәдени тұлғалардың жүйесін игерудің орны мен рөлі жоғары екені даусыз. Еліктеу дегеніміз – күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс, оның мәні абсолютты пайымдаусыз қайталау емес, дегенмен эмоционалды сипаттың болатындығы рас. Ол тұлғааралық қарым-қатынас барысында нышандар мен белгілер жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Психолог Л.С. Выготский еліктеудің мәнін тек жай дағдылардың пайда болуы емес деген көзқарасқа қарсы болған. Еліктеудің мәні адамның мінез-құлқының жоғары нысандарының елеулі факторы екендігін ерекше атап өткен және адамның мәдени дамуындағы негізгі жолдарының бірі деп білген [73].

Қазіргі қоғамда сабақтастықты жоғарыда аталған барлық нысандарда жүйелі іске асыру маңызды болып саналады. Ол ең алдымен қоғам тіршілігінің іргетасы болып табылатын әлеуметтік тәжірибе ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріледі және қоғамның қандай да бір кезеңдерінің ешқайсысынан бас тартуға болмайды.

Адамның өмірі ерте ме, кеш пе аяқталады, өмірге жаңа адам келуімен қатар, оны тәрбиелеу, қалыптастыру үдерісі қайтадан басталады. Сондықтан, жалпы қоғам өмірі – әртүрлі факторларға байланысты үзілмелі, кейде үздіксіз. Қоғамдағы әлеуметтік тәжірибе жеке адамның өз мақсаттарына қол жеткізуіне мүмкіндік беретін құралдар жиынтығына айналады.

Қоғамның дамуы, ой еңбегінің дене еңбегінен бөлінуі нәтижесінде сабақтастықтың нысандары күрделене түсті. Мысалы, еліктеу нысаны қоғамдағы адамдар арасында ғана байланыс табады. Ол ең алдымен адамның ұдайы өсуі саласында (әлеуметтік сала), қоғамның жекелеген салаларында ғана

орынды болады. Ал қоғамның рухани саласында нормалар, ұйғарымдар мен сабақтастықтың аксиологиялық нысаны басым болады.

Ресей философы Э.А. Баллердің пікірінше сабақтастық – «болмыстың да, сонымен қатар, танымның да түрлі кезеңдері немесе даму сатылары арасындағы байланыс, оның мәні тұтас бір нәрсенің белгілі бір элементтерін немесе тұтастай затты жүйе ретінде таныған жағдайда, яғни, бір күйден басқа күйге ауысқан кезде бүтін заттың жекелеген бөлшектерінің бөлшектенбеуін сақтап қалу. Қазіргі жағдайды өткенмен және келешекпен байланыстыру барысында сабақтастық қана біртұтас тұрақтылықты қамтамасыз ете алады» [3, с. 25]. Э. Баллер сабақтастықты деңгейлік тұрғыдан атаған болатын: бір деңгейдегі сабақтастық (сандық сабақтастық) және түрлі деңгейлердегі сабақтастық (сапалы сабақтастық) [3, с. 12-14].

Келесі зерттеуші С.Э. Крапивенскийдің пікірінше, үздіксіз және бөлінетін, тікелей және жанама сабақтастық болады [74, с. 18]. Алайда ғалым сабақтастықтың аталған түрлерін мәселенің өзегі ретінде қарастырады да, неліктен тап осындай өлшемдерді қолданғандығын сипаттамайды.

Сандық және сапалық сабақтастық әлеуметтік тәжірибеге қарым-қатынас түрінде негізделеді. Егер де тәжірибе өзгеріссіз берілетін болса сабақтастықтың бұл түрі – сандық, яғни тәжірибенің қайталануы, сабақтастық нысандарының көбейуі және оның әлеуметтік жүйе шеңберінде алмастырылуы орын алады. Сабақтастықты ұрпақ пен сол әлеуметтік тәжірибені мұра ретінде иеленетін ұрпақ арасындағы өзара байланыстың сипатынан байқауға болады. Сабақтастық қоғам өмірінің негізгі салаларынан байқалады, себебі әр адам өзін тамақпен, киіммен және т.б. бірінші кезектегі қажетті заттармен қамтамасыз етуі керек. Сол әлеуметтік тәжірибе аға ұрпақтан кіші ұрпаққа (әкеден балаға) және бір ұрпақ арқылы (атадан немереге) беріледі. Соңғысы кейінгі кезде пайда болған және ол ең алдымен адам өмірінің ұзарғандығына, ұрпақтар сабақтастығының ауысу уақытына байланысты болмақ.

Отандық ғалым Г.Ж. Нұрышева қоғамдық дамудағы сабақтастықтың спецификасын айқындаған: «қоғам тарихында санасы бар, белгілі бір мақсаттарға ұмтылатын адамдар өмір сүріп, әрекет етеді; не болмаса ойланып-толғанып әрекет етеді, не болмаса нәпсінің жетегіне ереді» [29, 18б.]. Яғни, қоғамдық өмірдегі сабақтастық адамдардың саналы іс-әрекеттерін талдаудан өткізбей түсіндірілуі мүмкін емес дегенді білдіреді. Қоғамның дамуымен бірге саналы түрде қалыптасатын және жүзеге асырылатын идеялардың рөлі үздіксіз арта түседі.

Қазіргі кезде қолданыста жүрген энциклопедиялық сөздікте «сабақтастық – табиғатта, қоғамда болатын даму шеңберінде орын алатын ескінің орнына келген жаңамен байланыс; осындайда жаңа үдерісте ескінің сипаттары сақталады» делінген [62, с. 17].

Яғни, қоғам – үздіксіз дамып отыратын күрделі, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе, ол бізге әлеуметтік, рухани, мәдени сабақтастық тетігінің жұмысын байқап отыруға мүмкіндік береді. З.А. Мұқашев социализмге дейінгі

сабақтастықтың тарихын зерттей келе, мынадай түйін жасайды: «Философия деген сөздің өзі данышпандыққа ұмтылу деген мағынаны береді, демек ежелгі ойшылдардың бағыттары дұрыс. Ал бұл аударманы талдар болсақ, ұмтылыс сөзінің өзі үздіксіздікті, әрдайым алға жылжуды, шексіз қозғалысты білдіреді, яғни, ол ой сабақтастығының, ой байланыстылығының белгісі» [17, 70б.].

Сонымен, сабақтастық ұғымына келесідей анықтама беруге болады: сабақтастық – игілікті іске, ой тазалығына, үздіксіз даналыққа құлшыныс жасайтын өткен мен бүгіннің арасындағы алтын көпір.

1.2 Сабақтастықты зерттеудің теориялық және әдіснамалық аспектілері

Сабақтастықтың негізгі түрлері деп *табиғи*және *тарихи* сабақтастықты атауға болады. Табиғи сабақтастық – қалыпты өзгермейтін сабақтастық. Ал, тарихи сабақтастық – үзілмелі, өзгермелі. Себебі, көптеген саяси, әлеуметтік факторлар әсерінен немесе игілік, құндылықтардың трансформациялануынан өзгеріс болуы мүмкін.

Тарихи сабақтастық, біріншіден, бір тарихи дәуір мен одан кейінгі тарихи дәуір арасындағы өзара байланысты және сол бір тарихи дәуірдің тәжірибесінің екінші тарихи дәуірге берілу нысанын сипаттайды. Екіншіден, сабақтастық бір тарихи дәуір шеңберіндегі әлеуметтік және мәдени құндылықтардың бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілуі және игерілуі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сабақтастықты қоғамның және мемлекеттің мәдени, әлеуметтік, құқықтық-саяси салаларынан байқауға болады. Тарихи сабақтастық мәселесі қазақ халқының әлеуметтік даму үдерісінде аса айқын байқалады. Мысалы, ауызша тарихи білімдер (шежіре) негізінде ұрпақтар тәжірибесінің таратылуы. Сол себепті, қазақ қоғамының құрылымы ұрпақтар сабақтастығы дәстүрлеріне, генеалогиялық және өмір тәжірибенің аға буыннан кіші буынға берілу үдерісіне негізделген. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген айыпсөз айтылған. Өзімнің жеті атамды атайтын болсам: Маңғытай, Шүйіш, Андас, Бегаман, Шағай (Қисық), Наркескен, Айбек, Айбала, Батырбек, Қабыл, Тоққұлы, Құрманбай (Шырбан), үш ұлы Құнанбай, Құралбай, мен – Оралбай.

Қазақтың рухани мәдениетіндегі сабақтастыққа келер болсақ, қазақтардың рухани өміріндегі тәңіршілдік мифологиясы мен ондағы рухани және материалдық әлем сабақтастығының сипатталғандығы туралы айтуымызға болады. Ол уақыт пен кеңістікті қабылдаудың генетикалық сабақтастығын айғақтайды.

Қоғамның белгілі бір тарихи элементтер негізінде дамуын тарихи сабақтастық деп атаймыз. Сондықтан, рухани мәдениет – қоғам мен мемлекеттің дамуындағы ең басты және негізгі элемент. Себебі, рухани мәдениетте қоғамның, оның әрбір мүшесінің ішкі өмірінің барлық негізгі сипаттамалары шоғырланған.

Кең мағынада сабақтастық ұғымының субъектісі – қоғам. Қоғамның дамуында қоғамның өзіне тән ішкі реттілік, әрекет ету мен қызмет етудің өзіндік бағдарламалары бар – олар сабақтастық барысында жүзеге асырылып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қала береді. Зерттеу шеңберінде әлеуметтік біртұтастылықтың қажеттіліктерін атап айтар болсақ – аманаттық қажеттілік, яғни мұралық сабақтастық және үздіксіз жетілдіру қажеттілігі. Бұл рухани мирастық идеялық сабақтастық.

Үздіксіз әлеуметтік құбылыстар немесе әлеуметтік тәжірибе қоғамның әрекет етуі барысында туындайды.Мысалы, Ибн-Халдун (1332-1406) мемлекет туралы ойын алға тарта отырып, оның даму процесін адам өмірімен салыстырады. Оның пікірінше: «Мемлекеттің жасы орта есеппен жүз жиырма жыл, бұл уақыт мемлекет адамдарының үш ұрпағының өмірі, яғни династия басқарушысының өмірі. Бірінші ұрпаққа салыстырмалы теңдік, өнегеліліктің қарапайымдылығы тән. Бұл ұрпақ әлі жабайылық күйдегі дәстүрлерден толығымен арылмаған, үзілмеген. Екіншісі өркениет жағдайында өмір сүріп жатқан, енжарлық пен байлық әсерінен өздерін жаудан қорғай алмайтындай қабілетсіз қорқақ күйге түскен, сол себепті де жалдамалы күзет пен әскерді қажет ететін ұрпақ. Бұл ұрпақтың кезінде қарапайым, жабайы демократизмнің орнын теңсіздік, өзара қарсыластық т.с.с қатынастар алмастырады. Ал, үшінші ұрпақ барлық қатынастар бойынша нақты құлдырауға ұшырайды. Олардың өмір сүру барысында мемлекет құлайды» [23, с. 44].

Адамдардың жаратылыстағы жас өлшемі, дәрігерлер мен астрологтардың тұжырымдауынша, жүз жиырма жылды құрайды. Әрбір ұрпақтың жасы жағдайға тәуелді көптігімен немесе аздығымен ерекшеленеді. Мемлекеттердің жас өлшемі жағдайға тәуелді әртүрлі болып айрықшаланғанымен, көп жағдайда үш ұрпақтың жас жиынтығынан аспайды. Бір ұрпақ бір орта жастағы адамның жасы, яғни қырық жыл. Бұл уақыт оның өсуі мен даму кезеңін қамтиды. Басқаша айтқанда, шөберенің қырықта қамал алған жасына пара пар келеді. Шөбере – ұрпақтар сабақтастығының ауысу уақыты.

Сабақтастық нысандарымен бірге сабақтастықтың бағытталуы, яғни, даму векторының мәні зор. Ол қазіргі кезде өмір сүретін адамдарға да, келер ұрпақтарға да бағытталуы мүмкін, бірақ ешқашан өткен шаққа бағытталмайды. Дегенмен, жаңғыртылу үлгісі өткен шақтан алынуы мүмкін. «Қоғамның алтын дәуірін» қарастырған кезде өткен шаққа көз жүгіртетініміз шындық.

Қоғам деңгейінде өмірдің бір саласындағы белсенді даму (үздіксіздік) өмірдің басқа саласындағы дамудың тежелуімен (үздіктілік) ұштасуы ықтимал. Мысалы, қазіргі кезде елімізде, әлемде орын алған рухани дағдарыс: материалдық құндылықтар дамыған сайын руханилықтың тоқырауға ұшырауы.

Сабақтастықтың әлеуметке бағытталуы туралы ең алғаш рет антрополог М. Мид айтқан болатын. Ол белгілі бір мінез-құлық үлгісіне сүйену арқылы мәдениеттің келесідей түрлерін белгілеген: префигуративті, конфигуративті және постфигуративті. Мәдениеттің аталған түрлері бір-бірінен қоғамдағы

түрлі жас топтарының өзара байланыс дәстүрлерімен ерекшеленеді [53, с. 25-27].

М. Мидтің пікірінше, мәдениеттің префигуративті түрінде (оларды алғашқы қоғамдық ортадан байқауға болады) жасы үлкен адамдар, ата-бабалар кіші ұрпақтар үшін мінез-құлықтың үлгісі, талассыз беделге ие адамдар болып саналады. Аға буын ұрпақтары меңгерген ақпаратты жасы кіші ұрпақ шүбәсіз анық, нақты ақпарат ретінде қабылдайды. Ата-бабалар құндылықтарын сол қалыпта қабылдайды. Жойылмайтын қалыптардың арқасында технологиялық жолмен меңгеріледі.

Осындай мәдениет өкілдері болып есептелетін барлық адамдардың ішкі табиғи өзара байланыстылығы, ұрпақтар сабақтастығы өте терең, сол себепті ол пайымдауды, вербалдануды талап етпейді. Осындай мәдениет өкілі болып табылатын адам әдетте өз-өзін сенімді, нық және жайлы сезінеді, себебі оны аға буын ұрпақтары қорғап жүреді. Ол өткен шақ негізінде туындайтын болашақтың нақты бейнесін елестете алады және өмірдің мәні мен мақсатын нық біледі. Қазіргі заман – өткен шақты сақтап, жаңғырту құралы, сондықтан өмірінің өзгертілуін талап етпейді. Ол үйреншікті және дағдылы жағдайларда тиімді әрекет етеді, бірақ креативті емес.

Бүгінде мәдениеттің мынадай түрлері кездесетіндігін атап өткен жөн: идеологиялық анклавтарда, аса радикалды агрессивті мәдениеттерде [30, с. 31-34].

Мәдениеттің конфигуративті түрі әдеттегідей бірұрпақты. Бұл мәдениет алуан түрлі емес, префигуративті мәдениет түріне қарағанда үстіртін, бірақ икемді, әрі ашық мәдениет түрі. Мәдениеттің осы түрінде құрдастар бір-бірімен өзара әрекеттесіп, жақын, нақты өмір сүреді. Олар бір-біріне мінез-құлық үлгісінің қандай болу керектігін көрсетіп, «қазір және енді» деген қағидат бойынша өмір сүреді. Өткен шаққа оралмайды, ол туралы ойламайды, ал келешекті тек «жалпы түрде» ғана елестетеді. Олардың өмір сүру мақсаттары мен мәні прагматикалық сипатта. Осындай мәдениетте өмір сүретін адамның білімі, икемділігі мен құндылықтары шектелген, өмір шеңберлеріндегі кейбір өзгерістерді шарасыздық деп қабылдайды. Ол үшін қоғамдық болмыс жеке тіршілікке қарағанда маңыздырақ. Оның ұжымдық ниеттері мен мақсаттары жеке тұлға болу ұмтылысын ығыстырады. Ол зор шиеленісулерді, қиындықтарды басынан кешіп, әдеттен тыс жағдайларда, әсіресе, топтарда тиімді әрекет етуге дайын. Бірақ түрлі жастағы адамдар қарым-қатынасқа түсіп, өзара әрекеттескен кезде айтарлықтай қиындықтарды сезінеді, үрейленеді, мазасызданады, өзіне деген сенімі де жеткіліксіз болады. Бүгінгі күні мәдениеттің осындай түрін жасөспірімдердің кішігірім тобынан кездестіруге болады. М. Мид сипаттаған мәдениеттің постфигуративті түрінде қоғамның жас ұрпақ мүшелері аға буын өкілдерінің мінез-құлық үлгісіне, танымал тұлғаларына сыни көзқараспен қарайды. Кейде жас ұрпақ аға ұрпақ өкілдері оқытушыларына, мұғалімдеріне айналады да, аға ұрпақ өз құндылықтарынан, білімдерінен, технологияларынан бас тартып жатады. Осының нәтижесінде

түрлі жаңалықтар орын алып, орасан зор материалды құндылықтар құрылып, жастардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы күшейіп, өздеріне деген сенімдері арта түсуі мүмкін. Постфигуративті мәдениеттегі адам жаңашылдыққа бейім, ол дәстүрлерге және ырым-тиымдарына тәуелді емес. Оның өмір сүру үлгілері өткен шақты толығымен мойындамауға, қазіргі кезеңнің құнсыздануына негізделеді. Тек келешекке ғана бағдарланған, келешектің бейнесі дәріптелген, дегенмен бұлыңғыр. Адам өмірінің мақсаты мен мәні – қалыпты құндылықтарды бұзу арқылы ешқашан және ешқайда болмаған келешекті құру. Осындай мәдениетті ұстанған адам көптеген жағдайларда өзіне нық сенген, мақсатты, бастамашы, толыққанды, бірақ рефлексияға қабілетті емес. Өзін қоршаған ортада белсенді түрде әрекет етсе де, әлемге нық сеніммен қарамайды, мәдениеттің көптеген қыр сырларынан алыс. Ол келешекке бағытталған, тіпті соның салдарынан қазіргі заманға немқұрайды қарайды немесе адамдарға, тіпті өзіне де қатігез болуы мүмкін. Алайда, қалыпты емес жағдайларда креативті және тиімді әрекет ете алады. Дегенмен, күштің жұмсалуын талап етпейтін жағдайларда абыржып, сасып қалады. Кез келген қоғамда осы аталған типтер бір-біріне еніп кетеді, ал белгілі бір тип өкілдерінің басым болуы қоғамның қандай екендігін көрсетеді [53, с. 37-41].

Мысалы, жаңа кезеңде өмір сүріп жатқан еуропалықтардың дүниетанымында орын алған түбегейлі өзгерісті префигуративті бағыттың конфигуративті және постфигуративті бағыттармен ауыстырылуы деп түсінуге болады. Елестетілетін жаңа буын өкілдері мен келешек заманның өкілдері абсолютті білім мен жоғары сана иелері болып саналатын адамдарға ұқсайтындықтан, олар адам қызметінің төрешісі, әрі түпкілікті мақсаты деп танылады. Тек осындай дискурс тұрғысынан ғана «тарих мені толығымен ақтап шығарады», «уақыт бәрін өз орнына қояды», «келер ұрпақтар бағалайды» сынды пікірлер орынды.

Қоғам өміріндегі сабақтастықтың рөлі оның ауқымдылығына, қоғамдық орта мен олардың мәдени даму үлгілеріне тәуелді емес, іргелі маңыздылығына байланысты. Сол себепті, антропосоциогенез барысындағы сабақтастық рөлін қарастырайық.

«Біз ағзаның қоршаған ортаға пассивті бейімделуінен белсенді бейімделінуге қарай дамуының тұрмыста көрініс алған түрі екендігін білеміз, осыған байланысты қоғамда рушылдықтың жаңа түрі пайда болады да, біртіндеп даму барысында оның биологиялық сипатын жоққа шығарады. Яғни, онтологиялық тұрғыдан осы салалардың тұрмыста қатар өмір сүруіне сілтеме жасауға болады. Ал адамның өзі және өзі өзгерткен қоршаған ортадағы (қоғамдық тұрғыдан жаңартылған) табиғи күштер екінші кезекке ығыстырылады, тұрмыстың қоғамдық сипаттамалары барынша басым бола бастайды және биологиялық сипаттамалар сапалы тұрғыдан өзгерсе де ешқашан толығымен жойыла алмайды» [53, с 45].

Ақпараттық үдерістердің рөлі арта түсіп, білімдер мен дағдыларды генетикалық тетік шеңберінде кодталмайтын және туа біткен түйсіктер сияқты мирас ретінде берілмейтін, бүкіл ақпаратты жинақтау, сақтау және келер ұрпақтарға беру жүйесі пайда бола бастады.

Адам мен қоғамның қалыптасуы тек адамдардың өмір сүру әдісінің сақталуын қамтамасыз ететін әлеуметтік «мұрагерлік» тетігінің арқасында мүмкін болды. Адам психикасының өз-өзін түрлі әсерлерден өзгеруінен сақтап, сананың ішкі мәнінің шеңберінде тұйықтата білуіне ерекше назар аудару керек. Тәжірибені сақтай және келер ұрпаққа бере білушіліктің негізінде сабақтастық жатады. Яғни, «сабақтастық» – осыған дейінгі ұрпақтар жинаған тәжірибені мұралану. Қоғамдық болмыстың түрлі салаларындағы сабақтастық үдерісінің қуаты мен мәні әртүрлі.

Мысалы, экономикалық салада өндірістік циклдардың экономикалық тиімділігі мен оңтайлылығы тұрғысынан сыни баға берушілік және осыған дейінгі әлеуметтік тәжірибені біртіндеп ығыстыру қалыптасады және біртіндеп жаңа тәжірибемен алмастырылады. Бұл саладағы сабақтастық ұдайы тікелей және үздіксіз сипатта, себебі материалды өндіріс құралдарын қандай да бір жанама нысанда иеленуге болмайды. Алайда мұндай алмастыру – құндылықтардан мүлде бас тарту емес екендігін атап өткен жөн, себебі материалдық өндірісте сабақтастықтың кумулятивті (жинақтаушы) сипаты байқалады. Оған қоса, қоғамның экономикалық өмірінде болатын өзгерістер қоғамның басқа салаларына қарағанда айтарлықтай серпінді сипатта орын алады және тәжірибенің қабатталуын бір ұрпақтың өмір сүрген кезінен байқауға болады. Рухани салада тәжірибе үнемі жаңадан түсіндірілетін көркемдік бейнеге рәсімделген, ал тәжірибенің басқаларға берілуі әдетте жанама түрде жүзеге асырылады, бұл ерекшеліктер өнер саласында барынша жақсы зерттелген [33, с. 76-77].

Өнердегі сабақтастық көркемдік тәжірибенің мәні мен нысанын қамтиды. Өнертану саласында сабақтастықтың түрлі нысандарын сипаттау үшін келесідей терминдер қолданылады: әсер ету, қабылдау, еліктеу, эпигонизм, академизм, компаративизм. Өнерде көркемдік тәжірибенің нысаны оның мәніне қарағанда тұрақты, себебі көркемдік тәжірибенің мәні көбінесе тарихи-нақты сипатта.

Сонымен қатар, қазіргі қоғамда өнердің әлеуметтік рөлі яғни, әлеуметтік тәжірибені көркемдік нысанда бекіту өткен кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген, бұл жеке ғылыми зерттеудің тақырыбына айналуы да мүмкін.

Ғылымдағы сабақтастықтың объективті негізі – ақиқаттағы нысандар мен құбылыстарға тән қайшылықтардың біртіндеп дамуы. Таным үдерісіндегі нақты дамитын объектілерді жаңғырту бір-бірін мойындамайтын теориялар мен тұжырымдамалар білімнің басқа да нысандары арқылы жүзеге асырылады. Ғылымның алға басқан әрбір қадамы осыған дейінгі кезеңнің жемісі, нәтижесі

болып табылады және де оның әрбір келесі қадамы осыған дейінгі қадаммен заңды түрде байланысады.

Осыған дейінгі кезеңнің жетістіктерін пайдалану барысында ғылым алға қарай үздіксіз дами түседі. Ғылымдағы сабақтастық дегеніміз ежелгі, ескірген идеяларды жай ғана ауыстырып, пайдаланылатын теориялардың, гипотезалардың, зерттеу әдістерінің бүкіл мән-мағынасын жаңа кезеңде толығымен ұстану емес. Ол міндетті түрде сыни талдау мен шығармашылықтық қайта құру элементтерінен құралады. Ғылыми танымның мәні – ақиқатты іздестіру, сондықтан да тәжірибе тек ақиқат білімнен алынады.

Ғылымда үнемі бүгінге дейінгі көзқарастардың нақтылануы, егжей-тегжейлі пысықталуы және оларға сынның айтылуы қалыпты құбылыс. Бұл мәселе шетелдік зерттеушілер Д. Берналдың, Т. Куннің «парадигмалардың алмасуы» идеясында,К. Поппердің «үшінші әлем», П. Фейерабендтің, Дж. Холтонның еңбектерінде кеңінен зерттелген.

Қазіргі қоғам көпқатпарлы. Ғылымда қоғамның түрлі топтарын біріктіруге деген талпыныс көптеген зерттеулердің негізіне айналған, себебі дәл сол біріктіруге деген талпыныс арқылы қоғам топтарынан құралған жүйенің қызмет етуі мен ұдайы өндірісі жүзеге асырылады. Бүгінге дейінгі тәжірибені сыни пайымдау арқылы біріктірушілік сипатын саналы түрде әзірлеуге болады ма? Тәжірибе қандай жолмен қазіргі ақиқатқа енгізіледі және де қазіргі кезде пайдаланылатын ақиқаттан жағымсыз үрдістерді жоюға болады ма? Аталған сұрақтарға жауап беру бізге сабақтастықтың мәнін пайымдауға көмектеседі.

Сабақтастық үдерісінің өзара байланысты және бір-біріне қайшы келетін екі құрамдас бөліктерін сипаттау өте маңызды болып табылады:

а) қоғамдық өмірдің негізгі нысандарының тұрақтылығын қамтамасыз ететін және дәстүрге айналу арқылы өзгермейтін, тұрақты құрамдас бөлік;

б) өзгеретін, түрлендірілетін құрамдас бөлік шығармашылық қызмет, ол мұра ретінде қалдырылған мән-жайлардың трансформациясын қамтамасыз етеді. Мысалы, еуропалық мәдениетте бұл құрамдас бөлік әлеуметтік болмыстың ерекше түрі болып табылатын танымға негізделеді. Кең мағынада сабақтастықтың бұл түрі – инновация.

Ауыспалы мағынада сипаттайтын болсақ, дәстүрлер мен инновацияларды жүйенің тұтастығын қамтамасыз ететін қарама-қарсы ұғымдар деп білуге болады. Осындай тепе-теңдік үнемі серпінді тепе-теңдік болып қала бермек. Әлеуметтік ілгерілеудің мәні –кешенің бүгінге, бүгіннің болашаққа қарай үнемі ұласып отыруында. Жинақталған тәжірибенің үнемі түсіндіріліп тұруын, оның жаңа жағдайларға бейімделуін, заманға қажеттісінің іріктелуі мен сапаландырылуын талап ететін күнделікті тәжірибе қосылады. Өткен шақ пен қазіргі кезең арасындағы кеңістікте өткен кезеңді үнемі жандандыратын дәстүрлі жоралғыға деген қажеттілік, күнделікті тұрмыстағы жайға бейімділік немесе келешекте болатын жетістіктерге бағдарлануы болуы мүмкін.

Адамзат дамуының қиындығы – қоғамдағы ғылыми-техникалық ілгерілеудің адамгершілік саласындағы ілгерілеуге өзіндік ықпал

етпейтіндігінде. Осыған дейінгі қол жеткізілген ілгерілеу нәтижелері сақталып, олар үнемі жаңартылып жинақталған жағдайда ғана өзіндік орын алатындығы туралы атап өткен болатынбыз. Білім мен техника саласындағы аталған жинақталуды тиісті әлеуметтік институттар қамтамасыз етеді. Ал адамгершілік басқаша қалыптастырылады. Оның мәнін дәрігер, философия ғылымдарының кандидаты А.Н. Луктың айтқанынан байқауға болады: «Сезімдердің жоғары мәдениеті генетикалық негізде бекітілмейді. Сондықтан да мұра ретінде берілмейді. Сезімдердің жоғары мәдениетін әрбір жаңадан туылған бала бойына сіңіру керек. Егер де осындай тәрбиеге мән берілмесе бір ұрпақтың өмір сүру кезінде адам сезімдері мен әдет-ғұрыптары алғашқы адам кезіндегідей қалыпқа түсіп кетуі мүмкін» [75, с. 11]. Осыған байланысты сабақтастық үдерісінде адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше назар аудару керек.

Сабақтастықтың мәні оның қызметтері арқылы кеңінен сипатталады. Қызмет – белгілі бір феноменнің жүйелі міндеті, оның қоғамдық өміріндегі рөлі. Әлеуметтік талдау нақты әлеуметтік мәселелерді шешу барысында, қоғамның өмірін жаңа жағдайларға сай етіп түрлендіру үшін қажет. Әдебиетте сабақтастық қызметтерінің тұрақты жіктелуі жоқ, сондықтан біз оларды белгілі бір бағытты сатыда былай белгіледік:

1. Тарату қызметі – әлеуметтік тәжірибені жеке тұлғалар арасында, тікелей қарым-қатынас барысында бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беруде жүзеге асырылады: салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, жөн-жоралғылар.

2. Коммуникативті қызметі – адамның басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттілігінен туындайды, бұл қажеттілік замандастар арасындағы әлеуметтік тәжірибе алмасу арқылы жүзеге асырылады.

3. Мұрагерлік қызметі – адамның бойындағы табиғи және әлеуметтік қасиеттердің тоғысуын жүзеге асырады, адамды тұлға ретінде қалыптастырып, дамуына ықпал етеді. Бұл қызмет тіршілік қарекетінің түрлі салаларында: денсаулық сақтау саласынан бастап, бала тәрбиесі мен білім беру саласына дейінгі түрлі салаларда өскелең ұрпаққа деген қамқорлық көрсетуден көрініс табады.

4. Біріктіруші қызметі – адамдарды жалпы адамгершілік құндылықтар мен бағдарламалар аясында біріктіріп, адамзатты сақтау мақсатында ұйымдастыруы тиіс.

5. Мемориалды қызметі – түрлі әлеуметтік институттарды: мұрағаттарды, мұражайларды, кітапханаларды, тарихи қорықтарды және т.б. қорғау, сақтау арқылы маңызды әлеуметтік тәжірибені қоғамдық жадыда сақтауға мүмкіндік береді.

Аталған қызметтер бір-бірлерімен тығыз байланысты және олардың бірі басым деп айту қиын. Бірақ аталған қызметтердің әрқайсысы тиісті назар аударуды және електен өткізуді қажет етеді, себебі тәжірибелік мақсат болып табылатын қоғамның ұдайы өндірісінің түрлі салаларында және түрлі ұрпақтар өкілдеріне бағытталуы бірдей болуы мүмкін емес қызметтің нақты бағдарламаларының әзірленуін талап етеді.

Сабақтастық мәні – жалпығаламдық тарих тұрғысынан қысқа ғана дәуір кешетін ұрпақтардың ауысуындағы белгілі бір сипаттамалардың, дағдылардың, икемдердің, машықтардың, бағдарлардың, мақсаттардың, рөлдердің, рөлдік тізбектердің, институттардың, яғни, әлеуметтік тәжірибенің құрамдас бөлігі болып табылатын бүкіл құндылықтардың жаңғыруы. Егер, әлеуметтік мұрагерлік жойылып, сабақтастық үзіліп қалатын болса, адамзатқа әдеттегі, биологиялық қана мүмкіндіктері бар, бытыраңқы, ұйымдаспаған, өз бетімен өмір сүруші жануар әлеміне қайта оралуына тура келеді.

Қазіргі қоғамдағы «сабақтастық» ұғымы адамның әлеуметтік тәжірибені меңгеруге саналы күш салуын білдіреді. Сабақтастық мәселелерінің маңыздылығын өткен ұрпақтардың тәжірибесіне көз жүгірту барысында «ілгерілік» (прогресс) және «шегініс» (регресс) ұғымдарын салыстыру нәтижесінде оны ғылыми тілге енгізу мүмкіндігі туды. «Аталған адам қызметінің түрлері – нәтижелері бір күнде емес, уақыт өте пайда болатын немесе нәтижесін сандық тұрғыдан өлшеуге болатын қызмет нысандары. Адамзат тарихы сақталып қалу қасиетіне ие, себебі ол тек өзгере беретін құбылыс қана емес. Біз тарихтан қоғамда түрлі әлеуметтік институттар болатындығын, олардың материалды және рухани құндылықтар жасайтындығын, сақталып қалатындығын білеміз. Сабақтастық қызметі – өткен ұрпақтың мұрасын мирастау немесе одан бас тарту мәселесі. Өмірдің түрлі салаларының келешегі сол саладағы ұрпақтың жетістіктеріне деген көзқарасына байланысты болмақ. Жаңа ұрпақ бүгінге дейінгі тәжірибені сақтап қана қоймай, оған өзінің де жетістіктерін қосқан кезде ғана өткеннің мұрасын сақтау үдерісі ілгерілеуге қол жеткізеді деп айтуға болады» [76, 147-150б.].

Қорыта келгенде, сабақтастық қоғамның барлық саласын қамтиды және оның дамуындағы ұрпақтар байланысында ерекше рөл атқарады.

1.3 Сабақтастық – мәдени дамудың алғышарты және заңдылығы

Жалпы қабылданған анықтамаға сәйкес, мәдениет дегеніміз – адамның әлемді қабылдау, сезіну тәсілі, оның ішкі болмысының мәні, болып табылады. Мәдени туындыларда, шығармаларда адамның ішкі әлемі, өмірді түсіну, қабылдау деңгейі бейнеленеді.

Белгілі бір қоғамның мәдениеті мен өркениетін талдау барысында кейбір қоғамдардың тарихи даму бағыттарын, олардың өзара сабақтастығын байқауға болады. Мәдени-өркениетті көзқарасқа сәйкес, мәдениеттің болуы мен дамуының өзінде сабақтастық үдерісін байқауға болады. Мәдениет, біріншіден, адамзат өмірінде үнемі қайталанатын, екіншіден, кейде қайталанбай жаңартылып тұратын үдерістерге негізделеді. Басқаша айтқанда, ол дәстүрлі тәжірибенің креативті, жаңа тәжірбиемен өзара әрекеттесуіне негізделеді. Кейде біріншісі екіншісіне қарағанда басым болуы мүмкін немесе керісінше.

Адам түрлі дағдыларды, епті̇ліктерді мұра етіп алады және мұра етудің осы нысаны биологиялық сипатта емес, әлеуметтік сипатта. Қол жеткізілгенді жетілдіру, байыту адамзат өміріндегі «өсімдіктер мен жануарлар түріне белгісіз

тарихи сипат беруі» және мәдениетті дамытудың өзгеше тетігі болып табылады.

Мәдениет болмысының объективті түп тамырлары туралы айтар болсақ, олар мәдениет субъектісі болып табылатын адамға тән күштердің ішкі көрініс алатындығын атап өту керек. Себебі, «жеке тұлғаның шығармашылық әлеуеттері оңтайлы ептілікпен, оқу барысында және белгілі бір іс-әрекеттерді орындау барысында машықталатын шеберлікпен емес, оған туа біткен тән қажеттіліктермен, қабілеттіліктермен қамтамасыз етіледі».

Осы жағдайда қажеттіліктер мен қабілеттер мәдениет шеңберінен тыс табиғи күштер іс-әрекетіне тән болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл жерде өздерінің қызметтері бойынша инстинктивті-биологиялық болып табылатын жан қажеттіліктері туралы емес, әлеуметтік, рухани, яғни, шығу тегі мен мәніне қатысты мәдени күштер туралы айтылады.

Мәдениетті дамыту үдерісіне тоқталар болсақ, оның қозғаушы күштері мәдениеттің өзі екендігін ескерген жөн. Қозғаушы күштер дегеніміз:1) адамның алғашқы қоғамнан қазіргі кезге дейінгі қалыптасуы барысындағы орныққан қызметтің мақсаттары мен құралдарын анықтай алу қажеттілігі және қабілеттілігі; 2) адамның өзі қол жеткізген мінез-құлық бағдарламасын жетілдіруі кезінде үздіксіз өзгерту енгізу еркіндігінің болуы.

Сонымен қатар, бастапқы және түпкілікті барлық өзге де үдерістерді сипаттайтын құбылыс – материалдық мәдениеттің эволюциясы, ал адамдардың рухани қызметі мен адамдар арасындағы қалыптасатын өзара байланыстар эволюцияның сипаттаушы тұсы болып табылады. Бұл тұста біз адамдардың рухани белсенділігінің рөлі мен маңызын жоққа шығара алмаймыз.

Біздің пайымдауымызша, адамның мақсатты іс-әрекеті әлеуметтік дамудың субстанциясын құрайды. Осы қызметті әсіресе, қоғамдық еңбекті талдамасақ сабақтастықтың мәнін сипаттай алмаймыз.

Адам еңбегінің түпкі мақсаты белгілі бір қажеттілікті қанағаттандыру. Еңбектің осындай бағытталуы оның өнімін және тиімді жағын сипаттауға мүмкіндік береді. Еңбек дегеніміз мақсатты өндірістік қызмет, ол табиғаттың түрлі заттары арқылы белгілі бір адамзаттың қажеттіліктерін өтейді.

Мақсаттылық ұғымы – еңбектің белгілі бір тұсының мақсатқа сәйкестігін білдіреді, тек объективті мақсатқа ғана емес (қажеттілік), сондай-ақ, субъективті мақсатқа да (нәтижені алдын ала сезу) сәйкес келушілікті білдіреді. Нақты еңбекте бірқатар болмыстық тұстар да болады: мақсат, операциялар сипаты, нысан, құралдар мен нәтижелер.

Мақсаттылық еңбектің барлық түрін қамтиды, себебі еңбек үдерісінің барлық тұстары мақсатқа бағыттайды. Еңбек үдерісі нәтижені барынша жақсы болжау негізінде адамның санасымен, еркімен реттеледі.

Адамның мақсатты қызметі туралы айтқан кезде мақсатты жүзеге асыратын іс-әрекеттер ескерілмесе мақсатты тұжырымдау қызметі субъектінің белсенділігінің мәнін толық көлемде ашпайтындығын есепке алу керек. Ресейлік ғалым А.Ф. Кудряшевтің пікірінше, мақсатқа жету өзінің «меніне»

негіз болатын көзқарасты толыққанды жүзеге асыра білу – қызметтің мәні мен субъекттің белсенділігінің негізгі мағынасы Адам қызметінің кейбір түрлері қазіргі заманның өткен шаққа қарағанда және келешектің қазіргі заманға қарағанда артық екендігін білдіреді [77, с. 73].

Адам мәдени сабақтастық заңдарына сәйкес тіршілік етеді, кейде өзі жасаған туындысына қарсы тұрады. Бұл ереженің мәні адам өз еңбегі мен қызметінің нәтижесінде қоғамдық өркендеудің белгілі бір кезеңінде өз қажеттіліктерінің негізі болатын заттарға тәуелді болуын жойып, оларды еңбек ету арқылы жасап, өндіріп, оларға мұқтаждықпен емес, қызығып қана қарайтын болады .

Айтылған тұжырымдаманы негізге алсақ, мақсатты адамның қызметі– әмбебапты, атрибутты. Ал, жалпы әмбебаптық пен құндылық аса маңызды өркениет бастауларының бірі, оның шеңберінде қоғам түрлі қиындықтарды жоя біледі. Сонымен, адам өзі әзірлеген өніммен ерекшеленуіарқылы субъектіні сыртқы әлемнен алыстатпайды, керісінше, әлемнің барлық байлықтарын адамның игілігіне айналдырады.

Сабақтастықтың мәдени мәні де осыған байланысты. Сабақтастықтың мәдени мәні – жеке тұлғаның әлеуетін сақтап, оны жаңғырту. Себебі, егер адам өзінің еңбегіне шынайы адал қарайтын болса ғана адамдық қасиеттерінің шыңына жете алады, сол кезде ғана адам өзінің субъективті мақсатының өнімін өзіндік болмысында бекітуге тырысады.

Рухани мәдениетті дамытудағы сабақтастық адамдар әзірлейтін, дамытатын материалды және рухани құндылықтар жиынтығына да байланысты. Егер де адамның рухани қызметінің жалпы даму бағытына бақылау жасасақ, рухани дамудың біркелкі еместігін байқаймыз. Адам рухының ниеттері ілгерілеумен немесе кері кетумен сипатталады.

Сонымен қатар, рухани құрылымдардың, түрлі мәдениеттердің дамуы мен тоқырауы кезінде адам қоғамының тарихи дамуы барысындағы ойлауы – бейнеге келтіру, мәдени материалды дамыту, жинақтау және қайта құрудың өзіндік қисынды жүйесін құрайтын белгілі бір заңдылықтарының бар екендігін де атап өту орынды.

Қоғам әлеуметтік байланыс негізінде жаңғыртылады, яғни аталмыш қоғамдарға ортақ сипаттама және әлеуметтік байланыстың мәні – бір адамның тіршілік қарекетінің екінші адамға байланысты болуы. Адамдар мен адамдар тобы өзара бір-бірінің өміріне әсер етеді, себебі адам қоғамның, әлеуметтік құрылыстың ажырамас бір бөлігі.

Көне дәуірге көз жіберер болсақ, ежелгі Қытайда мәртебесі жоғары адам басым болған. Яғни, сабақтастық әлеумет пен мәдениетті жаңарту нысаны емес. Сондықтан дәстүрлі Қытай қоғамында сабақтастық аясы тар мақсатқа негізделіп, жеке адам ұғымы төмендетілген. Адам жеке тұлға ретінде бағаланбай, өзінің қоғамдық бағыныш сатысындағы орны немесе қызметі бойынша бағаланатын. Сол кезде өмір сүрген әрбір адамның жеке тұлғалық сана-сезімі дамып, өзін қоғамдық сананың бір бөлігімін деп есептеген.

Цзюнь-цзы теориясына адамгершілік пен білім берудің, өзімшілдік пен мәдениеттің өзара үйлесімділігі тән. Адамда төзімділік, өмірді көп қырларынан тану және кең мағынада түсіну, сонымен қатар, фанатизм мен ұшқарылықтың кез келген өзге түріне деген жиеркеніштілік бар. Адамды жетілдірудің осы жолын Конфуций «орта жол» немесе алтын орта, деп атады.

Конфуций ілімінде адамның орны –ол өз міндеттерін орындауға тиіс қоғамдық ортада. Ал даостықтар бұл пікірге қайшы көзқарасты ұстанады: олардың пайымдауынша, қоғам жамандық пен жалған міндеттер, парыз, борыш сынды ұғымдардан бас тартып, ақиқат пен табиғатқа бет бұрып, жасанды өмір ағынына қосылуы тиіс.

Әрине, даостықтарды жеке тұлғаның дамуына түбегейлі қарсылық білдіретін ілімнің ұстанушылары деп білуге болады, бірақ даостық ілім жазуларында «мен» деген тақырыптағы сипаттамалар кездеседі, ал конфуциандық трактаттарда бірінші жақтан (мен осылай істегенде осылай болады) емес, үшінші жақтан (біз осылай істегенде осылай болады) айтылған пайымдаулар көп кездеседі.

А.И. Рубиннің пайымдауынша, «даостардың жеке тұлғаны мойындамауына дарашылдық ықпал еткен еді. Биологиялық жаратылыс болып табылатын даостар мемлекет пайдасына да, қоғам пайдасына да қызмет етуге тиіс емес» [78, с. 82]. Яғни, даостар жеке тұлғаның дамуын емес, даралықты дамытуды басымдық деп санайтын. Олар әрбір тіршілік иесі өте құнды деген ойда еді. Тек осындай көзқарасты ұстанған адамның өмірі соңғы күніне дейін қалыпты сипатта болады. Сонымен, Көне Қытай идеологиясы түрлі құндылықтар мен адам тұжырымдамаларының өзара тартысынан құралады.

Көне Қытай мәдениетін дамытудағы сабақтастықтың ерекшелігі өмірге, әлемге деген қарым-қатынастың ерекше сипатта болуы. Ойлап табулар мен түрлі жаңалықтар Еуропадағыдай емес, мүлде басқа мақсаттарды көздейтіндігі. XX ғасырдың басында ойлап табылған магниттік құбылнама (компас) негізінен үйді немесе зиратты қай жерден салу оңтайлы болатындығын анықтау үшін пайдаланатын. Механикалық ойлап табуларды әзірлейтін адам механикалық жүрекке ие болып кетеді, яғни Дао рухани кеңістігінің көрінісі болып табылатын сабақтастықты өзіндік зияткерлік қызметтің нәтижесі болып табылатын суррогат объектілеріне алмастырады. Сондықтан да қытайлық шенеуніктер технологиялық жаңалықтардың енгізілуіне қарсы болған.

Жаратылысқа қатысты дәстүрлі қытай қағидалары айтарлықтай табиғи сипатта еді. Қытай азаматы өзін табиғаттың ажырамас және ең жақсы бөлігімін деп санайтын. Әйтсе де ешқашан өзін «табиғаттың патшасы» ретінде қарастырмаған. Керісінше, адамның денсаулығы мықты болса – демек, ол табиғи ырғақтармен бірыңғай бағытта өмір сүреді, деген ой басым.

Көне Қытайда басқа дүниеге тән үдерістер орын алмаған. Мәселен, жеке тұлғаның өзіндік сана-сезімін дамыту Конфуций өмір сүрген кезде басталған еді. Бірақ оның да пәлсапалық ілімі отбасылық сипатқа ие болған. Ол адамды идеалды игі адам деп атады (цзюньцзы). Конфуцийдің пайымдауынша, шынайы

бекзаттық шығу тегіне емес, адамның адамгершілік сипаттары мен мәдениеттілігіне байланысты, сондықтан ол кез келген адам үшін қолжетімді қасиет.

Конфуцийді «игі адам» тақырыбы қызықтырса, қазақстандық академик Ғарифолла Есімді «жақсы қазақ» идеясы толғандырды. Мәңгілік елдің жетінші айқындамасы «жақсы қазақ» идеясы. Жақсы қазақ деген кім? Жақсы қазақ – ел имиджі, Қазақстанның болашағы туралы идея. «Жақсы қазақтың» тұлғалық қасиеттері мыналар.

Біріншіден, оның ниеті таза, туған еліне, ата-мекеніне, тіліне, отанына деген ниеті адал болу керек.

Екіншіден, оның ісі жақсы болу керек. Істің жақсылығын анықтау арқылы жақсы қазақ өзін-өзі анықтайды. Қандай істің жақсы екенін анықтау оңай емес. Алайда, соны анықтай алатындай көзі ашық, көреген болу керек. Қандай іс жақсылыққа, ізгілікке бастайтынын аңғарып, анықтай алатындай қабілеті, қасиеті болуы керек.

Үшіншіден, жақсы қазақтың қарекеті жақсы болуы керек. Қарекетінің, ісінің нәтижесі жақсы болу шарт. Жақсы қазақ өзінің қолынан келетін іске баруға тиіс.

Қазақ болғаннан кейін міндетті түрде бір қауымға, саяси жүйелерге, қоғамдық жүйелерге міндетті түрде қатысыңыз бар. Сонда жақсы қазақтың қандай бағыты, бағдарламасы болу керек?

Біріншіден, жақсы қазақ түркішіл болу керек. Ол адамда бүкіл түркілік құндылықтарды бойына сіңіріп қабылдай алатын қасиет болады. Түркілік құндылықтардың, тарихтың, тілдің, дүниетанымның басқа да қазіргі технологиялық бәсекедегі озық үлгілерді қабылдай алатын түркішілдігі болса. Бұл жақсы қазақтың міндетті түрдегі бір параметрі. Адамдық тұрғыдан қазақ бір арнамен жүру керек, су арнамен ағады, сонда өзен деп аталады. Сол сияқты қазақтың арнасы түркішілдік болу керек.

Екіншіден жақсы қазақ – мұсылман. Әрине біреулер «мен жақсы қазақпын, бірақ мен өзге діннің, конфессияның өкілімін» деуі мүмкін. Ата-бабаларымыздың өмір сүру тәжірибесі, Қожа Ахмет Яссауи мұралары менбүкіл рухани қазынамыздың сабақтастық тетігі арқылы өз қызметін толық атқаратындай жолға қойылу мәселесіне тікелей байланысты. Сондықтан, қазіргі батыстық мәдениет пен басқа да мәдениеттердің жолайрығынан алып шығар екі сара жол бар. Ол түркішілдік және мұсылмандық жол. Бұлардың бәрін қосқан кезде ең «жақсы қазақ» ұғымы қалыптасады[79].

Біздің бүгінгі ұмтылатын мәреміз – ұлттық құндылықтар емес, елдік құндылықтар. 1991 жылы саяси тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін қазақ халқы ұлт емес, Қазақ Еліне, қазақ елінің азаматына айналдық. 1991 жылдан кейін ұлттық құндылықтарымыз елдік құндылықтарға трансформацияланды.

Адамның әлеуметтенуінің сол адамның әлеуметтік ортада өз орын табуына, аға ұрпақтар тағылымы мен ұлттық дәстүрлерді меңгеруіне мүмкіндік береді. Мұның бәрі адамның өмірлік мұратын айқындауының, кәсіби еңбекке

араласуының алғышарты. Білім беру жүйесінің екінші бағыты – адамның адам болып қалыптасуына, Абай айтқандай, толық адам болуына, оның ішкі рухани қуатының оянып, кемелденуіне көмектесу. Адамның өзінің жоғары рухани әлемге қатыстылығын түсініп, тұлғааралық қарым-қатынас үдерісінде, жеке өмірінде жоғары құндылықтарға, мұраттарға сай рухани бет-бейнесінің айқындалуына қол жеткізуі. Яғни, «толық адам» болу сынды философиялық-этикалық принципті іске асыруы.

Сабақтастық тетігі арқылы ұлттық рухани қазынамызды дамытудың түпкі бекеті –«ұлттық идея» мәселесі. Ұлттық идея – тарихтың сынынан, ақылдың таразысынан өтіп, өмірдің өзі оның объективтілігін дәлелдеген және халықтың басым бөлігі қабылдаған ұлттық құндылықтар жүйесі. Ұлттық идея Қазақстанда жүріп жатқан мәдени мұраларды жаңғырту үдерісі мен әлемдік өркениет ықпалынан туындаған жаһандану үдерісінің арақатынасында қарастырылуда. Соңғы үдерістің обьективті негіздеріне өркениеттің ақпараттық толқынының қарыштауы, Кеңестер Одағы тарағаннан кейінгі батыстандыру мен америкаландырудың жаңа пәрменге ие болуы, бұқаралық мәдениет үлгілерінің жаңа тәуелсіз елдерде барынша таралуы, этикалықтан өркениеттіліктің басымдылыққа ие болуы, т.б. жатады. Қазақстанда ұлттық идеяның қалыптасуына үш өркениеттің тоғысуы (мұсылмандық, православтық, және конфуцийлік), мәдени-әлеуметтік транзиттік, тоталитарлық атеистік сана қалдықтары, номадтық діл архетиптері ықпал етеді. Басқа да ТМД елдері сияқты, Қазақстанда ұлтық идеяны іздеу амбивалентті құбылыс болып табылады.

Ғалым А. Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты кітабында сабақтастыққа мынандай түсінік беріледі: кез-келген халықтың бұрынғы заманнан бері қалыптасқан өмір салты, материалдық және рухани мұралар жасау машығы, дәстүр тағылымдары, кісілік қалыптары – халықтың бастан өткерген ғұмыр жолының айғағы. Сонымен қатар бүгіні мен болашағының сан тарау әлеуметтік және мәдени болмысының бой көтерер берік тұғыры. Өткеннің парқын танымай тұрып бүгін мен болашақты дұрыс бағдарлауға болмайды. Кез келген адамның кіндігі ілгеріде өткен туған-туыстарымен ғана жалғасып жатқан жоқ, солар өмір сүрген байтақ өмірмен де біте қайнасқан. Адамзат баласының барша тіршілік-әрекеті, түптеп келгенде, оның адамдық болмысының айғағы.

«Ескіні» жаңаның ығыстыруы, жаңаның уақытқа қызмет етуі мәңгілік үдеріс. Әрбір тарихи-әлеуметтік кезеңнің өз талғам-танымына лайық дәстүрі болады. Мәдениеттің мифологиялық, философиялық, эстетикалық, филологиялық немесе тар аядағы терминологиялық т.б. айғақтары болсын, бәрі мәдениет атты байтақ әлемде тек ғана дәстүрдің көлігіне мінгесіп ілгері жылжиды. Тарих – кең көзді елек сияқты. Уақыт талабына төтеп бере алмағанның бәрі де сол елек көзінен сусып түсіп қалады. Бұл қатал заңдылық дәстүрге де қатысты. Қоғам дамуына кедергі келтіретін дәстүр атаулы тарихи үдерістің көшінен шығып қалады. Егер адамзат мәдениеті мәңгілік мұхитқа бет

алған өзен болса, салт-дәстүр сабақтастығын сол өзенге нәр беріп жатқан бастау бұлақтарға теңеуге болады [80, 178б.].

Қоғамда адамдардың өзара байланысына негізделген әлеуметтік бағыныш сатысының түрлі кезеңдері, түрлі нысандары мен түрлері бар екені белгілі. Олардың үйлестімі мен өзара бағыныштылығы қатаң реттеліп отырады. Адамдар әлеуметтік бағыныштылық сатысының тар шеңберлерінен шықпай, әу бастан-ақ мінез-құлықтың қатаң түрлеріне бөлінген. Қызметтің белгілі бір түріне байланысты жеке тұлғалардың іс-әрекеттері қызметтің сұлбаларымен, құралдарымен шектелген. Осындай байланыстар көріністерінің бір түрі – дәстүр. Дәстүр бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысып, беріледі. Бір адамның тәжірибесінен екіншісінің тәжірибесіне айналады. Яғни, дәстүр әлеуметтік жеке тұлғалардың бар болуын ғана қамтымай, әрі мәдени және рухани өмірді тұрақты әлеуетті ережеге айналдыратын белгілі әлеуметтік тетік. Демек, дәстүрді жандандыруға мүмкіндік беретін рухани әлеует әрдайым басымырақ.

Сондықтан, мәдени өркендеудің белгілі бір нысаны болып саналатын сабақтастық –адамдар арасындағы өзара байланыстылықтың құрылымдарын, жеке өзін-өзі таныту күштерін жинақтайды деуге болады.

Философия ғылымдарының докторы, профессор В.Е. Кемеровтың пайымдауынша, «дәстүр белгілі жағдайда заттарға да ықпал етеді: табыс табу қызметтерімен қатар адамның істеріне қатысатын табиғи немесе әлеуметтік күштерді де сипаттауы мүмкін» [81, с. 54].

Адамның заттармен өзара әрекеттесуі тек техникалық тиімділік заңдарына ғана емес, сонымен қатар, оларды пайымдау және пайдалану әдеттеріне де бағынышты болады. Заттарды жетілдіру үрдісі қызметтің осы түріне байланысты туындаған дәстүрге қайшы келіп, мәдени ұдайы өндіріс тұрғысынан жағымсыз, ұнамсыз болуы мүмкін.

Ортағасырлық санаға тән сипаттардың бірі – құндылықтың білімге қарағанда басым екендігін мойындау. «Сананың осындай түрін қалыптастыратын аса жүйелі әдіс – саяси және құқықтық өмірді, адамгершілік, эстетикалық және көркем идеологияларды өзіне бағындыра білген, ойлаудың нақты әлемін және оның ең үлкен жетістігін ғылыми және ақиқатты пайымдауды негіз еткен, ойша қорытуды пәлсапалық пайымдауға бағыттап, ақыл-парасаттың қызметін қатаң шектейтін дін». Мәдениет осындай рухани негізден бастау алып, дәстүрлі сипатын сақтау арқылы дәстүршілдікті қағидалық дәрежеге дейін жеткізеді. Феодалдар өздерінің саяси өктемдігін орнату барысында өздерін тек экономикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар, мәдениеті дамыған тап ретінде көрсетті.

Яғни, сабақтастық дегеніміз – рухани мәдениетті дамытудың қажетті құрамдас бөлігі. Алайда оның барлық құрамдас бөліктерін таптық және олардың барлығы реакцияшыл сипатта, деп атауға болмайды. Рим императорлары мемлекеттің тұтастығын сақтап қала алмағанымен рухани саланы тиісті дейгейде дамыта алды. Ыдырап бара жатқан мемлекеттік құрылысты барлық азаматтарға тән дін арқылы біріктіру талпынысы жасалды.

Алайда, зайырлы билік пен жаңа рухани билікті (оның көрінісі – христианшылдықты) біріктіруге жасалған қадам тозған Римді түбегейлі құтқара алмады. Дегенмен, ол әрекеттер Жаңа Дәуірге бағытталған қадамдар болды [82, с. 72].

Сабақтастықтың сипаты тарихтың түрлі кезеңдерінде әртүрлі болады. Тарихи кезеңнің бірінде қалыптастырушы элементтер басым болса, екіншісінде жаңашыл элементтер басым болуы ықтимал. Алайда, жаңашылдық–тарихи және әлеуметтік ілгерілеушіліктің басты көрсеткіші деуге болмайды.

«Сабақтастық» –мәдениетті дамытудың аса маңызды буыны. Мәдениет – қоғамдық ілгерілеуді қамтамасыз ететін күш. И.Г. Гердер халықтарды өркениеті дамыған және енді ғана дами бастағандар деп белгілі бір сатылар бойынша реттейтін болса, мәдениет баршаға ортақ мәдени тең құқықтылықты қамтамасыз етеді, деп түсіндіреді. И.Г. Гердер мәдениеттің бір ғана буыны барлық ұлттарды біріктіреді, деп жазды [83, с. 23]. Демек, мәдениет – сабақтастықтың барлық түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әсіресе, әлеуметтік және тарихи сабақтастық.

И.Г. Гердер мәдениет ұғымын жалпы адамдық құндылықтар енгізілетін оң мағынада, яғни, мәдениеттің тек оң тұстарын ғана түсінгендігін атап өткен жөн. Біз мәдениеттің нысандары әртүрлі болатындығын білеміз (қылмыстық мәдениет, мәдениетсіздік).

Адам өмірі мәдениеттен тыс болмайды, себебі мәдениет – адам өмірінің басқаша аталуы ғана, ол адам өмірінің тұрақты нысандарда болуын, белгілі бір ішкі заңдарға сәйкес келуін көздейді.

Ресейлік философ, әлеуметтанушы М.М. Бахтиннің тұжырымдамасына сәйкес, адам мәдениетінің даму нысаны – алғышарт. Адамдардың мерекелік кезіндегі күлкісі, көтеріңкі көңіл күйі қоғам өміріндегі бірлік факторларының бірі болып табылады. Себебі қоғам өмірінде болатын басқа да көптеген факторлар қоғамдық біртұтастықты ыдыратуға, адамдардың бір-бірлерінен алшақтауына бағытталған. Сондықтан да феодалдардың мінез-құлқынан, жүріс-тұрысынан дамыған мәдениетті байқауға болады, дегеннен гөрі дамыған мәдениетпен қатар халық мәдениеті де дамыды деу дұрыс. Мысалы, қалалық өмірдің таршылығының өзі Ортағасырлықты сақтаудың маңызды факторы еді, себебі базар алаңындағы ең үлкен нысан –шіркеу, ал одан алыс емес жерде серілердің үйлері тұратын. Үйлердің жақын орналасуынан адамдар бірін-бірі көре алатын және олардың өзара қарым-қатынасы барысында түрлі мәдениеттердің өзара ықпалдасу іске асатын. Осындай тұрмыстық мәдениет саласындағы өзара ықпалдасу әлеуметтік деңгейдегі ықпалдастыққа қарағанда жылдам жүрді.

Сонымен, мәдениеттің даму заңдылығы болып табылатын сабақтастық – мәдениеттің шынайы негізін құрайды және сол арқылы тарихи тәжірибені бір ұрпақтан екінші ұрпаққа береді.

Осыған дейін біз мәдениетті дамытудағы сабақтастық үдерісін жоғары дәрежеге көтерудің оңтайлы жағын атап өткен едік. Ал кері мысалдарға келетін

болсақ, Шіркеу мәдениеті мен қала мәдениеті арасында қайшылықтар бар. Әрине, бұл қайшылық араздыққа тән деп айтуға болмайды. Ортағасырлық адамдардың көпшілігі құдайдан қорқатын діндарлықтарымен қатар, қалалық тұрмыстағы дүниеқорлықты, өткінші заттарға назар аударушылықты көздейтін.

Шіркеудің өзі де өсімқорлықпен айналысты, өйткені ол өзіне тиесілі тауарды емес, уақытты сатумен шұғылданды. Ал, уақыттың жалғыз иесі – Құдай, Жаратушы. «Қала тұрғындары Құдайдың иелігіне қол сұғатын: Жаратушы осы заман болмысының иесі болып табылса, қалалықтар да уақыттың иесіндей оны сататын және қала адамдар арасындағы өзара қатынастың мәнін Құдайға табынудан, оған жалбарынудан емес, тарихи кеңістіктен байқайтын» [84, с. 24]

Біздің пайымдауымызша, көптеген жағдайларда белгілі бір мәдени құбылыс біздің рухани талпыныстарымыз бен идеалдарымыздың қандай қатынаста болғандығына байланысты. Бүгінгі күні Батыста дамып келе жатқан пәлсапалық компаративистикаға сәйкес сабақтастық уақыт пен кеңістікті қабыл етудің ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Мысалы, Ресейдегі заман «бір кезеңнің екінші кезеңге байланысты еместігімен және өзара ұштаспайтындығымен сипатталады: қазіргі шақтың көлемі өткен шақ пен келер шақтан айтарлықтай аз» [85, с. 203].

Мәдени сабақтастық дәстүр шеңберінде жүзеге асырылғанымен ол тек дәстүр ұғымын ғана қамтымайды. Мәдени сабақтастық шеңберінде әлеуметтік өзара қарым-қатынастар мен мәдениеттің құрылымдарында бекітілетін, заттандырылатын, жүзеге асырылатын әлеуметтік тетіктер әзірленеді.

Мәдениетті дамытудың заңы және мәдени жандандырудың нысаны болып табылатын сабақтастықтың жаңашылдыққа тікелей қатысы бар. Жаңашылдық рухани мәдениетті дамытудағы салыстырмалы дербестікпен, кезеңділікпен және жалғастықпен түрлендіріледі. Оның тарихи дамуы шеңберінде қарастырылатын бұл мәселе сабақтастық мәселесінің тап өзі.

Мәдени жүйенің салыстырмалы шеңбері жойылғанымен, ол кезеңділіктен, қалыптылықтан, дамудағы ұласудан байқалады. Бірақ сонымен қатар, сол кезең дамудың жаңа кезеңінің басталғандығын сипаттайды. Философия ғылымдарының докторы, профессор Б.С. Галимовтың пікірінше, «Жаңа енгізілімдер екі жағдайға байланысты орын алады. Біріншіден, кезеңнің, циклдың аяқталғандығы енді басталған сәтпен салыстырғанда жаңашылдықты енгізетін үрдіс. Циклдың осы кезеңінде қарама-қайшылықтар шешіледі, салыстырмалы үйлесімділік орнатылады және құрылымды элементтердің өзара қатынасының жаңа ұйымдастырылуы қалыптасады. Екіншіден, жаңашылдықты циклдың келесі кезеңінде дамып келе жатқан жүйенің иерархиялық деңгейлерінің жаңа өзара әрекет етуі орын алуынан байқауға болады» [86, 5-6б.].

Қазіргі қоғамда сабақтастық заңы стихиялық сипатта. Яғни, біртіндеп емес, тез даму үстінде. Адамзаттың мәдени дамуы мен оның материалды жетістіктері арасындағы алшақтық жер мен көктей. Оның үстіне,ғылыми-

техникалық жетістіктердің өзі шынайы пайымдалмаған, оларды енгізу қарқындары мен нысандары әлі шынайы мәдениеттен әлдеқайда алыс. Оның себебі мақсатты қызмет субъектісінің белгілі бір дамымағандығымен байланысты, өйткені мақсатты қызметтің мәні адамның өзін-өзі заттар арасында жоғалтып алғандығы және бір өлшемдік кеңістіктің иелігіне түсіп кетуі.

Осыған байланысты сабақтастықты басқарудың басты алғышарты – мәдениет субъектісін дамыту үдерісінің өз уақытынан әлдеқайда ілгерілеп кеткендігі. Жеке тұлғаның зияткерлік, рухани әлемі техникалық-технологиялық дамудан әлдеқайда озық болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда ғылым – фантастикалық кітаптарда сипатталғандай, роботтардың бүкіл ғаламшарда өз өктемдігін орнатып, билігін жүргізіп, ал адамдың оларға бағынышты күйге түсіп қалуына бастамақ.

Әлемде басқа құбылыстармен, заттармен байланысы жоқ оқшауланған объект болмайды. Әрбір зат, әрбір объект мыңдаған көрінбейтін желілер арқылы басқа объектілермен және заттармен байланысқан. Өзара байланыс нәтижесінде объектілер қоршаған ортаға бейімделіп, тірі табиғатта үнемі даму үстінде болады. Жансыз табиғатта өңделмеген үлкен, қыртысты тас тегістеліп, біртіндеп қиыршық тасқа, қиыршық тастар біртіндеп құмға айналатындай ұсақтанады. Осындай өзара байланыс нәтижесінде жартас бұзылады, металл коррозияға (тот басуға) ұшырайды, түстер күңгірттенеді, жүннен, мақтадан әзірленген матаның тозығы жетеді және тағы басқа әрбір зат басқа зат күйінде өзінің ізін қалдырады және өзіне де басқа заттар ықпал етеді. Жер қойнауларындағы тас болып қалушылық та осындай өзара байланыстың нәтижесі. Сондықтан да өткен күннің іздері кеңінен зерттеледі. Бұл зерттеулер философия ғылымы шеңберінде өткізіледі. Таңбалар өткен күннің бұлтартпайтын дәлелдері бола алады.

Өзара байланыс нәтижесінде адамдар, халықтар, елдер бір-бірлерінен үйреніп, өзара тәжірибе алмасады, білімдерін толықтырады. Осындай өзара алмасу болмаған жағдайда қоғамда ілгерілеу де болмайды. Қарым-қатынас неғұрлым көбірек болса, соғырлым ілгерілеудің кеңістігі кеңірек ашылады.

Көне заманда өмір сүрген көшпенді сақтар мен қазіргі заманғы қазақтардың бейнелеу өнерінің арасындағы сабақтастықты байқауға болады. Аң стиліндегі бейнелер ақиқатта қандай болады, соған жақындау сипатта, өрескел, жабайы түрде бейнеленеді. Олардың басым көпшілігінің үлгілері Санкт-Петербург қаласындағы Ұлы Петр ашқан кунсткамерада жинақталған. Олардың ішінде осыған дейінгі беймәлім жануарлардың таңғажайып түрлері де бейнеленген. Алайда, қазіргі бейнелеу өнерінде объект көзге көрінген көрінісі бойынша емес, абстрактылы түрде бейнеленеді. Яғни, объектінің белгілі бір ерекшелігі – оның өзіне тән белгімен сипатталатындығы. Бірақ, объектіге тән белгілер де назардан тыс қалмайды.

Ұзақ уақыт бойына рухани-әлеуметтік мәдениеттердің араластық, бірыңғайлық мәселесі бір жақты қарастырылып келді. Соның нәтижесінде

көшпенді халықтардың, оның ішінде қазақ халқының да әлемдік өркениеттер аясында алатын орнына тарихи шындық тұрғысынан баға берілмеді. Өткенді былай қойғанда қазіргі заман ғылымында да «ең жоғары мәдениетті жасайтындар егіншілікпен, қол өнермен, құрылыспен шұғылданатын отырықшы халықтар ғана» деген кереғар пайымдаушылық қалыптасқандығын айта кетуіміз керек. Мысалы: Англияда шыққан әлемдік картада Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан елдерінің аттары айшықталып жазылыпты да, «Қазақстан» атауы «Қырғыз даласы» деп қана беріліпті. Германияның Лейпциг университетінің профессоры, неміс геологиясының атасы Ф. Райцельдің әлемдік мәдениеттердің ішкі байланысын жоққа шығарып, олардың арақатынастарын алшақ көрсеткісі келген теориясы баршамызға белгілі. Қазақ мәдениетінің алғашқы зерттеушісі болған Ш.Уәлиханов көшпенділік тұрмыс-тіршіліктің нәтижесінде қазақ халқының рухани дүниесінің өте бай, жаңалық атаулыға мейлінше құштар, дарынды, өнерпаз халық екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Шоқан қазақ халқының мәдениетін өркениеті дамыған елдердің тарихымен сабақтастыра отырып былай деп жазды: «Еуропа осы уақытқа дейін көшпелі тайпаларды қанішер ордалар, тәртіпсіз тағылар, одан қалды... мал тәріздес варварлар түрінде көрсетуге тырысушылық белең алған. Бірақ осы варварлардың өзінің төл мәдениеті, әдеби аңыздары, жазуы және т.б. бар екендігі олардың ойына да кірмейді». Сондықтан,Шоқанның қазақ дүниесінің рухани әлемін жандандыруға қосқан үлесі туралы мәдениеттанушы ғалым Т. Ғабитовтың пікірі қонымды: «Шоқан қазақтың рухани мәдениетін биік деңгейге көтерген ойшыл ғалым» [87, 89б.].

Қорыта келгенде, сабақтастық – тарихи-мәдени тәжірибе үдерісіндегі жаңа мен ескінің арасындағы объективті қажетті байланыс. Бұл байланыс тұтастықты қамтамасыз етеді және мәдениеттің үдемелі дамуының алғышарты болып саналады. Сабақтастық әр кезеңнің немесе баспалдақтардың арасындағы болмыс, сонымен қатар таным мен мән тәрізді дамудың байланысы. Яғни, бір күйден екінші күйге ауысу барысындағы тұтас өзгерістердің сақталуы. Осы шақпен өткенді және болашақты байланыстыра отырып, сабақтастық тұтас тұрақтылық сипатын түзеді. Егер әрбір зат, әрбір үдеріс басқалардан ерекшелене отырып, басқа заттармен, үдерістермен бірге жалпы үйлесімділік тапса, ол сабақтастықты маңызды етеді және оның жиі пайда болуы аталмыш құбылыстың даму үдерісіндегі қайталау болып табылады. Өзгерістер типінің тәуелділігі мен сабақтастық мазмұнының объектісі әр түрлі болуы мүмкін. Осы себепті сабақтастықтың негізгі формалары толыққанды тұтас болуы шарт.

Олар бір деңгейдегі сабақтастық, яғни, сандық өзгерістер мен өзгермеген сапаның салыстырмалы аталмыш шеңберден өтіп жатқан өзгерістер процесінде бақылануы және әртүрлі деңгейдегі сабақтастық. Бұл сапалы өзгерістермен байланысты.

Біздің пікірімізше, бір деңгейлі сабақтастық – тұрмыстық өмірге тән. Түрлі деңгейлі сабақтастық дәуірлік кезеңдерге жүгінеді. Бір дәуір ішіндегі сабақтастық сандық өзгерістер арқылы ғана жалғасады, ал дәуірден-дәуірге өту

үрдісі сапаның өзгеруіне әкеліп тірейді. Бір тарихи кезең ішінде өмір сүрген адамдардың, жалпы ойлау жүйесі, қарастыратын мәселелері, ұстанатын ұстанымдары ұқсас, аса көп айырмашылық сезілмейді. Мәселен, грек классиктері Сократ, Платон, Аристотель дүниетанымы үндес, ал орта ғасырлық Ф. Аквинский, П. Абеляр, А. Августин дүниетанымы аталмыш грек классиктерінен мүлдем бөлек. Ортағасырдың жалғасы Қайта Өрлеу дәуірі, керісінше, Антика дәуірінің заңды жалғасымды бейнесі іспеттес.

Демек, мәдени-рухани жалғасымды сабақтастық бір деңгейде жүріп отырады, ал белгілі бір дәуірлер арасындағы сабақтастық әр түрлі деңгейде сабақтасады. Сабақтастықтағы мәдениеттің дамуы сабақтастық үдерістерінің зерттеу міндеті барлық жаңа және нақты айғақтарды тізбектеп беру емес, бір-бірінен ажыратылатын сабақтастықтың нақты формасына тән барлық шексіздіктің пайда болуын түсіндіру деп айта аламыз.

2 МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК САБАҚТАСТЫҚ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

2.1 Мәдени даму динамикасы және қазіргі әлемдегі құндылықтар өзгерісінің әлеуметтік-философиялық негіздемесі

Кез келген қоғамның мәдени өзегін құрайтын әлеуметтік құрылымдардың үздіксіз үдерісі мен тарихи-мәдени жалғастылығы «мәдени-әлеуметтік сабақтастық» деп аталады.Оны түсіну үшін мәдени-әлеуметтік сабақтастықтың бүкіл кешенін зерттейтін философиялық көзқарас қажет.

Қазақ ұлтының құндылықтары өз кезеңіндегі тарихи, әлеуметтік жағдайлардың көрінісі ретінде қалыптасты. Ал ол кезең ірі оқиғаларға толы еді. Ең негізгісі – қазақ елінің Ресейге бодан болуы және Ресейдің отаршыл саясатынан туындаған өзгерістер болатын. Бұл саясат мақсатының үш түрлі бағытта іске асырылғаны қазір нақты айтылып жүр: Қазақ жеріне келімсектерді қоныстандыру тәсілімен тартып алып, оны түпкілікті меңгеру.

Рухани сағын сындыру үшін христиан дініне шоқындыру арқылы орыстандыру. Немесе, ислам мен христиан дінінің арасынан жаңа «аралық дін» шығарып, тарату; Территориалдық принципке негізделген болыстық сатылы – сайлау жүйесін орнықтыру арқылы жергілікті халықты өздерімен-өздерін жауластырып қою.

Қазақтардың ұлттық санасын оятпау, азаматтық сезімін өшіріп, рухани құлдыққа таңудың әдістері іске қосылысымен, қазақтың елдік берекесі кетті.

Бұл қаскөй құбылыстың зардабын XIX ғасырдағы қазақ ағартушылары сезініп, шығармаларында өздерінің іштей наразылығын байқатты да. Ал 1905 жылғы орыстың буржуазиялық-демократиялық революциясының тікелей әсерімен ұлттық сана-сезім жағынан жаппай оянған қазақ оқығандары тікелей қарсылық танытып көрсетіп жатты. Осы құбылыстың бір көрінісіне Ресей империясының қазақ елін идеологиялық жағынан меңгеру мақсатында астыртын жүргізіп келген миссионерлік саясатына қарсы туындаған қарсылықтың кейбір белгі берген түрлерін жатқызуға болады. Осы тұрғыдан алғанда Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул Ислам» кітабы мен Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» бір бағыт, бір межені ұстанғаны сезіледі. Бұлар «уды – умен» қайтаруға болады деген танымал күрес әдісін ұстанған тәрізді. Өйткені бәрі де діншілік ұғымының шеңберіндегі исламият догмаларын емес, діннің мән – мақсатымен таныстыра отырып, негізінен адамгершілік тәрбиесі мәселесіне баса ден қойғаны байқалады. Сондықтан, мысалы, Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул Исламы», кезінде «балаларға ислам дінінің ақиқаттығын дәлелдейтін негізгі түсініктер бере алмайды»– деп сыналған да. Ал Шәкәрім өз дүниетанымының іргетасы ретінде жазған алғашқы кітабының өзінде діни түсініктегі болмыс пен ислам қағидаларын талдай отырып адам табиғаты мен танымын, адам орнын анықтауға тырысады, «...адам өзін-өзі білмекке әуелі жоғарыда айтылған қайдан жаралдым, не үшін жаралдым, түбінде не болмақпын деген үш сөзді ойласа керек! Онан соң

басыма пайда, дүние ахиретіме пайда не іс қылып жүрмін, халыққа не пайда келтіріп жүрмін. Біреуге, яғни өзіме зиян қылғаннан саумын ба деп ойлау керек! Өйтіп өзін-өзі тексермей жүре берген адам жайдан мал, аңнан да төмен болады».Қазақтың сенім-наным, діндарлығы жайлы ойлары жалпы сенім мәселесіне ұласып, зерттеу нәтижесі көрсетіп бергендей, Шәкәрімді өз сенім теориясын жасап шығаруға жетелейді. Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресінде» оның ұстаз- дары, дүниетанымының нәр алған бұлақтары аталады: «Құнанбай қажы Шәкәрімді қазақтың халық даналығымен таныстырды, Абай оған Европаны ашыпберді, соңғы ұстазы Исмағыл Гаспринский – Шығысты». Кейін М.Әуезов өз зерттеулерінде бұл ойды дамытып, Абай дүниетанымы генезисіне қатысты «Абайтанымының үш қайнар бұлағы» концепциясына айналдырды. Бұл күнде ол концепция жалпыға танымал және бүкіл ағартушылық кезеңге қатысты қолданылады. Қазақ халқы Ресейге бодан болған кезден қазақ ұлтының үш жүз жылдық құндылықтарының орнын жаңа құндылықтар алмастырды. Бұл туралы академик Ғарифолла Есім: «бұрынғы ешкімге бағынбайтын адамдар, бағынышты болды, бұл ескі құндылықтардың сарқылуының тағы бір дәлелі» [88, 45б.] деген ғылыми пайымдау жасады.

Құндылық – өркениеттің басты өлшемі, адамдардың еркін таңдауы, құндылық адамзат дамуын байланыстырушы, сабақтаушы, жалғастырушы тетік. Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбындағы бағдарламалық мақаласы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» аталатын Жолдауында жаңа басталған әлемдік төртінші өнеркәсіптік төңкеріс кезеңінде Қазақстанды жаһандық бәсекеге қабілетті, экономикалық және әлеуметтік жағынан жаңаша дамыған мемлекет ретінде қалыптастырудың өзекті мәселелерін сөз етеді. Шын мәнінде, көз ілеспес шапшаңдықпен дамып, жедел өзгеріп отырған мына дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңісті болып қалған қағидалардан арылып, рухани жағынан серпілуіміз, жаңғыруымыз қажет. Елбасы рухани жаңғыруымыздың басты құндылығы ретінде бәсекеге қабілеттілікті ұсынады. Бүгінгі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелестік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатынына ерекше назар аударып отырғаны бекер емес. Өйткені, әлемдік бәсекеге қабілеттілік ұлтымыздың экономикада ғана емес, рухани әлемде де озық болуын қажет етері сөзсіз. Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс.

Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы – әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол, сөзсіз, ұрпақ қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман. Ұрпақтар сабақтастығы құндылықтар арқылы жалғасады. Құндылықтарды табыстау және тұрақтандыру «дәстүр» арқылы іске асады. Дәстүр – адам болмысының ең бастапқы және ең маңызды координаттаушы

жүйесі. Дәстүр арқылы адамдар арасындағы кеңістіктік-уақыттық тарихи алшақтық жойылып, белгілі рухани-адамгершіліктік қағидалар ортақтығы қамтамасыз етіледі. Өйткені, философиялық және антропологиялық тұрғыда, белгілі бір жүйелеуші нормаларға деген қажеттілік – адам болмысының заңдылығы.

Яғни, ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы қарыз және өкшебасар ұрпақтың алдындағы парыз. Парыз бен қарыздың түйісер тұсы – ұлттық тәрбие. Ұлттық тәрбие, яғни қай ұлттың болмасын ұлттық дәстүрлері – инвариант. Инвариант – ешбір жағдайда өзгермеуге тиістілікті білдіретін ұғым. Терминнің нақты мәні қай салада қолданылуына байланысты анықталады: математикада – ешбір жағдайда түрленбейтін қасиет. Физикада – физикалық заңдылықтарға тәуелсіздікті білдіретін іргелі ұғым. Фольклорда: фольклорлық шығармадағы сюжеттің өзгермейтін бөлігі. Лингвистикада инвариант – нақты бір тілдің тек өзіне тән құрылымы (фонема, морфема, лексема, т.б.). Инвариантқа вариантқарсы тұр.

Тәуелсіздікұлттық мәдениеттің сақталуын және оның халыққа рухани қызмет ету әлеуетін күшейтті.Мемлекет құруға ұйытқы болып отырған этнос пен мемлекеттің мүддесі қатар тұруға тиіс. Бүгінгі қазақ халқы бұрынғы көшпелі тұрмысқа бейімделген дала халқы емес, қызыл идеологияның қыспағындағы бодан емес, бүтіндей аграрлық жағдайдан индустриалық-инновациялық мемлекет құруға көшкен өркениетті ұлт. Сонымен қатар, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясымен қаруланған тәуелсіз халық.

Халықаралық деңгейдегі білімнің басты ерекшелігі нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау болса, оның алғышарты – білім арқылы тәрбие берудің ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру, деген сөз. Дүниежүзілік тәлім-тәрбие берудің озық тәжірибелерін игермей ұлттық тәрбие идеясын толыққанды жүзеге аспайды. Бүгінгі заман және тарих осыны талап етуде. Онсыз білім де, тәрбие де өз деңгейінде болмайды. Құндылықтардың мәнін пайымдау үшін құндылықтар болмысының бастапқы негізіне көз жүгірту керек. Ортағасырлық діни дүниетанымының күйреуі барысында адамның тұтас әлемді қабылдауы, әлемдегі өз орнын, өз тіршілігінің мәнін пайымдауы толығымен жойылып, тіпті өз мінез-құлқын реттеу қабілетінен алшақтады. Сондықтан, адамның рухани өмірінде бостық пайда болған. Ал Жаңа заманда ол ғылыми пайымдау қағидаттары арқылы қалыптастырылып, адамның ақыл-ойы арқылы толықтырылады деген тұжырым жасалған. Бұл парадигма құндылық мәселесіне қатысты барлық көзқарастардың негізінде алынды.

Құндылықтар мәселесіне қатысты пікірлердің әралуандылығын аңғарамыз. Мысалы, құндылықтар туралы біртұтас ілім құрған И. Кант іс-әрекеттердің объектісі ретінде Құдай субстанциясын басшылыққа алады да, «қалай біз өз өзімізді бақытты етеміз» деп емес, «біз қалай бақытты болуға лайықты бола аламыз» деген сұраққа жауап беретін ілім деп біледі. Тек ілімге дін қосылған кезде ғана бақытқа қол жеткізу мүмкіндігі пайда болады» [89с.

150]. Алайда, Канттың ілімін қазіргі заманда тәжірибе барысында қолдану қиын деп ойлаймыз.

Неміс философы Э. Трельч түрлі философиялық еңбектердегі құндылықтарды былай деп сипаттайды: «Мен» деген оқшауланған және бос сананы басшылыққа алатын реакциялар психологиясының көмегімен құндылықтар теориясының негізіне айналатын даралықты пайымдауға қол жеткізу мүмкін емес. Құндылық бір затқа немесе субъектіге қатысты ұғым ба, жоқ әлде өзара байланысты қарым-қатынаста ма, түйсіну, аңғару немесе адам санасының күйі және субъективті реакциясы ма, бар болу немесе жоқ болу, өзгеру туралы пайымдауға негізделген бе, тез пайда болатын құбылыс па, жоқ әлде өзгермейтін құбылыс па, біркелкі ме немесе объективті ме, адамның сезіну қабілетінен туындаған құбылыс па немесе ерік күшін қолдану, елестету сияқты ерекше бір психологиялық элементтерді қолдану арқылы жүзеге асырылған ба, кездейсоқ па, жеке адамға қатысты ма немесе жеке адам санасынан асатындай деңгейде туындайды ма деген дауларды туындатады. «Мен» деген субстанция елестетудің, сезіну мен ойлаудың тек формалды қабілеттеріне ғана ие және ол оқшауланған, бос нәрсе емес, өміршең, әрқашан барлық қажетті деңгейдегі санаға ие. Міне, сол сананың өзін «Мен» деген субстанциясы бар сана ретінде қабылдаған кезде ғана барлық жасанды, шешілмейтін немесе догмалық-нормативтік және ойдан шығарылған құндылықтарды қолдану арқылы ғана қиындықтарды жоюға болады. Сол кезде ғана құндылықтарды тәжірибелік сипаттан және тірі ағзалар мен объектілердің тәжірибелік мақсаттарынан, яғни, өмірді толықтыратын объектілерден туындайтын біркелкі сипатта түсіндірілетін субъектілік деп пайымдауға болады. Тек әртүрлі аксиологиялық ағымдар мен мектептердің өкілдері ұсынған «құндылықтар» ұғымымен танысу арқылы ғана құндылықтар теориясының қазіргі күйіне қатысты сын пікірлерді байқауға болады. Атап айтар болсақ, бір философиялық еңбекте құндылық болуы тиіс нәрсе екіншісінде құбылыс ретінде айқындалады. Э.Трельч құндылық деп адамның белгілі бір көзқараста болып, соған нық сенуін айтады да соған сәйкес негіздемелері әралуан санаттар түрлерін ұсынады. Ал тағы да бір еңбегінде құндылықтарға қоршаған орта объектілерінің спецификалық әлеуметтік анықтамалары ретіндегі түсіндірмелер беріп, ақиқаттың белгілі бір құбылыстарының әлеуметтік және мәдени мәнін сілтеме жасау арқылы көрсетеді [90].

Кей кездері құндылықтар әлеуметтік болмыстың бастапқы нысаны, әлеуметтік субъектінің әлемімен, табиғи әлеммен және қоғамдық әлеммен әрекеттесудің негізі ретінде қарастырылады, түсіндіріледі. Осы категорияны сипаттайтын көзқарастар зерттелетін объектінің имманентті қасиеттерін нық анықтап, оның мәнін жете пайымдауға мүмкіндік бермейді. Құндылықтар туралы көптеген ұғымдар мен көріністердің ішінен бірқатар ортақ қасиеттерді атап өтуге болады. Оларды қысқа тұжырымдайтын болсақ құндылық дегеніміз жеке тұлға үшін немесе топ тұлғалары үшін түсінікті, идея ретінде мәні бар немесе екеуінің де қос жиынтығы ретіндегі нақтылықтың объектісі

сипатталады. Алайда, «мәні бар» деген ұғымның өзі нақты анықталған ұғым емес, сондықтан да құндылық ұғымы кеңейтілген түсіндірмесінде беріледі. Ал, кейде тек экономикалық тұрғыдан қарастырылатын ұғым немесе адамның қажеттілігі ретінде түсіндіріледі. Құндылық ұғымының кеңейтілген түсіндірмесіне сәйкес, құндылықтар дегеніміз – адамдарды әрекет етуге итермелейтін белгілі бір идеалды болмыстар.

Құндылықтарды тек экономикалық пайдалылық тұрғысынан ғана пайымдау оларды рухани сипатынан айырады, және адамның қажеттіліктерін қанағаттандырудың пайда келтіретін құралдары арқылы адамның іс-әрекетінің өзін белгілі бір функционалды реттеу тетіктеріне айналдырады. Құндылықтарды әртүрлі түсінуге болатынына байланысты әрбір адам «құндылық» пен «игілік» дегеннің не екендігін алдын ала белгілеп алуы керек. Бұл феноменді кезінде Платон да атап өткен болатын[91, с. 34].

М.С. Каган және бірқатар басқа да ғалымдар атап өткендей: құндылық феномені күрделі, көпқырлы, біртұтас құрылым болып табылады; «құндылық» феномені белгілі бір бағытына, не нақты көрінісіне ғана қатысты емес. Оның осындай көпқырлы тұтастығы тек аса дамыған әдіснамалық және ұғымдық аппаратқа ие екендігі философия тұрғысынан ғана пайымдалатындығын көрсетті.

Құндылық аймағына енетіндерді құндылықтық қатынаста деп танимыз. Бұл біртұтастың екі бөлігі құндылық пен оны бағалау нысаны болады. Ал, «қатынас объекті мен субъектінің ерекше байланыс нысанынан туындайды, сондықтан да біздің абсолютты ұғымға қарай бағытталатын теологиялық нысан объективтілікке де, құндылықты пайымдаулардың абсолютты реттеу тетіктерінің психологиялық тұрғыдан сипатталатын субъективтілігіне де бағытталмайды» [92, с. 25].

Құндылықтар түрлеріне қатысты жүргізілген зерттеу құндылықтар табиғатының, сондай-ақ, қоғамның барлық салаларындағы бірыңғай құндылықтар проблематикасына қатысты түсініктеме аппаратын құрудың көкейкесті сипатын білдіреді және талдау ұсынылып, «құндылық» ұғымын зерттеу әдіснамасының негізіне айналатын сындарлы тұжырымдамалар жасауымызға болды:

1. Белгілі бір құбылыс өздігінен құндылыққа айналмайды, алғашында тек әлемнің, белгілі бір әлеуметтік-мәдени қауымдастықтың, жеке тұлғаның біртұтас бейнесінің бір элементі ретінде ғана құндылық болып саналады.

2. Құндылықтық әрекеттесу – субъектілер мен құндылық тасымалдаушы объектілердің, құндылықтардың мәні мен құндылықтардың өзара араласуы. Осы аталған элементтер бір-бірімен байланысып жатады және олардың ажырамас байланыстан тыс болуы мүмкін емес.

3. Құндылықтар сияқты көпқырлы құбылысқа талдау жасау кезінде пәнаралық көзқарасты пайдалану керек. Оның шеңберінде зерттеу пәнінің көп қырлылығын бейнелейтін ұғымдардың бірыңғай аппаратта әзірленуі мүмкін.

Этикалық көзқарастың негізіне «жақсылық» пен «жамандық» ұғымдары қаланған. Оның шеңберіндегі құндылықтар адами құндылықтарға иелік етуші мінез-құлықты сипаттайтын болмыстар болып табылады.

Құндылықтар нақты объектілермен байланысты, сондықтан субъект-объект байланысының онтологиялық негіздемесі болады. И.Кант атап өткендей, «есті адам өз қалауы бойынша өз іс-әрекеттерінің нәтижесі ретінде белгілейтін барлық мақсаттар тек баламалы ғана. Шын мәнінде олардың субъектілік жеке қабілетіне деген қатысы оларды құндылық мәртебесіне бөлейді» [93, 82б.].

Сонымен қатар, адамның пайдалылық қағидатына негізделген әрекеті табиғат пен қоғам заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет болып табылады. Қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жүзеге асырылатын іс-әрекеттерде өнегеліктің орын алуына мүмкіндік туғызатын шарттардың бар екендігі көрсетілген. «Құмарлық, ынтықтық, бейімділік малда да болады, алайда малдың ерік күші жоқ. Адам болса өз нәпсісін бағындыра алады және де оларды өзіне тән нәпсі деп санайды. Құмарлық табиғатқа сай үдеріс, бірақ оны «Мен» субстанциясына қосатындықтың өзі меннің еркіне байланысты, ал меннің еркі құмарлық табиғатта бар деп сілтей алмайды, ол да өз құмарлығын тежейді. Сонда адам субъект – тірі ағза деген ұғымға ғана негізделіп, еркін емес мақсаттарды белгілеуге құқылы ма? деген сұрақ мазалайды. Алайда адам – тірі ағза екендігі кездейсоқ емес, ол ақыл-ойға сәйкес келеді, және де ол өз қажеттіліктерін өзінің мақсаты етіп белгілейді» [93, 31-36б.].

Дәстүрлі қазақ мәдениеті тарихи мәдени тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да түркілік мәдениетті мұраланды. Ұлттық дүниетанымымыздың мән-мағанасы ортағасырлық түркілік философиядан бастау алады. Қоғамдағы сабақтастықты адамдар, тұлғалар сезінсе де, сезінбесе де, алдыңғы іс-әрекеттің нәтижелері кейінгі ұрпақтың мұралануы ретінде қызмет етеді. Халықтағы ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастық арқылы беріліп келе жатқан рухани-этникалық құндылықтарды зерттеу, оның сырын ашу сол ұлттың өзі үшін ғана емес, сонымен қатар жалпы адамзаттың мәдени байлығына қосқан үлесі болып табылады.

Ресейлік философ Н. Бердяев өзінің тұлға туралы еңбегінде тұлғаның негізгі қасиеттері туралы былай деген: «Тұлға – табиғи емес, рух ұғымы және ол табиғат пен қоғамға бағынбайды». Оның пайымдауынша «тұлға табиғат пен қоғамның бір бөлігі емес және қандай да бір біртұтас заттың бір бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін емес». Экзистенциалды философияда адам экзистенциалды әлемнің негізі ретіндегі қоғамның бір бөлігі емес. Керісінше, қоғам – тұлғаның бір бөлігі, тек оның әлеуметтік жағы ғана. Ал адамның табиғи қасиеттері бар деп қарастырылғанымен, оған қоса табиғи болмыстан тыс тұлғалық ерекшелігі де ескеріледі. Жеке тұлға объектілер әлеміне мүлде қарсы келетін белсенді субъект, әлем субстанциясының экзистенциалды орталығы. Ол аксиологиялық, бағалаушы сипаттағы объект және аксиологиялық, баға беруші сипаттағы субстанция. Адамның міндеті – тұлға болу. Адамның бүкіл күрделі рухани-жан сезімі, тәндік құрылымы бірыңғай субъект болып табылады. Тұлға

үшін мәні бар құбылыс – тұлға болмысынан тыс субстанцияның, яғни өзінен бір саты жоғары субстанцияның бар болуы.

Тұлға дегеніміз – іштей өзін-өзі билеу. Тұлғаның еріктілік өзегі болады, сол өзектің ішінде барлық қозғалыс сырттан емес, іштен сипатталады. Тұлға детерминизмге қарсы қойылады. Тұлға өзіне-өзі жеткілікті субстанция емес, ол өзі қол жеткізгенге қанағаттана алмайды. Ол үнемі басқа тұлғалардың болуын, өз мүдделерінен асып, басқамен қатынасуды көздейді. Тұлғаның басқа тұлғаларға деген қатынасы адам өмірінің сапалы мәні. Сондықтан да тұлға мен эгоцентризм арасында қайшылық бар. Эгоцентризм бойынша адам өзінің «мен» субстанциясын басқалардан артық көріп, өмірдегі бар затқа қатысты өзінің жеке мүддесін артық санайды. Бәрін өзінің өміріне тікелей қатысы бардеп санауы тұлғаны күйретеді. Ал тұлға қалыптасуы барысында ол өз маңайындағыбасқатұлғаларды байқайбастайды» [94, с. 7].

Бүгінгі таңдағы жаһандануда адами құндылықтар шет қалып, адамдар материалдық құндылықтарға бас иіп отыр. Сөйтіп, жаһандық тұтынушылық жан-жақты әлемдік мәдениетті қалыптастырып, нәтижесінде жергілікті мәдениет батыс мәдениеті тарапынан ығыстырылуда. Сонда жаһанданудың жағымсыз жақтарымен қалай күресу қажет? ғылым З. Гаипов оған қарсы тұрар күш – ұлттық мәдениет деп санайды [95, с. 32].

Ал П. Сорокин белгілі қажеттіліктер шеңберлерінен тыс шығатын бейтаныс факторлардың бар болуын айтса да, жазалар мен марапаттаулар аясындағы мінез-құлықты уәждеудің негізгі көзі адамның қажеттіліктері деп біледі. Алайда «қандай қажеттілік өзінің материалды сипатына қарай аса қарқынды екендігін қалай білуге болады? Екі немесе одан да көп қажеттілік қандай таңдау жасап, қандай ережелерді басшылыққа алады? Адам өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын, ал қанағаттандырылмаған жағдайда өміріне немесе өмірлік жетістіктеріне кері әсер етпейтін марапаттарды артық қоятын жағдайлар көптеп кездеседі» [96, с. 372]. бірдей қарқынды болатын жағдайдың мүмкін еместігін қалай болжауға болады? Адамдар осындай жағдайларда

Сорокин белгілеген құндылықтар қазіргі адамның және қоғамның өмірдегі рөлі мен маңызын пайымдау үшін аса маңызды және осындай сұрақтарға жауап беруді қажет етеді. Бұл сұрақтарға құндылықтар теориясы мен қазіргі заманғы гуманисттік психологияның қажеттіліктер теориясына негізделген уәждемелеу теориясы тұрғысынан тиімді жауап табуға болады.

«Қажеттілік – қажеттілікті қанағаттандыру құралы» деген қарым-қатынастар негізінде қаланған құндылықтар проблематикасына деген көзқарасты орыс философы В.П. Тугаринов қалыптастырған болатын. Оның пайымдауынша құндылық дегеніміз «белгілі бір қоғамның, не болмаса белгілі бір санаттағы адамдардың немесе жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру үшін керек (пайдалы, жағымды, қажетті және т.б.) заттар, құбылыстар және олардың қасиеттері, норма, мақсат немесе идеал түріндегі идеялар мен ниеттер» [97, с. 372].

Философ В.П. Тугариновтың құндылықтарға объективті шынайылылықпен байланысты болмыс ретінде қарауы оларды объективті ғылыми әдістер арқылы зерттеуге мүмкіндік береді. Тугариновтың ілімінің мәні құндылықты қарым-қатынаста адамға қол жетімді болатын және әлемдегі кез-келген заттың қосылғандылығын көздейді. Ал, заттың болмысы екі жақты: 1) заттың зат ретіндегі болмысы (физикалық және тағы басқа сипаттары); 2) сол заттың құндылық ретіндегі болмысы (бір зат болмысын жүзеге асырудың әртүрлі тәсілдері). Құндылықтарға адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру құралдары ретінде қарау көзқарасы (қажеттіліктерді қанағаттандыру құралдарының бірі) міндетті түрде қажеттіліктер теориясына көз жүгіртуді талап етеді. Қазіргі заманғы қажеттіліктер теориясының аса перспективті бағыты Э. Фромм мен А.Маслоу сынды әйгілі өкілдердің еңбектеріне негізделген гуманисттік психология болып табылады.

Қажеттіліктердің көптеген анықтамалары бар, ал олардың жіктелуі одан да көп. Осы анықтаманың аса тиімді түрі деп мынаны атауға болады: «Қажеттілік адамның қалыпты өмір сүруі үшін қажетті және қанағаттандырылмағандықты жоюға бағытталған ағза талаптарының қанағаттандырылмағандығына қатысты туындайтын күйі» [98, с. 47].

Құндылықтарға қажеттіліктер тұрғысынан қарау барысында елеулі қарсылықтар айтылып жатады. Құндылықтар мен қажеттіліктердің үйлесімсіздігі туралы ой: биологиялық сипат – адам сипатының негізгісі, туралы тезиске негізделген. Сондықтан да қажеттіліктер мен құндылықтар қайшы болмыстар болып табылады. Осындай жалған сенімдердің дәрменсіздігін дәлелдеу барысында адамның биологиялық жануарлар іспеттес, түйсікті табиғатын қазіргі кезде физиологиялық қажеттіліктер: қоректік, сексуалды және т.б. қажеттіліктер жиынтығы ретінде ұғынуға болады. Оларға жоғары адамзаттық ұмтылыстар: шыншылдыққа, махаббатқа, көркемділікке деген қажеттіліктер ретіндегі құндылықтар қарсы қойылады. Сондай-ақ осы ұмтылыстар антагонистік, бірін-бірі жоққа шығаратын, шиеленіске әкеп соқтыратын, бір-біріне қарсы тұратын құндылықтар ретінде түсіндіріледі. Бір жағынан адамға әсер ететін түрлі мәдени іс-шаралар мен институттар болса, екінші жағынан адамның жаман ниеті, жануарға тән қажеттіліктері бар табиғатынан туындайтынын байқауға болады. Мәдениет өз қарсыласын жойсам, құртсам деген жолмен деспотқа, беймазалыққа айналады, не болмаса қатаң қажеттілік сипатына ие болады. Адамның фактіні жете түсінуі, жоғары ұмтылыстары мен тамақтануға деген қажеттілігі сияқты биологиялық табиғатының бір бөлігі болып табылатын фактіні пайымдауының болуы мол пайда әкеледі.

И. Канттың ілімін есепке алсақ, қажеттіліктердің құндылықтар табиғатына қатысты екендігін анық байқаймыз: «Біреудің өмір сүруінде оны қорлайтындай ешнәрсе жоқ және оған қандай да бір жоғары руханият қарсы тұрмайды» [99, с. 58].

Гуманистік психология құндылық мәселесінде жалпыға ортақ тұжырымдаманы әзірлеген, оның негізінде «қажеттілік – құндылық» екі жақты. Адамдар өздерінің іс-әрекеттерін өз қажеттіліктеріне байланысты емес, өздерінің ойлау қабілеті мен ойлау нысанына байланысты бағыттауға үйренуге тиіс, деп түсіндіруге дағдыланған.

А. Маслоу мен Э. Фроммның жұмыстарын талдау келесі негізгі қажеттіліктерді айқындауға мүмкіндік берді: тамақтану қажеттілігі, өзін-өзі сақтау қажеттілігі, ұрпақ жалғастыру қажеттілігі, қауіпсіздікті сезіну қажеттілігі, тәртіпке деген қажеттілік, қоғамдық не болмаса әлеуметтік топқа тиесілі болу қажеттілігі, жалғыздықтан қашып, адамдармен араласу қажеттілігі, біреуді сүюге және сүйікті болуға деген қажеттілік, қоғам не болмаса белгілі бір топтан өзіндік орын табу қажеттілігі, өзін-өзі таныту қажеттілігі, эстетикалық қажеттіліктер, өмірдің мәнін жете түсінуге деген қажеттілік. Келтірілген тізім толық емес. А. Маслоудың пікірінше, адам қажеттіліктерінің бәрін атап өту және жүйелендіру мүмкін емес [98, с. 83].

Тек айқындалған және дербес сипаттағы қажеттіліктерді ғана атап өту мүмкін болады. Осындай әдіспен анықталған қажеттіліктердің ішінен тұлға құрылымының негізін қалаушы қажеттілікті ерекше атап өту керек. Ол адам өмірінің мәнділікке және тұлғалық құндылықтарға қарай бағытталу қажеттілігі. Ол – адам тұлғасының бойында бар қажеттіліктердің жүйесін құрайтын негіз. Сондай-ақ, Э. Фромм адамға туа салысымен тән объективті қажеттіліктер мен ықыластар, эмоциялар, ұмтылыстар, сезімдер сынды субъективті қажеттіліктер арасында айтарлықтай айырмашылықтың бар екендігін айтады. Объективті қажеттіліктерді дамыту тұлғаның ішкі күйінің сыртқы әлеммен үйлесімді сипатта болу қозғалысының негізі болып табылады. «Қанағаттандырылу нәтижесінде уақытша рахат сезіміне бөлейтін» ықыластар адамның көп қырлы табиғатының бір бөлігі болса да, олардың табиғаты субъективті сипатта және адамның қоғамда өмір сүрген кезінде туындауы мүмкін. Олар адамның әлемге деген қатынасына белгілі бір деңгейде ықпал етеді және адамның дүниетанымы мен мінез-құлқына да айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар, сыртқы әлемге емес, ішкі әлемге бағытталған қажеттіліктер де бар: сүйсінушілікке және түйсінуге деген қажеттілік (табиғатпен бір болуды сезіну қажеттілігі). Бұл қажеттіліктер бір жағынан әлеуметтік үрдіс нәтижесінде, екінші жағынан адам тұлғасының қалыптасу барысында туындайды. Э. Фромм адам бойындағы жаңа қабілеттіліктер мен жаңа құмарлықтардың жақсысы мен жаманы да болатындығын айтады. Э. Фроммның өмір салтының қажеттіліктер мен адам психикасының өзге де ықпалын анықтауға бағытталған зерттеулері «дәл осы өмір салтына серпінді бейімделу барысында индивидуумда оның сезімдері мен іс-әрекеттерін уәждемелейтін бірқатар пәрменді ынталандырулар дами түсетіндігін» көрсетті. Осындай ынталандыруларды индивид түсінуі де, кейде мүлде түсінбеуі де мүмкін, алайда екі жағдайда да олар адам психикасының пәрменді, әрі мықты факторлары болып табылады. Сондай-ақ олар пайда болған кезде өзінің қанағаттандырылуын талап етеді» [98, с. 74].

«Адамның табиғатынан өзін тұлға ретінде танып, тұлға ретінде қалыптастыруға ұмтылыс жасауы мен әлеумет қалыптастырған ойлау қабілеттілігі адамды өзін табиғаттан және басқа да адамдардан бөлек жеке жаратылыс ретінде сезінуге итермелейді. Ондай пайымдаудың деңгейі әртүрлі болуы мүмкін, алайда ол үнемі орын алатын құбылыс» [98, с. 157]. Даму барысында индивидуум өзінің және әлемнің жетілмегендігін сезінеді. Жетілмегендік барлық қажеттіліктерді үйлесімді қанағаттандыру жолындағы кедергі ретінде көрінеді, ол өз кезегінде қанағаттандырылмағандық сезімін тудырады. Маслоудың пайымдауынша «орташа статистикалық азаматта физиологиялық қажеттіліктер 85%, қауіпсіздікке деген қажеттілік 70%-ға, махаббатқа деген қажеттілік 50%, өзін-өзі қадірлеуге деген қажеттілік 40%, ал маңғазануға деген қажеттілік 10%-ға қанағаттандырылған» [98, с. 64].

Сондай-ақ, өзін-өзі сақтау және құндылықтар жүйесін қабылдау қажеттіліктері де қанағаттандырылуы тиіс. Сөйтіп, қажеттіліктерді қанағаттандыру құралдарының шектелгендігі индивидуум болмысының әлеуметтік шарттарымен бірге ең алдымен адамның іс-әрекеттеріне қатысты «осылай болу керек» деген пікірге негіз ретіндегі себеп болып табылады. Орта адамның моральді-құқықтық сенімдеріне де ықпал етеді. Сондықтан да «қажеттілік – қызмет ету – құндылық» деген өзара байланыс үйлесімділігінде адамның мінез-құлқы индивидуум ретінде туып, өзі өскен ортаның көзқарастарына қатысты құндылық сипатын есепке ала отыра қалыптасады. Адамның мінез-құлқының құндылықтарға қатысты қалыптасу тетігін П.Сорокин өзінің уәждемелеу теориясында сипаттаған, уәждемелеу теориясының негізгі ережелері «адамның мінез-құлқы және іс-әрекеті, соның ішінде, қажеттіліктерді қанағаттандыру жөніндегі іс-әрекетінің не мінез-құлқысының нәтижесінде орын алатын пайда немесе жаза түрлеріне байланысты болады» [96, с. 373].

«Тұрақтылықтың негізі – қайталана беру мен дағдылану фактісі. Атап айтқанда, наным негізі белгілі бір актілі іс-әрекет пен нанымдар және олардың салдары болып табылатын актілер де тұрақты бола береді, соның нәтижесінде импульсивті түрде белгілі бір мінез-құлықты болдырмайтын белгілі бір диспозициялар қалыптасады. Бұл ереже көптеген бақылаулармен расталған» [96, с. 57]. Н. Бердяевтің тұлға теориясы адамдардың бірдей жағдайдағы мінез-құлықтарының бірдей емес болуын түсіндіретін теорияға қосымша болып есептеледі. «Адам өз өмірін құрбан етуі және өз өмірін құрбан етуге тиіс жағдайларда ешкім өз өмірінен бас тартуға құқылы емес, кез келген адам құрбан болса да немесе өзін құрбан етсе де тұлға болып қалуы тиіс» деген көзқарастың бірдей жағдайлардағы мінез-құлық айырмашылығын пайымдауда маңызы зор [94, с. 22]. Дағдының күші адамның мінез-құлқын тек әдеттегі жағдайда ғана уәждемелей алады, бірақ дағды ешқашан өмірді жоғалтуға әкеп соқтыратын мінез-құлықты уәждей алмайды. Тұлға неғұрлым дамыған болса қоғамдық санкциялар оның мінез-құлқына аз ықпал етеді. Осыған байланысты тұлғаның мінез-құлқы нанымдар мен құндылықтарға тәуелді болады, олардың

маңыздылығы тікелей қажеттіліктермен байланыстырылады. Яғни, құндылықтардың өздері өздігінен маңызды деген тұжырым жасалады.

Қажеттіліктерді қанағаттандыруға деген осындай қатынасты А.Маслоу индивид пен қоғамның жетілмегендігі деп біледі. Сөйтіп, қажеттілікті қанағаттандыру құралының өзі ең алғашында индивидтың санасында құндылықпен теңестірілмейді. Теңестірілу тәжірибе негізіндегі пайымдаудың нәтижесі болып табылады. Адамның санасында маңыздылық объективті тұрғыдан өткінші, тұрақты құбылыс ретінде пайымдалған кезде теңестірілу туындайды. Құндылықтың осындай аса маңызды қасиетін И.Кант өзінің саналылық императивіне қатысты айтылған пайымдауларында атап өткен болатын: «өзіне барынша жағдай жасап, өз аман-есендігі үшін тиісті және қажетті құралдарды таңдай білу қабілетін тар мағынада ақылдылық, саналылық деп атауға болады. «Ақылдылық, саналылық» ұғымы екі мағынада болады. Бірінші мағынада ол күнделікті тұрмыстағы тәжірибе (Weltkiugheit), екінші мағынада ол жеке мақсаттарды көздейтін ақыл болып табылады (Privatklugheit). Біріншісі адамның басқаларды өз мақсаттарына пайдалануы үшін әсер ету ептілігі, екіншісі осы мақсаттарды өзінің пайдасы үшін ұзақ уақыт ұстап тұрарлық білімнің болуында. Жеке мүдделер мен жеке пайданы көздейтін ақыл ең алдымен саналылықтың мәні болып табылады» [100, с. 221-224].

Осындайда белгілі бір адам немесе қоғам іс-әрекеттің, объектінің басқа да көптеген объектілерге қатысты маңыздылығының тұрақтылығын үнемі сезіне алмайды (есте сақтап жүре алмайды). Тиісті мінез-құлықтың немесе норманың нысаны түріндегі маңыздылықты бекіту қажеттілігі адамның (қоғамның) осы қасиетті сезінуінің салдары, нәтижесі деп білуге болады. Тұлғаның ішкі ниеттенуіне орай туындайтын немесе қоғам тарапынан белгілі бір тұлғаға қатысты рұқсат етілетін іс-әрекеттердің сипаты осы құндылыққа сәйкес болатындығына байланысты қызметтің осындай сипаты да нормалар түрінде бекітіледі. Ондай қатынас белгілі бір құралды уақытша емес, тұрақты мәні бар құрал ретінде пайдалану барысында қалыптасады. Ол қалыптасқан қоғамның жетілген тұлғасы (қоғам) болған кезде ғана туындайды. М.С. Каган осы үрдісті адамның құндылықтарды игеру үрдісі ретінде сипаттайды: «адам құндылықтарға адамгершілік қасиеттерін игеру, мәдениеттену, әлеуметтену, тұлғаға айналу барысында ғана қол жеткізеді» [92, с. 88].

Мәселен, адам тұзға деген қажеттілікті сезінбесе де, тұздалған тағамды жейді, себебі ағза үнемі тұзды қалайтындығын сезінеді. Ал тұзға деген қажеттілік адам ағзасындағы дисбалансты білдіреді. Осы мысалдағы қауіпсіздікке (денсаулықты сақтау) қатысты қажеттілік санада «қандай болуы» тиіс деген түйсік арқылы қалыпты жағдай ретінде бекітіледі. Адамның ағзасы үшін тұздың маңызды болуы себепті адам тұзға ұқыптылықпен қарайды. Осындай пайымдауларды Гегельдің философиясынан да кездестіруге болады: «Затты қолдану барысында оның сапасы мен саны анықталып, спецификалық қажеттілікпен сәйкестендіріледі. Алайда заттық, сандық тұрғыдан анықталған спецификалық жарамдылығы, жарамдылық мерзімі дәл осындай басқа да

заттармен салыстыруға тұрарлық, осыған сәйкес затты басқа қажеттіліктерді қанағаттандыруға жарамды бөтен заттармен салыстыруға болады. Заттың жеке сипатынан туындайтын осындай жалпыламалық заттың құндылығы болып табылады, себебі осы құндылықта оның шынайы субстанциялылығы анықталып, ол өз кезегінде сана-сезім нысаны болып табылады» [101, с. 561-562]. Сөйтіп, құндылықтарды қажеттіліктерді қанағаттандыру құралдары деп танып, олардың маңыздылығының өзгермейтіндігі тәжірибемен анықталған, саналы түрде пайымдалған, бекітілген. Тек «дәл осы жерде және қазір» деген қағидат бойынша маңызды болып табылатын қажеттілікті қанағаттандыру құралы ең алдымен құндылық тасымалдаушысы болады, дегенмен ол құндылық емес.

Қажеттіліктер, қызмет етушілік пен құндылықтар туралы ой-пікірлерді жинақтап, қорыта келе мынадай тұжырымдар жасауға болады: адамға имманенттік тұрғыдан тән қажеттіліктер оның әлемге деген қатынасының қалыптасу қажеттілігіне себепші болады, яғни субъектінің әлеммен өзара қатынасының қажетті негізі болмақ. Олар қажеттіліктерді қарапайым деңгейге түсіруге бағытталған және әлеммен өзара қатынастың қазіргі жағдайының өзекті талаптарының динамикасын білдіреді. Құндылықтар субъекті мен әлем арасында қалыптасатын біршама тұрақты индивидуумның, тұлғаның немесе әлеуметтік топтың, қоғамдық топтың жеке тәжірибесінен жинақталған, өңделген қатынастары болып табылады. Келешекте жеке тұлғаның қалыптастырылуы тұлға мен қоғамның үндесуі арқылы дамитын болса, құндылықтар түріндегі объектілер мен оларға ие болуға бағытталған мінез-құлық жағдаят факторларына байланысты болмайды. Олар тұрақты субъектінің өмір тіршілігінің бағыттарын ғана белгілейтін болып саналады. Субъективті түрде олар – сыртқы тұлғадан тыс болмыс. Сонымен қатар, белгілі бір нормалар, идеалдар мен мақсаттар ретінде қабылданады.

Платонның философияны талдаумен үйлестірілген уәждемелеу теориясына жасалған талдауында гипотетикалық императивтің шеңберінде де адамның мінез-құлқы сыртқы шарттарға (әлеуметтік нормаларға, санкцияларға) байланысты емес, тек құндылықтар қажеттіліктерді қанағаттандыру құралдарына ғана байланысты болуы тиіс делінген. Мысалы, дін өмірдің мәнін түсінуге деген қажеттілікті қанағаттандыратын құндылық ретінде адам әрекеттерінің уәждемелерін анықтай алады. Сонымен қатар, баламалы іс-әрекеттердің арасынан дұрысын таңдау қажеттілігі туындаған кезде бұл құндылық діндар адамның әрекеттерінің шешуші мотивіне айналады, тіпті діндар адамға өлім қаупі төніп тұрса да ол өз іс-әрекеттерін дін талаптарына байланысты жүзеге асырады.

Құндылықтар философиясы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында философияның жалпы құндылық проблемасына қатысты кейбір күрделі мәселелерді шешуге тырысу әрекетінен дүниеге келді. Ал ғылыми түсінікте құндылық мәселесі әмбебаптылығынан арылған. Құндылықтар витальды, әлеуметтік, діни, этикалық, эстетикалық, саяси болып жіктеледі.

Құндылық теориясын зерттеушілердің бірі Г. Риккерт құндылықтардың 6 саласын ажыратады. Олар: ғылым, дін, өнер, жетілген өмір және құдіретті сүйіспеншілік [102, с. 297]. Аталмыш салалар бірін-бірі толықтырып, белгілі бір тұтастықты құрайды. Сондықтан да бұл құндылықтардың арасында өзіндік бір сабақтастық бар. Бір жүйедегі құндылық сабақтастығы екінші құндылықта өз жалғасын табады. Осылайша құндылық жүйесіндегі сабақтастық бүтін бір механизмге айналады. Құндылықтар көбіне тарихи алмасуларға байланысты өзгереді немесе өз құнын жоғалтып алады.

Әлемді тануға деген қажеттілік – өзінің материалдық қажеттіліктерін, молшылыққа, байлыққа деген ұмтылысын саналы түрде шектейтін адамның мінез құлқының уәжі [102, с. 119]. Салыстырмалы құндылықтардың осы қасиеті адамның жоғарғы қажеттіліктеріне де қатысты болуы мүмкін.

Құндылық шеңберіндегі субъектілі-объектілі қатынастарға жасалған талдау келесі тұжырымдарды жасауға мүмкіндік береді:

1. Құндылықтардың экзистенционалды және метафизикалық табиғаты болады. Табиғаттары әртүрлі болмыстарды біріктірудің негізі – олардың адам үшін маңызды болуы.

2. Табиғатына сәйкес, құндылықтар абсолютты және салыстырмалы болуы мүмкін.

3. Бұлжымас императив негізінде жасалатын адамның іс-әрекеттері мен олардың өздігінен дамуы, адамдар мен қоғамның дамуы, жетілдірілуі мен өздігінен дамуынан мақсат ететін борыштың бар екендігін сезіну абсолютты құндылық деп аталады. Ал, адам абсолютты құндылық болып табылады, оның құндылықтар әлемінде тиісті баламалар жоқ. Сонда абсолютті құндылықтар тек тұлғаға ғана тән.

4. Балама құндылықтар негізінде адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға қатысты тәжірибелік пайдалылық жатыр. Балама құндылықтар – объектілер арқылы (заттай және заттай емес) құндылыққа қол жеткізу үшін жасалатын сыртқы жағдайлар мен шарттар. Бұл тұрғыдан қарайтын болсақ, адамға қатысты сыртқы жағдайлар құндылықтармен тікелей байланысты.

5. Гипотетикалық императив тұрғысынан жасалған талдау бойынша құндылықтың индивид үшін өте маңызды екендігі пайымдалған. Адамның мінез-құлқы өз қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы және оның сол қажеттіліктерді қанағаттандыру құралына ие болуы өте маңызды. Сөйтіп, құндылықты қатынастың құрылымы қалыптасады: қажеттілік (объективті мақсат) құндылық, іс-әрекет, объект (субъективтілі мақсат). Бұл құрылым бірлікті құрайды және бұл бірліктен тыс болған ақиқат онтологиялық байланысты жоғалтады.

6. Іс-әрекеттер мен қажеттіліктерді қанағаттандыру құралдарының өзгермейтіндігі индивидтің санасында және қоғамдық санада тиісті мінез-құлық ретінде қалыптасады.

7. Баламалы құндылық қажеттіліктерді қанағаттандыру құралдарының жалпыламалығы, оның ішінде шынайы субстанциялылық анықталып, саналы түрде қабылданған. Адам санасындағы құндылық өзінің бастапқы негізі мен қажеттіліктен бөлек болып, субъективті түрде тәуелсіз болмыс – идея, мақсат немесе норма ретінде қарастырылады мүмкін.

8. Құндылықтар – қажеттіліктерді қанағаттандыру құралы болып санлатындықтан, унитарлық сипаттағы субстанция емес. Себебі, оларға бүкіл қажеттіліктер жиынтығын (негізгі қажеттіліктер, жоғарғы рухани қажеттіліктер) қанағаттандыруға бағытталған имманентті қасиет тән. Сондықтан бір затқа деген түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру қасиеттері (материалдық қажеттіліктерден бастап, жоғарғы рухани қажеттіліктерге дейін) болуы мүмкін.

9. Әрбір адамда тұлғалық имманентті қасиеттерінің бар болуы индивидуум мен тұлға арасындағы нақты белгіленген шектің бар болуын жоққа шығарады. Сондықтан да, индивидуум іс-әрекеттерінің уәждемесінде тұлғаға тән уәждеме элементтерінің болуы, ал іс-әрекеттері абсолютті құнды (моральды) болуы мүмкін. Яғни, қажеттілікті қанағаттандыру үшін жасалатын іс-әрекетте мотивация болуы ықтимал.

Салыстырмалы құндылықтарды анықтауға қатысты экзистенционалды көзқарастан қалыптасатын тұжырымдар әрі қисынды, әрі маңызды мәдени-құндылықты жүйелер – мәдени сипаттың детерминанттылығы – адамның «екі жақты» табиғатының әсерінен қалыптасады. Ол ойшыл және сезімтал жаратылыстың ықпалымен қалыптасады. Бұл айрықша қасиет құндылықты-мәдени оң тәсілдердің бірімен сәйкес келеді. Егер де негізгі басымдық адам табиғатының сезім-түйсігі арқылы жасалатын болса, тиісінше құндылықтардың сезімтал бейнесі қалыптасады. Қиялдау мен ақыл-ой – адам болмысының сезімге бағынбайтын жақтары. Осындай бір-біріне қарама-қайшы мінез-құлық уәждері бейтараптандырылмайды. «Құндылықтардың, мән-мағыналар мен нормалардың барлық таптарының қайта топтастырылуы, олардың тарихи зерттеу барысындағы көне классика ойшылдары ойлап тапқан құндылықтардан құралған таптармен сәйкестігі байқалады. Олар: когнитивтік қызмет нәтижесінде туындайтын құндылықтар (ақиқат); эстетикалық қанағаттандыру нәтижесінде туындайтын құндылықтар (көркемділік); әлеуметтік бейімделу нәтижесінде туындайтын құндылықтар (мейірімділік) және барлық құндылықтарды бірыңғай әлеуметтік құбылысқа біріктіретін субстанция (пайда)» [103, с. 68]. Мұндайда бірінші тап тануға, өмірдің мәнін ұғынуға деген қажеттілікті көздейді, екінші тап – эстетикалық қажеттіліктерді, үшінші тап – қауіпсіздікке, белгілі бір әлеуметтік тапқа тиістілікті, физиологиялық қажеттіліктерді көздейді. Ал, барлық таптарды біріктіретін ұғым – пайда. Ол тар мағынада түсіндірілетін немесе праксеологиялық ұғымы емес, аксиологиялық ұғым.

Жоғарыда айтылғандар негізінде «құндылықтың» эксплицитті ұғымын беруге болады, ол бұған дейінгі зерттеуде берілген «құндылық» ұғымын және

Тугаринов берген анықтаманы толықтыра түседі. Яғни, құндылық – ой объектісінің құндылық туралы ойлауымен сәйкес болуы. Ой объектісінің белгілі бір қажеттілігін қанағаттандыруға қатысты қасиеттердің өзгермейтін маңыздылығын пайымдаудың, сонымен қатар қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған қызметтің (іс-әрекеттердің) нәтижесі болып табылады, себебі адам маңыздылықтың тұрақтылығын ұғынып, өз санасында тиісті мінез-құлық (норма, мақсат, идеал) нысаны ретінде бекіткен. Нәтижесінде адамның табиғаты тек қажеттіліктер аясымен ғана шектелмейтіндігін атап өту керек. Оған қоса қажеттіліктермен байланысы бар және олармен бірге тұлғаның құндылықты сана-сезімін қалыптастыратын, адамның мінез-құлқының уәждеу көздері болып табылатын сезімдер (өшпенділік, құрметтеушілік, рақымшылық, ұнату, жаратпау және т.б.) де бар. Адам ең алдымен біртұтас жаратылыс, ал оның барлық басқа қасиеттері органикалық бірлікті құрайды. Олар өте көп қажеттіліктерді тұлғаның белгілі бір бөлігінен бөліп шығару, яғни, бір бөлікті органикалық бүтіннен шартты түрде бөліп шығару болып табылады. Бірақ мұндай бөліп шығару адамның объективті ақиқат пен құндылықты қатынастар барысындағы үрдісті анықтау кезіндегі жұмыс модельдерін, ұсыныстарды, түсініктеме аппараттарын құруға, олардың қасиеттері мен тұлғаның әлеммен әрекеттесуі туралы алғашқы көріністерді және құндылықтарды қалыптастырып, олардың трансформациясына қатысты әлеуетті тетіктерді байқауға мүмкіндік береді. Адам өмірінде көп нәрсе түсініксіз. Егер де физиологиялық қажеттіліктерді негіз ету тетігінің қызмет етуі биологиялық ағзалардың физикалық-химиялық табиғатынан, ал өмірлік қажеттіліктер қоғамның әрекет ету тетіктері арқылы түсіндірілетін болса, рухани қажеттіліктер мен еріктің негізін жоғарыда аталған тетіктерді басшылыққа ала отырып ұғыну қиынға түседі, тіпті мүмкін емес те. Яғни, өмірдің мәнін ұғыну, жалғыздықтан арылу, жоғары деңгейдегі субстанцияға табыну, өзі-өзі құрбан ету фактілері мен және т.б. адамның мінезінен байқалатын басқа да құбылыстардың бар болуы. Болмыстың бастапқы негізі және аталған қажеттіліктердің өзектілігі ғылым аясынан тыс кеңістіктің еншісіндегі мәселелер.

Адам өзінің «мен» субстанциясынан да жоғары деңгейге қоятын рухани қажеттіліктердің бар болуы бастапқы материалды әлем болмысынан тыс кеңістіктің бар болуынан болуы мүмкін. Бірақ, адамның мінез-құлқының бақылауға алынған құбылыстары себептің гипотетикалық салдары болғандықтан, белгілі бір философиялық қатынасты түсіндіру мен зерттелуді талап ететін ақыл-ой зерттеу объектісі бола алмайды.

Құндылықтар жүйелерін трансформациялау міндеті құндылықтар трансформациясы үрдісіне қатысты объектінің мәнін анықтауды қажет етеді.

Құндылықтың мәнін анықтау қажетті шарт болып табылады, алайда ол құндылықтың адам мен қоғам болмысындағы мәнін аңғарудың жалғыз шарты емес. Сөйтіп, белгілі бір құндылықтың салдары болып табылатын шынайы пайданы немесе Жақсылықты анықтау үшін анықтауға негіз болатын белгілі бір өлшем болуы тиіс. Құндылықтар мәселесінде бұл негізгі мәселе болып

табылады. Оны кезінде әйгілі грек ойшылы Сократ «Игілік деген не?» деген нысанда әзірлеген болатын, одан кейін бұл мәселені Платон өзінің Игілік тұжырымдамасында жалғастырған еді: «Игілік идеясы – ең маңызды білім. Сол білім арқылы әділдік және тағы басқа ұғымдар мен түсініктер әрі пайдалы, әрі жарамды болады [103, с. 78].

Платон «Игілік деген не?» деген сұраққа нақты жауап берген жоқ, себебі игілік болмысын рационалды әдістер арқылы танып білуге болмайды адамның болмысында рационалды әдістер арқылы анықтал трансцедентті нақтылық бар дешенді айтты. Алайда ол игілікті тікелей танымен байланыстырды. Әдіснамалық және гносеологиялық тұрғыдан алсақ Платонның концепциясы қазіргі кездегі философия үшін өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Игілік пен таным Аристотельдің ілімінде де өзара байланысты ұғымдар, алайда ол игілікке нақты баға береді. Оның пайымдауынша, ғылым – жоғарғы игілік немесе жақсылық, себебі ғылымда білім мен пайымдаудың үрдісі, түйіні шоғырланған [103, с. 68].

Қажеттілік теориясы тұрғысынан алғанда ғылым қажеттіліктерді қанағаттандырудың бір құралы (әлемді тану қажеттілігін қанағаттандыру және басқа да құндылықтарды тудыру қажеттілігін құру құралы) ғана, сондықтан да игілік құндылық бола алмайды. Себебі құндылық қаншалықты жоғары болғанымен, ол өздігінен басқа құндылықтардан (өмірдің мәнін түсіну құндылығынан (діни құндылықтардан), әділеттілік, көркемділік және т.б. құндылықтардан жоғары тұра алмайды. Ғылым құндылығын барлық басқа құндылықтардан жоғары қоятын объективті өлшем мен игіліктің деңгейіне дейін көтеретін жеткілікті өлшем жоқ.

Игіліктің өлшемі – әлем қандай болуы тиіс және қазіргі кезде қандай нысанда деген екі нысан арасындағы қайшылықтар жойылған кездегі өлшем болып табылады: «Интеллект әлемді қандай күйде болмасын солай қабылдайтын болса, ерік керісінше әлемде болуы тиіс күйді енгізуге тырысады. Игілік қалай жүзеге асырылуы тиіс? Біз игіліктің жүзеге асырылуы үшін қызмет етуіміз керек және ерік тек әрекетшіл игілік. Алайда, әлем болуы тиісті қалпында болса, еріктің қызмет етуші функциясының қажеттілігі болмаушы еді» [103, с. 137].

Әлем және адам қандай болуы тиіс, деген сұраққа берілетін жауаптар философия тарихында ешқашан біркелкі болған емес. Қоғамның нақты болмысындағы игілікті кейіптеуді ойшылдар әрқалай негіздеп, әрқалай елестетеді және қоғам мен мемлекеттің құрылым нысанымен байланыстырады. Мұндай түсініктер адам мен қоғам болмысындағы игілік туралы шынайы білім бермейді. Жоғарыда айтылғандай, болмыстың енді ғана қалыптаса бастаған кезіндегі нақтылықтың (еркіндіктің) еркіндік белгілері (бифуркация нүктесі) бар және де ол бифуркациялар арасындағы аралық қажеттілік заңдарымен айқындалады. Игілік бақыт сияқты адамның тұлға ретінде қалыптасып, жетілдірілуі барысында қол жеткізгісі келетін шекті максимум ретіндегі көрініс. Осындай тұжырым толығымен Платонның іліміне сәйкес келеді: «Кез

келген жан игілікке қарай ұмтылады және игілік үшін қолдан келгенін жасайды. Адам жаны игілікті құрайтын бір нәрсенің бар екендігін сезінеді, алайда оның не екендігін өзі де нақты білмейді» [103с. 167].

Бұл пайымдауды Г. Маркузе де айтып, негіздеген болатын. Ол тиісті мінез-құлықтың негізіне тек тезистің өзін ғана емес, сонымен қатар оның даму қағидатымен толықтыра түскен: «Адамның өмірі өмір сүру үшін тұрарлық немесе өмір сүруге лайықты болады. Бұл пайымдау кез келген интеллектуалды күшейтілудің негізі болып табылады». Ол әлеуметтік a priori теориясы және одан бас тарту (бас тарту қисынды қадам) теорияның өзінен бас тартумен бірдей. Бұл қоғамда адам өмірін жақсарту үшін арнайы мүмкіндіктер мен сол мүмкіндіктерді жүзеге асырудың арнайы әдістері мен тәсілдері бар деген пайымдау. Сыни теория эмпирикалық мәліметтерге негізделе отырып, сол пайымдаулардың объективті маңыздылығын көрсетуі тиіс. Қазіргі қоғамда интеллектуалды және материалды қорлар бар, олардың саны да, сапасы да толықтай анықталуы мүмкін. Осындай қорларды ауыр еңбектің ең аз мөлшерде қолдана отырып, кедейшілікті азайтып, адамдардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін қанағаттандырып, дамыту үшін не істеуге болады?» [103, с. 73]. Аталған аксиологиялық алғышарттар алғашында адамның болмысы мен қалыптасуын толық қамтыды және адамның өзіндік қажеттіліктерінің шегінен шығатын, сол қажеттіліктерге трансцедентті тиісті мінез-құлықтың объективті негізін құрайды.

Алайда өмірдің өзі құндылық болып табылады ма? Зерттеу жұмысында қолданылатын құндылық табиғатына қатысты көзқарасқа сәйкес өмір өздігінен құнды бола алмайды, себебі құндылықтың жалпыламалығы оны маңызды немесе маңызды емес басқа да құндылықтармен салыстыруды көздейді. Оны басқа да құндылықтармен салыстыру кезінде адам өмірінен де маңызды құндылықтардың бар екендігін мойындайды. Сөйтіп, адамның өмірі мен одан да жоғары құндылық арасында таңдау жасау қажеттілігі жалпы өмірді мойындамау болып есептеледі.

Ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесі туралы академик Ә. Нысанбаев: «Үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түсер жаһандық тұтастану, шекара талғамайтын қаржы мен ақпарат ағындары өзін сақтап қалмақ болған әрбір ұлтты жаңа қатер қаупінен қорғануға мәжбүр етіп отыр. Ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір халық, ең алдымен, тарихи жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ерекше ділін, дәстүрлі төл мәдениетін дамыту мен аман алып қалу жолында жанталасуы қажет» –деп атап көрсетеді [104, 246 б.].

Құндылықтар мәселесін әзірлеу барысында неміс философы Г.Риккерт тірі табиғаттағы телеология мүмкіндіктерін жоққа шығармаса да, бұл мәселе төңірегінде мақсатты тұжырымдау ұғымын тірі табиғаттағы белгілі бір үрдістің аяқталуы деп қарастыруға болатындығын атап өткен. Сөйтіп, өмір объективті негіз және әрі адамға қатысты сыртқы мақсатты тұжырымдау болып табылады және адам өміріне қатысты құндылықтар игілік сипатына ие болады. Тек осы

өлшемнің негізінде құндылық «субъект-объект» қатынасы емес, өздігінен құндылық болып табылады, ал содан адамның іс-әрекеттері сол құндылық үшін жасалатындығы туралы ойды ұстанатындардың пікірлерінің жарамсыздығын байқауға болады.

Философ Г. Риккерт адам өмірінің құндылық мәселесінің шешімі оған егжей-тегжейлі сипатта қараған кезде ғана анық байқалатындығын атап өткен. Қазіргі кезде батыс қоғамында «адам өмір сүруі тиіс» деген тұжырым мойындалса да, оның жалпылама қасиетін ешкім мойындамаған және де соның нәтижесінде «алтын миллиард» мәселесі» (жер бетінде өмір сүретін миллиондаған, тіпті миллиардтаған адамдардың жойылуы туралы мәселені қозғайды) немесе «шок терапиясы» орын алды. Бұл терапия шеңберінде осыған дейін зерттелмей келген экономикалық акцияның құрбанына айналған адамдардың құндылық мәселесі аксиологиялық құрамдас бөлікте қарастырылады» [102, с. 78]. Шын мәнінде осы мәселе қазіргі кезде батыс және ресей қоғамында әлеуметтік биологизм аясына ығыстырылды, себебі биологизм аясында адам өмірінің құндылығы байқалады. Адам өмірінің құндылығы салыстырмалы, өмір сүру үшін күресу теориясымен айқындалатын құндылық ретінде көрініс табады. Алайда, Риккерттің пайымдауынша, биологизмде аксиологиялық мақсатты тұжырымдау болмайды және ең мықты адам басымды рөл атқарады деген өлшемдер қолданылмайды, себебі аса мықтының тірі қалу теориясының адам қажеттіліктеріне ешқандай қатынасы жоқ, тіпті оларға қарсы.

«Адам өмір сүруі тиіс» деген пікірдің көбі тұрақты негізден туындайтын болса да, адамның теориясынан эмпирикалық растау табады. Атап айтқанда, А. Гусейновтың «Мораль и разум» атты еңбегінде өмірдің өзі өліммен салыстырғанда құнды игілік екендігі айтылған. Сондай-ақ, адамның табиғатына, болмысы мен өміріне «өлім» сынды қатынастың болуы тән емес. Еңбекте мысал ретінде дәрігер Краайдың жағдайы алынған. Дәрігер өз досына жаны ашып, аяныш білдіргендіктен оны өлтірген, ал шындық ашылған кезде тұтқындалған. Кепілдікпен босатылған ол екі жұма өткеннен кейін өз-өзіне инъекция жасап, қайтыс болған. Әрі дәрігер, әрі дос Джон Краайдың уәждері мінсіз. Дәрігер ретінде науқастың өмір сүру мүмкіндігінің жоқ екендігін, аурудың субъективтілік деңгейдегі ауырлығын, емделуге деген ешқандай үміттің жоқ екендігін білгеннен кейін, дос ретінде ешқандай арам ойсыз, пайдакүнемдік мақсатсыз, тек досының қатты қиналып жатқандығын көргісі келмеген және өзін жақын адамының азаптарын көру бейнетінен құтқарғысы келген. Осындай барлық алғышарттарды негізге ала отырып, ол өз іс-әрекеттерінің құқылы болғандығына күмән келтірген, өзін өлімге қию әрекеттері арқылы ізгілік тыйым салған шектен шығып кеткендігін аңғаруға болады» [105, с. 56].

Гуманистік психология тұрғысынан алар болсақ, адам өмірінен асқан жоғары және лайықты субстанция жоқ. Осы мектеп әзірлеген адам тұжырымдамасына көз жүгіртсек, мінсіз адам өлшемі – адамның құндылықты

қатынастарына қатысты қолданудың міндетті салдары. Э. Фроммның ілімі бойынша, субъективті тілектер, ұмтылыстар не болмаса нақты әлемнің шеңберлерінен тыс өзге де бағыттар құндылықтың өлшемі ретінде қарастырылмайды. «Тек адамның табиғатын талдап, оның нақты мүдделері мен оған қоғам баулаған мүдделері арасындағы шынайы қайшылықтарды айқындаған кезде ғана объективті дұрыс нормаларды табуға болады» [106, с. 164].

Адамға игілік әкелетіннің бәрі қалыпты, жақсы нәрсе. Адамның ішкі табиғатын жүзеге асыруға ықпал ететін, оның маңыздандырылуына, барлық қажеттіліктерінің үйлесімді қанағаттандырылуына, адам бойындағы жоғары деңгейдегі жасырын қажеттіліктердің өзекті етілуіне ықпал ететіннің бәрін «игілік» деп айтуға болады. Құндылық өлшемдерінің парадигмасы А. Маслоудың «Мотивация и личность» еңбегінде былай сипатталған: «адам өз дамуының арғы межелеріне қол жеткізіп, өмірінің жақсы кезеңі орын алған тұста өзінің қандай екендігін аңғарып, пайымдау арқылы өз әлеуетін жақсартқан кезде ғана бақытқа, рухани жан тыныштығы мен үйлесімділікке қол жеткізілетіндігін мойындайды, сонда ғана ненің жақсы және ненің жаман, ненің дұрыс, ненің бұрыс, ненің пайдалы, ненің зиянды екендігін түсіне алады» [100, с. 79].

Білімге негізделген құндылық-сана барлық құндылықтарды бір жүйеге біріктіре алады. Ол өз кезегінде адамның мінез-құлқының негізіне айналады да, бір қажеттілікті екінші қажеттіліктің пайдасына қарай ығыстырмауына және нақтылық әлемімен, соның ішінде басқа да адамдармен үйлесімді болуына ықпал етеді. Осыдан игілік өлшемі ретінде бір жүйеге біріктірілген бүкіл құндылықтар әлемін және адамның үйлесімді дамуына ықпал ететін болмыстың сыртқы жағдайларын игіліктің өлшемі ретінде айқындауға болады. Адамның осындай күйін бақыт деп танимыз. Осы екі өлшем біртұтас бірлікті құрайды. Осындайда біріншісін екіншісінен артық деп санау, не болмаса екіншісін мүлде жаратпау нәтижесі міндетті түрде игіліктен ауытқуға және «қараңғылықпен араласып кетуге» әкеп соқтырады. Ол уәждер субъектінің белгілі бір қажеттіліктерін өзекті ету деңгейінің әртүрлі сипатта болатындығына байланысты. Егер де Басқа адам тіпті ең жоғары қажеттіліктерді қанағаттандырудың құралы болатын болса (өмірдің мәнін ұғыну қажеттілігінде, құдіретке табыну, бағдарлауға қатысты қажеттіліктер), прагматикалық императивтің шегінен шықпайды. Сондықтан, құндылық мәртебесіне ие басқа адам кез келген басқа құндылықтармен салыстырылады. Осыған байланысты басқа адам белгілі бір құндылықтан біршама төмен болуы мүмкін. Субъектінің құндылықтар жүйесі Басқа адамды күйретудің немесе жоюдың себебіне айналады [100, с. 107].

«Батыс құндылықтары» деп аталатын құндылықтар мәртебесі қалыптасқан адамдардың көзқарастарынан басқа құндылықтардың құрбанына айналғандығын байқаймыз. Сондықтан, олар үшін адамға жоғарғы құндылық көрінісі ретінде қараудың объективті негізі жоқ. Күнделікті өмірдегі осындай

түсінік «адам осылай өмір сүру қажет» деген шартқа қатыссыз адамды басқа объектілердің бірі болып кеткен құндылықтар қатынасының объектісіне айналдырады» [100, с. 32-35].

Санасы қалыпты дамыған адамда міндетті түрде ізгі сезім болуы ықтимал немесе қазіргі заманның тілімен айтқанда «ұяты бар адам». Тек осындай қасиеттердің көрініс тауып, жандандырылуы үшін тиісті жағдайлар жасау керек. Содан кейін аталған икемділіктер мен қажеттіліктерді дамытуға негіз болатын оңтайлы жағдайларды жасау мәселесі туындайды. Э. Фроммның пайымдауынша, адамды барынша жақсы, игі ететін, оның ішкі жан дүниесін жетілдіретін «қалыпты қасиеттер» болып табылады. Оның объективті түрдегі оң мінез-құлық және адамдар арасындағы оң қарым-қатынас нормаларының бар екендігі туралы болжамын негізге ала отырып, адам мен қоғам арасындағы қайшылықтарды жоятын, адамның ішкі табиғатына қоғам тарапынан қайшы келетін және оны бұзатын жеке тұлға мен қоғамның құндылықтар жүйесі игілік өлшемі болып табылады, деген тұжырым жасауға болады. Э. Фроммның пайымдауынша, еркіндік – аталған жағдайлардың жүзеге асырылуының негізгі факторы [106, с. 73].

Гуманистік психологияны негізге ала отырып, өз зерттеуіміздің тақырыбына сәйкес адамға барлық заттардың өлшемі мәртебесін беру және ең жоғарғы ниеттер мен талпыныстардың жүзеге асырылуы үшін жағдай жасайтын құндылықтар жүйесі мен қоғам жағдайын игілік деп тануға болады. Сол кезде адамға қатысты кез келген құндылық оның тиісті қажеттілігін басқа құндылықтармен және қажеттіліктерімен үйлестіре қанағаттандырады. Ол басқа құндылықтармен бірге адамның жетілдірілу бағытындағы өзге адамдарға деген сүйіспеншілігіне негізделген барлық қажеттіліктері мен қасиеттерін дамыту арқылы адамға объективті түрде пайдалы болып саналады. Болуы мүмкінді болдыға айналдырудың басты объективті жағдайлары – еркіндік және бостандыққа негізделген қоғамдық қатынастар [106, с. 99].

Қоғамдық қатынастар туралы айтқан кезде барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы, қоғамның әрбір мүшесінің барлық адами қажеттіліктерін қанағаттандыру, жалпы адамды жетілдіру және жетілген қоғамды құру мәселесі сияқты объективті түрде бір қалыпқа түскен тақырыптарға назар аударамыз.Тарихтан байқап отырғанымыздай, мұндай қоғамды құру қиынға соғады, алайда ол мүмкін емес деп айта алмаймыз. Мәселенің төркіні белгілі бір аталған жағдайларды жасайтын нақты теориялар мен мүмкіндіктердің бар болуында емес. Аталған жағдайларды құру тек адамдардың және көзі ашық шығармашылықтағы зиялы қауымның ұйымдасқан іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, себебі осындай ұйымдасқан қызмет іс-әрекеттің бағыты мен бағдарын анықтап, өзінің теориялық көзқарастарының шынайылылығын басқарушы элитаның назарына жеткізеді немесе теориялық көзқарастарды жүзеге асырудың өзге амал-әдістерін іздестіреді. Алайда, адам дамуының негізін оның ең жақсы қасиеттерінің дамытылуы деп білетін элитаның озат, басқарушы санатының ойлау мәнін және

ізгілік қасиеттерін қарастыратын болсақ, адам қоғамының қазіргі жағдайы аталған шарттарды жүзеге асырудан әлдеқайда алыс екендігін байқаймыз. Шын мәнінде адам бойындағы рухани қуаттың оянуы ғана жеке тұлғаның өзіндік шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына бірегей жағдай туғызады. Терең рухани қайнардан нәр алған адам ғана барлық қабілеттер «тамырына» жол тауып, шынайы дарынды, демек сан алуан іс-әрекет формаларын меңгеріп, жетілдіруге бейім, ұйымшыл, ширақ, ақпарат құралдарын пайдалануға қабілетті. Бұл орайда ол өз бірегейлігі мен даралығын сақтай отырып, өзінің телебайланыс тетігіне айналуына жол бермейді. Қазақстанның білім беру жүйесі алдында осындай адам тәрбиелеу міндеті тұр.

Білім беру жүйесінің қоғам өмірінде, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуде атқаратын рөлі мен мақсаты өзара байланысты, бірін-бірі өзара толықтырушы екі бағыттағы міндетті орындайды. Бірінші бағыт – оқыту, алдыңғы ұрпақтың әлеуметтік-мәдени тағылымын, философия, ғылым, өнер, адамгершілік негіздерін, адамның әлеуметтік ортаға тең құқылы азамат ретінде енуіне мүмкіндік беретін басқа да білімдер қорын жас ұрпақтың өз бойына сіңіруі. Адамның әлеуметтенуімен байланысты бұл бағыт адамның әлеуметтік ортада өз орын табуына, ұрпақтар тағылымы мен ұлтық дәстүрді меңгеруіне мүмкіндік береді. Мұның бәрі адамның өмірлік мұратын айқындауы мен кәсіби еңбекке араласуының алғы шарты. Білім беру жүйесінің екінші бағыты – адамның адам болып қалыптасуына, оның рухани, ішкі қуатының оянып, кемелденуіне көмектесу. Адам өзінің жоғары рухани әлемге қатыстылығын түсініп, тұлғааралық қатынас процесінде, жеке өмірінде жоғары құндылықтарға, мұраттарға сай өзінің рухани бет-бейнесін айқындайтындай болуына қол жеткізу. Сонда ғана Абай айтқан «Адам болу!» философиялық-этикалық принциптің іске асқаны.

Тарихи тұрғыдан алғанда, Шығыс мәдениетінде адам бойындағы руханилық пен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға аса мән берілсе, Батыс дәстүрінде адам бойында прагматикалық қабілет, табысқа, өмірлік маңызды нәтижелерге, кәсіби білімге, ғылымға құштарлықты қалыптастыруға аса назар аударылады. Қазіргі таңда біртұтас адамзат қауымдастығы, глобалды әлемдік мәдениет пен қатынас қалыптастырып жатқан білім беру жүйесіндегі осы екі бағыттың арақатынасы күн тәртібіне өткір қойылып отыр. Біздің пікірімізше, басымдық руханилық пен адамгершілікке берілуге тиіс. Руханилықтың өсуі адамды рухтандырып, табиғатқа үстем етуге ғана бағдарланған «пайдалы» білімді адамзаттың апаттан құтылуына бағдарланған білімге айналдырылуына мүмкіндік береді.

Адам – өзінің субъективті өлшемдеріне сай өлшеу бірліктерін қалыптастыратын, болмыстың болуын өзіне тиімділігі мен түйсініліміне сай анықтайтын рухани белсенділік. Өлшеу бірліктерінде әлеуметтік келісім, өзара рухани алмасу, дағды мен дәстүр көрініс беруі табиғи құбылыс. Барша нақты өлшеу, нақты шамалау, бағалау – ішкі субъективті өлшемдердің көрсеткіші. Бағалау айнасы – сезім мүшелері мен ойлау мүмкіндіктеріне негізделген тарихи

келісім арқылы жүйеленеді, тұрақтылығы қашанда салыстырмалы өлшем бірліктеріне сай орындалады. Өлшенетін субъектті нақтылығына сай өлшеу объективті шындықты үзіп-жұлып бейнелеуді білдірмейдң. субъективті өлшемде өлшенгендіктен – объективті шындық адам үшін айқындылыққа ие болады. Өлшеу негізделген бірліктеріне («бір метр» немесе «бір құлаш» деп алуда) сөзсіздік тән емес. Адами қажеттіліктің адамзаттық талабы оны осылай белгілеген және соған келісіліп, бірлікке келтірілген.

Руханият саласына көшсек, адамилықтың өлшем нормалары ретіндегі ізгілік, сұлулық, игілік, ақиқат өлшемдері де субъективті мәнде айқын болады. Өлшем ұғымы бұл тұрғыда құндылықтың ішкі көрсеткішін білдіреді. Ең нақты нәрседен рухани дүниеге дейінгінің барлығы субъективті ішкі өлшемде айқындалмақ. Дүние әрбір Меннің көзімен қарағандағы күйде және қашанда осы негізде бейнеленетін, анықталатын, айқындалатын дүние. Қашанда, қандай да болмасын шындық – адамдық өлшеммен анықталады, таңдалады, бағаланады. Өлшемнің субъективтілігі түпкі негізге үңіліп, тереңдегі мәнді айқындауды күтеді.

Еш өлшемсіз болмыс өмір сүрмейді. Ал еркі әлсіз, өз өлшемінде болуға әлеуеті жетпейтін, өз өлшеміне өзі кереғар болушыларды өзгелер жұтып, өмір сүруден шеттетеді, оның мүмкіндігін өз пайдасына шешеді. Мәңгілік күрес - өзін өс (ось) еткен еріктердің субъективті өлшемдері талабынан туады. Дүниеге өз өлшемін қоймайтын, өз өлшеміне бола күреспейтін өлі ерік – «Өлшемдер қайшылығы - өз өлшемін ерікті орындау кеңістігіне талас. Субъективті сұраныс өлшемдерін қанағаттандыруға, үстемдік таласында жеңіске жетуге құлшынудан туатын қайшылық. Өлшемдер қайшылығы – субъективті өлшемді қанағаттандыратын мәнділік пен мәңгілікке таласқан еріктер күресі. Сол күрес нәтижесінде туатын қайшылыққа толы салыстырмалы теңгерім (баланс) – осындағылардың орналасу тәртібі болып жарияланады. («Ұстаз бен шәкірт білімде теңеседі, бай мен кедей жомарттықта теңеседі, күшті мен әлсіз білекте теңеседі, жақсы мен жаман өлгенде теңеседі». Құнанбай қажы).

Кім де болса өктем әлеуеттегі өз биігін көздейді. Шыңға шығуға, биіктен төмен қарауға және баршаны билеуге құлшынады. Бұл –өзара арбасу, бетпе-бет, жекпе-жек, ашық және жасырын күрес арқылы жеңімпаз сараланатын дода. Жеңістің өзі тұрақсыз, жеңімпаздың өзі түрлі жақтарда нәзік, белгілі бір қырларынан ғана құдіретті.

Жаһан өз еркін заңдылық арқылы өлшемдестірген, әрі өз тіршілігін сол заңдылыққа сай орындайтын болмыс. «Заңдылық» бір үлгіде, бір деңгейде тұрақталған бұлжымас тәртіп дегенді білдірмейді. Заңдылық – салыстырмалы. Ол да біртіндеп өзгереді, яғни әлемнің мәңгілік даму ыңғайына сай жаңа заңдылықтар бекіп, тұрақтанып, ескі заңдылықтар біртіндеп жойылады.

Сырттан таңылған, біржолата қатып қалған, барша айналысты бұлжытпай қадағалайтын және өз қалауы бойынша орындататын тәртіп дүниеде болған емес, болуы да мүмкін емес. Табиғат заңдылығы – ғаламның жаратымпаздық

мүмкіндігінің белгілі бір мезгілдегі өз-өзін өлшемдестіру үдерісінің жемісі

Жаһанның бір бөлшегі ретіндегі адамзат өз кезегінде әлемдік заңдылықтардың ықпалынан тысқары бола алмағанымен, адамзат әлемінде және адам ғұмырында, әсіресе адам руханиятында шешуші рөл ойнайды.

Өлшем – рухани, ал сана – рухани өлшемнің көрінісі және оның айқындалу мүмкіндігі. Сананың өлшеммен қатысы тікелей емес. Белгілі дәрежеде, сана – өз негізінен ауытқитын, тұрақсыздыққа ұласу бейімділігіне ие ашық мүмкіндік. Сана – адамның рухани өлшемді түйсіну және бейнелеу қабілеті.

Сыртқы орта жеке тұлғаның субъективті өлшемімен есептеспейді, онда барлық іс келісімді ортақ өлшем бойынша, сыртқы өлшемдер бойынша, тіпті қисынсыз өлшемдер бойынша орындалатындықтан, субъективті өлшемге ыңғай берілмей тұншығады. «Тастар мен жануарлар үрей мен уайымнан азат, бірақ оларды бақытты деп ешкім айтпайды, себебі бақытты саналы түйсіну оларда жоқ. Табиғатынан топас адамдар да осындай және өзіндік сананың жоқтығы оларды хайуан деңгейіне дейін төмендетті», деген болатын Сенека. Өйткені, субъективті өлшем өзіне бұлдыр, түйсігі оянбаған адамдардың уайымсыз күйі хайуанның уайымсыздығы сияқты дүние.

Адам ғана өз бірбүтіндігінде өз өлшемін өз Мендік рухы ретінде өзіне айқын қояды және өз күресінде (болуында) өздік өлшемді орындаудың ғажайып үлгісін жасайды.Адамға тән болмыстық ерекшелік – өлшем қоюдағы бірлікке келуі. Толық мәндегі өлшем адамда мәреге жетпек және адами тұрғыда өзін айқындамақ. Адам ғана– төңірегіне өз өлшемін ұсынушы, өз өлшемімен қараушы, өз өлшемімен бағалаушы болмыс. Мейлі ол өз сенімін өмір кешірмесінен түйіндесін немесе бір сәттік қызбалықтан, ыңғайлы кездейсоқтықтан белгілесін, болмаса қоғамдық келісіммен ақтасын, тіпті моралдық және эстетикалық сезімге сай әрлесін, бәрібір, ол дүниені, өмірді, төңірегін, тіпті өзін өз өлшеміне сайдыруға мәжбүрлейтін, өз өлшемін қанағаттандыруды өмірлік парызы санап, содан мәнділік пен мәңгілік қарастыратын болмыс.

Өлшем – адамның рухани әлемін өз орбитасына салып айналдырған өзек іспеттес. Растау мен терістеу, қабылдау мен қарсылық ыңғайы қашанда осынау өске қатысты. Бұлдыр өлшемді немесе тұнық өлшемді адам дегенде біз оның өз өлшеміне бойлау дәрежесіне, оны мақсаттастыру зерделілігіне, өлшемін өрнектеу талантына сай айтамыз. Адам тек өлшем айқындылығы тұрғысынан ғана табиғаттан асып қойған жоқ, сонымен бірге ол өзінің субъективті өлшемінен алшақтауға бейімділігі тұрғысынан да табиғаттың алдын орады. Өйткені, өлі заңдылыққа маталып қалған материямен салыстырғанда, ол өз өлшеміне қатысты еркіндікке ие. Осы мағынада Еврипид дұрыс айтқан: «Пенделерде дәйекті өлшем жоқ, қарабайырлардың табиғаты қашанда қалаймақан». Тобырлар өз Мені нендей өлшемді талап еткенін аңғара алмаған, өздік пен бөгделікті айыра алмаған екұдайы, ілеспелі, келді-кетті күйде болады, өздік өлшемге тәуелділік күйінде жан сақтайды.

Өлшемдер арасындағы қақтығыс адамзат өмірінің табиғи көрінісі. Бұл

күрес, біріншіден, өлшем иесінің сұрыпталуына, сол арқылы бірсарындылықтан арылып, жоғары деңгейге көтерілуіне негіз болады. Екіншіден, өлшемдер арасындағы күрес – өлшемнің өзін сұрыптап, ең сүлей өлшемдердің әлеуметтік өлшемге айналуына мүмкіндік береді. Үшіншіден, адамзат қатып қалған бүтіндік, адам қатып қалған нүкте емес. Барша нәрсе ақырғы, өзінен биік нәрсені жаратуымен баянды. Ал өлшемдер күресі адамзаттың, жекенің өз шегінен ауытқуының ішкі қозғаушы күші болмақ.

Болмыстың болу өлшемін әралуан құрылымнан, әралуан тұрғыдан қарастырып, түрліше жіктерге жіктеуге, түрліше қабаттарға бөлуге болады. Мысалы, өлшем – өлшем иесіне сай: жаратылыстық өлшем, адамзаттық өлшем, ұлттық және даралық өлшемі деп бөлінсе, мазмұнына қарай: рас-жалғандық тұрғысынан шындық өлшемі, ізгілік-пасықтық тұрғысындағы ар-ождан өлшемі, сұлулық-сұрықсыздық тұрғысындағы көркемдік өлшемі, тиімді-тиімсіздік тұрғысындағы құндылық өлшемі деп бөлуге болады.

Өмір – өмірге ыңғай беретін ұтымды, тиімді күштерден ғана емес, өмірге қарсы кедергілерден, бұра тартатын аздырғылардан да құралатындықтан, болушының болуын өз болмыстық өлшемінен адасуға мәжбүрлеу – өмір күресінің бір мүмкіндігін құрайды.

Адами өлшемнің субъективтілігі – оның даралықты айтатындығында және даралықты ұсынатындығында. Даралық – адамдықтың, адам болудың өзіне ғана тән болу дағдысы. Субъективті өлшем – адамды адам етіп сомдаған, адамзаттық, ұлттық бірлік әлемін қалыптастырған. Ұлт дегеніміз - ұлы даралықтардың ортақтығы, тілдік және діддік сенім тұрғысындағы ішкі, тарихи тамырластығы. Субъективті өлшемнің жеңісі – ұшқары, қайталанбас даралықтың жемісі, ұлттық ортақтықтың жеңісі.

Субъективті түпнұсқа өлшем болмыстың болуын негізгі екі сұраныста мәндестіреді: мәнділік өлшемі және мәңгілік өлшемі. Осы екеуі бір өлшемге жинақталады: мәңгілік мәнділік. Субъективті түпнұсқа өлшемді аңғарған, түйсінген күйде, субъективті өлшемнің ішкі сұранысынан туындаған күйде, өзі күткен мәннен үміттенген күйде өмір сүретін, бар болатын адам баласы үшін мәнділік – өміршеңдік болса, ал мәңгілік – осынау мәнділіктің баяндылыққа ие болуы болмақ.

Ойымызды түйіндейтін болсақ, мемлекеттілігіміздің қалыптасуында, бастауында, қозғалмалы ықшам құрылым тудырып, көпсанды, көп рулы елдерді орталықтандыра, үйіре, игере білген номадтық тарихымыздың тәжірибесі ҚазақстанныңХХ ғасырдағы ұлтаралық, дінаралық қақтығыстар мен қантөгістерден аулақ болуына, көпғасырлық ділін жоғалпауына, сақтауына ықпал етті.

Бұған дейін ұлттық мәдениетіміздің негізі ретінде мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асырылса, бүгінгі күні мемлекеттілігіміздің өткені мен бүгінін, болашағын бекіте түсу және әлемдік санқилы үдерістерді ескере отырып қазіргі жаһандық тарихтың мәдени тәжірибесін үнемі қайта игеру мақсатында жаңа балама үлгі-модель – «ұлттық мәдени жаңғыру» ұсынылды.

Елбасының «Ұлт жоспары 100 нақты қадаммен» әрі қарай ұштасып, жалғасын табуда. Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы қоғамдық талқыға серпіліс берсе, 2017 жылдың 12 сәуірінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында Президент, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, ұлттық сана көкжиегін кеңейту жолдарын көрсетті. Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы халықтық жоба сипатына ие болды. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын ұсына отырып, қуатты, әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу жолында болашаққа қалай қадам басатынымызды, бұқаралық санамызды қалай өзгерту керектігін, олмақсаттарға бүкіл халықтың бірлігі арқылы ғана қол жеткізуге болатынын тұжырымдады. Ұлтаралық тақырып «қазақстандық патриотизм» ұғымымен тікелей астасып жатыр.

С.Хантингтон өркениетті – адамдарды біріктіретін және оларды белгілі бір деңгейде мәдени өзіндік болмыспен қамтамасыз ететін жоғарғы мәдени ұйытқы ретінде қарастырады. Осы мән-мағынада өркениет түсінігі тіл, діл, дәстүр, тарих, дін, философия, әлеуметтік институттар мен адамдардың субъективті өзіндік бірегейлігі сынды жалпылама объективті элементтермен айқындалады. Зерттеушінің пікірінше, өркениеттік бірегейлік болашақта маңызды рөлге ие болып, кейінгі әлемнің бетпердесі бірнеше өркениеттің өзара ықпалдастығы негізінде және олардың арасындағы өзгешеліктің күрделене түсуімен қалыптасады. Нәтижесінде, болашақ қақтығыстар алдымен осы өркениеттерді өзгешелеп тұрған мәдени шекараларда жүзеге асады. «Менің ойымша, қалыптасқан әлемде қақтығыстардың негізгі қайнары идеология мен экономика емес, адамзатты айтарлықтай маңызды шекараларға бөліп тастаған және қақтығыстарда басымдыққа ие мәдениетте болады. Ұлт-мемлекет халықаралық қатынастарда басты әрекет етуші субъект ретінде қала береді, бірақ жаһандық саясаттың маңызды деген қақтығыстары түрлі өркениеттердің өкіліне жататын ұлттар мен топтар арасында қыза түседі. Өркениеттер қақтығысы әлемдік саясаттың жетекші факторына айналады. Өркениеттер арасындағы сына – болашақ майдан алаңдары» [16, 87 б.]. Яғни, бүгінгі күннің өзгерістерінің қайнар көзі – постмодернизм мен жаһандану үдерісі, ал нәтижесі – рухани құндылықтары өзгерістерге ұшырап жатқан жаңа сипаттағы бұқаралық мәдениет.

Құндылықтың ең үлкені – саяси тәуелсіздік. Мысалы, патшалы Ресей құрамына бодан болған сәттен қазақ халқының көшпелі өмірсалтына жат, күштеп енгізілген жаңа басқару билігі жаңа құндылықтар тудырды. Ығыстырылған дәстүрлі құндылықтар өзімен бірге көптеген дәстүрлі ұғымдарды, салт-сананы ала кетті. Жаңа құндылықтар ел-жұртқа жат жаңашылдық орнатты. Саяси тәуелді елдің еркін ойлап, еркін өмір сүруіне мүмкіндік берілмеді.

XX ғасыр адамзат тарихында айрықша орын алады. Бұл ғасыр ғылым, техника, технология аймағында үлкен әлеуметтік-саяси, экономикалық өзгерістер мен тосын жағдайларға толы болды. Бірақ осы ғасырдың ғылыми-техникалық, әлеуметтік-саяси және өнегелік өрлеулері арасында диспропорция орнатқаны да жасырын емес. Қазақ қоғамындағы мыңдаған жылдар бойы пайдаланылып, сақталып келе жатқан дәстүрлеріміз бен құндылықтарымызды жарамсыз етуде. Көз ілеспес жылдамдықта дамып жатқан технологияның рөлі жоғарылағанмен, барлығын жасап отырған адамның өзі сол технологияның ығында қалып бара жатыр. Адамның физикалық күшін талап ететін ұзақмерзімді жұмыстар енді техниканың көмегімен лезде іске асуда. Осы тұста адамдардың жұмыс барысындағы қарым-қатынасында туындайтын өзара көмек, туыстық, достық сияқты қымбат байланыстары даұмытылуда.

Осы тұрғыда мәдениет-өркениет байланысы мен дамуына былайша сипаттама беруге болады: әр елдің өзіндік мәдениетінің деңгейіне сәйкес өркениеті болмақ. Жалпы өркениеттерді мәдениеттер сияқты бірін жоғары, бірін төмен деңгейде деп салыстыруға болмайды. Өркениет – өлшемі айқын анықталған, технология көмегімен жүйелі жазылған заң емес. Бірақ болашақ үшін жасалған өнер мен ғылым салаларының кез келгеніндегі қандай да бір жаңалық, құндылық немесе жаңа идея - өркениеттің бір белгісі болмақ.

Бүгінгі таңдағы өркениеттің дағдарысқа немесе тоқырауға ұшырауы тек қана өркениет дағдарысы емес, жалпы дағдарыс. Ал дағдарыс мәдениеттің немесе өркениеттің жеке бір формаларына, формацияларына ғана қатысты емес. Ол белгілі бір мәдени немесе экономикалық бейнедегі өзінің болмысын құрайтын әлуметтік тіршілік иесі - бүкіл адамзатқа қатысты. Олай болса, ең басты құндылық – адам, ал адамға ең қажет дүние – адамгершіліктік құндылық. Адамгершіліктік құндылық – адамды болашаққа жетелеуші, адамзат өткенін саралаушы, адамның адамдық кейіптен ажырамауына және жалпы адамзатқа байыптылық беріп, сабырға шақырушы.

Жастарды рухани адамгершілікке оқу-тәрбие жұмысында тәрбиелеудің құрылымы мен мазмұнын айқындау, өз бойындағы өз даралығына сенуге баулу, құрмет білдіру, өзін танып білуге, өзін дамытуға, жағымды қарым-қатынас орнатуға т.б. жағдайларды басшылыққа аламыз. Жастар бойында болуға тиісті маңызды рухани-адамгершілік қасиеттерге тоқталар болсақ, олар:

1. Жаңашылдық, еңбекқорлық, шығармашылдық;
2. Тіл байлығы, логикалық өресі, соны ойлау қабілеті;
3. Табандылық, сабырлық, мейірбандық;
4. Ізгіліктік, сүйіспеншілік, көмек көрсету;
5. Өз біліміне тәжірибесіне сыни көзқарас, талап қоя білу, жауапкершілік;
6. Моральдық жігерлілік;
7. Өзін-өзіне шынайы баға беруге ұмтылысы;
8. Адами қасиеттерін дамытуға ұмтылыс жасау.

2.2 Әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлар – құндылықтар трансформациясының алғышарты ретінде

Кез келген мәдениеттің құрылымын үш бөлім құрайтыны белгілі: құндылықтық-нормативті, рухани-идеологиялық және тәртіптік. Негізгісі, әрине, нормативті құндылықтар. Қоғамда жүріп жатқан тарихи, саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар әрдайым құндылықтар трансформациясының алғышарты болып табылады. Мысалы, бұрынғы кеңестік, қазіргі ТМД республикаларында мұраттардың алмасуы орын алуда: терістеліп келген жеке меншік – енді адам эмансипациясының жағымды алғышарты ретінде түсініле бастады. Сондықтан, коммунизмге сенуді қойған жұртшылықенді өз тәжірибесіне негізделген құндылықтық жүйелерін жасап, насихаттауда.

Қазіргі әлемдегі адамның жағдайы «жаттану» ұғымынсыз толық емес. Өйткені әлемдік өркениет Руссо заманынан бері оң жетістіктермен ғана емес, қоғамның дегуманизациясындағы теріс салдарымен де жалғасуда. Ғылыми-техникалық прогресс пен демократияны жеңіп алу табыстарына қарамастан, адамдардың дәстүрлі ынтымақтастығының негізін құрайтынбайланыстардың жоғалуы сезілуде. Батыстағы экономикалық-моральдық мәжбүрлеудің,адамды пайдаланудың, қанаудың ауыр да дөрекі формалары жойылғанымен,қазіргі заманғы ақпараттық технологияларға сүйенетін басқарутүрлері саясатты оның басты міндетінен – адам қоғамдастығын сақтау және«қоғамдық адамды» тәрбиелеуден түпкілікті алшақтатуда. Экономика, саясат және әлеуметтік қызметтер адамға құрал ретінде қарауды қалыптастырды. Және адамды ғылыми-техникалық революция нәтижесінде түрленген институттарға бейімдеп, әлеуметтік мегамашинаның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге пайдалануда.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы экономика бұрмалап, экономикалық мүддеге сәйкес ынталандырылатын адам қажеттіліктерін қанағаттандыру туралы талаптар қоюда. Басты мәселе –бұл қажеттіліктердің «адамның түпкі мәнінен» алыс жатқан жасанды қажеттіліктер болуында.Мұндай жағдайда адам өзінің алғашқы қауымдық ұжымы, этносы, халқы мен мемлекеті сияқты автономды тіректерінен айрылып, сенімді сүйеніштерін жоғалтады.

Жаһандану барысында біз автономды ұлттық мемлекеттік институттардың өздерін-өздері терістеу жағдайына жетуі сияқты тарихи құбылыстың куәсі болып отырмыз. Дегенмен, саяси элита оның өмір сүруін қалпына келтіруге тырысуда.

Дәстүрлі құндылықтардың инфляциясының нәтижесінде азаматтардың өз-өзін қалай сәйкестендіру керектігі (самоидентификациясы) түсініксіз болуда. Өйткені қазіргі дәуір – «антропологиялық апат» дәуірі. Адамдар қауымдасып өмір сүруге ұмтылады, бірақ бірге өмір сүре алмайды. Өйткені тұтынушылық қоғамдаадамды қалыптастыру және адами тұлғаны бекіту мақсаты жоқ. Және болмайды да. Тұтыну қоғамы адамда тәуелсіздік пен материалдық әл-ауқатқа қол жеткізу ұмтылысын қалыптастырады. Бұл –адамның әлеуметтік мәнінің

құлдырауына алып келді. Ал «Азаматтық қоғам» туралы жобалар «антропологиялық апаттың» орнын толтыру ұмтылысынан туындайды.Осылайша, қоғамтанушы зерттеушілер Маркстің «жаттану» туралы теориясына қайтадан жүгінуге мәжбүр. Маркстің теориясы теңестіруші коммунизм құру үшін таптық күрес жүргізу туралы тезисті жиіеске түсіреді. Ал таптық шайқас артта қалғандықтан, бұл ұғым қазіргі заман шындығына сәйкес келмейді деп санауға, мойындамауға тырысады. Алайда, экзистенциал философия және гуманистік психоанализ өкілдері жалғыздық пен конформизмнің өсуінен, жақын адамдардың өзара байланыстарының бұзылуынан туындайтын психикалық ауытқуларды айқын бейнелеп отырғандықтан, әлеуметтанушылар мен антропологтар адамдардың өзара байланысы мен өзара іс-қимылының нысандарын қалалық кеңістіктерден іздеуге мәжбүр болуда. Ғасырлар бойындағы әлеуметтік-философиялық антропология мен философияның басты мәселелерінің бірі –адам мәселесі, адами құндылықтар болып қала береді. Қазіргі уақытта бұл мәселенің өзектілігі артып келеді. Біздің технотронды ғасырымыз, интернет ғасыры кеңістікті тарылтып бүкіл әлем халықтарын жақындастыруда. Алайда, адам оқшауланып, өзінің табиғи мәнінен, өзінің табиғи өмірінен алыстауда.Бір қарағанда, жағдай парадоксалды. Бірақ ол объективті. Қалыптасқан тарихиқайшылықтың себебі мен мәні –адам феноменінің мәнінің мәңгілік дамуында. XXI ғасырдағы әлемдік адами қауымдастықтың дамуы асқан жылдамдықпен жүзеге асырылуда. Сәйкесінше, әлеуметтік құндылықтарда бірде оң, енді бірде теріс сипаттағы жаңа, дәуірлік қайшылықтар пайда болуда. Қазіргі уақытта бұл қайшылықтардың мәні жаһандық ауқымда көрінуде. Әлемдік ауқымдағы мақсатты гуманистік саясаттың жоқтығынан, адамзат өзінің шынайы бейнесін табуға жүзеге асыруға жұмсалуы тиіс уақытты жоғалтуда.

Ғалым В. В. Парцвания:«кез келген әлеуметтік қатынастардың мақсаты – адамның қатынастарынсапаландыруы тиіс, яғни бұл қатынастар үнемі жаңарып, үйлесімді қасиеттерге ие жаңа адамды тудырып отыруға тиіс, деп түйеді. Алайда, әлеуметтік қатынастардың мақсаты адам емес, қандай да бір қоғамдық азшылық үшін тиімді шарттар болса, онда жаттанған адам «туады», және біз адам мәнінен, яғни, адамшылықтан алыс әлеуметтік қатынастарға ие боламыз» деген тұйін жасайды [107, с. 1-5].«Жаһандану барысында ұлттық ерекшелікті сақтау ұмтылысы жалпыға ортақ сипат. Ұлттың мәдени жаңаруы мен түрленуінің қай үлгісі көпұлтты немесе бірұлтты мемлекетке тиімді, жақын?» деген сауалдарға берілген жауаптарда әрқилы болып отыр. Мәселенің өзектілігі де, күдік пен күмән да осында. Екіншіден, этно-мәдени қауымдастық сыртқы ақпараттық және техникалық факторға ғана емес, ішкі этно-мәдени оңтайлы өзгерістерге әлеуметтік-психологиялық тұрғыда бейімделуге, іштей дайын ба? деген сұрақ өткір қойылып отыр. Пікірталас қозуда. Ойландыратын үшінші мәселе: этникалық және этносаралық қатынастарды реттеу саясатында ұлттық ерекшелікті сақтау үрдісі мен интернационалдық сипатты ұластыру тәжірибесі қалай жалғасын табады? дегенге ойысады. Ұлттық саясаттың

парасаттылығы, сараптылығы, тиімділігі осы өлшемдермен анықталынбақ. Қазіргі таңда Қазақстан дамушы және модернизациялық қоғам ретінде әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосылуды басты мақсат етуде. Әрі, жаһандық өзгерістер Қазақстан мәдениетін өз кеңістігіне таруда. Біздің мәдениет, өзге көптеген дамыған мемлекеттердің ұлттық мәдениеттері секілді жаһанданады, «постмодернизацияланады». Сондай-ақ, өзге мәдениеттер сияқты өзінің ұлттық болмысын сақтауға ұмтылады. Алайда, «батыстық» тәжірибені игермей және сыни тұрғыда еңсермейінше, жаһандану үдерісіне түсіп жатқан мәдениеттің заңдылықтары мен даму үрдістерін білмейінше, осы үдеріске қатысты белгілі бір мемлекеттік-ұлттық идеология мен стратегияны өңдемейінше аталған міндеттердің позитивті шешімін табу қиын.

Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени үдерісінің сипаты көпқырлы. Тұтас заманауи мәдениет, мәдени модернизация және оның мәні мен мазмұнының аясы туралы отандық зерттеуші М.З. Изотов былайша пайымдайды: «Жалпы алғанда мәдениет – оның құндылықтық, процессуалды, пәндік және нәтижелі айқындалған адамның (әлеуметтік) шығармашылығы, адамның мақсатты бағытталған шығармашылығының материалды және рухани жемістерінің тұтастай жиынтығы – өндіру құралдары, ғимараттар, әлеуметтік институттар мен саяси мекемелерден бастап – тіл, өнер туындылары, діни жүйелер, ғылым, адамгершілік нормалары мен құқыққа дейін жатады» [37, 3-4 б.]. Мұндай әлеуметтік-мәдени компоненттердің, институттардың реформалануындағы бағыттар мен бағдарларды айқындау және саралау,жаңару сатысына өтуіміз үшін терең білім мен біліктер қажет. Негізгі тетіктер болып табылатын әлеуметтік-мәдени институттардың қызметі мен шығармашылығын және бағыты мен бағдарын демократиялық-либералдық құндылықтармен айқындамай,айтулы жетістіктерге жету мүмкін емес.

XX ғасырдың соңында Кеңес билігі құлағаннан кейін еліміз ұлттық сана-сезім мен құндылықтарымызға, тарихи жадымызға бетбұрыс жасады. Ағымдағы ендігі мәселе – заманауи ғылыми-инновациялық, техникалық прогреске, жаһандық, ақпараттық, білім қоғамының қалыптасуына сәйкес келу. XX ғасырдың басы мен аяғына дейін үстемдік еткен кеңестік идеологияның ұстындары қазақ ұлтының санасында белгі қалдырғаны сөзсіз.

Жергілікті халықтың кем дегенде екі ұрпақ өкілі кеңестер әлеуметтік-мәдени кеңістігіндегі идеалдан тәлім-тәрбие алды, онымен белсенді өмір сүрді және кеңестік идеалдың жағымсыз-жағымды тұстары жергілікті дәстүрмен өзара бітісе қайнасып араласты. Ендеше, ұлттық болмыс пен дәстүрді қайта жаңғырту, ұлттық нақыштағы мәдени-саяси шараларды көптеп атқарып, насихатау қажет.

Отандық әлеуметтік ғылым салалары ұлттық руханиятты зерделеуге бет бұрды. Мемлекеттік саясат әлемдік қауымдастық алдында барлық есігін айқара ашты және соның салдарынан қоғамдық сана мен ұлттық мәдениеттің қалыптасуына көптеген сыртқы факторлар ықпалдарын тигізуде, мәдени-саяси плюрализм өріс алып келеді. «Қазақстандық қоғамның 30 жылдық дамуы

шеңберінде ел азаматтары өз басынан түрлі мәдени факторларды, құндылықтар жүйесін, паттерндерді өткерді. Коммуникацияның, жүріс-тұрыстың, адамгершіліктің, мәдени әлеуметтену модельдерінің көптүрлі көкжиектерін ашты. Жаңа мәдени-әлеуметтік перспективада біздің қоғамның адамы үшін бірегейлік мәселесі ерекше маңызды» – деп санайды отандық ғалым З.Н.Исмағамбетова [108, 161 б.]. Ұлтаралық және дінаралық татулықты дәріптеп отырған мемлекетімізде мәдени плюрализм орын алып келеді. Бірақ, ондай интеграцияланудың келеңсіз тұстары да бар. Сондықтан, әлеуметтену тәжірибесін қалайша оңтайлы да тиімді етуге болады деген мәселе отандық ғалымдар назарында.

Бұл мәселеде әлемдік дағдарыстың ошағы саналған батыстық дағдарыстың мазмұны мен мәнін тек экономикалық қана емес, әлеуметтік, саяси және ең маңыздысы – мәдени қондырғыларына назар аудару қажет. Оның кейбір құрамдас, ажырамас әлеуметтік, философиялық аспектілеріне тоқталып өтер болсақ:

Батыстық мәдени дағдарыстың бір көрінісі саналатын мультимәдениеттілік мәселесі. Миграция мәселесі шешілмеген мемлекеттерде қиындық туындауы мүмкін. Яғни, мәдениеттегі өзгешелікті мойындау мультимәдениеттіліктің негізі. Соңғы жылдардағы әлеуметтік-мәдени және саяси жанжалдарға байланысты Еуропада қоғамдық дамудың бұл моделі өткір сынға алынуда» [109, 44 б.]. Яғни, Н. Қирабаевтың пікірінше, заманауи әлемнің бет-пердесі келесі пайымға сәйкес келеді: «Шынтуайтында, заманауи әлем көп полюстіліктен гөрі, бірполярлы және заманауи әлемнің дағдарысын куәландырады» [109, 48 б.]. Заманауи әлем көрінісін айқындайтын ұстындарды ғалым былайша атап өтеді:

«Бірінші жол. Егер жаңа технологиялар мен идеялардың жергілікті жағдайларға бейімделуі жаһандану үдерісіне тән сипаттама деп санайтын болсақ, онда локализация мен индивидуализация доминантты үрдіс болуы мүмкін, жаһандану абстрактілі тұтас мәдениетті қалыптастырмайды және бір ғана қайнардан туындамайды. Мұндағы пайымның мәні ұлттық мәдениеттің жаһандық мәдениетке қосып жатқан үлесінде болып отыр. Сонымен қатар, жаһандану аймақтық ауқымға да, субмәдениет мәнінің қарыштауына да бағынышты (мысалы: латынамерикалық, Оңтүстік-Шығыс Азия мәдениеті және т.с.с.)

Екінші жол. Жаһанданудың жалқы және тұтас құндылыққа деген бағдары бөлінушілік пен теңсіздіктің жаңа типіне алып келді, мұндағы сөздің мәні жаһандық мәдениетті өндіруші-мемлекеттер мен тұтынушы-мемлекеттер араларындағы алшақтықтың тіршілік етуі жайлы болып отыр. Келесі мәселелерді есте сақтау маңызды болып табылады – мемлекеттердің өздерінің ішінде жаһанануға қатысушы және «пассивті тұтынушы» әлеуметтік топтардың араларында алшақтық аңғарылады. Олай болса, жаһандану мен мәдениетті қатынастыра отырып, жаһандану мәдени құндылықтардың базасын жалпы қабылдауда жуықтау көмегімен біртұтас бола алмайды дегеннен шығу

қажетті. Сонымен қатар, келесі сұраққа жауап талап етіледі: не нәрсе бұл тұтастықтың түрлі бөліктерін бірге ұстап тұр және онымен теңесу нені береді» [109, 49 б.]. Жаһандану плюралистік ұстындарды қалыптастырса, оның локальды аймақтары мен жаһандану үдерісіне ұлттық мәдениеттің де ықпалы бар.

Иә, көпқырлылықтың немесе плюрализмнің жан-жақты астарларының бар екендігі белгілі. «Плюрализм – қазіргі әлеуметтік-мәдени өмірдің түрліше жүзеге асуының шындығы. Заманауи дүниеге көпқырлы шынайы идеяларды ұсыну. Мұндай жағдайда кем дегенде екі жауап ұсынылады: плюрализмді демократиялық бірөлшемділік арқылы еңсеру (мұны біз «либералды құндылықтар жеңісі» саясатында көрдік) немесе мұны постмодернизм көрсеткендей плюрализмге толығымен көндігеміз» [109, 50 б.].Заманауи мәдени дағдарыстың келесі бір мәселесі– бірегейлік мәселесі. Себебі, жаһандану, мультимәдениеттіліктен туындайтын мәселелердің бірі – мәдени бірегейлік. Бұл мәселе арнайы зерттеулерді, отандық әлеуметтік ғылымда жан-жақты саралауды қажет етіп тұрған мәдени-философиялық мәселелердің бірі. Мұнда біз тек Н.С. Қирабаевтың пікірін ғана саралап көрелік: «Мәдени бірегейлік адам бостандығының мәнін, оның қалыптасуы мен жүзеге асуын көрсетеді. Белгілі болғандай, адамдар, индивидтер және әлеуметтік топтар көптеген белгілері бойынша өзгешеленеді: жынысына, түсіне, тіліне, дініне, тарихына, адамгершілік құндылықтарына және т.б. байланысты. Қаншалықты индивидуалды және ұжымдық өзіндік сананың деңгейі жоғары болса, сол құрлым адамдары өзгешелікке деген сезімтал келеді. Біздің пікіріміз бойынша, бұл негізінен бірегейлік өзгешелікпен, сонымен қатар, әлеуметтік немесе мәдени топтардың көптеген өзгелерден ерекшеленуімен байланысты. Өзгешелікке деген өткір назар бірегейліктің қосымша белгілерінің ерекшеленуіне алып келеді. Соңғысы, өз кезегінде, индивид пен түрлі топтар арасындағы шекаралардың «тереңдігіне» келтіреді. Өзгешелік жайлы айтқанда, олар антропологиялық (нәсілдік және этникалық), мәдени, діни және саяси болатынын атап өткен жөн» [109, 51 б.]. Өзгені әділ бағалаушылық негіздемесі ынтымақтастық екенін көптеген зерттеушілер пайымдап келеді. Тек әділ бағалаушылық пен ынтымақтастық мәдени бірегейліктің кепілдемесі болып табылады. Ал мәдени бірегейлік ұлттың күнделікті тұрмыс-тіршілігінің мәні және әрбір тұлға онымен өмір сүреді.

Қорыта келгенде, мұның барлығы батыстық жаһандық мәдениеттің өткеріп отырған мәдени дағдарысы.Демек, жаһандық сипат алған әлем картинасында бұл мәселелер әрбір мемлекетке де ертелі-кеш кезігеді.

Әйтсе де, әлеуметтік-мәдени дамудың екі түрлі ұстынын атап өткен жөн: 1) дәстүрлі және заманауи мәдениет пен құндылықтардың өзара әрекеттестігі мен сұхбаттастығы арқылы; 2) мәдениет – халықтың әлеуметтік-мәдени бет-пердесін сақтай отырып дамитын «генетикалық код» [110, 3 б.].Мәдениет, мәдени модернизация үдерісі туралы түрлі тұжырымдамалардың философиялық сипаттамаларына, негіздемелеріне жекелей тоқталып өтелік.

Себебі, бұл түсініктердің модернизация үдерісіндегі маңызды орынға ие екендігі және мағыналық-ұғымдық мәні кең екендігін жоғарыда айқындап бердік. Ресейлік ғалым В.С. Степин өзінің бұл мәселеге қатысты философиялық сөздігін былайша түсіндірді: «Мен мәдениетті адамның өмір шығармашылығындағы биологиялықтан тыс бағдарламаларының қиын жүйесі ретінде қарастырамын. Бізге табиғат тарапынан, биологиялық генетикалық код ретінде берілген генетикалық бағдарламалар мен адамның әлеуметтік өмірін, оның шығармашылығын, жүріс-тұрысы мен қатынастарын реттейтін биологиялықтан тыс бағдарламалары да бар. Олар әлеуметтік кодтар пішінінде тіршілік етеді және беріледі (ұрпақтан ұрпаққа). Әлеуметтік кодтар сапасы ретінде шығармашылық, табиғи тіл, өнер тілдері, ғылым, адамның жаратқан екінші табиғат заттары, адамның әлеуметтік өмірін реттейтін рәміздер т.б. болуы мүмкін. Әлеуметтік кодтардың әртүрлі түрлерінде тіркелген, адам өмір шығармашылығының биологиялықтан тыс күрделі тарихи дамушы жүйесі (білім, ұрып, сенім, идеалдар, құқықтық және этикалық нормалар, құндылықтар, дүниетанымдық қондырғылар және т.б.) – мұның бәрі мәдениет болып саналады» [111, 61-65 б.].

Мәдениеттің философиялық мәнінің өлшемдері белгілі бір кеңістікте, қоғамда, тарихи орнына қарай генетикалық кодтармен беріледі. Бұл жерде биологиялықтыңжанама жағдайлармен қосылуын саралау өте маңызды. Себебі, заманауи жаһанданудағы, плюрализмдегі сұхбаттық ықпалдастықсыз, өзара келісімсіз ілгері жүру мүмкін емес.

Мәдение бағдардың екінші қабатын қазіргі мәдениет ретінде айқындауға болады.

Бағдарламаның үшінші қабаты болашаққа бағытталған. Олар қазіргі әлеуметтік өмір негізіне ене алмайды, бірақ оған жанама түрде ықпал етеді. Бұл болашақтың потенциалы, жаңа технологиялар, іргелі ғылыми жаңалықтар, өнердегі авангард, өз дәуірінен озып кеткен және өзінің дүниетанымдық апликациясын тапқан жаңа философиялық идеялар, болашақта бұқаралық діни қозғалысқа айналатын діни идеялар» [110, 5 б.]. Бағдарлама ұстындарының біріншісі мен екіншісі белгілі бір мәдениетте табиғи түрде тарихи, биологиялық, генетикалық қалыптасуы болса, үшінші ұстын сол мәдениеттің түлеуі, модернизациясы екендігін аңғарамыз. Ондай жаңашылдықтар алғашқыда дәстүрлі дүниетаным тарапынан қуғындалатын, бірақ болашақтың бағытын айқындайтын құбылыстар. Яғни, кез келген дәстүрлі мәдениетте жаңашылдық еңсерілмей, игерілмей, түсінілмей қабылдаудан тыс тұрады, мәдени репрессияға ұшырайды. Уақыт өте келе дәстүрлі мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналып, модернизацияның белгілі бір деңгейі мен формасын айқындайды.

Бағдарламаға тұтас тоқталатын болсақ, олардың жүзеге асуы – көпқырлы күрделі тарихи дамушы жүйені айқындайды. Даму үдерісінде бұл жүйелер дифференциалданады, өзіндік жүйесі қалыптасады. Қазіргі қоғам

мәдениетіндегі мұндай жүйеден тыс сапаларға мораль, дін, философия, саяси және құқықтық сана, өнер, ғылымды жатқызуға болады.

Сабақтастық – осы үдерістерде жоқтан барды жасау немесе ойлап табумен емес, мәдениеттер сұхбаттастығындағы өзара ықпалдастық, мәдени жетістіктерді алмасушылық, игеру, еңсерумен және оларды ары қарай жалғастырумен ерекшеленеді. Нәтижесінде, бүкіл процесс шығармашылық еркіндігімен, саяси либералды құндылықтарымен сәйкес келіп, белгілі бір дискурсқа айналады.

Әлеуметтік өмірдің түбегейлі өзгерістері әрқашан гендердің өзгерісін болжайды, алдыңғы құндылықтар базисі сынға ұшырап, оның орнына жаңасын қондыру көзделеді. Сондықтан кез келген саяси революцияның алдында әрқашан рухани революция жүреді» [110, 6б.].Базистік құндылықтар мәдени-рухани қоғамның іргетасы болып саналады. Олар өз-өзін терістеп, өзін-өзі тану арқылы түлеп, жаңғырады. Жаңаның ерекшелігі ескінің толығуы, өз заманының сұранысына жауап беруі ретінде ғана түсініледі. Мәселен, біріншіден, заманауи Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін советтік құндылықтар жүйесін сынай, теріске шығара отырып, қазақстандық капиталистік, либералды-демократиялық құндылықтар жүйесіне көшті. Әйтседе, кеңестік әлеуметтік пакеттердің көпшілігі сақталды және билік, мемлекетті басқару жүйесінде ескі жүйенің ұстындары айқын байқалады. Екіншіден, мемлекетіміз заманауи жаһандық кеңістіктің сұраныстары мен талаптарына бейімделу, қажетті жерлерінде төтеп беру ұстындарын іздеуде. Жаңа тарихи кезеңде, әлемдік интеграция мен қауымдастықта, кеңістікте, әлемдік дағдарыста өз орны мен ерекшелігін, зайырлылығын сақтауға ұмтылуда.

Нәтижесінде қазіргі қазақстандық мәдениет өзгерістер үрдісімен, ішкі ортасымен, түрлі мәдениеттер кездесетін және өзара әрекеттесетін заманауи жаһандану әлемінің бейбіт те ашық алаңына айналуда. Т.Х. Ғабитов өзінің «Жаһандану кезеңіндегі мәдени бірегейлікті сақтаудың мәні» атты мақаласында бүгінгі күрделенген дүниенің жаһандану үдерісі кезеңінде ұлттық бірегейлікті сақтап қалу ең негізгі мәселенің бірі екенін атап көрсетеді. Бүгінгі күнгі ашық қоғам мен экономика, мәдениеттер интеграциясы және т.б. идеялар негізгі мәселелер болып отыр. Соңғы кездері байқағанымыз, жаһандану үдерісі мәдениетімізге неғұрлым енген сайын, ұлттық бірегейлікті сақтап қалуға деген белсенділік соғұрлым арта түсуде. Бұл жағдайда ұлттық бірегейлікті сақтап қалуды халықтың ішкі өмір сүру компоненттерін қорғаудан басталады: мәдениет, тіл, дін және т.б. Жаһандану мәселе етіліп көтерілген сайын, ұлттық өнерге, мәдениетке, тілге, дінге аса ден қою күшейіп келеді. Мәдениеттің тамырын ұлттық құндылықтармен байланыстырып, олардың шығу тегін зерттеуге деген қызығушылық өсуде. Олай болса, ұлттық бірегейлікті сақтап қалудың ең ұтымды жолы – жас ұрпақтың бойында ұлттық руханилықты дамыту бағытында тәрбие мен білім беру. Осы мәселелермен тәрбие мен білім берудің барлық салалары белсенді жұмыс жүргізуде. «Әлемге деген постмодернистік көзқарас белгілі бір «центризмдерді» орнату мен бекіту емес,

өйткені, еуропалық әлемнің болмыстың стратегиясының мұндай құрылымдарының жарамсыздығына көзі жетті. Постмодерн тұрақсыздық, өзгермелілік, ағымдылық мойындалатын әлем үлгілерінің өміріндегі эклектизмді көбірек насихаттайды. Тұрақсыз үдерістерді сипаттауға көшу – постмодернизм ғылымына тән қасиет, ал, әлемді хаос ретінде, мәтін ретінде философиялық пайымдау – постмодерн жағдайындағы философиялық дүниетанымның жаңа бағдары» – дей келе, Т.Х. Ғабитов әрқашанда құрылымның түп негізге бағыныштылығын қамтамасыз ететін центризмге этноцентризмді де жатқызады». Жаһандану әлемдегі мәдениеттердің көптүрлілігін жоққа шығармайды, өзінің ұлттық және индивидтік бірегейлігінен қашуды талап етпейді. Ол барлық мәдениетке ортақ, біркелкілікке өтуді өзінің мақсаты санамай, керісінше осы кезге дейін болған немесе қазіргі кездері жасалып жатқан мәдени құндылықтар мен үлгілерді бүкіл әлемге тарқататын ақпараттық технологияларды құру [42,362 б.].Демек, мәдениеттің интегративті қызметі, басқа мәдениеттермен байланыс жасайтын құралы.

Ал мәдениетті өзімен және өзгемен байланыстыратын – дәстүр. Дәстүр бір мәдениетке жататын адамдарды қарым-қатынаста байланыстырады. Адам туылғаннан белгілі мәдени ортаға тап болады, оны меңгереді, өзінің ажырамайтын табиғатына айналдырады. Динамикалы дамып жатқан қоғамда дәстүр сақталады. Олай болмаса, ешқандай қоғам дәстүрсіз өмір сүрмес еді. Бірақ, оның мазмұны өзгеріп, кейбір шектеулердің қызметі әлсірей түсуі мүмкін. Қоғамда бірінші планға шығатын идеал мен құндылықтар және мәдениеттің нормаларының қызметі мен механизмдері әртүрлі. Саналы қабылданатын идеал мен құндылықтардың дәстүрден айырмашылығы – олар шектелмейді, қандай да бір әрекетті қалауымен алуға ерік береді. Демек, олар қоғамның динамикалы дамуына және адамның еркін дамуына әсер етеді. Бірақ, идеал мен құндылықтар және мәдени нормаларды таңдау мәдени ортада жүреді және олар мәдениеттерді жалғастырушы мен біртұтастықты, бірегейлікті қалыптастырушы мәдени болмыстың негізін анықтайтын шығармашылық қарым-қатынас ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын мәдени мұраларда сақталып, мәдениеттің бірлігін қалыптастырып, конондық үлгіге айналып, адамның бойында «ішкі естелік» ретінде сақталады» – деп, мәдениеттің ұлттық болмысының өзгешелігі оларды ерекшелендіріп тұратындығын келтірген.

Сонымен, «постмодерн философиясы адамды абсолюттік құндылықтар иллюзиясынан азат етуге ұмтылып, оның назарын үдерістер мен оқиғалар анық емес жағдайда өтетін рационалды түрде нәтижені анықтау қиын ахуалдағы күнделікті ағымдағы тіршілікке қарай бұрады. Болмыстың өзі екіталай анық емес нәрсеге айналады. Әлемдік мәдениеттің бастауындағы құндылықтардың құнсыздануы әлемдегі тұрақсыздыққа әкелді. Тұрақсыздық, белгісіздік, бөлшектену – XX ғасырдың 50-ші жылдарында модернизмнің орнына келген постмодернизмнің көркем өнеріне тән нәрсе. Өнердегі постмодернизм о бастан кереғарлы және бөлшектенген болды. Оның энергиясы деп жазады Р. Краусс,

өзінің алдыңғы онжылдықтардағы өнерге қарағанда бір терминмен белгіленген, бір арнаға бағытталмаған. Ол әртүрліліктен бүгінде өнерде бірнеше қарапайым бағыттарды қалды: видео, перформанс, боди-арт, концептуалды өнер, кескіндемедегі фотореализм, мүсіндегі гиперреализм, монументалды абстрактілі мүсін өнері, абстрактілі кескіндеме. Ал, бүгінгі өнердің негізгі ерекшелігі – эклектикалығында. Көркемөнердегі постмодернизмнің бағыты әлі белгісіз. Формалардың, көзқарастардың, бағыттардың көптүрлілігі мен элитарлық және массалық өнердің шекарасын жоғалтып жіберу постмодернистік өнерге тән ерекшелік. Бірегейлік пен ұлттық бірегейлікке келсек, ол – жалпы немесе жеке ерекшеліктерін айқындау мен индивид өзін басқаға, топқа, үлгіге, идеалға тең келтіру немесе белгілі бір ұлтқа теңеу, жатқызу.

Мәдениеттердің плюрализмі мәдениеттердің арасында «өзімдікі» және оған жат мәдениет «өзге» деген түсініктерді қалыптастырды. Мәдениеттердің әртүрлілігін зерттейтін мәдениеттену мәдениеттердің әртүрлілігін мәдениеттердің формақұрастыруының көптүрлілігінен, яғни мифпен, өнермен, дінмен, философиямен, ғылыммен байланыстырса, басқаша – тарихи көптүрлілігі ұлттар мен халықтардың әртүрлі дәуірлер мен кезеңдерде мәдени қалыптасуы. Біріншіден, бұнда мәдениеттің жүйелік бірлігі, екіншіден типтік әртүрлілік. Мәдениеттің құрылымы жағынан жалпы біртұтастықта болатын болса, оның тарихи-географиялық, қоғамдық, психологиялық жағынан әртүрлілікте болады деп қорытындылай аламыз. Демек, ұлт пен оны құратын жеке тұлға мәдени дәстүрде бірегейленеді. Ұлтты құратын жеке тұлғаларда ұлттық, ұлттық қатынастар, сезім мен күйзелістер туады.

Ондай болса, әрбір тұлға ұлтты білдіреді. Жеке тұлға мен ұлт арасында «Мен» мен «Мен»хабар алмасады. Жеке тұлға ұлтымен бірегейлік қарым-қатынаста болып, ұлттық құндылықтарды тасымалдаушы да болады. Ұлттық «Менді» қалыптастырушылық мәнінің маңызды тұс екендігін байыптай аламыз. Ал, ұлттық «Мен» феномені өзінің субъектілерінің, яғни, әрбір қазақ азаматының, «Мен» концепциясының тұтастығынан құралатын әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Яғни, ұлттық өзіндік сана – ұлттың өзін-өзі қайтадан тануы, өзін-өзі сынау, өзін-өзі жетілдіру сияқты т.б. құрылымдарды кеңінен қамтитын Ұлттық «Менге» жинақталады да, этноархетиптік үдерістерден тамыр тартады. Ұжымдық бейсаналықтың имманентті императиві де «Ұлттық Менді» сақтауды «жариялайды». Осы үдерісті Қазақстандағы бейнелеу өнеріне қатысты алсақ, мәселен, бодандық психология сарқыншақтарынан құтылу, ұлттық мақтаныш сезімін орнықтыру, өзінің өткеніне қайта үңіліп, шынайы тарихты жасау тәрізді мазмұнды құрайтын суретшілердің шығармалары өзінтанудың бастапқы принциптерін білдіреді. Нәтижесінде, ұлттық болмысты зерделеуді тереңдету, осыған сәйкес теориялық-практикалық іс-шараларды нығайту қажеттігі туындайды.

Яғни, ұлтты жай ғана кеңістік пен мәдениет арқылы біріккен адамдар тобы ғана емес, табиғи шартталғандық, генетикалық туыстық, психологиялық ұлттық

рух тұтастығы, менталитет пен дүниетанымның өзгеше түрі арқылы ұйысатын органикалық бүтіндік деп қарастыруымыз қажет. Бұл этноидентификацияны қамтамасыз етудің басты шарты болып табылмақ. Сол арқылы адам өзінің тәуелсіздігін, қоршағандардан өзінің жекелігін өзінің қоршағандармен қатынасы арқылы ұғынады, ол өзіндік санаға келеді, басқа адамдар арқылы өзінің «Менін» таниды. Қазіргі жаһандану кезеңінде көптеген мәдениеттер өзін жоғалтып алудан қорқады. Ал, мәдениетті, өзінің ұлттық, мәдени бірегейлігін сақтап қалудың жолы – мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтардықайта жаңғырту.

Қазіргі кезде көп жағдайда жаңадан ұсынылған, жаңа заманғы құндылықтарды алуға қорқудың себебі де осында. Өйткені, кейбір ұлттар өзінің ұлттық бірегейлігін жоғалтып алуы мүмкін. Мысалы, өзгенің тілінде сөйлеп, өз тілін ұмытудың соңы өз мәдениетін жоғалтуға алып келетін тура жолдың бірі.

Тіл – адамның ойының сөз арқылы айқындалуы. Тіл – бастапқы бастаулардың бірі. Дүниеге атау беріп, оны танып білуде тілдің рөлі теңдессіз. Ал, әлемдік тәртіпті орнатудағы құндылықтар шарты мен талабына келетін болсақ, қазіргі кезде жаһандану мен әлемдік тәртіпті орнату үдерістері қатар жүріп, ғаламшар аумағындағы адам қауымдастығының күйі мен даму барысын анықтайды. Бұл үдерістер мен құбылыстар өзара тығыз байланысты, бір-біріне тәуелді және бір-біріне ықпалдас. Бұлар геосаясат саласына қатысты әлемдік тәртіп идеясы негізінде жаһандану философиясы мен мәніне, оның соңғы нәтижелерін сипаттайтын құбылысқа айналған. Жалпы әлемдік тәртіп адам мен қоғамның күйін, демек, олардың өмірде өзіндік еркіндікті, әділеттілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін үлгісін қабылдаумен бірге, халықтар мен мемлекеттердің тұлғааралық байланыстарын, тиісті қатынастарын, жаңа және жоғары деңгейге шығаратын оң өзгерістердің болуымен байланысты үміттерді сипаттайды. Әлемдік тәртіп – белгілі бір деңгейде апатты түрде немесе адам еңбегінің нәтижесінде орын алған, жаһандық деңгейде қолдау табатын, шартты немесе күшті қолдану арқылы қабылданған белгілі бір дәуірдің нақты тарихи жағдайларындағы әлеуметтік әрекеттесу субъектілерінің планеталық болмысы қағидаларын, ережелерін, нормаларын белгілейтін шешімдерге негізделген халықаралық байланыстар мен адамдар қауымдастықтарының мінез-құлық жүйесі.Әлемдік тәртіпті «тәртіп-хаос» жұп ұғымдар арқылы сипаттауға болады. Қазіргі әлеуметтік технологиялар тәртіпті де, хаосты да басқара алады.

Әлемдік тәртіп – өз қисыны, заңдары мен тәртібі бар көп қырлы, өзгеше құбылыс. Бүкіл әлемнің туынды құбылыстары болады. Олар: табиғат пен қоғамға тән халықаралық қатынастар, саясат субъектілерінің ғаламдық жүйесінің қызметімен сипатталатын ұғым, адамзаттың алдына қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін әлемдік құрылыс моделі, ол бүкіл адамзаттық, аумақтық және рухани кеңістікті қамтиды, мәні бойынша жүйелі, үлестірілетін болып табылады. Әділ әлемдік тәртіп халықаралық қатынастарда ұлттық эгоизм саясатынан бас тартуды көздейді. Бүкіл әлемдік тәртіпті реттеу адамның қолынан келмесе де, Жер бетінде және әлемде болып жатқан

үдерістерді басқара алады. Белгілі бір деңгейде әлемдік тәртіп саясат субъектісі, басқару субъектісі ретінде орын алуы мүмкін және ол басқарудың нәтижесі болуы ықтимал. Әлемдік тәртіп идеясы адамзаттың өзімен тең құрдас деуге болады, себебі біздің өзара байланысты әлемде адамдардың өз өмірін және басқалардың өмірін реттеуіне деген қажеттілік туындауда.

Әрбір отбасы, әрбір қауым, әрбір мемлекет өзінің өмір сүруінің кепілдігі ретінде тәртіпті қажетсінеді. Тәртіп түрлі құбылыстарды реттеу қажеттілігі мен әлеуметтік өзара әрекеттесу субъектілерінің өсуі себепті көбейіп отырады. Жалпы әлемдік тәртіпті әрі қағидат, әрі мақсат ретінде қарастыруға болады. Әлемдік тәртіп мәдениетаралық диалогсыз, осы саладағы ашықтық пен жариялылық үдерісін ынталандыру шараларын қабылдаусыз орнатылуы мүмкін емес. Олар өзара мәдени іс-қимылдың нәтижесі болып табылады. Мәдениет этностың көптігі мен аздығына да байланысты емес. Мәдениеттердің барлығы қоғам мәселелерінің басымдықтары мен қажеттіліктеріне қатысты болады. Әлемдік тәртіпті орнатуға әлемдік саясат субъектілері айтарлықтай үлес қосады, себебі әлемдік тәртіптің орнатылуы олардың көзқарасына, мінез-құлқына байланысты. Қазіргі жағдайларда шетелдік инвестициялардың жұмыс орындарын құрып, табысты жақсарта отырып, кедейліктің деңгейін төмендетуге көмектесетіндігіне келіспеуге болмайды. Өз кезегінде, сауда және шетелдік инвестицияларды кеңейту әлеуметтік шапшаңдықты жеделдетіп, орта тапты нығайтады.

Біріншіден, бұған технологияны, байланыс құралдарын табанды түрде дамыту мен ақпараттық төңкеріс ықпал етуі мүмкін. Бірақ бұл түрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан басқа факс, интернет арқылы өзара тығыз тілдесуді жолға қоюға және осының негізінде өзара түсіністік пен ынтымақтастықты дамытуға көмектеседі.

Екіншіден, адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұйымдар, оның ішінде үшінші әлем елдеріндегі батыстық үкіметтер қолдау көрсететін халықаралық деңгейдегі және осыған ұқсас құрылымдардың көпшілігін қамтитын кейбір мульти-ұлттық қауымдастықтың шеңберінде жұмыс істей алады. Бұл ұйымдар заманауи коммуникация құралдарын белсенді пайдаланған жағдайда да әлемде азаматтық қоғамды құру үшін негіздер жасай алған болар еді.

Үшіншіден, дүниежүзілік сауданы жаһандану жағдайларында қарқынды дамыту түрлі қоғамдар арасындағы қатынастарды нығайтқан болар еді. Бұл халықаралық банктердің инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыруы арқылы негізгі құқықтар мен бостандықтарды кепілдендіру саласындағы өрлеуді қамтамасыз етіп, дамушы елдердегі демократияны нығайтар еді. Әлемдік тәртіпті орнатудың бірінші алғышарттарының бірі адамзаттың мүдделеріне қызмет ету болғандықтан, оның басты белгісі адамның құқықтарын құрметтеу құндылығын жүзеге асыру болып табылады.

Жаңа әлемдік тәртіпті орнату үшін мемлекеттер өзара жанжалдаспай, бітімгершілік кеңістікте әрекет етуі тиіс, ал оның негізі –төзімділік құндылығы.

Төзімділік ұғымы алғаш рет 1953 жылы медицина саласында пайда болған. XX ғ. 80-ші жылдардың аяғында саяси термин ретінде рәсімделген, толеранттылық ұғымының синонимі болып табылады.

Төзімділік (толеранттылық) – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларға барынша мәдениеттілік көрсетудің белгісі. Төзімділік – туа біткен топтық немесе жеке қасиет емес, белгілі бір жеке және қоғамдық құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын жүзеге асырылуына бағытталған күш.

Әр істе табысқа кенелу, жалпы әлемдік тәртіпті орнату, төзімділік пен баяндылыққа тән төзім болмаса, мемлекет табыс пен жеңіске оңай жетпейді. Ғылым мен білім жолында және табиғаттың құпияларын ашу үшін қажырлы еңбек етіп, қиындықтарға төзген данышпандар аз емес. Олар сол еңбегінің арқасында жоғары ғылыми дәрежелерге қол жеткізген. Сондай-ақ өзінің ұстамдылығы мен еңбек етуінің арқасында жағымсыз әдеттер мен сипаттар орнын игі сипаттармен ауыстырған адамдар да кездеседі. Ондай тұлғалар нәпсі құмарлар мен азғындыққа бастайтын әлеуеті алдында төзімділік көрсете алған.

Қоғамдағы жағдайды жақсартуға, жалпы әлемдік тәртіпті орнатуға талпыну да төзімділікті қажет етеді. Қоғамды түзетуде оң қадамдар жасап, оны бақытқа жетелейтіндер қарсыластардың бөгет жасаулары, мазасын алуы сияқты түрлі қиындықтарға төзіп, түпкі жеңіске жету жолында қайсарлық көрсетуі тиіс.

Аталған ұғымды талдау нәтижесінде әлемдегі мәдениеттердің түрлі әралуандылығын қабылдау мен түсіну мағынасындағы құрметтеу ұғымы, адам даралығын білдіру әдістері мен өз-өзін білдіру нысандары төзімділік құғымының басты мағынасы мен негізі болып табылатындығы анықталды.

Төзімділік ұғымының мәні қазақ тілінде шыдамдылық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, келісімді табу деген мағыналарды білдіреді. Төзімділікке, яғни толеранттылыққа қарсы интолеранттылық деген ұғым бар: адам, әлеуметтік топтар, мемлекеттерге байланысты ымырасыздық, шыдамсыздық, тағатсыздық, кейістілік, менмендік, оспадарлық, парықсыздық деген мағыналар пайдаланылады.

Төзімділік, толеранттылық, келісім тарихтың мәңгілік сыйы емес, себебі күнделікті дамудан туып отыратын қайшылықтар біржола шешілмейді, күніге, ай сайын, жылдар бойы, үздіксіз, барлық адамға шынайы жанашырлықпен, түсінік жұмыстарын жүргізе отырып, шешімді табуды талап етеді.

Төзімділіктің алғышарты –плюрализм, яғни түрлі ойлар мен пікірлердің бар болуы. Жалпы алғанда, толеранттылықтың негізі адамның басқаға, бөтенге қатынасын бақылау болып табылады. Бұл күнделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе болып саналады. Төзімділіктің негізінде плюрализмнің бар болуы орын алады, осыған байланысты төзімділік ұғымы демократия қағидаттарының бірі ретінде танылады. Төзімділік ұғымы алғашында әлеуметтік ой саласында философиялық ұғым ретінде пайда болып, қатынас ретінде түсіндірілетін. XX ғ.

бастап тәжірибелі тұрғыда саяси қызмет, технология ретінде көрініс тауып, осыған байланысты жеке дара саяси ұғым ретінде танылды.

Төзімділіктің негізгі ережелері мен қағидаттары БҰҰ мен Біріккен Ұлттардың білім, ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымының UNESCO-ның құжаттарында әзірленген, ал оны одан әрі талдау ғылыми және ғылыми-танымалды ақпарат көздерінде жүзеге асырылған.

Төзімділік мәселесінің көптеген аспектілері бар: діни, тарихи, философиялық, мәдениеттанушылық, педагогикалық, психологиялық, саясаттанушылық, құқықтық, әлеуметтанушылық және т.б. Олардың зерттелу деңгейлері де әртүрлі.

Төзімділік теориясы ағарту дәуірінде өмір сүрген ойшылдардың еңбектерінде зерттеле бастаған. Төзімділік XVII-XVIII ғасырларда Дж. Локк, Ф.М.А. Вольтер, Ж.Ж. Руссо, И. Кант сынды ұлы либералды ойшылдардың азаматтық қоғамының негізгі құндылықтарының бірі ретінде қарастырылған. XIX ғасырда Дж.Ст. Милль төзімділік идеясын еркіндіктің басты шарты ретінде қарастырды. Ал М. Вебер діни бостандық идеяларын қорғады. XX ғасырдың 70-ші жылдары «бейтарап либерализмнің» теорияшылы Дж. Роулс төзімділікті әлеуметтік әділдіктің негізі ретінде қарастырады. Барлық атап өтілген еңбектерде төзімділік идеясы ой еркіндігі мен ар-намыс еркіндігі қағидаларының шиеленісуі ретінде қарастырылады, алайда соғыс пен бейбітшілік мәселесімен де ұштастырылады.

Саяси төзімділіктің жеке феномен ретінде саяси жүйеде қызмет етуі саяси тәртіпке байланысты болғандықтан зерттелмеген. Саяси төзімділіктің анализдеу азаматтық қоғам теорияларының ережелеріне негізделеді.Қазіргі заманға сәйкес, демократиялық әлеуметтік-саяси ахуал жанжалды парадигмадан төзімділік қаланған парадигмаға көшуді талап етеді.

«Төзімділік», «толеранттылық» терминдерін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей төзімділік сөзімен байланыстырады. Қазақ тілінде «төзім» сөзі шыдам, сабыр, тағат мағынасында да қолданылады. Төзімділік қазіргі ғылымда мынадай әртүрлі аспектілерде қарастырылады: әлеуметтік, діни, саяси, жыныстық, этникалық, т.б. Осылардың ішіндегі біздің зерттеу пәнімізге тиесілісі – этникалық толеранттылық. Этникалық толеранттылықтың философиялық негізі – басқа адамның немесе өзінен айырмашылығы бар адамның өмір сүру фактісін мойындау, қабылдау, болып табылады. Ал оның түпкі мәніне жету үшін ең алдымен этникалық түсінікке тоқталып өткен жөн. Этнос терминін қарастырғанда Ю.В. Бромлейдің анықтамасын негізге алуға болады. Оның айтуынша «этнос – бұл белгілі аумақта тарихи қалыптасқан, салыстырмалы түрде тұрақты тіл, мәдениет және психикалық ерекшеліктерге, сол сияқты өзіндік атауында көрінетін, өзінің бірлігі мен өзгелерден ерекшелігін түсінетін адамдардың тұрақты жиынтығы» [112, 45б.]. Этнос табиғатын түсіндіруге арналған басқа да тұжырымдар көптеп жасалды. Л.Н.Гумилев этносты ең алдымен табиғи құбылыс ретінде қарастырды. Оның

түсінігінде этнос – бұл өзін басқа өзі сияқты ұжымдарға қарсы қоятын, ерекше ішкі құрылымға және мінез-құлық стереотипіне ие адамдар ұжымы. Этномәдени білім беру мәселесін зерттеу барысында этнос ұғымын тайпадан жоғары қауым, ұлт ұғымдарын жалпылаушы термин ретінде қолданады [112, 47б.].

Сонымен, этникалық сөзінің мәні адамның белгілі бір этнос мүшесі ретінде сол этносқа тиістілігін, сәйкестілігін сезінуі деген қорытынды жасауға болады. Осы тұрғыдан алып қарағанда этникалық толеранттылық басқа ұлт өкілдерінің сыртқы түрін, ойлау жүйесін, өзіндік ұлттық, мәдени ерекшеліктерін, іс-әрекетін қабылдай алу қабілеті ретінде көрінеді. Әрине, оның шегі өзара сыйластық, ынтымақтастық деңгейінде болуы тиіс. Төзімділіктің бастаулары көне тарихтан басталатындығы даусыз ақиқат. Төзімділікті реттеудің құқықтық негіздері қоғамдық төзімділікті қалыптастырудың маңызды аспектілеріне айналған. Сондықтан да ол көне кезден бастап белгілі болатын құқықтық ұғым. Оған Ашок заңдары (біздің ғасырға дейінгі 3 ғасыр), Көне Үндістанның, Кир патшасыныңзаңдары (біздің ғасырға дейінгі 5 ғасыр), Көне Персияның заңдары дәлел.

Дала халқы төзімділігінің бірегейлігінің сыры көнеден бастау алады. Өзіндік философиялық бастауларға шынайы қызығушылықты жандандыру ұлттың өзіндік санасы мен халықтың бірлігін нығайта түседі. Түрік философиясы тарауларының бірі болып табылатын қазақи философиялық ой тарихы мен қазіргі кезде жаһандық сипатқа ие болып, қазіргі заманның негізін қалаушы тақырыптарына айналған төзімділік пен рухани келісім идеяларын бірінші орынға қояды.

Дала халқының негізгі қоғамдық – мінез-құлықтық қағидасы ретіндегі төзімділік «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», қазақ қағанаты конституциясы болып табылатын «Жеті жарғы» сынды дәстүрлі құқық ережелерінде көрініс тапқан.

Орта Азиядағы көшпенділер өркениеті Жібек жолы арқылы Шығысты Батыспен, Оңтүстікті Солтүстікпен біріктірген. КСРО құлдырағаннан кейін ұлттық және Тәуелсіз мемлекеттер достастығындағы діни төзімсіздік негізіндегі ірі азаматтық жанжалдарға жол бермеген ТМД елдерінің бірі болған Қазақстан елдегі төзімділік деңгейін мақтан тұтады.

Қазіргі заманғы Қазақстанда төзімділік азаматтарды құқықтық бағытта тәрбиелеудің аса маңызды қағидатына, оның жалпы мәдени императивіне, әлеуметтік-құқықтық және ізгілік эволюция нәтижесіне айналған. Төзімділікті пайдалану құқықтық мәдениеттің жетістіктерін халық арасында неғұрлым тиімдірек енгізіп, таратуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні мемлекеттің төзімділіктің заң қағидаттары мен нормаларын ұстануы демократиялық азаматтық қоғамды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Осындай қоғамды дамытудың басым бағыттары ел үшін аса маңызды екендігін Елбасы өзінің Қазақстан халқына арналған жолдауында ерекше атап өткен.

Қолданыстағы заңнамада демократиялық, зайырлы, құқықтық және

әлеуметтік мемлекеттің қағидаттары мен нормаларының жүзеге асырылуына ықпал ететін ұйымдастырушылық-құқықтық әлеует орын алған. Төзімді қоғамды құру идеялары қазақстандық қоғамды «Қазақстан – 2030» стратегиясының басым бағыттары шеңберінде дамытудың маңызды құқықтық құралы мен сенімді негізіне айналған. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығы қоғамдық өмірдің кез келген салаларында: экономикада, саясатта, мәдениет пен білім беру, сонымен қатар этносаралық қатынастар мен қоғамдық келісім салалардағы қызметінің нәтижесі.

ҚР Конституциясы 1-бабының 1-тармақшасында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп жазылған. Демократия құндылықтарымен жүретін біздің ел – зайырлы мемлекет. Православие, буддизм және ислам әлемінің ортасында орналасқан Қазақстан «Өркениеттер қақтығысы» атты әйгілі мақала жарияланған жылдары азаттық алды. Барынша жариялылықты, географиялық факторларды ескеру аса маңызды болды. Дін сияқты өте нәзік мәселеге екі шоқып бір қараған еліміз бүгінде діни төзімділіктің үлгісін көрсетіп келеді. Халықаралық ұйымдар мен әлемдік сарапшылардың пікірінше, Қазақстан әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға қомақты үлес қосуда. Оның айқын дәлелі 2003 жылы дүние жүзі бойынша алғаш рет қазақ жерінде ұйымдастырылған әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының форумы. Қазіргі таңда әрбір үш жыл сайын ұйымдастырылатын болды. Н. Назарбаевтың әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің съезін өткізу туралы идеясын ислам, православие, католицизм, протестантизм, буддизм, индуизм, конфуциандық, иудаизм және басқа да көптеген діндердің өкілдері қолдап отыр. Осы бір бастама арқылы қанды қақтығысқа дейін барған діндер арасындағы келіспеушіліктер бір үстелдің басында мәселе етіп көтеріліп, күн тәртібіне шығарылды.

Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жаһанданудың қайшылықтары мен оңтайлы тұстарына бейімделе отырып, қоғамның рухани қасиеттерінің тағдыры төңірегінде ой толғайды. «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодын да сақтай білу». Код сөзі көп мағыналы. Ұлттың рухани коды дегеніміз – ұлтты ұлт ететін құндылықтар. Қазақтың рухани коды ұлтымызға тән әдет-ғұрып, дәстүрлердің үйлесуінде. Бұл – ұлттық сананы қалыптастыру туралы міндетті жүзеге асыруға бастайтын сара жолдардың бірі.

Екінші жоба – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Осы жоба бойынша тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, құдайтану баяны сияқты гуманитарлық бағыттар бойынша әлемдегі жақсы 100 оқулық әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударылып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалды.

2.3 Рухани-адамгершіліктік сабақтастықтың мәдени-әлеуметтік тетіктері

Сабақтастық –қоғамның белгілі бір негізгі элементтері, тетіктері арқылы дамиды. Ондай элементтердің ең бастысы – рухани мәдениет. Рухани мәдениетте адамның, халықтың ішкі бейнесінің барлық негізгі сипаттамалары болады. Рухани өмір өте күрделі және көп қырлы қоғамдық құрылым. Оның құрамдас бөліктері мыналар: қоғамдық сананың барлық түрлері мен нысандары, ойлары, идеялары, көзқарастары, сезімдері, адамдардың түсініктері, сондай-ақ, ғылымның, өнердің құндылықтары, адамдардың қоғамдағы мінез-құлық ережелері. Руханилық –адамды ерекшелендіретін, тек соған ғана тән және басқа ешкімде қайталанбайтын сипат.

Қоғамның мәдени және әлеуметтік өміріне тұрақтылық беріп, ұрпақ сайын ұлтты рухани-адамгершіліктік тұрғыдан жаңғыртып отыратын әлеуметтік тетіктерін және құрамдас бөліктерін талдау аса маңызды. Өйткені қазіргі қоғамға тән әлеуметтік дамудың қарқыны, мәдениетаралық байланыстардың нығаюы, халықаралық саяси, экономикалық және коммуникациялық жүйелердің жедел қалыптасуы нәтижесінде ұлттық-мәдени сәйкестік (идентификация) және оны сақтау мәселесі өткір қойылуда.

Сондықтан, әлеуметтік-философиялық ойда ұлттың, қоғамның ішкі мәдениетінің тұрақты сипаттамасы болып табылатын және оны тұрақтандыратын компонент функцияларын орындайтын факторларды зерттеудің маңызы зор. Олар әртүрлі аталып, олар бір әлеуметтік құбылыстың әртүрлі қырларын белгілеуі мүмкін. Мысалы: «әлеуметтік мұрагерлік», «тарихи жады», «діл» («менталитет»), «габитус». Соған қарамастан аталған ұғымдардың барлығы маңыздылық тұрғысынан ұлттың өзіндік санасы мәселесімен тікелей байланысты.

Аталған тетіктердің ішінде «тарихи жады» бірінші тұр. Тарихи жады– әлеуметтік-философиялық ойдың ежелгі саласы, нақты ұлттың, халықтың қоғамдық іс-әрекетінің өткен тәжірибесінің жиынтығы.

Қазіргі жағдайда ғалымдарды халықтардың тұрақты өмір сүру формаларын, дәстүрлерді түсіндіру, қазіргі қоғамдық іс-әрекеттің өткен тәжірибесіне деген сұраныстың механизмдерін қызықтырады. Бұл проблеманы негізінен Р.Коррингтон, Т.Ходсон, Эванс-Притчард, К.Леви-Стросс, Гуревич, А.Шютц, В. Мур, Гумилев және т.б. есімдермен берілген.

Қоғамдық сана мен мәдениет бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Мәдениеттің мәні – белгілі бір халықтардың және әлеуметтік топтардың идеялары, теориялары, түсініктері. Бірақ олар мәдениет құралдарынсыз, мәдениеттен тыс бекітіліп, ұрпақтан ұрпаққа беріле алмайды. Қоғамның рухани өмірі тек қоғамның белгілі бір күйі ғана емес, сана мен мәдениеттің қызмет етуі. Осындай көзқарасты басшылыққа алатын болсақ, рухани өмірдің құрамдас бөліктері мынадай:

1) бүгінге дейінгі ұрпақтар қалыптастырған рухани құндылықтар;

2) адамдардың рухани құндылықтарды игеріп, жаңа құндылықтарды, білімдерді, нормаларды, идеалдарды және т.б. әзірлеу жөніндегі шығармашылық қызметі;

3) шынайы рухани байлық, адамдардың тіршілік қарекеті, қарым-қатынастары барысында және т.б. мінез-құлқында көрініс табатын санасы.

Соңғы жылдары руханият мәселесіне деген қызығушылық жанданды, оған Қазақстандық қоғамда болып жатқан түрлендірулер себепші болды. Руханияттылықта адам мен қоғамның басынан кешірген жоғарғы құндылықтары үйлеседі. Адамзаттың ілгерілеу бағыты қоршаған ортаны және өз-өзін тануымен, өз өмірінің адамгершілік негіздерін бекітуімен, өнердің дамуымен өзара байланысты. Ақиқат, мейірімділік, көркемділік сияқтылар маңызды, әрі негіз қалаушы құндылықтар ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, еркіндік, шығармашылық, сенім, үміт және т. б. құндылықтар деп саналған. Бүкіл руханият мәселесінің белгілі дәрежеде өмірдің мәнін айқындауға қатысы бар. Сондықтан да руханияттылық өмірдің маңызын құрайтын үдеріс ретінде қарастырылады.

Рухани мәдениет өмір құбылыстарын, әлеуметтік құрылыстарды және адамның әлемдегі орнын түсіндіріп, оларға баға береді. Қоғамдық өмірдің өнімі ретінде идеялардың қозғалысын және олардың қалай құрылғандығын, қалай таратылып, игерілгендігін білдіріп, табиғаттың және қоғамдық өмірдің даму заңдылықтарын тану деңгейін қамтып көрсетеді, өмірге ілгерілеушілік идеялар мен оңтайлы білімнің қаншалықты дәрежеде толыққанды енгізілетіндігін куәландырады.

Алайда, рухани мәдениет ғылым, ғылыми-техникалық төңкеріс жағдайындағы өндірістік қызметтің өзге түрлерінің біріне ауысады және де материалды мәдениеттің аясына кіреді.

Кейде «рухани мәдениет» ұғымының өзіндік мағынасына аса назар аударумен қатар бұл ұғым адамның рухани қызметі өнімдерінің жиынтығы, оларды әзірлеу, қолдану және беру әдістерін де қамтиды.

Кейбір философиялық мектептер сабақтастық ұғымы жаңа қасиеттің туындауына әкеп соқтыратын (немесе керісінше, бір жүйенің басқа бір күйге ауысуы барысында сол жүйедегі өзгерістер мен өзгешеліктерді метафизикалық сипатта қалыптан тыс ұлғайтып, сабақтастықты жете бағаламай, тіпті оны мүлде мойындамайды) біртұтас құрылымды өзгертулеріне мән бермейді, ал басқа бір философиялық мектептер қайшылықты дамудың атрибуты ретінде қарастырады. Мұндай ұстанымның мысалы ретінде Гегельдің түсінігін айтуға болады.

Сабақтастық болмыстың да, пайымдаудың да түрлі кезеңдері арасындағы өзара байланыс, оның мәні тұтас жүйе ретінде өзгерген кезде (бір күйден басқа күйге ауысқан кезде) тұтас құбылыстың белгілі бір элементтерін немесе оның ұйымдастырылуының белгілі бір тұстарын сақтап қалу. Қазіргі кезде өткен шақ пен келер шақты өзара байланыстыру барысында сабақтастық тұтастық тұрақтылығының сақталуына себепші болады.

Бүгінге дейін сабақтастықтың ішкі құрылымы, құрылысы белгіленген объектілерге қатысты қарастырылды. Егер де объектінің құрылысын ескермей айтатын болсақ, тек оның жаңғыртылуы немесе жойылуы туралы айта аламыз; тиісінше, осындай жағдайларда сабақтастық ұғымдарын қолдану үшін негіз болмайды. Объектінің құрылымы белгіленген болса, сол объектінің екі түрлі күйін бір-бірімен салыстыруда қандай элементтер мен байланыстардың жоғалғандығын және сақталып қалғандығын немесе жаңа күйге түрлендірілгендігін анықтауға мүмкіндік береді. Айтылған сабақтастық объектінің белгілі бір элементтері мен байланыстары өзгертілген жағдайда сол жекелеген элементтер мен объектінің байланыстарына қатысты қарастырыла алатындығын да жоққа шығармайды. Алайда ол үшін аталмыш элементтер күрделі, құрылымды элементтер ретінде қарастырылуы тиіс. Адамдардың жасампаз қызметінен ажыратылған мәдениет болмайды және болуы да мүмкін емес. Сондықтан адамдардың жасампаз қызметі тараптарының өзара байланыстылығы тұрғысынан алғандағы материалды және рухани мәдениеттің арасындағы айырмашылық салыстырмалы, бірақ қажетті, себебі жалпы адам мәдениетінің даму заңдылықтарын пайымдау адамдардың материалды және рухани мәдениетінің арақатынасы және өзара байланысы мәселесін дұрыс шешумен байланысты.

Ғылыми әдебиеттерде сабақтастық ұғымы мынадай мәселелермен байланыстырыла қарастырылады: материалды мәдениет саласы (техника, өндірістік тәжірибе, өндіріс барысында құралған материалды құндылықтар және т.б.) және рухани мәдениет саласы (ғылым, өнер, әдебиет, философия, мораль, ағарту салаларындағы рухани құндылықтарды өндіру, бөліп тарату, тұтыну және т.б.). Осы екі мәселенің түйісетін нүктесі – ой сабақтастығы.

Кеңес дәуірінің ғалымдарының пікірінше, рухани және материалды өндіріс арасындағы өзара байланыстарды зерттеуде ең алдымен сол материалды өндірістің өзін жалпылама санат ретінде емес, белгілі бір тарихи кезеңдегі құбылыс ретінде қарастыру керек. Егер де материалды өндірістің өзін өзгеше тарихи нысан ретінде есепке алмайтын болсақ, оған сәйкес келетін рухани өндіріске тән ерекшеліктерді және олардың аралық қатынастарын түсіну қиындай түседі.

Ғылым – философия, әдебиет, өнер, мәдениет және тағы басқа саладағы жетістіктерді шоғырландырумен қатар, кез келген дәуірдің рухани мәдениеті тудырған қоғамның мәнін, оның әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарының түрлерін сипаттайды.

Ғылымның, өнердің, білім беру және ағарту саласының және бүкіл рухани мәдениеттің материалды негізі – адамдардың қоғамдық өндірістік қызметі. Сондықтан материалды мәдениет –қоғамның негізі болса, рухани мәдениет –қоғамның мәні, ұйымдастырушы орталығы болып табылады. Адамдар өндіргіш күштерді дамытумен қатар өздерін және рухани әлемді жаңартады.

Рухани мәдениет қоғамдағы әлеуметтік өзгерістердің ықпалымен үздіксіз дамиды. Осындай даму барысында рухани мәдениеттің түрлі құрамдас бөліктері бір-бірімен өзара әрекеттесіп, қоғам өмірінің басқа тұстарының өзгерулеріне ықпал етеді. Осындай күрделі үдерісте қоғамдық сананың және мәдениеттің басқа да элементтерінің түрлі нысандарының рөлі мен орны бірдей, алайда біркелкі емес.

Рухани мәдениет пен қоғамдық өмірдің басқа да тұстарының даму бағыттары тарих бойы ілгерілеп, біртіндеп даму арқылы көрініс табады. Рухани мәдениеттің ілгерілеу өлшемі – табиғаттың стихиялық күштеріне қатысты адамдар билігінің нығаюы және қоғамдық өмір саласындағы олардың саналық қызметтері дәрежесінің өсуі болып табылады. Осыдан кейін жалпы қоғамдық рухани мәдениеттің даму үдерісіндегі қоғамдық сананың әрбір нысанының ролі мен орнын анықтай аламыз. Қоғамдық сананың белгілі бір нысаны өзінің әлеуметтік және гносеологиялық мәні бойынша ілгері дамуға қабілетінің бар немесе жоқ болуы мүмкін. Ал, ілгері дамуға жарамды болса қоғамдық сананың басқа да нысандарына тап осындай ықпал ете алуына байланысты сананың әрбір жекеленген нысанының рөлі немесе объективті ақиқаттың жалған көрінісі болуы да мүмкін.

Француз буржуазиялық төңкерісінің идеологтарының бірі Э.А. Кондорсенің пікірінше, «қоғамдық ілгерілеу осыған дейінгі кезеңдерде қол жеткізілген нәтижелерге байланысты және келешекте қол жеткізілетін нәтижелерге ықпал етеді»[113, с. 5].

Қоғамның тарихындағы сабақтастық туралы өзге де қызықты, жарқын идеяларды орыс революционер-демократтары В. Белинский, А. Герцен, Н.Чернышевский, А.И. Герцен теорияларынан табуға болады. Мысалы, А.И.Герцен: «Өткен шақтан қазіргі шаққа дейінгі даму үдерісінен өткен шақты сыртқы төсеніш сынды жетістіктің негізі деп серпу үлкен қателік. Өткен шақ қазіргі кезде өзінің мәнін жоғалтып алған жоқ, қазіргі шақ өткен шақтың орнын басқан жоқ, ол тек қазіргі шаққа түрлендіріледі» [114, с. 45].

Қоғам дамуындағы сабақтастық – тарихтағы үздіксіздіктің негізі. Сабақтастықтың арқасында дамудың бірыңғай тізбегі құрастырылады. Сабақтастық – қоғамдық даму үдерісінің жалпылама сипаты және ажырамас тұсы. Тарихтағы сабақтастық жүйесінде мойындамаушылық та орын алады. Мойындамаушылық әлеуметтік ақиқаттың даму барысында міндетті түрде сабақтастықпен үйлеседі, ал сабақтастық мойындамаушылық сынды қажеттілікпен әрекет етеді. Қоғамдық даму барысында бүгінге дейін өмір сүрген және онан кейін өмір сүретін ұрпақтардың «оңтайлы және теріс әрекетінің» өзара әрекеттесуі енгізілген. Тарихи даму барысындағы сабақтастықты мойындау жалпы ілгерілеуді мойындаумен тікелей байланысты. Қоғамдық ілгерілеу сабақтастыққа негізделеді. Егер де сабақтастық жаңа ілгерілеуге әкеп соқтырмайтын болса, өз мәнін жояды.

Қоғамдық дамудағы ілгерілеу айтарлықтай деңгейде ұрпақтар сабақтастығының арқасында жүзеге асырылады. Бір ұрпақтың артынан екінші

ұрпақ ұштасатын ұрпақтар байланысынан тыс тарихи үдерісті елестету мүмкін емес. Қоғам жетістіктері қоғам дамуының әрбір кезеңінде болсын, бүкіл тарихы бойында қол жеткізілген болсын сол қоғамда өмір сүрген және өмір сүріп жүрген ұрпақтардың жиынтықты нәтижесі болып табылады.

Мәдениет дамуының мәні – біріншіден, адам өзінің шығармашылық қызметінің аясында түрлі заттар әлемі арқылы өзінің тіршілік қарекетінің материалды және рухани алғышарттарын жасайды, ал екіншіден – осыған дейінгі мәдениетті игеру арқылы өзін қоғамдық жаратылыс ретінде танытады. Мәдениеттің заттық және жеке нысандары – тарихи даму барысында бір-бірімен үйлесетін және өзара ауысатын қоғамдық адами даму нысандары.

Мәдениет біресе қозғалыссыз күйдегі зат түрінде көрінсе, кей кездері белсенді адам қызметінің мазасыз нысанына, қоғамдық даму үдерісіне және адамның тұлғасын қалыптастырушы объектіге айналады. Өздерінің қоғамдық тәжірибесі барысында адамдар өз өмірінің материалды жағдайын жақсартып қана қоймай, санасын да дамытады. Сананы дамытудың өзіндік нысандары болады, олар: діни сана, ғылыми сана, көркемдік сана, құқықтық сана, адамгершілік сана және т.б. Сол арқылы рухани мәдениетті дамыту аясы құрылады. Оған адамдардың рухани қызметінің тарихи тұрғыдан пайда болған барлық нысандары кіреді.

Алайда, рухани мәдениетті дамыту тек рухани құндылықтарды әзірлеу ғана емес. Рухани өндірісте негізгі, шешуші сала рухани шығармашылық болғанымен, рухани өндіріс тек рухани шығармашылықпен шектелмейтінін ескеру керек.

Рухани мәдениетті дамытудың тағы да бір аса маңызды нысандарының бірі – рухани қызмет өнімдерін тарату, яғни оларды мұралану, жеткізу және сақтау жүйесі. Осындайда «сабақтастық» пен «мұралану» ұғымдарының өзіндік ерекшеліктерін айыру қажеттілігі туындайды.

«Сабақтастық» ұғымы дамудың түрлі кезеңдері мен сатылары арасындағы байланысты сипаттайды. Дамудың мәні – біртұтас объектіні жүйелерге бөліп өзгерткен кезде оның белгілі бір элементтерін немесе жекелеген тұстарын сақтап қалу.

Мәдени мұраны жеткізу және игерудің аса маңызды әдістерінің бірі – дәстүрлер, себебі дәстүрлерде өмірлік тәжірибенің көп ғасырлық даналығы, халықтық ерекшеліктер жинақталған. Яғни, әрбір халық өзін мынадай рухани мұралар негізінде сақтап қалады: 1) дәстүрлер; 2) адамгершілік мәдениеті; 3) өмір салты.

Бір ұрпақтан екінші ұрпаққа биологиялық бағдарламаларды бекітіп, табыстайтын биологиялық, генетикалық кодпен қатар адамда тағы да бір кодтаушы жүйе болады. Ол жылдар бойы жинақталып, дамып отыратын адамнан адамға, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін әлеуметтік тәжірибенің әлеуметтік коды.

Дәстүр дегеніміз бүгінге дейінгі ұрпақтар тәжірибесін мұралану тетіктері ғана емес, адамгершілік мәдениетті дамытудың өзіндік бір әдісі. Оған қоса,

дәстүрлер қоғамдық қатынастардың қызмет ету нысаны болып табылады. Сонымен қатар, үнемі өзгеріп тұратын қоғамдық өмірде тұрақтандырушы фактор ролін атқарады.

Дәстүрлер белгілі бір халықтың тарихи тұрғыдан қалыптасқан мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Дәстүрлер ұғымдары – дәстүрлі ұлттық болмыстың мән-мағынасы болып табылатын нағыз адам бейнесіне негізделген. Дәстүр – тарихи тұрғыдағы адам тұлғасының өзін-өзі билеу қызметі. Постмодернизм кезеңінде дәстүрге деген плюралисттік көзқарас дамыды. Әрбір мәдени дәстүр – тек «ішінен» ғана пайымдалатын, еш уақытта бақылаушыға мәселені сырттай пайымдауға мүмкіндік бермейтін өзіндік бір мәтін.

Дәстүрді талдауға қатысты философиялық-антропологиялық көзқарас, ұғымдар мен құндылықтар жүйесі ретінде, яғни, адам болмысының айқындалған мән-мағыналары ретінде зерттеледі. Жалпылама адамгершілік қасиет немесе әмбебап экзистенционалдық құндылық болып табылатын дәстүрдің роліне ерекше көңіл аударылады. Антропологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, дәстүр – адам болмысын қорғауды, тұрақтандыруды ұйымдастырушы нысан (жеке, ұлттық, қоғамдық). Адам мен қоғамға (халыққа) өзін-өзі сақтаудың нысанды түрде рәсімделген «түйсігі». Дәстүр қоғамда тек нормативтік әлеуметтік деңгейде, жеке тұлғаның түрлі мінез-құлқы деңгейінде ғана пайымдалған жағдайда ғана құндылықты қасиеттері өзгермейді. Дәстүр өмірде біртіндеп қалыптасады, біртіндеп пайымдалады. Дәстүр болмысының антропологиялық мән-мағынасы түрлі мәдениеттердің, көзқарастардың үндесуінің негізі болып табылады.

Дәстүр түрлі кезеңдерде пайда болған элементтерді біріктіре алады және олардың ішіндегі тіпті «ең көне дәстүрлер» де күні бүгінге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Дәстүрдің арқасында адамдардың кеңістікті- уақытылы басы бірікпеушілігі жойылады, олардың белгілі бір рухани- адамгершілік негізіндегі ортақтығы қамтамасыз етіледі.

Ал, дәстүр мен шығармашылықты (инновацияларды) зерттеудің маңызы өте зор. Шығармашылық дегеніміз – мәдениеттің ең маңызды тұсы және оның ең серпінді факторы. Әрбір адам әлеуметтік-тарихи жағдайларға байланысты туындыгер болып табылады. Адамның болмысындағы және санасындағы қалыптасқан әлеуметтік мәдени құндылықтар шығармашылық қызметтің арқасында мәдени құндылықтарға айналады. Шығармашылық – мәдениеттің ішкі динамикасының беріктігін қамтамасыз ететін аса маңызды ерекшелігі және ең серпінді факторы. Адамның шығармашылық қызмет қабілеттілігі оны жеке тұлға ретінде сипаттайтын, қызметін ерекшелендіретін аса маңызды сипаттамалардың бірі. Тек адам ғана тоқтаусыз, үздіксіз, тынбай қызмет етіп, жаңашылдықтың пайда болуына ықпал ете алады, сонымен қатар ол тарихтың бірегей туындыгері, себебі тарихты тарихи нысандармен ұдайы өзгерту, толықтыру арқылы мән-мағынаға бөлейді.

Шығармашылық дегеніміз «табиғилықтан» «адамдық» болмыс сатысына кенет көтірілуге ықпал ететін күш. Дәстүр неғұрлым тереңірек пайымдалып, жинақталып, қорытындыланған сайын шығармашылық та соғұрлым бай және әралуан болып табылады. Әрине, адамның белсенді кезінің рухани шығармашылық үдерісі жаңа бұқаралық шерулердің механикалық үстемеленуін еске түсіреді. Егер де мәдени шығармашылық үдеріс біртіндеп, күрт бетбұрыстар мен өзгерістерсіз жүзеге асырылған болса, қазіргі кезде адамзаттың игілігінде жекелеген дара мәдениеттің қалыптасуы ықтимал еді. Алайда тарихта әлеуметтік құбылыстар үнемі өзгеріп, жаңа рухани құндылықтар ретінде қабылданады.

«Өмірдің көне нысандарының ыдырауы мен жаңа құндылық тетіктерінің пайда болуының нәтижесінде ізденістер, талпыныстар орын алады» – дейді неміс философы В. Виндельбанд [115, с. 83].

Жаңа енгізілімдер қазіргі әлемді дамытудың аса маңызды факторларының бірі болып табылады, себебі қазіргі кезең құрылымды өзгерістердің динамикалық кезеңі болып табылады. Жекелеген адамдар мен ұйымдардың, тіпті күллі халықтар мен қоғамдардың жетістіктерінің басым бөлігі түрлі жаңа енгізілімдерді даярлап, оларды қабылдау және бейімделу қабілетіне де байланысты.

Қоғамдағы заңды дәстүрлер мен үдерістердің ықпал етуі мен адамдар қызметі есебінен қанағаттандырылмайтын жаңа қажеттіліктер туындайды. Осыған байланысты жаңа, инновациялық мәселелер орын алады, оларды тек адамдардың белгілі бір инновациялық қызметі ғана шеше алады. Бұл қызмет кез келген жаңа енгізілімнің – ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, әлеуметтік-мәдени және т.б. мәнін құрайды. Инновациялық (яғни, шығармашылық) қызмет бір рет пайда болып, одан кейін өзі әзірлейтін репродукциялау тетіктері бойынша жаңғыртылады. Сонымен қатар, инновация (әсіресе мәдениет саласындағы) дәстүрге айналған кезде ғана мән-мағынаға ие болады. Кейбір зерттеушілер қазіргі заманғы мәдениеттегі дағдарысты дәстүрлер мен инновациялар арасындағы немесе әлеуметтік ортадағы мәдениет пен тарихи дәуірдің межесі болып табылатын мәдениет арасындағы үйлесімділіктің бұзылуы деп түсіндіреді. Канадалық философ Ф.Дюменнің пайымдауынша, дағдарыстың негізгі көзі – мәдениеттің индустрияландырылуы және техникалық құралдардың енгізілуі. Өз кезегінде техникалық құралдар заманауи БАҚ және жарнама арқылы мәдениетті көріністер мозаикасына айналдырды. Дәстүрлер мен жаңашылдықтың өзара әрекеттесуі мәдениеттің дамыту динамикасымен, мәдени қызметтің тәжірибиелік жетістіктерінің негізінде жаңаны құрудың үдерісін бейнелейді. Жалпы қоғамның екі бірдей келбеті бар: бірінші – тұрақты, үйлесімді және ынтымақтастық орнаған қоғам, екінші – өзгерістер, жанжалдар және кернеулер орнаған қоғам.

Дәстүр мен инновацияның арақатынасы қазіргі қоғам үшін өзекті, оны дерексіз теориялық ізденістерден ғана емес, сонымен қатар нақты жобалардан, бағдарламалардан байқауға болады. Әдіснамалық тұрғыдан қарайтын болсақ

әлеуметтік-мәдени көзқарас аса тиімді болып табылады, себебі ол өркениет пен формациялық көзқарастарды тұтас бір ұғымға айналдырады.

Қатаң түрде реттелген қызмет стандарттары ұзақ тарихи кезеңдегі дәстүрлер өткен ұрпақтардан мұра ретінде қалған, жаңғыртылған мінез-құлық тәсілдерінің бірі, көпшілік мінез-құлықтарының дұрыс нысандары. Қоғамдағы дәстүрлер мен инновацияларды пайымдаудың философиялық деңгейі олардың түбегейлі өзгеше, дегенмен, негізі бір құбылыстар табиғатын, мәнін пайымдауды талап етеді. Осындай негізгі әлеуметтік уақытқа қоғамның келешектегі күйі жатады. Яғни, инновация да, дәстүр де қоғамның болашаққа қарай қадам жасау нысандарының бірі болып табылады. Негізінен дәстүр қоғамның өмір тіршілігінің белгілі бір нысандарын заңдастыру әдістерінің бірі. Сонымен қатар, «келешекпен үйлесу» қоғамның белгілі бір өзгермейтін шамасы болып табылатын сапалық рәсімділік арқылы сақталуы, яғни өзін-өзі дәстүр арқылы қамтамасыз етуі. Жаңашылдықты тұрақтандыру – қол жеткізілген қызметтің жаппай нысанына айналдырудың қажетті алғышарттарының бірі, ұрпақтар сабақтастығының ең басты негізі.

Сөйтіп, мәдени ілгерілеудің өлшемі – халықтың мәдениетті игеру, мәдениетті мұра ретінде тануы және де оны шығармашылық қызметте пайдалану деңгейі. Яғни, сабақтастық – рухани мәдениетті сақтау нысаны болып табылады. Ол өз кезегінде кез келген мәдениетті дамытудың бастапқы негізі. Кез келген сабақтастықтың жинақталған уақыты мен әзірлену сипаты назардан тыс қалып, сол сабақтастықты өз өміріне енгізген және қолдайтын қоғамның тәжірибесі, яғни мақсатты қызметі немесе қателіктері, сынап көрулер нәтижесі оның негізі болып табылады. Сонымен қатар, сабақтастық нормативтік-бағалау бейнеленуінің бір түрі, ол адамдардың жеке дара әрекеттерін жинақтап қорытады және оларды ортақ ереже мен бағалау өлшемдеріне санап, сол актілерді жалпы қағидаттар мен құндылықтар тұрғысынан бағалайды.

«Әрбір дағды тура немесе жанама әлеуметтік талаптарға сай келеді. Сондықтан олардың барлықтары бір-бірін қолдап, бірыңғай массаны құрайды» – дейді француз философы А. Бергсон [116, с. 7].

Әдетте әлеуметтік қауымдастық пен оның тарихи қалыптасқан болмысы дәстүрлерге өз билігін жүргізе алады. Адамдар осындай нысандар мен талаптарды негіздеген кезде тек тарихи шарттарды, өзінің өмірлік болмыс нысандарын ғана басшылыққа ала алады. Норманың қоғамдық өмірде болуы, белгілі бір қауымдастықта қабылдануы оның (дәстүрдің) негізі болып табылады. Әрбір жеке тұлға сол норманы орындаушы ретінде қауымдастықтың барлық өкілдерімен тең құқылы. Сабақтастық түрлі ережелі іс-әрекеттерден әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жора, этика сынды мағынасы бір-біріне ұқсас құбылыстар арақатынасынан байқалады. Олардың барлығында белгілі бір жағдайда мінез-құлықтың әртүрлі нысандары болады. Мысалы, кез келген халықтарда қонақжайлық дәстүрі іс-әрекеттердің түрлі жоралғыларымен үйлеседі, мұны дәстүр сабақтастығы деуге болады.

Дәстүр рулық іс-әрекеттің жинақталған нысандарының бүкіл санатын қамтитын ұғым деген көзқарасты қолдаймыз. Демек, мәдениетті дамытудағы сабақтастық өте күрделі зерттелетін үдеріс. Біріншіден дәстүр бүгінге дейін қол жеткізілген өзара байланыс ретінде танылса, екіншіден жаңа енгізілімдерді қабылдауы тағы бар [117, с.47-59].

Сонымен, дәстүр сабақтастығы – тарихи сабақтастықтың ажырамас бөлігі ретінде шығармашылық игеруді және мұра ретінде қалған игіліктердің сыны қайта әзірленуді қажет ететін жаңашылдық екендігін көріп отырмыз. Жаңа тарихи кезеңде адамзат үнемі бүгінге дейінгі жетістіктерді бағалайды, берілген бағаны қайта қарайды. Мұра ретінде қалған мәдени құндылықтарды белгілі бір әлеуметтік күштердің қажеттіліктеріне байланысты қоғам алдында туындайтын жаңа мүмкіндіктер мен жаңа міндеттер аясында толықтырып, байытып, дамытады. Әлеуметтік күштер сол міндеттерді ғылыми-техникалық және әлеуметтік ілгерілеу тұрғысынан шешеді.

Рухани мәдениеттің нысаны – рухани игіліктерді игеру (тұтыну), оларды әрбір жеке тұлғаның игілігіне айналдыру аясы. Рухани мәдениетті игеру барысында адамның рухани келбеті қалыптастырылып, рухани және шығармашылық күштері, қабілеттері дамытылады. Нәтижесінде адам зияткерлік, адамгершілік және эстетикалық тұрғыдан дамиды. Қоғам мүшелерінің бет бейнесі мен мәдени деңгейі рухани мәдениетті игеру сипатына байланысты екендігі белгілі. Өз кезегінде рухани мәдениетті игеру қоғамдағы рухани мәдениетті бөліп тарату сипатына да байланысты болады.

Рухани өркендеу тарихи тұрғыдан қалыптасқан белгілі бір нысандардағы рухани мәдениетті дамытуы үш негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады: рухани құндылықтарды өндіру (шығармашылық), оларды бөліп тарату және тұтыну.

Қазіргі қоғамда мәдениетті дамытудың барлық негізгі тұстары түбегейлі жаңа мән-мағынаға ие болғандықтан, ол өзінің әлеуметтік мәні мен сипатын өзгертеді. Қоғамдық топтарды мәдени дамуға қатыстыру екі негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1) мәдениетті игеру, мәдени дамудың осыған дейін қол жеткізілген барлық нәтижелерін өмір мен тіршілік жағдайларына ыңғайластыру;

2) халықтың рухани мәдениеттің туындыгерлеріне, жаңа рухани құндылықтардың әзірлеушілеріне айналуы.

Түрлі мәдениеттердің бір-біріне ықпал етуі мәдениетті интернационалды сипатқа бөлейтін маңызды фактор болып табылады.

Мәдени байланыстардың шығармашылық нысандары, біріншіден өзара тығыз, қарқынды және ықпалдас байланыстар сипатында болып, екіншіден қарама-қайшы мәдениеттердің өзара қатынастарын білдіретін мәнге ие. Егерде, бірінші жағдайда мәдени ықпал ету үдерісі орын алатын болса, екінші жағдайда біз мәдениеттердің шиеленісуімен соқтығысамыз.

Мәдени ықпалдастық – мәдениеттердің рухани өрлеу саласында оңтайлы, ынталандырушы із қалдыратын шығармашылық өзара әрекеттесу

нысандары. Мәдениеттердің шығармашылық қатынастарының, бір-бірін байытуға деген талпыныстың, мәдени әрекеттесудің нәтижесінде пайда болатын үдеріс.

Мәдени әрекеттесу еліктеушілік, игеру ұғымдарына қарағанда анағұрлым кең. Соңғы аталған екі ұғым мәдени ықпал етуге баламалы, шамалас ұғымдар емес, мәдени ықпал етудің жеке нысандары болып табылады. Шығармашылық үдерістің бір түрі болып табылатын мәдени ықпалдастық туралы айтқан кезде біз оның мәдени еліктеушілік нысанындағы көрінісі туралы, не болмаса мәдени жетістіктерді, тәжірибені шығармашылық игеру нысанын басшылыққа аламыз.

Сөйтіп, еліктеу, басқадан ауыстырып алу, игеру мәдени ықпалдастықтың нысандары болмақ. Сонда мәдени ықпалдастық мәдени өзара әрекеттесу көріністерінің бірі болып табылады. Көп жағдайда мәдени құндылықтардың алмасуы мәдени ықпалдастық нысандары деп айтылады. Мысалы, әдебиет және өнер онкүндіктерін өткізу және т.б. Дегенмен, мәдени өзара байланыстардың орнатылуына негіз болатын мәдени іс-шаралар мен еліктеу, басқадан алу, игеру сынды шығармашылық формаларды бір қатарға қоюға болмайды.

Яғни, мәдени байланыстар мен мәдени қарым-қатынастар мәселелерін келесі бағыттар бойынша қарастыру керек: мәдени әрекеттесу, мәдени өзара ықпалдастық. Мәдени ықпалдастықтың келесі нысандарын айқындауға болады:

а) еліктеу;

б) басқадан тәжірибе алу;

в) шығармашылық игеру;

г) мәдениеттердің типологиялық ұқсастығы;

д) мәдениеттердің шиеленісуі (қақтығысы).

Мәдени өзара әрекеттесу қарқынды, шығармашылық байланыстар сипатында болуы мүмкін немесе түрлі қосалқы мәдениеттердің шиеленісуіне әкеп соғуы мүмкін.

Мәдени өзара әрекеттесу көптеген нысандардан байқалады, олардың ең бастылары – мәдени еліктеушілік, басқа мәдени құбылыстарды өз тәжірибесінде қолдану, игеру, тәжірибесіне енгізу және т.б.

Еліктеу – мәдени ықпалдастықтың ең қарапайым нысаны. Шығармашылық нәтижесі айтарлықтай болмаса да, еліктеушілік мәдени төңкерістің алғашқы жылдары және оған дейін де орын алған еді. Өз жазулары болмаған халықтар кәсіби көркемдік шығармашылығын енді ғана бастаған кезде еліктеушіліктен бастаған еді. Мысалы, өздерінің жазулары болмағандықтан бірқатар республикаларда ауызша әдебиет өкілдері – фольклоршылар – халықтық шығармаларды көршілес елдердің немесе тілдері ұқсас халықтардың әдеби шығармаларына еліктеу арқылы таратқан еді. Еліктеушілік белгілі бір шығармашылық элементтерде аздап болса да болады, себебі еліктеу дегеніміз – үйрену дегенді білдіреді.

Кәсіби әдебиет пен өнер ұлттық дәстүрлер мен мәдени мирасқорлық негізінде дамиды. Алайда, өзіндік жазулары жоқ халықтарда бай мәдени мұра болмаған еді. Мысалы, Қазан төңкерісіне дейін Дагестанда институционалды

негізде рәсімделген кәсіби өнер болмаған еді. Кәсіби әдебиет пен өнер түрлері орыс халқының және өзгеде де халықтардың асыл қазынасына қарап алынған деуге болады.

Көп ғасырлар бойы халық шығармашылығы ауызша түрде дамыған еді. Кәсіби мәдениеттің жаңа басқа елдерден алынған нысандары арқылы синтезделуі ұлттық мәдениетті, әдебиет пен өнерді одан әрі сәтті дамыту үшін тиісті жағдайлар жасаған болатын. Кәсіби әдебиетте және өнерде өзіндік жазулары жоқ халықтар өзінің алғаш қадамдарын көрші халықтар мәдениетінің, ең алдымен орыс халқының көркемдік мәдениетінің дайын нысандарын алып пайдалана бастады.

Ешбір тіл басқа тілдің ықпалынан сақтандырылмағандығы белгілі. Халықтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар неғұрлым тығыз болған сайын, тілдік байланыстар мен тілдік байланыстар негізінде жасалып, қолданысқа енгізу де қарқынды дамыды. Дәл осындай жағдайларда өз жазулары жоқ халықтар өздерінің әдеби тілін байыту мақсатында лексикалық материалды, терминдерді, ал кей кездері тіпті басқа халықтардың тілдерінен алынған фразалар мен сөз тіркестерін құру жүйесін де пайдаланды. Осы жағдайлардағы тілдік қолданыстар ұлттық тілдерді дамыту қажеттіліктерін туындатты.

Сөйтіп, тілдік өзара ықпал етуді ең алдымен тікелей және жанама байланыстар нәтижесінде әдеби тілді немесе ауызша тілді дамыту арқылы жүзеге асырылатын сөздіктен алып қолданудан байқауға болады. Әдетте, көптеген қолданыстағы сөздер жаңа тілдің фонетикалық және семантикалық ерекшеліктеріне бағынады және біртіндеп сол тілдің сөздік, лексикалық қорының тең құқылы мүшелеріне айналады.

Осыған байланысты кез келген шағын халықты немесе көп халықты елдің мәдени жаулап алушылыққа ұшырауы аса маңызды зерттеулердің бірі болып саналады, себебі осындай жоғалтып алушылық бәріне ортақ. Адамның ұлылығы оның бойымен өлшенбейтіні іспеттес, халықтың ұлылығы оның санына байланысты емес. Қайталанбастықпен және бірегейлікпен қатар ұлттық мәдениеттердің құрамында мәдени әмбебаптылық, өзге де мәдени әлемдердің белгілері мен нышандары да орын алады. Яғни, әрбір ұлттық мәдениет жалпы адамзаттың мәдениет шеңберінде, ұлттық-ерекшелік, ұлттық сипаттан тыс және жалпы адамзаттық, қайта өңделген және ұлттық мәдениетпен игерілген мәдениет ретінде әрекет етеді. Әлеуметтанушы Э. Милдтің «ешбір қоғам тек сол қоғамның айрықша меншігі болып табылатын мәдениетке ие емес» [118, с. 344] деген пікірін орынды деп санаймыз. Әрбір мәдениетте өзгеше сипатқа ие болатын жалпы адамгершілік құндылықтар интеграцияның негізі болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі ұлттық ерекшелігі жоқ мәдениеттің ғылыми-техникалық қабаты біртіндеп барлық елдерді де қамти бастады және сол арқылы адамзатты нәсілдер мен ұлттық белгілері бойынша межелеп бөлуге деген бағыттарды бейтараптандырады. Бүгінгі таңда ұлттық идея аса маңызды

және тартымды идеялардың бірі, әсіресе саны шағын елдер үшін. Жалпы, XX ғасыр ұлттық және нәсілдік сананың айтарлықтай өсуімен сипатталады.

Бұл заңдылықты кезінде философ Ж. Белзен атап өткен еді: «біздің ғасырда нәсілдік және ұлттық түйсіктер әдеттен тыс күшпен жандана түсті. Ұлттық құштарлықтар әлемді боршалап, еуропалық мәдениеттің сөніп кету қаупін төндіреді» [119, с. 139]. Жалпы адамзаттық құндылықтар – абстрактылы ұғым емес, олар әрбір ұлттық мәдениетке нақты енгізіледі. Ұлт оңтайлы құндылық ретінде ұлттың әралуандылығын қамту арқылы адамзаттың нақты бірлігіне енгізеді. Философ Ж. Белзен атап өткендей: «Ұлт сапасы халық арасында дамитын адамгершілікке байланысты» [119, с. 162]. Қазіргі өркениеттің санасында адамзат бірлігі, мәдениеттің бүкіл әлемге ортақ жайылғандығы туралы идея бекітіліп, мәдениеттер мен халықтардың бір-бірінен оқшаулану кезеңі біртіндеп аяқталуда. Жалпы ғаламдық бірлік идея дәуірі, келісім мен қос шығармашылық құндылықтарына негізделуі мүмкін, ол өзіндік ерекшелікке және бірегейлікке қайшы келмейді. Сонда, мәдениеттің мәнін тарихи ілгерілеудің барлық негізгі қабаттарының барынша шексіз ортақтығы деп сипаттау орынды болып табылады.

Көп ұлтты мәдениеттің мәні бүкіл халықтың материалды және рухани өмірін, оның болмысы мен санасының ортақ белгілерін сипаттайды. Алайда, мәні бойынша интернационалдық болып табылатын мәдениет ұлтсыз мәдениет емес. Ұлттардың, адамдардың ұлттық қауымдастықтары мен мәдениет белгілі бір ұлттық нысандардан тыс дами алмайды. Ұлттық нысан – халықтың тарихы, тілі, ұлттық мінезі, дәстүрлері, тұрмысы, әдет-ғұрыптары ерекшеліктерімен сипатталатын өзгеше құралдардың, әдістердің, мәдениет пен өнер туындыларын әзірлеу тәсілдерінің жиынтығы.

Мәдени ықпал етудің аса белсенді нысаны болып саналатын шығармашылық игеру көркемдік ойлаудың жоғары дамуына себепші. Мәдени жетістіктердің шығармашылық игерілуі барысында белгілі бір халық рухани өндіріс саласында жинақтаған тәжірибесін басқа кеңістікке ауыстырады (әдетте, осындай ауысушылық қарапайым еліктеушілік болып шығады). Бір мәдениетті екінші мәдениетпен ауыстыру нәтижесінде халықтың өмір салтының және туған мәдениеті дәстүрлерінің азып кетуіне, сонымен қатар бөтен мәдениеттің мағыналық интенцияларының бұрмалануына әкеп соқтырады.

Мәдени жетістіктердің шығармашылық тұрғыдан игерілуі мәдени дәстүрлердің жаңа, бұрынғыдан да жоғары деңгейдегі құндылықтар болып қабылдануына негіз болады. Сонымен қатар басқа халықтардың тәжірибесін өңдеп қана қоймай, оларды рухани өндіріс саласында одан артық, жақсы, сапалы, жаңа құбылыстар негізінде әзірлеуді көздейді.

Әрбір ұлттық мәдениеттің дамуы және олардың өзара ықпал етушілігі ұлттық мәдениеттерді дамытудың екі ұшты үдерісі. Ұлттық мәдениеттердің бірлігі және сан алуандылығы түрлі халықтардың мәдени дәстүрлерімен өзара алмасуының нәтижелері. Мәдени өзара алмасу түрлі нысандар мен әдістер

арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, ұлттық мәдениеттердің он күндіктері, әдебиет пен поэзия күндері, театралдық гастрольдер, көркемдік кәсіби және көркемөнер ұжымдарының өнер алмасуы, саз кештерін ұйымдастыру, шығармаларды өзара дәріптеу, бейнелеу өнерінің көрмелері, театрлардың және көркемдік ұжымдардың репертуарларына мәдениет қайраткерлерінің шығармаларын енгізу, біріктірілген ғылыми конференциялар, ғалымдардың белгілі бір мәселелер бойынша бірлескен зерттеу жұмыстары, т.б.

Қазіргі қоғам жағдайларында мәдени байланыстар мен қарым-қатынастар айтарлықтай интенсивтендіріледі. Халықтар арасындағы мәдени байланыс ағылшын, қазақ және орыс тілдері арқылы, сондай-ақ, кино, теледидар, радио, кітаптар, баспасөз және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Белгілі бір тарихи кезеңде құрылған мәдениетте мәңгіге сақталатын, сонымен қатар, алып пайдалануға болмайтын ерекшелік бар. Кешегі және бүгінгі ұрпақтар мәдени-тарихи ілгерілеу барысында қалыптасқан мәдени құндылықтарға сыни көзқарас танытып, сыни талдаудан өткізуді қажет етеді.

Тарих бетпердесі бірнеше жылға созылған соғыстарымен, жорықтарымен, тарихи тұлғаларымен, тарихи батырларымен қызықты. Әрбір тарихи оқиғаның өзіндік себебі, кемшілігі мен жетістігі бар. Нақты өмір сүріп жатқан тарих дегеніміздің өзі шексіз пайда болған шығармашылық мүмкіндіктер мен қандайда бір тарихи заңдылықтардың сәйкес келмейтін ашық плюрализмі, өткен ұрпақтың мәдени-тарихи шығармашылығы, рухани аймағы. Философиялық үдерістегі сабақтастық мәселесі осы мүмкіндіктерді жан-жақты зерттеуді талап етеді және дәл осы мәдени-философиялық шығармашылық аймағы ғана өркениеттер сабақтастығын шын мәнінде қамтамасыз етуге қабілетті. Сабақтастық барысындағы өркениеттер мұрасы әрдайым белсенділік танытатын рухани мүмкіндіктердің жоғалмайтын таңдауы. Адамзат өзінің зорлыққа толы, әлі күнге дейін варварлықтан айырылмаған өткенімен, бәрінен бұрын адам басынан өтер қайғы тәжірибе жинағы адами өмірмен бірге келесі ұрпаққа бұлыңғыр күйінде жетеді.

Өркениет жетістіктерінің тағы бір ерекшелігі – ғимараттар, күмбездер, ескерткіштер, жалпы алғанда, сәулет өнері. Әрбір сәулет өнерінің жемісі – ескерткіш. Ал, ескерткіш сурет болсын, ғимарат болсын – адам қолтаңбасы. Демек, сол адамның басқаларға қалдырған ескерткіші. Осы ескерткіштер арқылы біз өмірден өткен адамдардың ой-армандарын ұғынамыз. Ескерткіш – халықтың өткен өмірінің, дүниетанымының мәңгілікке сақталатын бір белгісі. Ескерткіш ешқашан себепсіз қойылмайды, яғни әрбір мұра болып қалған ескерткіштің өзіне тән шежіресі бар екені анық. Ескерткіш – сабақтастық барысында бір ұрпақтан екінші ұрпаққа мұра ретінде қалдырылған рухани қолжазба.

XXI ғасыр – техниканың гүлдену кезеңі. Техникадағы ең керемет жетістік ақпаратты сақтау және тарату: кітаптық басылым, кино, радио, хабарлама, теледидар. Өркениеттің өте жоғары ырғақты дамуын ағартушылықтың сапасынан айқын байқауға болады. Әлеуметтік өзгерістер кез-келген «дәстүрлі»

тәрбиеге де әсер етеді. Осындай «әсер етулер» бір қалыпты өмір ағымына дағдыланған кеңес адамдарына ауыр соқты. Олар кеңес дәуіріндегі жоғары мәртебелі қызметтерін қазіргі таңдағы сұранысқа ие мамандықтарға қарай ауыстыруына тура келді. Бұрынғы алған білім қазіргі таңның сұранысын қанағаттандырмайды. Өз аймағында үлкен тәжірибеге ие, өзін білікті маманмын деп есептеген адам қазіргі заманғы еңбек нарығында не істеймін деген ойға қалды. Осы сәт ескі мамандықтармен жаңа мамандықтардың арасындағы өзінше бір сабақтастықты туғызды. Ескі мамандықтардың жаңа өмірге сабақтасуына байланысты жаңа мамандықтар туып, олар қоғамның өсуіне, адамдардың өз мамандықтарына деген басқаша жаңа көзқарастарын туғызды.

Қазіргі заманғы еңбек нарығы XXI ғасырдың Мерчендайзер, Логистик, Девелопер, Копирайтер, Джоббер, Коучер сынды жаңа мамандықтарын ұсынады. Осы аталған және басқа да жаңа мамандықтар қазіргі заманғы еңбек нарығында өте үлкен сұранысқа ие және бұл мамандықтар енді мамандық таңдауға бет бұрған жастар үшін аса тиімді. Қазіргі заманғы ағартушылық бағыттың осы және басқа да мәселелерінің шешімі жаңа техникалық құралдарға, әлемдік ақпараттар жүйесі немесе Интернетке қызығушылық танытқанда ғана шешіледі. Шын мәнінде, қазіргі таңда жүйенің алғашқы даму баспалдағының өзінде-ақ адамзаттың ақпараттық әлеуеті айтарлықтай дамып, әлемнің барлық бұрышындағы миллиардтаған адамдардың тең және оңай бірігуінің басты себебі болды. Интернет 1969 жылы АҚШ-та қорғаныс министрлігінің компьютерлік орталығын біріктіруші және академиялық ұйымдар қатарында құрылды [120, с. 105].

Жүйенің бірінші әрі басты ерекшелігі– ақпараттарды тасымалдаудағы тиімді әрі әмбебап құрал болуы ғана емес, сонымен қатар шексіз жадыға барлық мәліметті ұзақ сақтау қабілеті. Болашақта ақпараттарды электронды жүйеде тасымалдау уақыт өте келе «қағаздық» тасымалды толығымен ығыстырып тастауы мүмкін. Адамзаттың рухани қазынасы: кітап мұрамыз, кино қорымыз, музыкалық жазбалар жинағымыз, т.б. электронданады. Осылайша, біртіндеп, жүйе бұқаралық қолданыстың жалғыз құралына айналуы мүмкін.

Сабақтастықтың белгілі бір сабақтасар заңдылығын әрбір ұрпақ өзі өмір сүрген дәуірдің еншісіне балап басқара алады. Бұл табиғи құбылыс. Демек, әзірге адам жер бетіндегі басты тіршілік иесі болып отырған жағдайда, сабақтастық қызметі ешқашан үзілмейді.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

3.1 Қазақстандағы рухани-адамгершіліктік сабақтастық үдерісінің негізгі мәселелері

Қазақ халқының мәдениет саласы XVI-XVIII ғасырларданқалыптаса бастады. Географиялық, климаттық және шаруашылық жағдайлар сипатына ыңғайластырылған дәстүрлердің тарихи сабақтастығы осы ғасырларда өмір сүрген қазақтар тұрмысына да тең ықпал етті. Бұл тарихи сабақтастық ең алдымен қазақ мәдениетінің тұтастығынан, бірлігінің сақталу тетігіне айналғандығынан байқалады. Қазақ қоғамының рухани мәдениетінің материалды және рухани аспектілерінің ажырамас байланысы, өзара қиылысуы оның тұтастық сипатта болуының басты негізі болып табылады.

Кез келген халықтың рухани мәдениетінің тұтастығы мен бірлігін сақтауда тарихи сабақтастықтың рөлі жоғары. Дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың тарихи сабақтастығы қоғамның тұтастығын сақтауға бағытталған. Рухани мәдениетті таратуда тәрбие ұрпақтар тәжірибесінің сабақтастығында басты рөл атқарады. Сол арқылы қоғамның сақталуы мен қалыпты күйде болуы қамтамасыз етіледі. Қазақ рухани мәдениетінің тұтастығын сақтау, дамыту дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, ұрпақтар тәжірибесінің тарихи сабақтастығына негізделеді.

Тарихи сабақтастық халықтың рухани мәдениетінен байқалады. Рухани мәдениеттің тұтастығын, бірлігін сақтау және қалыпты күйде ұстау қоғамның тіршілік қарекетінің негізгі шарты.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің түркі мәдениетімен сабақтастығын қазақ эпосынан байқауға болады. Қазақ эпосы өз стилі, мазмұны жағынан түрік эпостық дәстүрінің мирасқоры. Түрік эпостық дәстүрінің тарихы ежелден шамамен VIII ғасырдың бірінші (үштен бір бөлігін қамтитын) кезеңінен басталады, себебі сол кезде «қабір басындағы тастарда ең алғаш рет Орхон жазулары пайда болған; ол жазуларда тарихи-батырлық поэмалар жанрының өлең нысанында тарихи оқиғалар бейнеленген» [121, с. 136].

Қазақ эпосы тарихи сабақтастықты жүзеге асыру мысалдарының бірі болып табылады, себебі қазақ эпосында қазақ даласында өмір сүргендердің эпостық дәстүрлері мұраланған. Дала эпосы Орталық Азия даласының мифологиясы мен эпостық дәстүрін мұралаған сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың, қарлұқтардың, одан кейін оғыздардың, қыпшақтардың қатысуымен пайда болған.

Қазақстанның Шығыс елдерімен, Ресеймен мәдени сабақтастық байланыстары көне ғасырлардан бері қалыптасқан.

Тарихи сабақтастықтың сақтау тетіктерін жете түсіну – халықтың рухани жаңғырту құралдарының бірі. Өз халқының тарихын, рухани мәдениетінің бастауларын, өзіндік ерекшеліктерін және қыр-сырларын ұғыну қоғамның рухани-идеялық дамуына ықпал етеді. Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: «Бүгінгі

күні адам үшін бұрынғыдан да асқан деңгейде даму үшін тек материалды ынталандыру ғана емес, сонымен қатар, рухани ынталандыру күштері де өте қажет. Қоғамда бұрынғы идеологиялық жүйенің ыдырауына, қоғамдық формацияның қайта бағалануының салдары болып табылатын құндылықтардың қайта бағалануына байланысты туындаған адамгершілік құндылықтарына қатысты бос қуыс орын алған кезде адамдарға рухты асқақтататын ниет беру, жас ұрпақты халықтың көп ғасырлық рухани және мәдени мұрасына, күллі әлемдік өркениеттің мирасына қатыстыру өте маңызды болып табылады» [122, 67 б.].

Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі сабақтастықты зерттеудің тарихи-әдіснамалық мәселелерін ашу отандық философия ғылымындағы аса перспективті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мәселе Қазақстанның тарихына шолу жасау барысындағы көптеген құбылыстарды түйсіну үшін қосалқы әдіснамалық құралдардың бірі.

XIX ғасырдың ортасынан бастап ғалымдар ауызша дамыған қазақ халық шығармашылығын жинақтауға, жүйелеуге көшті. Олардың ішінен Ы.Алтынсариннің, Б. Әлменовтың, М.Ж. Көпеевтың, А. Диваевтің зерттеулерін ерекше атап өтуге болады, себебі аталмыш еңбектерде дәстүрлі қазақ қоғамының шешендік шығармашылығының түрлі аспектілері қарастырылған [123, 34б.].Осы мәселелер А.И. Оразбаеваның ғылыми еңбегінде де зерттелген. Еңбек Еуразия кеңістігінде өмір сүрген көшпенді халықтардың тарихи сабақтастығына, сондай-ақ, тарихи үдерістегі көшпелі халықтарға қатысты формациялық және өркениетті өлшемдердің арақатынасы мәселелеріне арналған [124, 58б.]. Көшпенді және отырықшы өркениеттердің тіршілік харекетіне салыстырмалы талдау жасау барысында көптеген теориялық зерттеулер негізінде дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени дамыту ерекшелігі бар екенін түсінеміз.

Қазіргі қоғамда өткен тарихқа үлкен құрметпен қарап, рухани мұраларымыздың сабақтастығын, ұрпақтарымыздың тарихи жақындастығын өзекті мәселелер деп тану қажеттіліктен туындап отыр. Рухани дүние болмысының жаңаруы қоғамның рухани тамырларын зерттеп, ұғынудың нәтижесі болып табылады. Іздену, ұғыну, өткенге құрметпен қарау. Мақсат – өзін-өзі тану жолына түсу, өркениетті қоғамдағы озық халықтардың қатарына қосылып, терезесі тең болу.

Халықтың рухани болмысы, байлығы сол халықты толық сақтап қалатын және өмір сүру құқығын дәлелдейтін қайнар бұлағы болып есептеледі. Тарихи даму барысында әрбір халық түрлі қиындықтардан өтеді, сол арқылы рухы шыңдалады. Рухани байлық – халықтық сезімді, ақыл-ойын, қам-қарекетін біріктіретін әдептілік қазынасы. Ұлттық мүддемен шектеліп қалмай, бүкіл адамзатты біріктіруге бағытталған терең рухани-болмыстық игіліктері. Руханилықтың көріністері әртүрлі формада байқалуы мүмкін. Мысалы: қарапайым саналылық пен ырымшылдық, халық санасының жалпы бағдарының төменнен, тереңнен бағыт алуы, интеллектуалдар мен ақындардың арман қиял

абстракциясының ең биік формасы. Халық болмысының руханилығы – оның өмірлік құндылықтарының қайнар көзі ғана емес, жалпы адамзат құндылықтарын біріктірудің ерекше әдісі. Сондықтан әр халықтың, әр ұлттың рухани даму сатыларында, баршаға ортақ ұқсастықтарды іздеу мүмкіндігі бар.

Кеңес одағының ыдырауына байланысты еркіндікке ие болған жас тәуелсіз елдердің болашағы, тағдыры бүкіл әлемді алаңдатты. Басына бостандық алған әрбір тәуелсіз жас мемлекет өздерінің мемлекеттік құрылымын, жаңа саясатын, экономикалық жүйесін, мәдени бағдарын бағамдап, іргелі концепциялар, стратегиялық бағдарламалар жасай бастады. Ел іргесі тыныш, әрі даму үдерісі қарқынды жүру үшін алыс-жақын шет елдермен мемлекетаралық қатынасты қамтамасыз ету қажет болды. Бұл тарапта ғалым Т.Мансұров былай дейді: «Халықтардың қарым-қатынасындағы басты және мәнді қырлардың бірі – мәдени ықпалдастық. Көптеген парасат иесі ғалымдардың экономикалық проблемалар күрделі және шешімді болса да мәдениет мәселелері, рухани игілік жайлары одан да басым тұрады дейтін пікірімен санасуына тура келеді. Адамдардың санасы мен имандылығындағы ақау – нағыз қасірет. Ежелгі тарихтың тар кезеңдерінде де мәдени ынтымақтастықтың рухани астасуы халықтарды достастырып, егемен елді табыстыратын берік дәнекер болған. Ал, Қазақстан мен мәдени байыту дәстүрі сонау ғасырлардағы Еуразиялық тоғысудың өнегесі, үндестік пен үйлесімділіктің үлесі десе де болады» [125, 75б.].

Қоғамда, саясатта болып жатқан құбылыстар миллионерді де, зейнеткерді де, студентті де, ғалымды да бей-жай қалдырмайды. Халық билікке тікелей араласпаса да, биліктің, саясаттың қайнар көзі. Саясат халықтан басталады, демек ол халықтың тұрмысы, жай-күйі. Қашанда елім деген ер азаматтар өз халқы үшін саясаттың жазықсыз құрбаны болды. Ой-пікірдегі плюрализм саяси өмірде ғана емес мәдени үдерістерде де қатесіз, тіпті кей жағдайларда зиянды деп танылды. 20-жылдардың соңынан бастап мәдени революцияның барысында КСРО-ның көптеген республикаларында оларды мекендеген халықтарды тарихи зердесінен айыруға бағытталған шаралар жүзеге асырылды. Нәтижесінде түрік тілдес халықтардың барлығы сан ғасырлар бойы араб графикасы негізінде қалыптасып, пайдаланылып келген алфавиті 1929 жылы латын әрпімен, ал, 1940 жылы кириллицамен алмастырылды. Осы саясаттың кесірінен елдің араб жазуымен жарияланған рухани байлығы пайдалану мүмкіндігінен айрылды. Ал, бұл жағдай халықтардың тарихи зердесінің жойылуына әкеліп соқты. 30-жылдары осы саясатқа қарсылық ретінде араб әрпінде жарияланған басылымдарды пайдаланғандар «пантюркист», «панисламист», тіпті «халық жауы» аталып қуғын-сүргінге ұшырады. Сонау хандық кезеңде де артыс-тартыс, дау-дамайдың бірінші себепкері ел жайы болды. Ұлан ғасыр, кең байтақ қазақ жерін қазақтар қазақ үшін жаудан қорғады, көзінің қарашығындай сақтады, ұрпаққа мирас етті, аманат қылды. Бертін келе, қазақ тағдыры қыл үстінде тұрған шақта ел еңсесін көтеруге тырысып, ел тұтастығын сақтауға ұмтылған озық ойлы қазақ интеллегенциясы

репрессияға ұшырап, елі үшін құрбан болды. Ұлы отан соғысы кезінде қазақтың өрімдей ұл-қыздары майданға өз еріктерімен сұранып, ортақ отанды қорғады, көзсіз ерліктер жасап, қазақ есімін биіктерден көрсетті. Соңғы дүбірлі оқиға «Желтоқсан» көтерілісінде қазақ жастары халықтың қамы үшін алаңға жиналды, олар үлкен ерлік жасап, еш бағаға тең келмес тәуелсіздік тұғырын қондырды, бодандыққа бостандық жолын бастап берді. Бір сарынды өмірдің арнасын бұрып, ұйықтап қалған санамызды «Тәуелсіздік» деген жалғыз сөзбен дүр еткізді. Тәуелсіздік – кемелді келбеттің көрінісі, қасиеті, қызметі, жетілген жанның әрекетшіл ақылы мен ісі сияқты екі қасиеттің ортақ байланысы [126,125б.]. Демек, тәуелсіздік –өркениеттіліктің бас белгісі. Бұл турасында академик Ғарифолла Есім «Қазақстандық өркениет деген не?» деген жалпыға ортақ сауал қояды. Ғалымның пікірінше, өркениеттің теориясы да, тарихы да бар, бірақ бізге керегі осы заманға лайық түсінік. «Қазақ өркениеті» деуден гөрі «Қазақстандық өркениет» дегеніміз шындыққа, қалыптасқан әлеуметтік-мәдени жағдайға сәйкес түсінік [127, 138б.].

Қазақ эпосы – тарихи сабақтастықты жүзеге асыру мысалдарының бірі Тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен этномәдениетті қайта жаңғыртумен сипатталады. Бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен трансформацияға ұшыраған ұлттық ерекшеліктерімізді қайта өркендету мемлекеттік деңгейде жүргізілуде.

Адамзат баласының тарихы үздіксіз сабақтастықтың арқасында мәдени-тарихи құрылымды түзеді. Себебі сабақтастық дәуірлер, ғасырлар, жылдар, күндер арасын жалғастырушы дәнекер. Сабақтастық әлсіреген тұста кейінгі тарихқа қайта жүгіну үдерісі өте қарқынды түрде жүреді. Ал дәстүр сабақтастыққа қарағанда салмақты, қалыптасқан тұрақты жүйе. Сондықтан да дәстүрге деген құрмет халық арасында өте зор мәнге ие. Дәстүр адамдар арасында жазылмаған заң іспеттес, ол еш қадағалаусыз, ешкімнің өмірінсіз өз бетінше орындалады. Демек, сабақтастық – дәстүрдің кезеңнен-кезеңге өту тізбегі. Сабақтастық әрбір дәстүрдің түпкі мағынасының өзгеріссіз жетуіне тікелей міндетті.

Қазіргі заманғы философия тарихындағы тарихи үдерістерді зерттеуде өркениеттік проблемалар жетекші орында. Себебі әрбір өркениет бірізділік құрылым, бірсызықтық қалыпта емес, жоғары-төмен, жетілген-жетілмеген күйлерімен анықталатын тұтас тарихи-әлемдік үрдіс. Өркениет өзін-өзі анықтау, таныту бағытында экзистенциялдық тәжірибе, жан-жақты құрылым, ең бастысы адамзаттық құндылықты бойына жинады. Құндылық та адамның әлемге деген ашық көзқарасы мен табиғатқа деген қайырымды қатынасы жатыр. Олай болса, материалды және рухани құндылықтар адам дамуының мәдени жетістігі. Дұрысы, осы институционалды жүйенің қалай трансформацияланғанына мән беру. Себебі, бүгінгі дамудың негізгі іргетасы, өткеннің көш алды жаңалықтары.

Өркениет дүниетанымының бірлігі мен әртүрлілігі заман талабына сай туындап отырған мәселе болғандықтан осы үдерістегі үйлесімділіктер мен қайшылықтар жаңа мәдени құндылықтар көзі ретінде қарастырылады. Әлемдік тарихи-мәдени даму қоғамда қайшылық тудырып отырған төмен деңгейдегі құнсыздықтар мен келеңсіздіктер мәселесімен күресіп келеді. Өркениеттік дәстүрдің жаңа бағытқа бет бұруы заңдылық, бірақ қазіргі өркениет жетістігіне негіз болған бастапқы идеялар мен алғашқы туындылар одан тысқары қалмауы тиіс. Себебі, өркениет жағдайында дәстүрлі мәдениет жаңа өркениет талаптарымен ұштасып жатады.

Құндылықтар – өркениеттің басты өлшемі, адамзат дамуын байланыстырушы, сабақтастырушы, жалғастырушы механизм ретінде дәріптеледі. Құндылықтар – тілі, тұрмыс-тіршілігі мен салты бір, тағдырлас халықтардың бірінен екіншісіне ауысып, трансформациялану арқылы халық дәстүрін толықтырып отырады. Осы ойдың негізі болып отырған батыс ғалымдарының құндылық теориясы өркениеттік құндылықтардың қалыптасуы мен даму бағдарларының алғышарты ретінде көрініс алды. Демек, адамзаттық құндылықтардың басымдығын мойындау, жеке адамды әлемнің тұтқасы деп есептеумен тең. Өркениеттік құндылықтар адамдық мәдени игіліктер арқылы қалыптасып, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың кезектес үдерісінде сабақтаса отырып белгілі бір тұтастықты құрайды [128].

Кез-келген қоғам өзінің саяси жүйесіне, материалдық және рухани даму деңгейіне қарамастан тіршілік әрекетінің барлық салаларында өзінің байлығын үнемі көбейтіп отыруға мүдделі. Ол үшін әрбір азамат өзін тұлға ретінде, қоғамдық қатынастардың объектісі мен субъектісі ретінде танытып, өзін-өзі дамытуға, өзгертуге қажетті шараларды құруға бейімделген көптеген әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да міндеттерді шешуге мәжбүр еткендігі анық.

Қазіргі жастар өз мемлекетінде өзінің рөлін жете түсініп қана қоймай, мәдениет, әлем және демократияның жалпы идеясын іске асыруда өзінің үлесін енгізуі тиіс. Олар қоғамның басқа әлеуметтік топтарына қарағанда елдің барлық экономикасын қайта құрған жағдайда қажетті, жаңа білімді, мамандықтарды жылдам меңгере алатын топ. Жастар қоғамның материалдық және рухани байлықтарының мұрагері ғана емес, сонымен қатар жаңа, барынша үдемелі және демократиялық қоғамдық қатынастарды құрушы.

Алдыңғы буыннан алға озу үшін, жастар жай ғана материалдық қана емес, сонымен қатар өз ұлтының, халқының рухани байлығын, мәдениетін дамытуға, қайта құруға дайын болу керек. Бұл - көп жерде алдыңғы буынға ұқсау, сонымен қатар одан ерекшелену. Тап осы ерекшеліктер жағымды сипаттағы адамзаттың прогрессивті дамуының кепілі болып табылады.

Ештеңеге мұқтаж емес, қажет нәрсесінің бәрі бар адамды кездестіру өте қиын. Өйткені ол қалыпты құбылыс. Қажеттілік, сұраныстың толастамауы – оң өзгерістерге бастайтын тетік. «Сұраныстар – жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың, жалпы қоғамның ағзасын дамыту және тіршілік ету әрекетін қолдау

үшін қажетті кемшілік немесе бір нәрсеге мұқтаждық, белсенділіктің ішкі оятушысы» [129, 37б.].

Ғылыми зерттеулерде сабақтастық мәселесіне қатысты басқа да көзқарастарды байқауға болады. Шетелдік зерттеушілер Э. Тайлор «Первобытная культура» (1871) және Дж. Фрэзер «Золотая ветвь» (1890) еңбектерінде негізі қаланған антропологиялық көзқарасты ұстанады. Шетелде американдық этнограф М. Мидтің антропологиялық-мәдени тұжырымдамасы кеңінен таралған [130, с. 56].

Мәселенің мәнін аңғару үшін сабақтастықты философиялық ұғым ретінде пайымдау керек. Өйткені ол көптеген басқа ұғымдармен тығыз байланыста. Сабақтастық мәселесіне талдау жасамай даму үдерісін түсіну, атап айтқанда, көне кезең мен жаңа кезең арасындағы және мойындалмайтын мен мойындамаушы арасындағы өзара байланысты түсіну қиын. Қозғалатын материяның үздіктілігі мен үздіксіздігінің бірлігін зерттеген кезде сабақтастық мәселесіне тап боламыз. Мысалы, Э.А. Баллердің пайымдауынша, табиғатта, қоғам мен сананың даму барысында, көне мен жаңа арасындағы қажетті байланыс болып табылатын сабақтастық заңы аса маңызды мәселелердің бірі [3, с. 8]. Яғни, мойындамайтын мен мойындалмайтынды өзара байланыстырған кезде сабақтастық - қозғалатын материяның үздіктілігі мен үздіксіздігінің, оның белгілі бір объектілерінің ұқсастығының немесе өзгешелігінің бірлігі болып табылады. Өркендеу – өткеннен қазіргі кезге дейін және қазіргі кезден келешекке (болуы ықтимал) қарай бағытталған өзгеріс. Демек, өркендеу – кері айналмайтын сипаттағы күйлердің ауысуы. Сондықтан да дамудың мерзімді реттелгендігі туралы айту орынды болар. Енді ғана пайда болатын жаңа үдерістер сабақтастықты мойындамай және сақтамай өзін-өзі бекіте алмайды. Жаңа үдерістер ескіден оның оңтайлы тұстарын алып, ескінің болуын тоқтатып қойған кезде ғана даму болады.

Қорыта айтқанда, сабақтастықтың маңыздылығы атқаратын рөлінде, адам баласының басынан өткерген түрлі оқиғаларының жалғасуында. Сабақтастық –тарихты жалғастырушы, бағыт беруші. Мұндай үдеріс ұрпақтар сабақтастығының арқасында жүзеге асады. Сабақтастық қоғаммен қоғамды, тарихпен тарихты, өмірмен өмірді, түрлі оқиғалармен жаңалықтарды жалғастырушы, сабақтаушы.

Сабақтастық – сарындастық, үндестік, жалғастық, байланыстырушылық әрекеттерін атқарады. Адам мен табиғаттың арасындағы көрінбейтін сабақтастықты үйлесім дейміз. Адамзат тарихындағы дәстүр тұрақты, қалыптасқан дүние болса, сабақтастық осы дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізер құрал немесе трансформацияланудың тәсілі, технологиясы, механизмі, тіпті бір кезеңнен екінші бір кезеңге өтудің сәті. Негізінен дүние немесе тарих кезеңдерге өздігінен бөлінбейді, ол тұтастық. Оны болған оқиғаларына байланысты жіктеме жасап, әрбіріне айдар тағатын – адам. Кез-келген құбылыстың құндылығы, маңыздылығы оның берілу механизімінде, келесі кезеңге не болмаса дәуірге жету технологиясында, жалпы

трансформациялануында. Сондықтан да адамзат тарихындағы сабақтастықтың рухани мәдениетпен ықпалдастығының рөлі өте зор, әрі жауапты. Сабақтастық белгілі бір бағдарды, құндылықтарды анықтауда да өзекті болып табылады. Сабақтастық өздігінен болмайды. Ол үшін мәдениеттер мен өркениеттер арасында өзіндік бір ықпалдастық болуы тиіс. Бұл ықпалдастық әдетте сұхбат немесе рухани қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Сонымен сабақтастықтың мәні – анықталған объективті, әмбебап даму қағидаты деуге болады. Әрбір тарихи дәуірде ойлау мәдениетінің деңгейіне сәйкес көрініс табатын, рухани мәдени сабақтастықтың ерекше саласы болып табылатын сана, ой сабақтастығы сана мен ойдың бірлігімен ерекшеленеді.

3.2 Қазақтың дәстүрлі этикалыққұндылықтарындағы трансформацияның ерекшеліктері

Ұлттық мәдениет философиялық, мәдени, рухани, әлеуметтік, экономикалық, саяси, тарихи, эстетикалық, этикалық идеалдар мен құндылықтарды құрайды. Ұлттық құндылықтар– ұзақ әлеуметтік-тарихи тәжірибе мен білімнің квитэссенциясы, үздіксіз ұзақ тарихи кезеңдерде тұрақтылық пен әлеуметтік-тарихи бірегейлікті, өзіндік болмысты сақтайтын, өзін-өзі реттеу тетіктеріне ие тұтас жүйе.

Қазақ мәдениетінің қалыптасуы барысында ұлтымызға тән көшпенді өркениеттердің тарихи сабақтастығы сақталды.Кез келген халықтың рухани мәдениетінің тұтастығы мен бірлігін сақтауда тарихи сабақтастықтың рөлі жоғары. Дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың тарихи сабақтастығы қоғамның тұтастығын сақтауға бағытталған. Рухани мәдениетті таратудың негізі болып табылатын тәрбие ұрпақтар тәжірибесінің сабақтастығында басты рөл атқарады. Сол арқылы қоғамның сақталуы мен қалыпты күйде болуы қамтамасыз етіледі. Қазақ рухани мәдениетінің тұтастығын сақтау, дамыту дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, ұрпақтар тәжірибесінің тарихи сабақтастығына негізделеді. Тарихи сабақтастық халықтың рухани мәдениетінен ерекше байқалады. Рухани мәдениеттің тұтастығын, бірлігін сақтау және қалыпты күйде ұстау – қоғамның тіршілігінің негізгі шарты.

Қазіргі қазақ ұлтының дәстүрлі этикалық құндылықтарында толассыз трансформациялар жүруде. Оның бірнеше себебі бар. Қазақ қоғамы XIX ғасырдан ортасынан бастап бірнеше үлкен соққыны бастан өткерді. Біріншісі тарихи-саяси себеп: қазақ отарлаудың барлық қанды оқиғаларын бастан кешірді. Екіншісі – экономикалық: сауда капиталының енуімен бірге өсімқорлық, тұтынушылық енді. Үшіншісі – мәдени: ғаламдық жаһанданумен бірге рухсыздық және тойымсыз тұтынушылық келді. Осы себепті ұлтымыздың дәстүрлі этикалық құндылықтар жүйесінде дағдарыс басталды, әлеуметтік проблемалар күшейді, ұлт тағдыры ауырлады. Сауда капиталы адамды тауарға айналдыра бастады. Қазіргі уақытта қоғамымызда құндылықтық төңкеріс қарқынды жүріп жатыр. Яғни, жастардың ақыл-ойында жақсылық пен зұлымдық туралы түсінік өзгертіліп, кеше «жақсы» аталған нәрсе бүгін

«зұлымдыққа» ауыстырылуда деп айтуға болады. Мұның бәрі кездейсоқ болып жатқан құбылыс емес.

Бүгінгі өмір әлемдік мәдениетке «жаһандану» атымен енген универсалды, локалды және индивидуалды арасындағы көпқырлы қайшылықтар әкелді. Бір жағынан тұтастырушы тенденциялар, бұқаралық ақпарат, байланыс құралдары, көлік кең таралып,нарық, қаржы, өндіріс, техникалық дамудың шығындары мен қауіптері, экологиялық, демографиялық мәселелер ғаламдық шеңберде ауқымдануда. Екінші жағынан адам қауымдастықтарының индивидуализациялануы тереңдеп, дәстүрлі қоғамның индустриалды капитализм қалыптасқаннан бергі сарқыншақтары жойылып, Ортағасырларда, дәстүрлі қоғамдарда, Жаңа Заман тудырған дәстүрлі емес әлеуметтік құрылымдарда маңызды рөл атқарған адам қауымдастықтарының формалары ыдырауда. Бұл процестер «постмодерн» атанған кезеңнен және осы кезең адамының бейнесінен көрініс табуда.

Қоғамда орын алған құндылықтардың алмасуы–«жалғандықтың диктатурасының» салтанат құруының негізгі алғышарты –көпшіліктің енжарлығы және өздеріндей емес адамдарға деген жек көрушілік. Өз пікірі мен құндылықтары жоқ адамның санасын манипуляциялау оңай. Олар үшін газет беттерінде жазылғанның барлығы – ақиқат. Көріп отырғанымыздай, барлық түйін – адамның жеке басында.

Болмыстың мәнін анықтау бүгінгі адамның индивидуалдылығына, өз өмірінің мағынасы болуы мүмкіндігіне сенімнің жойылуымен қатар жүруде. Болмыс орталығын анықтаудың мүмкін еместігі және соның салдарынан ішкі жан тыныштығына қол жеткізе алмау – алуан түрлі әдіс-тәсілдермен, мысалы өткір сезімдер (агрессия, секс, ойын-сауық, көңіл көтеру) іздеумен толықтырылуда. Бұл жолдағы басты сезім – өзгемен өзара әрекеттесе отырып оны терістеу және теріс бұрылу барысындағы өзін сезіну. Өзін сезінудің мұндай тәсілдері адамның өз-өзін қабылдаудағы ішкі тіректің жоғалғандығын бейнелейді. Сондықтан мәдени-негативті процестерге деген бұқаралық ынта-құлшыныс – өзін терең зерттеп, қорытуды талап ететін мәнді құбылыс.

Осы құбылысқа қатысты қолданылатын «әдеп-ибаның жоғалғандығы» туралы тұжырым түсіндірме емес, шарасыздықтан туған констатация болумен ғана шектелуде. Өйткені өзін-өзі бекіту және ішкі тіректі орнықтыру тәсілдерінің бейлегитимділігі қазіргі заманғы ерекшелікпен, рационалдыны және рационалдының бақылауындағыға жат саналатынның барлығын назардан ығыстыруға (эллиминациялауға) деген ұмтылыспен түсіндіріледі. Осы тенденцияның арқасында бір кездерде легитимді деп қабылданған, яғни мәдени құндылықтар шеңберінде ұғынылған, өз тәні, сезімдері мен аффектілері жөніндегі уайым-түсініктері де ығыстырылады.

Өзін сезіну үшін адамдар таңдайтын ойын-сауық қызықтары, секс, зорлық-зомбылық – заманауи мәдениетте қабылданбаған шаралар. Қоғамдық пікір, қоғамдық тәртіп пен заң олардың мағыналылығы мен құндылығын терістейді. Олар адамдар тіршілігінің негіздері үшін апатты, жойқын зорлық

күштеріне теңгеріліп, қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне қарсы бағытталған күштеу ретінде заңнан тысқары қойылады. Сондықтан зорлық-зомбылықтың мұндай қылмыстық, құбыжықтық көріністері символ, антиобраз және адам тұлғасының толыққанды мәдени мағынадан айырылған бөлігінің көлеңкесі ретінде бейнеленеді. Еріктің қуатымен байланысты болғандықтан тұлғаның маңызды бөлігінің көлеңкесі. Ал ерік – интеллект пен аффектінің интеграциясының рефлексиямен бірлесуі негізінде іске асады. Шынайы мәдени-рухани құндылықтармен байланысы үзілген қоғамда адам тұтастығы мен бірлігін тәндік түрде бекіту әрекеттері, индивидті тобырлық коллективизмге бағынышты ететін зорлықтың, секстің белең алуы заңды құбылыс. Бұған дейін адамға өз тұлғасының бөлігін интеграциялай алу және ішкі тіректі сезіну мүмкіндігі берілген болса, ол – дәстүрлі қоғамнан қалған мұра – адам өздігінің ақыл-ойлы-рухани және тәндік-аффектілік қырлары арасындағы рационалды тұрғыдан негізделмеген табиғи иерархияның болуынан еді. Техниканың бүгінгі өмірге енуіне, нарықтың қалыптасуы және оны бақылау тәсілдерінің дамуына байланысты өмірсалтты рационализациялаудың күшеюуі нәтижесінде – ол иерархияның негізсіздігі ендігі қалыптасқан мәдениеттегі тәннің және жалпы аффектілік өмірдің реалды рөлі, орны (дұрысы - орынсыздығы) анықталды.

Адам тұтастығын қарапайым жолмен бекітудің деңгейіне көшу – бүгінгі адам үшін тәндік пен руханилықтың бірлігі жойылғандығының белгісі. Сондықтан олардың арасындағы байланыс формаларын іздеу, сезіну маңызды болуда. Бұқаралық мәдениетте көрініс тапқан «төменгі», тәндік құбылыстарға деген жаппай қызығушылық және тән құқықтарын бекітудің деструктивті мәдени-әлеуметтік тәсілдерінің басымдығы осыған дәлел. Тұлғаның бірегейлігі идеясы мен техниканың жоғары деңгейін шарықтатқан адамзат мәдениетінің бүгінгі күнгі мәселесі әрі тығырығы осындай.

Замануи мәдениет адам мәселесі саласында айрықша, басқа дүниеден дербес, өзіндік «меннің» бар екендігі туралы пікірді қалыптастырды. Бұл принцип жарнамада, бұқаралық өнерде, сән саласында көрініс тапты. Мысалы: сән өнері әрбір индивидуумның тек өзіне ғана тән стилі болуы туралы қажеттілікті ендіруде. Өздік образға назар аударып, оны рефлексивті түрде бақылау міндеті белгілі дәрежеде қажетті де болғанымен, сол образдың қажеттілігін міндеттеу - өзіндік образдың ыдырауына әкеліп тірейді. Өйткені «мен» және адам образы саласында қалыптасқан бұқаралық мәдениет - қайталанбас ішкі өмірдің мәні - бірегей «мен» және сыртқы образ ұғымдарын ептілікпен алмастыруда. Мұндай алмастырудың үлгісін «Сәнді нәрсе ешқашан көптік етпейді» сияқты жарнамалық ұраннан көруге болады. Бұл жарнаманы түрліше қабылдауға болады. Мысалы, сатып алуға деген үндеу ретінде. Екіншіден «сәнді» дегеніміз ол – асқақ, «қолға түспес» деген мағынаны беретіндіктен сәнқойды өзгелерден ерекшеленуге шақырып, қайталанбас бейнені иелену мүмкіндігін уәде етеді. Нәтижесінде жарнама өз адресатын «мен» және «менің образым» ұғымдарын алмастыру процесіне бастау береді.

Тұлғаның бірегейлігі бұл жерде қолға түспес затты иеленумен алмастырылып тұр. Заттың қайталанбастығы – тұлғаның қайталанбастылығымен алмастырылуда және индивидуалдылық – сыртқы құрал-тәсілдермен шектелуде. Элитарлылық және престиж идеясы сыртқы көрсеткіштермен алмастырылып, тұлғаның ішкі мазмұнының орнына қойылуда және ең сорақысы – тек сонымен шектелуге шақыруда. Мұндайда субъекттің өздігі ретінде тән ұсынылып, зат – тұлғаның сыртқы көрсеткіші ретінде ұғынылуда. Тұлғалық ерекшелік қарапайым тәндік тілектермен алмастырылуда. Мысалы, «Спрайт» сусынын жарнамалаудағы «Имидж ештеңе де емес, барлығын шешетін – шөлбасу!». Ал, ішкі дүниенің сыртқы бейнеге сәйкестік-сәйкессіздігі сөз етілмейді. Адам «мені» оның тәндік тілектеріне теңгеріліп, ішкі мен сыртқының орны алмастырылуда.

Қазіргі заман адамына «мәңгілік сұрақтардан» жалтаруға деген ұмтылыс тән. Э.Гидденс «тәжірибенің секвестрациясы» («оқшауланuы») деп атаған құбылыс – адамның өлімге, ауру-сырқауларға, кері оралмас оқиғаларға қатыстылығын сезінбеуге мүмкіндік беретін әдіс. Мысалы «хеппи-эндпен» аяқталатын мелодрамалардың, шоуға айналдырылған апаттардың, сансыз өліктері бар триллерлердің міндеті – адам трагедиясын нейтрализациялау немесе адамның оларға қатыстылығын, дұрысы – қатыссыздығын көрсету. Өлім, түрлі дерттер, тағдырдың алмағайыптығы туралы ойдан қашу – адамның өз тіршілігінің шындығын қабылдау қиыншылығын бейнелейді. Қайғылы жағдайларға жауап ретінде – жауапсыздық, коллективтік реакциялардың кездейсоқтығы ұсынылады. «Бүгінгі күнгі қалаларда ешкім өлмейтіндей көрінеді», - деп жазады [131, с. 12].Әрине, қала азаматы қазір де өлім-жітімге байланысты ритуалдарға қатысуын жалғастыруда. Бірақ бүгінгі іс-шаралардың міндеті – басқалардың қайғысын бөлісу, өмір мәні туралы ой түю емес, керісінше, өлім туралы ауыр ойлардан арылту. Осылайша объект пен субъектінің онтологиялық дуализмін айқындап келген нақтылық жойылуда. Адам санасындағы «физикалық» және «метафизикалық» дүние бөлінісі өз мәнін жойғандығын тіс пасталары, төсемелер, дезодорант және антиперспиранттар жарнамасынан да көруге болады. Жарнама барысында адамға өз денесін тазалықта ұстаудың, тістерінің саулығы және түсі маңызды екендігі көрсетіледі. Тәнге, оның сұлулығы мен саулығына деген мұндай қамқорлық дененің сыртқы ғана емес, ішкі анықтаушысы ретінде қарастырылады. «Меннің» көрсеткіші рух немесе жан, ақыл-ойы емес, өз тілектері, сезімдері бар тән ғана екендігі мойындатылады. Адам тіршілігінің сыртқы аспектілері: адам тәнінің қазіргі күйі, тілектері оның «ішкі» дүниесі ретінде керсетіліп, «физикалық» және «метафизикалық» бөліктер біріктіріледі немесе алмастырылады.

Сонымен қоса, жарнамада қарастырылатын тән туралы түсінік дәстүрлі діни көзқарастан өзінің қарабайырлығымен ерекшеленеді. Діни ұғымда адам тәніне Қасиетті рухтың мекені ретінде мән берілсе, жарнамаларда адам оны өз жұмыс қабілеті мен жағымды имиджді қалпында сақтау үшін барынша

бақылауда ұстап, қадағалауға тиістігі, тән – кірленудің, жағымсыз иістердің, түрлі аурулардың көзі екендігі туралы ұғым қалыптасады.

Өмір мен өлім және медикализация құбылысы да осы тұрғыдан ұсынылады: адам тәні үздіксіз емдеуді қажет ететіндігі туралы пікір интеллект қызметін барынша жоғары ұстап, ұшқыр ойлау, жемісті жұмыс, жалпы адам тіршілігі барысындағы кедергі екендігі туралы түсінікті тудырады. Сондықтан мүсінді бикеш, бәйгеде алда жүретін кәсіпқой спортшының жас әрі сау тәні үлгі ретінде ұсынылып, ұғынылады. Рух және дене дуализмінің жалпы сипаты мен мәні жойылғанын адам тәні – тұрақтылықты сақтау жүйесі ретінде қарастырылатын «фитнес» мәдениетінің объектісіне айналуынан көруге болады. Осылайша адам денесі дұрыс пайдалануды қажет ететін меншікті зат ретінде қарастырылады.

Қазіргі дүниедегі қарым-қатынас саласындағы коммуникацияның, көші-қонның, адамның әлеуметтік байланыстарының динамизмі өсуде. Сонымен бірге терең және ұзақ мерзімді адами қатынастардың дамуына шығын келуде (мысалы, кәсіпқойлық бірлестіктер, отбасы). Өйткені, адам – тәуелсіздікке ұмтылысын өзінің ең басты сипаты деп санайтын, дербестенген бірлік ретінде сезінуде. Бұл – қарапайым тенденциялардың бірі болғанмен, жаһанданудың нәтижесінде кең тарап, қоғамды «атомарлы бірлікке» айналдыратын коммуникациялық құбылыс.

Адамдар арасындағы ұзақмерзімді қатынастарға, соның ішінде жанұяға негативті ықпал етуде. Егер бұған дейінгі классикалық капитализм дәуірінде отбасы – отбасы мүшелерін тұтастыратын ұя болса,қазіргі отбасытуралы «өзара міндеттемені, жауапкершілікті талап ететін, адам мобильділігін төмендететін, қазіргі өмір салт қажет ететін мобильділікке кедергі келетін ауыр балласт» деген пікір қалыптасуда.

Аталғандардың барлығы бүгінгі дүниеде ғасырлар бойғы құндылықтар жүйесінің ыдырап, терең күйреулер іске асып жатқанындығының дәлелі. Нәтижесінде адамдар өз бойындағы тұлғалық бастаманы жоғалтып, адам дағдарысы орын алуда. Құлазу, жалғызсырау сезімі күшейіп, «меннің» мәнділігі жойылып, тіршіліктің мағынасыздығы туралы сарындар күшейе түсуде. Мұндай дағдарыстың күнделікті көріністері арасында ұқсастық көп. Біз бөлшектенген, сонымен қатар баршаға міндетті заңдар бойынша ұйымдастырылған әлемде өмір сүріп жатырмыз. Оқшаулану дәуірі аяқталып, әрбір ел өркениетті елдер қатарына енуге ұмтылатындықтан ондай ойын тәртібі нақты өмір нормаларын қабылдауды талап етуде. Сондықтан, біз басқалар сияқты көңіл көтеріп, басқалар сияқты ләззат аламыз, әдебиет пен өнер туралы пікір айтамыз. Басқалар наразылық білдіретін нәрсеге біз де наразы боламыз. Және бұл адам бойында ішкі наразылық тудырмайды. Қоғамда ұқсастық инстинктісі күшейе түсуде. Нәтижесінде адамның жаңа типі қалыптасуда. Кезінде оны Д. Мережковский «Грядущий Хамда» бейнелеп, Г. Марсель «Адам дағдарысында», К. Ясперс «Дәуірдің рухани күйінде» баяндады. Мәні бойынша Маркстің «Капиталымен», Руссоның «Қоғамдық келісімімен» тең деп

саналатын «Бұқара көтерілісінде» Ортега-и-Гассет алдыңғы ұрпақтың рухани-құндылықтық жүйесі жаңа буын үшін мәнсізденіп, өзі сияқтылардың арасына еніп-жоғалатын бейтұлғаланған адам бейнесі қалыпты құбылысқа айналып, өмірлік бағдардан айыратын адам дағдарысы орын алып отырғанын ашып көрсетіп, бұл дағдарыстың түпсіздігін, кері оралудың қиындығын атап айтып, адамзатқа ескерту жасады.

К.Ясперс те өз еңбектерінде тобыр феномені туралы айтып, оның импульсивтілігін, төзімсіздігін, тұрақсыздығын сөз етеді. Тобыр адамының пікірі алдамшы да уақытша. «Тобыр бәрін таптап өте барады. Ұлыға, ұлылыққа төзімсіз тобырда – адамды құмырсқаға айналатындай етіп тәрбиелеу тенденциясы бар» деп жазған болатын. Тобыр күмәнданбайды, өйткені ой сараптамайды. Ол тек «шайнап бергенді» қабылдайды. «Бірі-үшін-бірі» бетпердесінің астында «бір-біріне-қарсылық» жатады. Және мұндай агрессивті мінез-құлық құлшылдық мүләйімсумен қатар жүреді. Алдыңғы орынға жауапкершіліктен құтылуға, идеалдарға деген сұраныс шығып, тиранияға бейімділік пен фанатизм орын алады. Жасанды сұраныстар туындап, көңіл жадырататын жалғандық жанға бататын шындықтан жоғары қойылуда. Нәтижесінде қоғамда таяздық, тоғышарлық, біржақтылық пен жеңіл қызығушылық салтанат құруда.

Жаңа адам типі өз әрекеттерін түсіндіретін негіздеме жасауды қажет деп санамай, өз құзырында жоқ істерге кірісу құқығын иеленуде. Тобырдың адамы негізінен ойсыз да тұрпайы. Өзінің бұл қасиетін ол жасырмайды да. Дәстүрлі нормалар мен құндылықтарды ығыстырып, жаңамен алмастырмағандықтан ол адамгершіліктік-мәдени шеңберге симайтын қисынсыз әрекеттерге оңай барып жатады. Жауыр болған жалпы да қарапайым пікірлер қолданатын ондай адамға мәліметінің таяздығына қарамастан білгішсінген пікір мен түсініксізді қабылдамауға,ойсыз терістеуге бейімділік тән. Тобырдың дүниетанымын ақпараттың «нөлдік» деңгейі мен бірыңғай стереотиптер, наным-түсініктер құрайтындықтан, тобыр адамын баурап-елту, қажет бағытта қажетті идеяны ендіріп, сендіру, психологиялық тұзаққа түсіру оңай.

Ал бұл үдерістің ең қауіпті жағы – нағыз, ақиқат құндылықтардың аяқасты етіліп, тоғышарлық тоқмейілсудің күшеюінде. Нәтижесінде адамзат даналық, сұлулық, гуманизм мұраттарынан алыстап, адам мәніне байланысты өлшемдер қарапайымдана түсуде. Ізгіліктің позициясы әлсіреп, зұлымдық жаңа дауысқа, жаңа кейіптерге енуде. Нақты өмірде бұл – тұлғаның ыдырауы мен қатігезденуі нәтижесінде айналаға төнетін қауіп әрі адам құндылықтары шкаласына жағымсыз өзгерістердің енуі нәтижесінде қоғамдық құлдыраудың басталуы.

Қарсы тенденция ретінде қазіргі Қазақстанда тұлғалық бастаманы сақтау, нағыз адами мәнді иелену бағытындағы үдерістер қарқынды жүруде. Адамзат мәдениетін алуан түрлі ұлттық қазына құрайтындықтан тарихи санамызды жаңғырту мақсатында мемлекеттік «Ұлттық мұра», «Рухани жаңғыру» мәдени жобалары шеңберінде рухани жәдігерлеріміз жарияланып, маңызды зерттеулер жүргізілуде. Танымдық дамудың күрделі жолын басып өткен қазақ ұлттық

философиясы мен мәдениетінің бүгінгі күнгі ұстанымдары әрбір жеке тұлғаны өзіндік тануға, өз қасиеттері мен интеллектуалдық потенциалын жетілдіріп, өз мүддесі мен құқығын, өз сұраныстарын нақтылауға, рухани үдерістің сыртқа емес, субъектінің өз ішіне қарай қозғалуына бағытталуда. Тәрбие-білім саласына мән беріліп, ұлттық тіл, ұлттық рух пен сананы және толеранттылықты асқақтатуға бағытталған шаралар іске асырылуда. Ұлттық сананың сақтаушысы әрі таратушысы – ұлттық тілге, ұлттық рухани қазынаға деген құрмет пен қамқорлық, имансаулық пен толеранттылық және жалпыға ортақ мүддені қорғау қабілеті – әлеуметтік прогресс пен қоғамдық консолидацияға жетелейтін және жаһандану заманындағы өздік, тұлғалық, ұлттық, жалпыадамзаттық болмысымыздың тұтастығын сақтауға негіз болатын басты компоненттер осылар.

Рух мәдениеті – күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол өз заңдылығымен, даралығымен дамиды. Кезінде қазақ ойшылы Жүсіпбек Аймауытов «ерінбей еңбек етуге таудай үміт, табанды қайрат, шамдай мұрат, жалынды жүрек, терең білім керек» деп жазған. Қазақ халқының сана мәдениеті, рух мәдениеті, тіл мәдениеті – үлкен тарих, ұзақ ғасырлар көшпелі елдің қилы-қилы асуларынан туындаған күрделі үрдіс. «Күн көру тәсілін айналадағылардан-ақ үйренуге болады. Рухани мәдениетті бөтеннен қарызға алуға болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды. Ендеше өзімізде бар қазынаны жарыққа шығарып, іске жаратуға талпыну керек» деген Жүсіпбек Аймауытовтың сөздерінде ағартушылық, танымдық сарын басым.

Теңдік, еркіндік ұғымдарының әлеуметтік-саяси, мәні аса зор. Түркілер үшін ол ынсапшылдық, қанағатшылдық, сабырлылық, біліктілік, білімділік, ерлік, төзімділік түсініктерімен айқындалып отырды. Төзімділік (толеранттылық) – адамның табиғи қасиеті, ол әрбір адамға тән. Алаш ағартушыларының экзистенциалдық тақырыптағы шығармалары адамға сабырлылықтың, төзімділіктің, кішіпейілділіктің жолын, мәні мен құндылығын түсіндіруімен мәңгі. Олардың сабырлылық, қажымас қайрат, жігерлілік пен төзімділік жөніндегі түсінігі мен көзқарастары мәнін жоймайтын құндылық. «Адам өзінің әрбір ойына, әрбір ісіне ішінен баға беріп отырады. Ізгі ой, ізгі іс адамда жағымды сезім туғызады. Адамға қалайда болса, қашан да пайда келтіретін ол ізгілік. Ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу –адам жаратылысында бастапқыдан бар нәрсе» деп жазды Мағжан Жұмабаев. Мағжанның түсінігінше, адамның жан дүниесінің іздейтіні – руханият. Ал, дұрыс өмір сүру әрекетінің басты шарттары адамгершілік, өзгені өзіндей түсіну, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, сабырлылық, қанағатшылдық. Егер адамның іс-әрекетін бағалауда жасандылық, әділетсіздік орын алса, адам сеніміне дақ түседі, рухы жасиды.

Төзімділік қасиеті адам бойындағы басқа қасиеттермен ықпалдасып, адамды жақсылыққа, парасаттылыққа жетелейді. Алайда, адамның рухани өмірін жетілдіретін тұтас түсінік пенішкі ұстындардың болмауы, өзгені тану, түсіну, кішіпейілдік, белсенді көзқарас пен жеке позицияның қалыптаспауы –

амалсыздық, ықтиярсыздық, көнгіштік, көнбістік сияқты кері, жағымсыз мінез-құлықты береді. Олар: ынжықтық, жігерсіздік, дәрменсіздік,жауапсыздық, сырт күштерге арқа сүйеу, қалыптасқан тіршілігін баяғыша жалғастыра беру әдеті.

Төзімділік – өркениетті қоғамға тән құбылыс. Халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелдігінің көрінісі.

Ел егемендігі, қазіргі заманғы ғылыми-философиялық тәуелсіздік Отан, ұлттық патриотизм ұғымын қайта тудырды. Біздің тарихымызда біз ұялатын ештеңе жоқтығына сеніміміз артты. Рулық-тайпалық жүйе көшпелі қазақ тіршілігінде көпсалалы қызмет атқарған мәні терең маңызды рухани құбылыс екенін аңдадық. Рулық-тайпалық жүйенің көшпелі қоғамда: 1. оның онтологиялық өзек; 2. әрбір көшпелі қазақтың өзіндік бірегейлігінің (самоидентификациясы) қалыптасуының іргетасы; 3. позитивті эмоционалдық қуат көзі; 4. экзистенциалды қауіпсіздік сезімі қалыптасуының тетігі;5. генофонд тазалығының сақшысы; 6. отаншылдықтың бастауы; 7. коммуникация, дипломатия үлгісі; 8. толеранттылықтың қайнары қызметін атқарғанын көреміз.

«Рулық жүйенің» әрбір көшпелі қазақтың өзіндік бірегейлігінің (самоидентификация) қалыптасуының іргетасы болуының негізгі тетігі – сабақтастық.

«Мен кіммін?», «Қайдан, неден жаралдым?» деген онтологиялық мәселеден заңды түрде бірегейлік туралы сұрақ туындайды. «Idem» - латын сөзі «то же самое», «өз-өзіне немесе өзгеге ұқсастық» дегенді білдіреді. Ал «ipse» – «сам». Нәтижесінде «дәл өзі». Рикерт пікірінше, бұл – «өзгерістер барысында өздікті сақтап қалу» деген мағына. «Үздіксіздік» ұғымы бұл жерде «сабақтастық», яғни өз өмірін өз-өзіне мұралау деген мағынада қолданылуда.

Басқаны идентификациялау және өзін басқаларға презентациялау – кезкелген адамаралық қатынастардың бастауы. Идентификациялық дағдарыс – адамның «Мен қандай болуға тиіспін?» деген өз образына өзінің сәйкес келмеуі, өз өмірінде өзінің жоқтығы, дүниедегі өз орнының белгісіздігі, түсініксіздігінен туатын уайым-сезімдер. Өзінің тарихи есеюі барысында адамзат адамгершілікті ұғынуға ұзақ бұлтарыстармен жетті.

Идентификациялау, біріншіден, «Өзгемен идентификациялану қажеттілігі мен үшін қаншалықты қажет?»; ал екіншіден – «Мен бөгде адамды қалай, қандай сапада, кім ретінде қабылдауым керек?» деген өмірлік сұрақтарға жауап беру дәрежесімен анықталады.

Британдық әлеуметтанушы Э.Гидденстің пікірінше, өз барабарлығының дәстүрлі формаларынан қол үзген индивид түрлі әлеуметтік жағдайларда өзін ұғыну мен өз тәртібін таңдау алдына қойылады. Экзистенциал сенімсіздік, онтологиялық қауіп сезімі осы приципттердің жоқтығынан, қарастырылмауынан туады.

Ч.Тэйлордың зертеулері адам жауапкершілігінің негізгі принциптерін зерттеуге арналған. Кез келген рефлексия құндылықтарға сүйенеді. Утилитарлы құндылықтардың үстемдігі: рахаттану, ләззат алу құндылықтарымен

алмастырылуы адамның өз-өзіне беретін бағасын төмендетеді. Ч.Тэйлор пікірінше, өз тәртібімізде өз-өзімізді бақылау қатысып отыратындықтан, біз бәрібір өз болмысымыз үшін жауаптымыз. Құндылықтарға бағдар жасай отырып, өз тәртібін жүйелей отырып қана адам өз шешімін таңдап, өзболмысы туралы сұрақты шешеді.

Екіншіден, адам қоғамда өмір сүреді. Ал оның индивидуалды дамуы қоршаған дүниеге – қоғамдық өмірге енуінен басталады. Сондықтан, әлеуметтік интеграциялану – адам өміріндегі маңызды фактор. Тұлғалық интеграция сәтті жүру үшін идентификация және өзіндік идентификация бастапқыдан шешілуге тиіс. Рулық-тайпалық жүйе арқылы көшпенді қазақ әлеуметтік ортаға еніп, инкультурацияға ұшырап, индивид өз ортасының тәртібін, үлгі, дағды, құндылықтарын игерді. Рудың мүшесі өзінің шетсіз-шексіз ұланғайыр жер бетіндегі кездейсоқ жел айдаған қаңбақ немесе тексіз құл емес, ата тегі, елі мен жері, елтаңбасы, дәстүрі, тұрмыстық тәртіпті қадағалау, әкімшілік басқару, жазалау тетіктері бар мини-мемлекеттің мүшесі, бүтіннің бөлшегі екендігін, ал ол мемлекет өз кезегінде одан да кең құрылымға (тайпаға, тайпа – жүзге, жүз – ұлтқа) енетінін аңдайды.

Рулық-тайпалық жүйе – көшпенді бойындағы дүниеге деген базалық қатынас. Әрі адам психикасының фундаменті болып табылатын маңызды сезім – өмірдің позитивтілігі туралы сенімді қалыптастырушы. Сондықтан, рулық-тайпалық жүйе дүниеге ашылған терезе деуге болады. Бізді қоршаған дүниенің боялуының қандайлығы – ашық-жарқын немесе қара-қошқыл түстерге малынуы – дүниенің нағыз өз түсі емес. Ол – біздің ішкі күйіміздің түсі. Жан-дүниемізді тыныштық пен қуаныш жайласа дүние де жарық, ішкі дүние аласапыран болғанда айнала да күңгірттене, көмескілене түседі. Ал өмір – сәт сайынғы көңіл күйіміздің жиынтығы. Сондықтан әрбір адамның қандай дүниеде (өзін қолдап қуаттайтын дүниеде немесе тығырық пен күйініш, негатив жайлаған өмірде) тіршілік кешерін анықтайтын –оның әлеуметтік ортасы. Қоршаған дүниені ешкімге, ешнәрсеге сенуге болмайтын, сыртқы дүниеден тек жаманшылық күтілетін жағымсыз орта деп санайтын адам болмай қоймайтын байланыстарды амалсыздықпен, мәжбүрлікпен, үлкен күдікпен, өзгелерге қатысты әрдайым қайшы пікір-сезімдермен атқарады. «Айнала – жау» ұстанымымен өмір сүру ауыр. Мұндай ой адам дүниесінің әрдайым ширығып, оқыс оқиғаға дайын жүруін талап етеді. Бұл жүйкеге жүк түсіреді, нәтижесінде адам іштей тозады. Іште жатқан үрей-қорқыныш түбінде бір қопарылып сыртқа шығатыны анық. Бірақ қандай көріністе: жүйке ауруы (көпсөзділік, ашушаңдық, депрессиялар, өзіне-өзі қол салулар), моральдық ауытқулар (даңғойлық, екіжүзділік, дүниеқоңыздық), тән ауытқулары (тәнге таңба салу, «ішке бағытталған наразылықтың» (Хайдеггер) садизм, мазохизм, қызтекелік сияты түрлері.

Дүниеге позитивті қатынаста қалыптасқан адам келешекте де бейбіт көршілестікті дамытады. Өйткені, ол адам үшін дүние тартымды да қызық. Сондықтан қазақ үшін әркімді өз ерекшелігімен қоса қабылдап, әрі өзін

жоғалтып алмау табиғи дағды. Осылайша қазақ қоғамының толеранттылығы дәл осы рулық-тайпалық жүйеден бастау алады.

Рулық-тайпалық жүйенің физиологиялық саулық, генофонд тазалығы қызметін атқарған рөліне тоқталар болсақ, жапондықтар аза тұтатын және азапты зардабы әліге дейін көрініп келе жатқан 1949 жылғы атом бомбасынан Қазақстанда өткізілген сынақтарда 500 рет жарылған әрбір бомбаның күштілігі 100 есе. Соған қарамастан, Халықаралық Олимпиадаларда бас жүлделер иемденіп жүрген қазақ оқушы балаларының алғырлығы, ой қуаттылығы, интеллект көрсеткіштерінің жоғарылығы және талай саяси-тарихи-экологиялық нәубеттерге төтеп берген қазақ ұлтының қан тазалығы, генофонд беріктігі тек қазақ ұлтына тән дәстүр «Жеті ата» қағидасының арқасында. Қан араластыруға заң немесе дін, дәстүр қарсы келмейтін елдерде мүгедектіктің, тұқым қуалайтын дерттердің көп болатынын өмір де, ғылым да дәлелдеуде. Бір биеден туған құлынның ұрпақтары өзара шағылысқанда дүниеге келетін төлдің әлжуаз, әрі тіршілігі қысқа болатынын көріп жүріп мұның табиғатқа қайшы құбылыс екеніне көзі жеткен малшы қазақ кейінірек Шариғат әкелген немере, бөле ағайындардың қыз алысуы санкциясынан да бас тартып, сындарлы талғампаздық пен далалық даналық танытып қана қоймай, ұлт көлемінде кең тарап, ұрпақ азғындамауы үшін қазақ ортасында сирек кездесетін мұндай құбылысты қатаң жазалап отырған.

Сонымен қатар, рулық жүйе – тарихи сауаттылықтың негізі. Өз әулетінің екі ғасырлық «жеті ата» шежіресін жатқа білу көшпелі санасында ұрпақ жалғастылығы, өзінің уақыт тізбегіндегі, кеше мен ертең арасын байланыстыратын звено екендігі, өз тарихы – бабалар тарихының тізбегі және оның тоқтаусыз, динамикалық қозғалыстағы процесс екені, сондықтан ел мен жер, бабалар рухы алдындағы борышты абыроймен орындау туралы ұстанымдары қалыптасады. Бұл оған қолдау мен сенім, ішкі дүниесіне қуат беріп, бақытқа жетелейтін мотивациялық факторға айналады. Мұндай сезім адамды ең ауыр торығу мен күйініш немесе мұқтаждық жағдайында да орынсыз қылық пен оқыс оқиғаға бармаудан сақтайды.

Рулық-тайпалық жүйе – толеранттылық матрицасы рөлін атқарады. Полигамиялық семья туралы дәстүрлі ұғым көпшіліктің түсінігінде (әсіресе Батыста) жеңілтектік немесе әлеуметтік озбырлық деген пікір қалыптастырды. Бұл олай емес. Полигамиялық семья көшпелі өмірсалт жағдайындағы идеалды жанұя моделі болды. Көшпелі отбасының әрбір мүшесінің өз орны, жалпы әдет бойынша қалыптасқан өз құқықтары бар: жоспарланбаған бала деген жоқ – «әрбір сәби өз несібесімен». «Ұл – шаңырақ иесі», «қыз қонақ» болғанымен соңғысына көрсетілетін құрмет шексіз, қыз бен ұл арасында Үнді, Қытай, т.б. Шығыс елдеріндегідей әлеуметтік, моральдық-психологиялық дискриминация жоқ.

Үлкен үй, кіші үйдің балалары болып бірге туып, бірдей тіршілік кешу отбасы мүшелерін психологиялық төзімділік пен байыпты ұстамдылыққа баулыды. Үлкен отбасыларда жағымды компромисс рухы қалыптасып,

бүкіладамзат қауымын «Мен» және «Өзге» (демек – жау!) деп емес, бір атаның балалары ретінде қабылдаудың - толеранттылықтың негізі қалыптасты. Әрине, ондай отбасыларда да үлкен жанжалдар туып, соңы драмаларға ұласып жатқан кездері болғаны сөзсіз. Сөйтсе де ертедегі және кейінгі әдеби дереккөздерін (билер Кеңесінің шешімі, Шешендік сөздер, «Абай жолы», т.б.) зерттеу ондай мәселелердің барлығы адамдар арасындағы қатынастардың барлық қырлары мен күрделіліктері және ең бастысы, өзара диалогтың тоқталмауы көзделе отырып шешілгені туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жадынан айырылып қалай есейгені естен шыққан, не болғанын білмейтін адамның толық мәндегі тұлғаға айналмайтыны сияқты, өз руханиятының қайнар көзін жоғалтқан, сыйлайтыны мен сыйынары жоқ ел саналы, салиқалы қауым емес, мәңгүрт тобыр болмақ. Шындықты білу, ақиқатты тану – кешенді тарихи-методологиялық зерттеу беретін құндылық. Оған қол жетпейінше, адамзат көңілі тыншымайды. «Тұздалған» білім мен тарих тәрбие мен мәдениетке емес, сенімсіздік пен екіұдайлыққа, тұлғаны ыдырату мақсатына қызмет етпек. Мұндайда «үндемеу» қағидасы мәселеден құтқармайды: айтылмаған ой, ашылмаған ақтаңдақтар, керісінше, алжастырмақ болған жағдайды ашық та нақты зерттеуге итермелейді. Бұл, әсіресе, соңғы уақытқа дейін зерттелмей келген, танымал болмаған, объективті түсіндірмеден алыс субъективті баға мен пікір айтылып жүрген ұлттық идеялар мен тарихи тұлғаларымыздың мұраларына тікелей қатысты. Бүгінгі күні терең де бай ұлттық ой-тарихымыздың жекелеген ілімдері мен жекелеген өкілдері ойларына бір мұзарттан екіншісіне қозғалғандай қозғала отырып, олардың арасына байланыс орната отырып, ұлттық философиялық ойдың біртұтас келбетін қалыптастыру және сол арқылы әрқайсымыздың рухани жетілу мүмкіндігі туды. Өйткені дүниенің пайда болуы, құрылымы және ондағы адам орны туралы түсініктер түптеп келгенде адамның күнделікті тәртібімен байланысты. Сондықтан барлық идеяларды бір ғана критериймен тексеруге, сынауға болады: ол идея коммуникацияның дамуына жол аша ма, жоқ па? Неміс ойшылы К.Ясперс тілімен айтқанда, адамдар байланысын нығайтатынның бәрі ақиқат.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі –жас ұрпаққа адамгершілік тәрбие беру. Бүгінгі Қазақстанда болып жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тәуелсіздігімізді одан әрі қамтамасыз ету үшін, еліміздің тізгінін берік ұстауға қабілетті, парасатты ұрпақты тәрбиелеп шығаруды талап етеді. Рухани құндылықтарды қалыптастырып оларды дамыту педагогикалық тәжірибедегі зерттеулер арқылы іске аспақ. Келешек ұрпағымыздың бойында халқымыз ғасырлар бойы қастер тұтып келген ар-намыс, ар-ождан, имандылық, инабаттылық, мейірімділік, кішіпейілділік еліне деген сүйіспеншілік сияқты асыл қасиеттерді тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық үндесудің өз үлгісін қалыптастыра алды, оны басқа елдерге де өз саясатын қалыптастыру барысында пайдалану үшін ұсынуға болады. Бүгінгі

Қазақстанның символындай болған дәл осы сәулетті ғимаратта бас қосқан ислам, христиандық, яһуди, будда және басқа дін өкілдері біз ұстанған осы саясатты ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімнің әлемдегі ең үздік моделі ретінде бағалап, Қазақстанды дүние жүзіндегі бейбітшілік пен келісім аймағы деп жариялады. Осыған дейін аталғандай, Қазақстан Республикасы 130-дан астам ұлыстар мен конфессиялар бейбіт өмір сүретін бірегей мемлекет ретінде сипатталады. Қазақстанның оң бейнесі мен еліміздің ішкі саясатындағы оң ахуал – ел басшылығының бабаларымыздың көп ғасырлық тәжірибесіне негізделген саясатының нәтижесі деп танып, басқаша айтқанда оны төзімділік саясаты деп білеміз.

Қазақстандық үлгідегі төзімділіктің ерекшеліктері:

- біріншіден, төзімділіктің қазақстандық моделі қазақ халқының сан ғасырлық тарихында қалыптасқан төзімділік, ұстамдылық, қонақжайлылық, өзге халықтардың мәдениеттер мен діндерге деген құрметі сияқты қасиеттердің негізінде құралған;

- екіншіден, тәуелсіздік жылдардағы Қазақстанда төзімділік саяси мәдениеттің нормасы ғана емес, жалпы мемлекеттік саясаттың өзекті қағидаты болды. ЕҚЫҰ кеңістігінде Қазақстанда тұңғыш рет айрықша қоғамдық институт құрылды. Қазақстан халқы Ассамблеясы деп аталатын бұл институт қазіргі кезде түрлі этностық топтар мен діни конфессиялардың мүдделерін тоғыстыратын табысты үндесу алаңына айналды;

- үшіншіден, төзімділікті негіз еткен қазақстандық саясат алғашқы кезден-ақ ішкі өлшемдермен қатар сыртқы өлшемдерді де ескеріп отырды. Осындай жағдайлардың арқасында Қазақстанның төзімділік мәселесі жөніндегі саясаты айнымайтын бірізді, болжамды және екі түрлі стандартты. Сондықтан да ЕҚЫҰ-ның көптеген елдері Қазақстанның қиын түйінді кикілжіңдерін шешуде ара ағайын болуын қалайды;

- төртіншіден, Қазақстан өркениеттер аралық үнқатысулардың белсенді жақтаушысына айналып отыр. Біздің еліміз мұсылман әлемі мен Батыс арасындағы диалогтың дамуына жан-жақты жағдай жасайды және өркениеттер альянсы достары тобының мүшесі.

1995 жылы қабылданған толеранттылық принциптерінің декларациясына сәйкес, төзімділік (толеранттылық) ұғымын адамзат қоғамында алуан түрлі мәдениетті түсіну, құрметтеу және дұрыс қабыл алу ретінде түсінуге болады. Декларацияда төзімділік алуан түрлі үйлесімділік ретінде айқындалады. Мәдениеттің алуан түрлі адамзат қоғамында тең бейбіт өмір сүруші мәдени топтардың көптүрлілігі ретінде қабылданады. Осыған орай, төзімділік қағидаты ұлттық, нәсілдік, діни, тілдік, әлеуметтік, жыныстық белгілеріне қарамастан адам баласынан төзімді қатынасты, құрметті талап етеді. Қазақстанда дін мемлекет идеологиясының ажырамас бір бөлігі, халықтың өміршең тәрбие көзі, ел тірегі болып табылады.

Қорыта айтқанда жаңа әлемдік тәртіп – қазіргі кездегі әлемдік тәртіпке мүлдем ұқсамайды. Ол адам тағдырына түбегейлі әсер ететін, әлемді өзгертетін,

бұрынғы әлемдік тәртіпті жоятын, ретке келтірілген оқиғалар мен фактілердің әсер етуінің нәтижесінде орнатылатын тәртіп. Жаңа әлемдік тәртіпті орнату үшін мемлекеттер өзара жанжалдаспай, бітімгершілік кеңістікте әрекет етуі тиіс, ал оның негізі – төзімділік қағидаты, төзімділік құндылығы.

Қазіргі таңда Қазақстан жылдам дамушы және белсенді қоғам ретінде әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосылуды басты мақсат етуде. Осы тұста ұлттың өз төл болмысын анықтап-сақтауы, жаһандану дәуірінде ұлттық идентификациялық белгілерді қорғау талабы күшеюде. Тәуелсіз мемлекеттің ұлттық сипатына қоса, сырттан таңылған үлгілер мен тәртіптерден, тарихи, саяси-әлеуметтік әділетсіздіктен арылып, ұлттық жаңару жүруде, өзара ықпалдастықтар артуда.

Адамзат дамуы барысында мәдени үдерістер өзінің түрлі әлеуметтік, тарихи типтері арқылы көрініс береді, ұлтаралық қатынастар мәдениеті өркениеттілікке жол ашады. Ұлт мәселесіндегі мәдениеттің орны ерекше және оның көрінісі қоғамдық ортаны барынша өркениеттендіре, тұтастандыра түседі. Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қазіргі кезеңдегі әлемдік жаһандану жағдайында заман ағымына икемделуді, жаңа дәуірдің озық үлгілерін бойымызға сіңіруді, ұлттық кодымызды сақтауды міндеттеді. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдыретімен маңызды. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», – деп жазды Н.Назарбаев.[1]

Этносты (халықты) анықтаушы басты белгі – этникалық мәдениет: ұлттың тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі, әдет ғұрпы, музыкасы, өнері, т.б. - ұлттық кодтың элементтері. Олай болса, ғасырлардан келе жатқан дәстүрімізді – мәдени қазынамызды Елбасы айтқандай, «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндетіне арнауға тиіспіз.

Отаншылдық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. Қандай да бір елдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері сол ел азаматтарының отаншылдық, рухани-адамгершілік жан-дүниесінің қалыптасуына белсенді ықпал етеді. «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» дейді дана халқымыз.

Ұлттық құндылықтар –қауым өкілдерінің өмірінде көрініс беретін тарихи-рухани мұраттарының жиынтығы. Мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы

тәрбие. Ондай тәрбиенің негізін сол халықтың өмірсалтынан туындайтын, ғасырлар бойы қалыптасқан, адамның адамдық қасиетін нығайта, асылдандыра түсетін биік ізет пен ар-ожданның бұлжымас ережелері мен қағидалары құрайды.

Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті деп, бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән берілу керектігін атап өткен жөн.

Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады [132, 37б.].

Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Елбасы өзінің мақаласында «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» – деп ой қорытады.[1]

Ұлттық сезім мен ұлттық намыс, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті. Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды. Ұлт мәдениеті кездейсоқ элементерден механикалық қосынды сипатында құралған дүниелердің жиынтығы емес. Яғни, руханилық қолайлылықтан туындамайды. Адамдар қиындықты жұмыла отырып бірге жеңе білуге үйренуге,ешкімді тегі мен түр-түсіне, өмір сүру салтына қарамай шеттетпеуге бейімделеді. Ал құқық және мәдени ұстанымдар адам еркіндігін, ұждан бостандығын, сөз бостандығын сақтай отырып өз азаматын жетілдіруге қызмет етеді.

Дәстүр – мәдениеттің құрамдас бөлігі, дүниенің өзекті және өмірде шыңдалған көрінісі. Тарихи, ұлттық дәстүр мәдениеттің ішкі бірлігін және субъектінің салыстырмалы еркіндігін сақтайды. Мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін нәрселер көп, бірақ солардың ішінде әлеуметтік субъектінің өзін-өзі анықтауы мен бірегейлеуі, белгілі бір құндылықтар жүйесіне етенелестіруі үлкен мәнге ие. Осындай тарихи тұтастықтағы субъект өзінен-өзі жатсынбай, кез келген қайшылықты тұтастықтың даму заңдылығы арқылы шешеді. Тарихи даму барысында этноәлеуметтік тұтастықтығын нығайта білген қауымдастықтар өздерінің мәдени келбетін ішкі бірлікті сақтай

отырып таныта алғандықтан өз мүмкіндіктерін жүзеге асырды және этникалық субъект ретіндегі өз әлемдерін жетілдірді.

Яғни, Қазақстан сияқты полиэтникалық құрылымы бар елде осы келісімді орнықтыру үшін қажетті тетіктер бар. Осы тарапта Қазақстан халқының Ассамблеясының құрылуы бірегей қадам болды. Ассамблеяның ерекше қызметтік сипаты – қоғамдағы саяси мәселелерді мәдени құндылықтардың өзара ықпалдасуы, жақындасуы арқылы шешуге тырысуында және этникалық топтардың өзара тартыстары мен байланыстарын реттеп отыруға талаптануында.

Батыстық және Шығыстық технологиялық өркениеттің құндылықтарын, озық жетістіктерін барынша қолданатын, пайдаланатын уақыт жеткені туралы елімізде соңғы уақытта жиі айтылуда. Ал қазіргі заманның өркениеттік дамуын зерттеуші маман С.Хантингтон модернизация мен экономикалық даму мәдени вестернизацияны талап етпейтінін, тіпті, керісінше, олар туған мәдениеттің жаңғыруын қаматамасыз ететінін ескертеді Бірақ бұл пікірге И.С.Болтин біршама сыни көзқараспен қарайды. Оның пікірінше, «во многих работах по проблемам модернизации указывается, что внедрение западных моделей и институтов способствует становлению в странах, являющихся объектами модернизации, культурной однородности западного типа. Практика, однако, показывает, что модернизация, как правило, вызывает прямо противоположный эффект»[133, 38б.]. Автор өткен ғасырда көптеген ұлттық мәдениеттер нигилистік сипаттағы модернизацияға қарсылық танытқанын алға тартады, яғни мәдениеттер дәстүрді сақтау арқылы қауымдастықтың өз келбетін қорғайтынын атап көрсетеді. Жалпы кез келген басқа үлгіні сырттан механикалық түрде көшіріп алу ешқашанда жақсы нәтиже берген емес, түбінде оның өміршеңдегіне әлеуметте күмән туады, шеткеріледі.

Рухани жаңғырудың негізгі мақсаты ұлттың жәдігерлерін, мәдени мұраларын жандандырумен шектелмейді. Күнделікті капитал әлеміндегі қыспаққа алып отырған технологиялық бәсекелестікте ұтылып қалмау, экономикалық дамуда кенжелеп қалмау, әлеуметтік саладағы екі құбылыстың негізгі мүдделерінің қайшылығы мәселесін тиімді шешу мүддесін көздейді. Өркениеті дамыған елдер арасында осындай технологиялық даму мен ұлттық руханиятты қатар келе жатқан елдер бар. Мәселен, Жапония. Біздің мемлекеттік бадарымыздағы технологиялық даму ұстанымымызбен қатар, ұлттық сананың жоғарылауына мән беріле бастауы болашағымызға сенім береді, Қазақстанның осы жолдың тиімділігіне, мәнділілігіне көзі жеткенін көрсетеді.

Қазақстан халқын ұлтаралық және конфессияаралық деңгейде біріктіруші факторлардың қызметіне кедергі болар нәрселерді жеңуге М.З.Изотовтың пікірінше, құқықтық және экономикалық база бар және осы бағытта демократиялық әдістерді қолдана отырып отансүйгіштікке шақыру қажеттігін тұжырымдайды [134, 22 б.]. Мемлекеттің ұлт саясаты этносаралық қарым-қатынастардың өнімді болуына, этникалық мәдениеттердің өзара ықпалының

оңды болуына бағытталғанын атап өтуге болады. Бұл жерде қоғамдағы экономикалық мәселелердің дамуының, азамтардың қал-ахуалының белгілі бір межеден түсіп кетпеуі маңызды екенін есте ұстаған жөн. Себебі, экономикалық дағдарысқа ұшыраған елдерде тұрмысы төмен халық бірден «оған кінәлілерді» әлеуметтік ортадан іздей бастайтыны белгілі. Кейбір маргиналды топтар үшін әлеуметтік теңсіздікті жөндеудің, қалпына келтірудің «жолы» саны аз ұлт өкілдерін ығыстыру, немесе оларға қоқан-лоққы көрсету арқылы «әлеуметтік әділеттілік орнату» деп түсінетін топтар да кездеседі және олар жастарды осындай теріс әрекеттерге итермелейді және осындай ахуал көп жерде көрініс беріп отырады.

Бұл жерде қарым-қатынастардың үйлесімді жағын көрсетуде негізгі философиялық түсініктердің, заңдылықтардың да маңыздылығы алға шығады, оларды ескермеушілік түбінде қайшылықтарды ушықтыра түсетінің анық. Мәселен, мелекеттік мүдде жалпыұлттық деңгейдегі мүдде деп түсінілсе, ал этникалық мүдде ерекшеленген қауымдастықтың мүддесі екені анық, ал жеке азаматтардың мүдделері кез келген этностың өкілі ретінде осы жалпы мен ерекшенің құбылыстық деңгейімен үйлесімді қатынаста болуы тиіс болатын аралық деңгейді көрсетеді. Осы заңдылықтың үнемі сақталуы шарт, онсыз қоғамда әртүрлі ауытқулық әрекеттер орын табады және күрделі мәселелердің тиімді шешімдері бірден табылмай әуреге түсіреді, әр түрлі тартыстық жағдайлар күшейе түседі.

Әрине, қазақ халқының негізгі топтастырушы қызметін мойындағысы келмей, әлемдік тәжірибеде бар нәрсенің Қазақстанға келгенде жарамсыз ететін зерттеушілер де кездеседі. Кейбір ресейлік ғалымдардың пайымдауынша, полиэтникалық мемлекетте бір ұлтты «ұлт-ядро» деп мойындау, қоғамды тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін деген тұжырымды ұстанады [135, 54б.]. Ал енді елімізде бір кезде зерттеулер жасаған, қазіргі кезеңде Ресейге қоныс аударған Г.В.Малинин ұлтты «этноұлт» деп түсіну «иерархиялық бағыныштылыққа» алып келеді. Міне, сонда «…мы начинаем говорить о государствообразующей нации, о титульной нации, о малых народах, о национальных меньшинствах и т.д. То есть, выстраивая определенную иерархию»[136, с. 114] деп, Қазақстандағы жағдайды сынға алуға тырысады. Қазақтардың еліміздегі жетекші этностың рөлін атқаруға тарихи құқығы бар екендігі туралы бір ауыз пікір айтылмайды.

Қоғамдағы мемлекет қалыптастырушы ұлттың рөлін Германияда немістер, Ресейде орыстар, Францияда француздар, Өзбекстанда өзбектер толықтай және күмәнсіз орындағанда, неге өзге ұлттарға мәртебе беріледі, тіпті кейбірін сепаратистер деп әскери күш күрсетуге тырысатын елдер де бар. Жоғарыдағы келтірілген ұлттар туралы ешқандай «иерархиялық бағыныштылық» болуы мүмкін екендігі жайлы ешнәрсе айтылмайды. Ал енді өзінің тарихи отанында өзінің ұлттық келбетін, тарихын, мәдениетін қалпына келтіру жолына түскен қазақ халқының алдына осындай теориялық «кедергілерді» жасанды түрде жасаудың қажеттілігі жоқ іспетті. Әлде бұл да

кейбір этникалық мәдениеттерге келгенде сенімсіздікпен қарау қатынасы болар. Оларға үстірттікпен баға беруге тырысу бұрынғы империялық сананың салдары болуы да ғажап емес.

Қазіргі кезеңдегі мемлекеттің ұлттық-мәдени саясаты ұлттаралық қатынастар ауқымында *үш бағытта* өрбігені тиімді:

Біріншіден, мемлекет қалыптастырушы халықтың ұлттық мәдениетін толыққанды қайта түлетіп, нығайта түсу керек. Олай етпеген жағдайда оның орнына қазіргі заманның тұтынушы психологиясының талаптарын орындайтын нигилистенген прагматистік мәдениет басады, гуманистік даму тұрғысынан алғанда оның тиімділігі шамалы.

Екіншіден, ұлттық мемлекеттілік пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. Мемлекеттің унитарлығы, территориясының тұтастығы сақталып, әрбір азаматының отансүйгіштік әрекеттері мен ұмтылыстарын тәрбиелеу еліміздің парасатты болашағы үшін қажетті құндылықтар. БАҚ пен барлық оқу және тәрбие орындарының осы бағытта жұмыстар жүргізуі қасиеті міндеті. Кез-келген жанама жолды таңдау қатынастарды бұзады.

Үшіншіден, Еліміздегі барлық этникалық мәдениеттердің бірегейлігі мен төлтумалығы мойындалып, олардың сақталып, дамып отыруына барынша жағдайлар жасау қажет. Мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынатын материалдық емес мәдени мұраның жүйесі нақты анықталып, олардың тек Қазақстан халқының ғана емес, ол негізінен жалпы адамзаттың рухани байлығы екендігін дәйектей түсу қажет.

Әрине, жоғары аталған салалар өзінше алғанда бөлек-бөлек емес, олар бір-бірімен байланыса, астаса, ынтымақтаса отырып жүзеге асатын дүниелер. Жалпы әлеуметтік және тарихи әділеттілік ұстанымы ғана осы бағыттардың өрбуіне, әлеуметтік практикада өнімді жұмыс істеуіне негіз бола алатынына күмән келтіруге болмайды [137]. Қоғамдағы кез келген әлеуметтік қатынастар түпнегізінде ұлттың болмысында, этникалық топтардың өзара қатынастарында өзіндік із қалдырады, оның дүниетанымдарының бағыттарын, мазмұндарын түзетпелейді, оның ұлттық өзіндік санасының қалыптасуына ықпал етеді. ТМД елдерінде ұлт мәселесі бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулердің көбісінде осы қырлар барынша атап көрсетіледі [138]. Әлеуметтік жетістіктер мен барлық салаларда прогреспен даму ұлтаралық қатынастар мәдениетін тереңдете түсуге жағдайлар жасайды, дегенмен әрбір тұлғаның осы нәзік әлемге қосатын үлесі де қомақты. Халықтың даналығында кездесетін «Тамшы тасты теседі» деген сөздің астарында әрбір азаматтың орнықты ісінің қажеттілігі маңыздандырылады және оны әлеуметтік орта талап етеді, жалпы мәдениеттің биік деңгейі қажет етеді. Ол өз кезегінде қоғамымыздағы отансүйгіштікке, өзара сыйластыққа тәрбиенің маңыздылығын өзектендіре түседі. Шын мәнінде осы мәселе Қазақстан Республикасы президентінің Қазақстан халқына арналған кезекті жолдауында қоғамымыздың болашағы тек экономикалық дамумен ғана емес, адам капиталын дамытумен байланысты екендігі атап көрсетіледі [139].

Толеранттылық. Көпэтникалық қоғамда өзара төзімділік ұстанымын орнықтыру ауадай қажет. Осы тетік арқылы көптеген күрделі мәселелерді орнықты шешуге болатындығын әлеуметтік практика дәлелдеп отыр, оны әлемдік тәжірибе әмбебап тәсіл ретінде ұсынады.

Рухани құндылық дегеніміз – өткен уақыт пен қазіргі уақытты және қазіргі уақыт пен болашақты байланыстыратын уақыт жалғастылығы (сабақтастығы). Мәдениет дегеніміз тарих уақыты, тарих оқиғалары, тарих үлгі-өнегесі. Мәдени қозғалыстың мақсаты этномәдениеттің тұрақтылығын сақтау. Бірақ оған ішкі және сыртқы параметрлерді тұрақты өзгерту жолымен жетуге болады. Күнделікті тұрмыстық санада дәстүрлерді, әдет-ғұрыптармен, рәсімдермен т.б. теңестіреді. Бұл – дәстүрдің бір жағы ғана. Екінші жағы мәдени шығармашылықпен, креативтілікпен байланысты. Дәстүрлер мәдениеттің тұрақты ішкі ядросын құрайтындықтан айналып өтуге болмайды. Адам белгілі бір этникалық дәстүрлердің әрекет етуі өрісінде болады. Ана тілін білмеген ортада да адамзаттық мәдениет ықпалының өрісінен шыға алмайды (ирландықтар, шотландықтар, аустралиялықтар негізінен ағылшын тілінде сөйлегенімен, этникалық тегінен айырылған жоқ). Дәстүрлердің өзгеруі – этникалық мәдениеттегі өзгерістерді білдіреді.

Қазіргі дамыған мемлекеттерге таңылған постмодерндік қоғам туралы ой дәстүрлі және заманауи қоғамның белгілерін бір-біріне жақындата түседі. Мәселен:

- дәстүрді ескере отырып жаңаға ұмтылу;
- дәстүрді - жаңаның алғышарты ретінде пайдалану (Үнді, Жапон, Қытай, Малайзия елдері);
- рухани салада зиялы әлеуметтік ортаны, өмірді ұйымдастыру;
- жеке тұлғаны жетілдіру арқылы ұлттық жетістіктерге жету;
- дүниетанымдық және құралдық құндылықтардың үйлесуі;
- биліктің демократиялық сипатта болуы;
- өндіріс пен дәстүрлі мәдениетті тұтастандыратын сабақтастықтың болуы;
- әлеуметтік таңдауда, дәстүрлі, құндылықтық легитимацияны жүзеге асыру, дәстүрді тиімді пайдалану және т.б.

Ендігі капитализмде класссикалық капитализмнен әлдеқайда өзгеше болмақ. Дұрысы, синтез. Социалистік жүйе - дамудың балама жолы екені туралы да айтылып қалады.

Кез-келген этникалық қауымдастықтың дамуы қоғамның рухани мағынада жетілуімен астасып жатады. Алайда қоғамдық прогрестің ауқымында руханилықтың негізгі факторға айналуы кенжелеп қалуда, оның орнына саяси мағынадағы әрекеттер, экономикалық тиімділіктер көптеген елдердің негізгі бағдарына айналып отыр. Оны қазіргі заманның өмір прагматикалық талабымен, жаһандану үрдістерімен түсіндіруге болады. Дегенмен, қоғамдағы ұлтаралық қатынастарды үйлесімдендірудің негізгі қозғаушы күші өзінің

шынайы мәртебесін алатын уақыт келді. Өркениет – мәдениеттің, атап айтқанда, ұлттық мәдениеттің дамуынсыз құлдырап, ішкі әлеуетін әлсіретеді.

Мәдениет жаңа тарихи кезеңде біріктіруші, топтастырушы, ықпалдастырушы, өзара мәмілеге келтіруші күшке айналса, онда қоғамда ұлтаралық қатынастардың рухани негіздері қаланады, яғни флуктуациялық (ауытқушылық) үрдістерден өзін сақтай алатын әлеуметтік иммунитетті қалыптастыратын күйге жетеді.

3.3 Құндылықтықсабақтастықты белсендендіру – заманауи Қазақстандағы патриоттық тәрбиенің кепілі

Адамзат болмысының және қоғамның негізгі салаларының бірі – мәдени саланың қайта өндірілуі. Бұл үдерістің құрамына құндылықтар трансформациясы да енеді. Мәдени саланың өзегін құндылықтар мен нормаларды қайта өндіру құрайды, ал қалған элементтер оларды тасымалдауға және сақтауға бағытталады.

Жас ұрпақты әлеуметтендіру, яғни аға буыннан жас ұрпаққа халықтың әлеуметтік тәжірибесі мен құндылықтарын беру трансмиссиясын ұйымдастыру және ең бастысы, қандай нормалар мен ережелерге сәйкес насихаттау керек екенін анықтау өте маңызды.

Бүгінгі таңда жастардың әлеуметтенуіне әсер ететін факторлар көп, бұл - жас адамның қоршаған ортасы, бұқаралық ақпарат құралдары, мектеп және отбасы. Соңғысы әлеуметтену үдерісін реттейтін арнайы сүзгіге айналуы тиіс. Отбасылық қарым-қатынастың болмауы, отбасылық дисфункция жасөспірімнің бойындағы жас адамның дамуына кері әсерін тигізеді.

Жасы мен тәжірибесінің жоқтығына байланысты жастар өздігінен әлеуметтік құндылықтар мен нормаларды қалыптастыра алмайды. Мұны тек ересек адамдар жасай алады, ал жастар құндылықтарды аға буыннан қабылдайды.

Қазіргі әлемде жаһандану кең орын алуда. Жаһандану үдерісінің жақсы да, жаман да салдары бар. Жаһандану –адамның өз рухани дүниесінің моральдық негіздерін жоғалтуынан туындайтын нашақорлық, жыныстық төңкеріс деп аталатын диктат жағдайында өмір сүріп жатқан қазіргі қоғамның бұзылу себептерінің бастауы. Халықтың ғасырлық құндылықтары күрт девальвацияға ұшырап, олардың орнын болмысы жат утилитарлық құндылықтар иеленіп жатқан өтпелі кезеңдегі, рухани-адамгершіліктік тұрғыда қалыптасып үлгермеген жастар мәселесін сөз етсек, моральдың басты критерийі болып табылатын рухани өзегінен айрылған қоғамның азаматы өзінің ішкі әлемінің моральдық қағидаларының тұтас жүйесін жоғалтады. Пайда болған бос қуыс адамды құлазытып, маңызды нәрсенің жоғалғанын сезінеді. Есірткіні қолданып немесе жыныстық эмансипация қағидаларын басшылыққа алғанымен, жалған этикалық құндылықтарға ие бола отырып ол адам өзінің рухани әлемін бұзады. Сондықтан жастарға, жастар ортасының құндылығы мен моральдық мәселелеріне баса назар аударылуға тиіс, өйткені жастар

арасында моральдық нормалардан ауытқу мен өз өміріне немқұрайдылық бүгінде жаппай сипатқа ие болуда. 90-жылдарға дейін қоғам өмірін сәтті жүйелеп келген моральдық нормалар өз маңыздылығын жоғалтып, олар материалдық жетістікке жетуге кедергі ретінде қарастырыла бастады. Нәтижесінде, біз материалдық табысқа қол жеткізу жолында өздерінің адамдық қадір-қасиетіне, абыройына «көздерін жұмуға» дайын ұрпақ өсіп келе жатқанын көрудеміз. Бүгінгі қоғамымыздың барлық деңгейлеріндегі парақорлық пен тәртіп бұзушылықтар соның дәлелі. Нәтижесінде, моральдық ахуал нашарлауда, әдеп пен бейәдептің арасындағы шекара критерийлерін қайта қалпына келтіру, жастар санасына ендіру қиындық тудыруда. Сондықтан, егер 90-шы жылдардағы мінез-құлық девианттық ауытқушылық түрінде болса, бүгінде ол адасушылық аберрациясатысына көшті.

Аберрантты мінез-құлық (лат. aberratio, aberrare - ауытқу, жаңылу) - моральға қайшы келетін адамгершілік, ар-намыс, пәктік, ұстамдылық және қарапайымдылық сияқты жалпыға ортақ, барша қабылдаған идеяларды теріске шығаратын бейәдеп мінез-құлық.

Аберрация –девиация емес. Девиация – жеке адамның ауытқуы. Маскүнемдік, қылмыскерлік, жезөкшелік, қайыршылық сияқты жеке адамның деградациясы. Ал аберрация – күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол бүкіл ұрпақтың, мінез-құлық нормалары мен ережелерінің девальвациясы. Мысалы, адамгершілік қағидаларының «өзіңе пайда әкелетін істі ғана жаса», «мақсатқа жету жолында барлық тәсілді қолдануға болады»,«жеңіл ақша табу айып емес» деген қағидалармен алмастырылуы. Бүгінгі күнгі танымал тұлғалардың, шенеуніктердің немесе жастар ортасындағы көшбасшылардың «өздеріне икемді нормалар мен ережелерді» қолдану үлгісінен аберрацияасқына түсуде.

Жаһандану дәуіріндегі ұлттық-мәдени құндылықтарының әлсіреу қаупі туғанда патриотизм белгілерін пысықтау қажеттілігі туындайтыны қалыпты заңдылық. Әйтсе де бүгінгі қоғамда орын алған құндылықтық трансформациялық үдерістер патриотизм мен оның мазмұнына өзгерістер енгізуде,яғни, қазіргі заманда құндылықтар иерархиясы, өнегелі бағдарлар, патриотизм түсінігінің мазмұны өзгеріс үстінде.

Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында жаңа қазақстандық патриотизм – көпұлтты және көпконфессиялық қоғам табысының негізі екендігін атап көрсеткен болатын. Басты мақсат –қоғамдық келісімді сақтау және нығайту. Өйткені ол мемлекет, қоғам, ұлт ретіндегі өмір сүрудің айнымас шарты.

Ұлтжандылық, елжандылық мәселесімен тамырлас, құрамдас ұғымдар - Отан, ана тіл, жер, ұлттық мәдениет, ұлттық идея, ар-намыс, ұлттық мүдделержәнет.б. қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Жастарды отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеу, елдің рухын көтеру, ұлттық мақтаныш сезімін оята білу, отансүйгіштік, ұлтжандылық, елжандылық сынды қасиет қалыптастырудың қоғам мүшелерін біріктіруде және тұрақтылықты

қамтамасыз ету мен мемлекеттілікті бекітуде маңызы зор. Патриоттық тәрбие беру білім беру жүйесінің міндеті ретінде ҚР «Білім туралы» заңының 11-бабында: «3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» ерекше атап өтілген**.**

Тарих –патриоттық тәрбие көзі. Патриотизм – азаматтық ізгіліктің қайнар көзі. Әсіресе, жаһандану дәуірінде қоғам мүшелерінің тарихи санасы негізінде қалыптасқан позитивті патриотизмнің өзектілігі артуда.

Патриоттық тәрбие тарихи жадының сақталуымен, дамуымен тығыз байланысты. Тарихи жады буынаралық бірізділік пен ұлттық-азаматтық бірегейліктің өзегі болып табылады. Алайда, тарихты бұрмалау, этноцентрлік ұстанымдар, өткенді эмоционалды бағалау, тарихи мифтер мен стереотиптерге сүйену тарихи сананы өзгертіп, мәдениетаралық қатынастарды бұзады.

Тарихи жадының түзілуі көпқырлы және күрделі үдеріс. Бір тарихи оқиға түрлі әлеуметтік топтар тарапынан әрқалай бағалануы мүмкін. Сонымен қатар, тарихи сананың қалыптасуына саяси, әлеуметік-экономикалық өзгерістер, геосаяси жағдаяттар, идеологиялық ұстанымдар, білім беру мекемелеріндегі қоғамдық пәндерді оқыту сапасы сияқты факторлар да әсер етеді.

Отбасында ата-бабалары, туған жері, қазақы ортадағы «жеті ата» институты, шежіренің айтылуы бастапқы тарихи жадыны қалыптастырады. Тарихи жады– білім беру саласындағы пәнаралық негізде қарастырылатын көпқырлы мәселе. Мысалы, кеңестік кезеңдегі тілге қатысты ұстанымдар мен қазіргі «Үштұғырлы тіл» ұсатынымы арасындағы байланыс арқылы адам құқығы, қазақ тілінің жойылу қаупі мен комунистік идеология тарихы туралы ақпараттар беріледі. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтардың репрессия құрбандары болуы тоталитарлық режимнің ұлт тарихындағы рөлін түйсінулеріне мүмкіндік береді.

«Дінтану» пәні – дін тарихы мен олардың өзара үндестігін ұғыну арқылы көпконфессиялық ашық әлемде толерантты мәдени коммуникация жасауй алуға септігін тигізеді.Университет қабырғасында тарихи жадыны қалыптастыруда Отан тарихы, әлеуметтану, саясаттану, философия, дінтану, мамандыққа кіріспе, және тағы басқа тарихи мәселерге байланысты курстар ерекше рөл атқарады. Мектеп фактілерге негізделген және патриотизм рухынан қуаттанған ниетті дамытуы тиіс.

Қазақстанның көне заманнен бергі тарихы – сыни ойлау қабілеті дамыған студенттерге мектепте алған білімдерін одан әрі дамыта отыра олардың азаматтық ұстанымдарын нығайта түседі.

Жады қызметі тұлға қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Өз ауылының, қаласының, аймағының, отанының тарихын білу адамның азаматтық болмысын, отансүйгіштігін, ұлттық мақтанышын туғызып, жекелеген тұлғалардың тарихтағы рөлі мен қаһармандардың ерліктеріне, еңбектеріне еліктеу мен сүйсіну оларға ұқсауға ұмтылдырады. Адамзаттың тарихын білу

адам атаулының моралдық және адамгершілік қырларын тануға көмектеседі. Адамзаттың тарихи дамуын білу арқылы ұлттық мәдениеттің мазмұны мен барысын игереді. Сол арқылы ұлтымыздың адамзат өркениетіндегі орнын және адамзат дамуына қосқан үлесін айқындауға мүмкіндік алады. Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында аталмыш мәселелер ұтымды көрсетілген.

Дегенмен, отандық тарихты оқыту барысында жалған патриотизмге негізделген түсінік тудыруға болмайды. «Ура патриотизм» тарихи жадыны бұрмалап, жастар арасында ксенофобия мен жатсынуды тудырып, мәдени коммуникация мен сыни тұрғыдан ойлауға кедергі келтіріп, өзгелердің құқығын бұзумен қатар, агрессияға, фанатизмге жол ашады. Жастар саяси манипуляцияға, радикалды және діни экстермистік топтардың объектісіне айналып қауіпті инкультурацияға ұшырайды.

Жаһандану дәуірінде тарихи («ұлттық») сана негізінде қалыптасқан әлеуметтік тәжірибеге негізделген позитивті патриотизм белсенді насихатталуға тиіс. Отаны үшін және өзгелер үшін өзін құрбан етуге даяр азаматтар дайындайтынтарихи жадыны қалыптастыру аса маңызды мәселе. Алайда, нағыз отансүйгіштік пен «ұлттық артықшылықтар» туралы жалған ақпаратқа негізделген «ура патриотизмді» шатастыруға болмайды.

Сондықтан білім беру мекемелеріндегі тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің мазмұны мен оқытылу сапасы, патриоттық білім мен тәрбие беру мазмұны әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістер, ашық әлемдегі жаһандану үдерісі сияқты өзге де қоғамдық өзгерістерге сай қайта қарастырылуы тиіс. Себебі, патриотизм және мәдениетаралық коммуникация – қоғамның бірлігі мен тиімді еларалық қатынас негізі.

Отандық және дүниежүзілік тарихты оқыту барысында тарихи салыстыру жүреді. Мысалы, Ежелгі Грекия мен Рим тарихындағы экономиканың барлық жүйесінде кеңінен пайдаланып тауар ретінде саналған құлдық жүйенің Қазақстан тарихында болмауы ұлттық артықшылығымыз немесе ұлтымыздың гуманистік көзқарасының жоғарылығы, деп емес, тарихи даму ерекшеліктеріміздің бірі ретінде көрсетілгені дұрыс. Бұл тарихи жәйт студенттердің азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға позитивті әсер етеді. Құлдық жүйедегі адамдарды тегін эксплуатациялау тетігінің қазіргі уақытта өндірісте немесе ауылшаруашылығында арзан жұмыс күші ретінде адамдарды, балаларды және мигранттарды пайдаланатындығын көрсету арқылы адам құқығын сыйлау мен азаматтық ұстанымдарын дамытуға болады.

«Тарихи жадының» бірнеше анықтамасы бар. Оларды біріктіретін түйін - өткен тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар, қаһармандар, әдет-ғұрып, дәстүр мен халықтың даму тарихындағы жолдар туралы нарративтерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу тәсілі. Тарихи жады – рухани және эмоционалды әлеуеті ұлттық мәдени код ретінде тарихи дискурстың өзегіне айналып, отансүйгіштік сананы қалыптастырады.

Жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу барысында, олардың тарихи санасын қалыптастыруда мынадай шарттарды ескеру қажет:

1. Өткенді объективті және жан-жақты оқыту. Патриоттық тәрбиедегі жалған және саяси мифке негізделген тарихи білім оқырманның туған тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілігіне позитивті үлес қоспайды.

Отан тарихын немесе әдебиет тарихын оқу барысында өткен күндер мен бүгінгінің арасындағы логиканы бұзбау қажет. Мысалы, Сәкен Сейфуллиннің комунистік идеяларға негізделген «Советстан» және өзге де шығармалары оны ұлтқа қарсы тұлға ретінде бағалауға, қазақ әдебиетіндегі орнын төмендетуге негіз емес. Немесе, Әбілқайыр ханның Ресеймен одақтас болуға ұмытылысын сатқындық деп бағалау - тарихи шындықтан алшақтау болып табылады. Тарихи дамудың қандай да бір кезеңінің жүру үдерісін сараптамастан, өткен оқиғаға бүгінгінің көзқарасымен қарау мүмкін емес. Мысалы, әлем тарихында мыңдаған жылдар бойы соғыстар жүрді. Осы уақыт аралығында адамдар бейбіт келісімге де келді. Мәмілеге келу соғыстан да күшті құрал. Араптармен соғыс, кейін олармен бірігіп қытайларды жеңу тарихы және Абылайдың тұсындағы әскери қақтығыста қытайлармен келісімге келу, кейіннен өзара сауда-саттық жасасу; жоңғарлармен құдандалы болу; Бұхара медреселерінде қазақ зиялыларының оқуы; I және II дүниежүзілік соғыстан кейінгі 1948 жылы 10 желтоқсанда Адам құқығының жалпыға ортақ Декларациясының қабылдануы - адамзатқа қарсы қылмысқа баға берудің және тарихтан сабақ алудың көрсеткіші болып табылады. Әрине, оптимистік тарих - тарихи шындыққа негізделген мәліметтерге сүйене отыра баяндалуы тиіс.

Позитивті патриотизм тарихи образдар, тарихи тұлғалар арқылы құрылады. Тарихи оқиғалар туралы түсінік, тарихи тұлғалардың ішкі әлемі, құндылықтары, отан туралы түсініктері, өзін-өзі тәрбиелеуі және ортасы– ұлттық танымдар негізінде қалыптасады. Аңырақай соғысы мен Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың, Қабанбай мен Бауыржан Момышұлының арасындағы тарихи және рухани байланысты көрсету арқылы қазіргі жастардың патриоттық түсініктеріне әсер етеміз.

Тарихи жады– қоғам, әлеуметтік топтардың бірлігінің, өзара көмек көрсетудің негізі. Шекарасыз әлемде жастардың өзіндік ұлттық болмысын жоғалтпауларына, радикалды идеологияларға қарсы тұруына және дүниемен коммуникациясына позитивті ықпал етеді.Тарихи жадының бұзылуы тұлғаның әлеуметтенуіне, ал ол өз кезегінде қоғамның біртұтастығына теріс ықпал етеді.

Позитивті патриотизмнің, тарихи жадының қалыптасуында шешуші рөл атқаратын әлеуметтік ұстындар мыналар:

1. Отбасылық атмосфера, дәстүрлер, сәбилік кездегі ертегілер, бесік жыры,ата-әжелер бейнесі мен әндері арқылы бала қоршаған ортаға, өзі өсетін ортадағы мәдениетке енеді. Қанша жыл өтсе де, оның бәрі бала есінде қалады: «Махаббат, құрмет, бір-біріне деген қамқорлық – менің ата-анамнан берілген қасиет», «Ер адам – отбасының басшысы, ол үйдің әл-ауқаты үшін жауап береді», «Үй – сенімді қамал, олар сізге қиын жағдайда көмектеседі және

ешқашан берілмейді», «Отбасының мәні – балаларда». Немесе оған керісінше: «мен ақша жетіспеушілігінен қаншалықты жиі жанжал болатынын, отбасылық пәктік үй проблемаларының салдарынан қалай ыдырайтынын, анам қаншалықты тез қартайғанын көріп өстім» және «мен отбасылық бақыттың ауыртпалығын сезінуге асықпаймын» және т.б.

2. Отбасылық тәрбие сол отбасы қалыптастырған ережелер мен көзқарастар жиынтығына сәйкес жүзеге асырылады. Олардың ішінде: «Еңбекқорлық, және білім – табыс пен өркендеудің кілті», «Біреудің ала жібін аттамау», «Үлкендерді сыйлау», «Ар-ожданға сәйкес өмір сүру», «Әлсіздерді қорламау», «Жақындарыңыздың саулығы мен амандығы үшін жауапкерсіз», «Отанды сүю». Немесе: «Достар деген жоқ, мүдделер ғана бар», т.б.

3. Кез келген тәрбие этникалық немесе көпконфессиялы ортада жүзеге асырылады. Біртекті ұлттық немесе біртұтас көпұлтты отбасы ретінде өмір сүру тәжірибесі «бейбітшілік, түсіністік пен достық кепілі» болып табылады, «өзге ұлттар мейірімді көрші сияқты», «Өзге ұлттардың мәдениеті – жаңа тәжірибе мүмкіндігі». Немесе: «Ұлтаралық неке ешқандай жақсылыққа әкелмейді, өйткені титулдық ұлт өмірінің негіздері бұзылады», «Көпұлттылық – әрқашан күдік, дұшпандық, бәсекелестік» деген қағидалармен тіршілік етуі мүмкін.

4. «Генетикалық жадыны», «тектік кодты» тәрбиелейді: «Мен өз әкемді (анамды) мақтан тұтамын», «Мен атамның (әжемнің) батылдығына, батырлығына және үлкен төзіміне таңмын», «Мен үшін менің ағам – үлгі». Немесе: «Біздің «отбасылық шежіремізде» «қураған бұтақтар», бағы ашылмаған сәтсіз тағдырлар бар - мен олардың қателіктерін қайталауға қорқамын».

Тең құқықты, тең мүмкіндіктерді иеленген қазақстандықтар көпұлтты қоғамдағы барлық этностық әркелкіліктерді біріктіре алады. «Жаһандану дәуірі – көпұлтты мемлекеттер дәуірі», - деп Ұлт көшбасшысы нақтылағандай, «барлық ұлт өкілдерімен тіл табысып, тату-тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру – барша қазақтың басты қағидасы болуы шарт». Бұл Жолдауға дейін Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды шарты – бұл әлемдік бәсекелестік үдерісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін күшті рух пен білім» [140] деп пайымдайды. Ұлт көшбасшысы қазақстандық патриотизм сияқты ұлт табысының маңызды құрамдасына тоқталып, «Бұл өз Отаның мен жеріңедеген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, әркімнің өзкүш-жігеріне деген сенімі мен барша қоғамның топтасуы. Бұл бүгін тұрғызылып жатқан өз еліңнің тарихына қатыстылықтың және оның болашағыүшін жауаптылықтың жоғары сезімі. Бұл әрбір қазақстандықтың табыстары үшін мақтаныш жәнеқандай тұрғыда болғанына қарамастан өз салаңда табыстарға қол жеткізу ниеті. Және бұл табысты әркім Отанына бағыштап, әлемде оның даңқын асыруы, беделін көтеруі тиіс. Патриотизмді, әсіресе жастардың арасында, біздің балалардың бойында барша қоғамның ортақ күш-қуатымен қалыптастыру керек. Біздің әр азаматтың

табысы және халықаралық тұрғыда мойындалуы – бұл баға жеткізгісіз капитал, барша қазақстандықтардың мақтанатын нәрсесі және байлығы екендігі сөзсіз. Осындай үлгілермен ұлттың рухын көтеру керек! Өз Отаныңның патриоты болу – бұл Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату. Мен сіздерді осыған шақырамын» деп атап көрсетеді [140].

Қазақ тілі және тілдердің үштұғырлылығы мәселелері бойынша қазақ тілінің рухани негізділігі, жаңабуынның қазақ тілімен қатар, орыс және, ағылшын тілдерін белсенді меңгеру үшін жағдай жасау. Бұл идеяны тұңғыш рет Елбасы Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында көтеріп, үш тіл білу жастар келешегіне қажеттілігі айқындалды.

Мәдениеті мен дәстүрі бір-бірін толықтырып отыратын қоғам - мемлекет бірегейлігінің көрсеткіші. Қазіргі әлемде халықтық көркем шығармалар, ұлттық спорт түрлері, фольклор, ұлттық медицина мен педагогика, мерекелер мен салт-дәстүр сынды мәдениеттің дәстүрлі түрлеріне мән беріліп жатыр. Осыныұғыну арқылы адамзат мәдениеттің рухани қайнар-көздеріне терең бойлайды.

Сонымен бірге, халқымыздың генетикалық толеранттылығы қазақстандық мәдениеттің бастауы болып, мейірімді қазақ жерінде өмір сүріп жатқан жүз отыздан астам этностар ерекшеліктерімен санасады.

Елбасы ұлттық интеллигенцияның рөліне ерекше тоқталды. Елбасының пікірінше, 2050 жылғы Қазақстан прогрессивті идеалдар қоғамы болуға тиіс және бұл жолда интеллигенцияның орны ерекше: «Интеллигенция қалыптасқан мемлекет кезеңінде жаңа жалпыұлттық құндылықтар жасауда алдыңғы қатарлы күш болуы керек. Олар заманға сайжәне болашаққа құлшыныста болуға тиіс. Біз жастарымыз бағыт алып, бой түзеуге тиіс өз заманымыздың жаңа қаһармандарын көрсету және жасауымыз керек. Интеллигенция менің пайымдауымдағы Қазақстан-2050 Жаңа саяси бағыты негізінде ел болашағының ментальды, дүниетанымдық үлгісін жобалауда негізгі рөлді қолға ала алады және алуға тиіс» [141] деп, сенім білдірді.

Патриотты тәрбиелеу –отбасы, ұжым, мектеп, қоғамдық ұйымдар секілді әлеуметтік ортаның нысандарының объективті факторларының ықпалы мен индивидтің рухани-тәжірибелік қызметінің субъективті шарттарында орын алатын әлеуметтік процесс. Патриотизмге тәрбиелеу жұмысы мемлекеттілікті бекітудің және еліміздің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі. Бұл шара жүйелі түрде жүріп, саяси әлеуметтендірудің институттары арқылы өз бағыттарын айқындауға тиіс деп ойлаймыз. Патриоттық рухта тәрбиелеу сөзбен немесе кездейсоқ шарамен қалыптаспайтындығын ұғына отырып, патриотизм адамдардың айналада болып жатқан жағдайларға қарап отансүйгіштік орын алатындығын түсінген абзал. Егер жастар дұрыс ортада өмір көрсе, еңбегі мен зейініне құрмет көрсетілетінін сезінсе, әлеуметтік жүйе әділетті жүрсе жағымды пікір қалыптасады. Аталмыш қажеттіліктерді сезінбесе, әдемі сөздер мен шаралар өткізілгенімен оның көзбояушылық қасиетін анық көреді. Осылайша, аға ұрпақтың тәжірибесін қабылдау – тек позитивті ғана емес, сонымен қатар сындарлы ойлауға

жетелейді. Қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған бұл Елбасы идеясының ұсынылуы уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай, маңызы зор шешім болды. Бұл идеяның үшінші жаңғырудың өзегіне айналуы, елімізге мүлдем жаңаша сипат, тың серпін әкелді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сабақтастық –айрықша тарихи және мәдени феномен. Өзінің рухани өзегінің негізгі өлшемдерін жоғалтқан қоғам моральдық қағидаттарының тұтас жүйесін жоғалтады. Адамның бір нәрсе жоғалғанын сезінеді, пайда болған қуысты толық сезінеді.

Өткен тарихымызға құрметпен қарап, оны танып-білуге деген құштарлық, рухани мұраларымыздың негіздерін айқындауға, ұрпақтар арасындағы мәдени-тарихи сабақтастықты жаңғыртуға деген ұмтылыс еліміздің тәуелсіздік алуы арқасында мүмкін болып отыр. Ол қазіргі тарихи кезеңдегі қоғамның қажеттілігінен туындап, өркениетті мемлекет құру міндетімен байланыстырылуда. Рухани қазынамыздың ұшқынын қайта тұтату мақсатымен жүзеге асқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының тигізген әсері мол болды. Мәдени мұра тарихи жадының мазмұнын құрайды, сонда мәдени дәстүр іс жүзінде сабақтастықты еншілейді.

Қазақстан Республикасы халықтарының жаңа қоғамға сай ой-өріс байқатып, экономикалық, әлеуметтік, саяси өмірдің дамуына елеулі үлес қосуы, мәдени мұралар мен қоғамдық өзгерістерге сай рухани жаңарудың сабақтастығын сақтауына байланысты рухани жаңғырудың бірегей бағдарламасын ұсынды.

Сонымен қатар рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Оның ең негізгісі –ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу, тарихтың белестерінен сүрінбей өткен құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, бабалардан мирас болып қанымызға сіңген ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек екенін атап көрсетті. Рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде екі нәрсеге баса назар аудару керек екенін айтты. Оның бірі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея – болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра Ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.

Адамзат тарихына үңілсек, әлемдегі озық өркениеттер ұлттық сипаттан бастау алғандығын білеміз. Үшінші жаңғыруда біз әлемге еліміздің жаңаша бет-бейнесін танытуымыз қажет. Ол үшін ең алдымен сапа керек. Біз өткен дәуірден қалған құнды қағидаларды өзгертіп, орындалмайтын елес идеологиялардан бойды аулақ ұстап, жаңа прагматикалық сипаттағы деңгейге қол жеткізуіміз қажет. Әлемдегі түрлі революциялар ешқашан оңтайлы нәтижеге әкелген емес. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі жаңғыруы байыпты қалыпта, уақыт талабын ескере отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Эволюциялық жолмен жаңғыру қазақстанның даму жолының негізгі кілті екендігін ұғынып, әрбір қазақстандық азаматтың басты бағдарына айналуы тиіс. Рухани жаңғыруда қойылып отырған маңызды мәселенің бірі – сананың

ашықтығы. Жаһандану үрдісіндегі басты талап – әлемдік тілдерді игеруге ұмтылу. Бұл біздің ғаламдық үрдіске толыққанды араласуымызға жол ашады. Әлемдік озық тәжірибе мен жетістіктерге қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызатыны анық. Елбасы рухани жаңғыру жолында таяу жылдары атқарылуы тиіс негізгі міндеттерді де нақты анықтап беріп отыр. Соның бірі – латын әліпбиіне көшу. Бұл орайда, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдайтын боламыз. Білім беру жүйесінде дүние жүзінде баламасы жоқ бағдарлама іске асырылды. Әлемдік тілдердегі 100 оқулық қазақ тіліне аударылды. Бұл –халқымыздың білімінің әлемдік кеңістікке, ғаламдық деңгейге алып шығуға тың серпін.

Ешкімге ұқсамайтын дербес ұлт болуымыз үшін жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет жобасын іске асыру міндеті қойылыпп отыр. Мәдениетіміздің озық үлгілері әлемдік деңгейде кеңінен танылып, дүниежүзіндегі бәсекеге қабілеттілігі халықаралық деңгейге сай болуы қажет. Мәдениетті жасайтын халық болғандықтан, осы идеяның аясында замандастарымыздың жетістіктерін көрсетуге бағытталған «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы іске асырылуда. Бұл тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерге қол жеткізуге мол үлес қосқан тұлғаларымызды елге танытуды көздейтін жоба болмақ.

Рухани жаңғырудың негізгі сипаты өткен мен болашақты үйлестіре жүзеге асыру болғандықтан, екі арнаны іске асырылуы қажет. Оның бірі – ғаламдық жетістіктерді өзімізге әкелу арқылы жаһандық дамудағы өз үлесімізді алу. Екіншісі, өткен тарихымыз бен дәстүрлеріміздің асыл құндылықтарымызды қайта жаңғыртып, ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалу. Түптеп келгенде − бұл күйзеліс пен дүрбелеңнің, сонымен қатар, өрлеу мен дамудың алмағайып кезеңінде Қазақстанның экономикалық және технологиялық жаңғыруының идеологиялық негізі. Біз қазақ ұлты, рухани жаңғыру арқылы өркениетті әлемнің ажырамас сабақтас бөлігіне айналамыз. Бұл – біздің тарихи таңдауымыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев. Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (статьи, интервью, выступления, экспертные комментарии и справочно-аналитические материалы). – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017. – 512 с.

2. Скопина О.А. Преемственность в формировании выразительного образа в лепке у старших дошкольников и учеников певого класса школы. – Киров.:Авт-т дисс. Канд. Пед. Наук. –М.: 1999. -24 с.

3. Баллер Э.А. Социальный прогресс и культурное наследие. – М.: 1987. – 307 с.

4. Батурин В.Г. Проблема преемственности в диалектико-материалистическом учении о развитии. Алма - Ата, 1981. - 158 с.

5. Карев П.В. К вопросу о духовной преемственности поколений. // Ценностные ориентации в подготовке специалистов. / Материалы Всероссийской научно-практической конференции (Уфа, 29-30 сентября 1997 г.). Уфа: Изд-е БГПИ, 1997. - С. 106.

6. Исаенко Г.Н. Роль исторической преемственности в развитии науки. - М.: Знание, 1969. 24 с.

7. Исмаилов Ф.Ю. Преемственность в историческом процессе. -Ташкент: «Фан» Узбекской ССР, 1989, 175 с.

8. Рубанов В.Г. Проблема преемственности как закономерность общественного развития. Томск, 1979. 112 с.

9. Ананьев Ю.В. Культура как интегратор социума. Авт-т дисс. докт. филос. наук. Нижний Новгород, 1997. - 38 с.

10. Гринин В.В. О материалистическом понимании преемственности в развитии духовной культуры (канд. дисс.). Минск, 1967,- 145 с.

11. Кант И. Сочинение: в 6 т. – М.: Мысль, 1966. – Т. 5. – 564 с.

12. Байжігітов Б. Гегель формуласы және өнерге философиялық пайымдау // Ізденіс. Гуманитарлық ғыл. сериясы. – 2001. – №6. – Б. 231-236.

13. Тойнби А. Цивилизация перед судом истории: сб. / пер. с англ. – М.: Рольф, 2002. – 592 с.

14. Лосев А.Ф. История античной эстетики: в 8 т. – М.: Искусство, 1980. – Т. 6. – 765 с.

15. Ал-Фараби. Философские трактаты. – Алматы: Наука, 1972. – 430 с.

16. Мукашев З.А. Преемственность в философии. – Алма-Ата: Казахстан, 1973. –104 с. С. 4-5.

17. Мукашев З.А. Преемственность как момент развития. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 203с. С. 13.

18. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 462 б.

19. Ауезов М. Евразийская духовная традиция и преемственность казахской культуры // Культура Казахстана: традиции, реальности, поиски. – Алматы, 1998. – С. 31-38.

20. Нугманова К.Ж. Общечеловеческие ценности и их объективация в национально-этноческой культуре: автореф. ... канд. филос. наук: 09.00.11. – Алматы, 1997. – 19 с.

21. Аубакиров Е.Н. Проблема ценности в контексте трансформационных процессов общества переходного периода: автореф. ... канд. филос. наук:. 09.00.11. – Алматы, 1999. – 23 с.

22. Мухамеджанов К.М. Духовные интересы как источник и фактор самореализации личности: автореф. ... канд. филос. наук: 09.00.11. – Алматы, 1992. – 23 с.

23. Нұрадин Г.Б. Өркениет: дәстүр және сабақтастық. – Алматы: ТОО «Издательский дом «АСА», 2007. - 159 б.

24. Қасымжанов А.Х. Рухани тамырлар // Қазақ. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Білім, 1994. – Б. 86-108.

25. Кшибеков Д.К. Национальная идея и идеология. – Алматы: Эверо, 2007. – 280 с.

26. Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. − Алматы, 1994. − 208 с.

27. Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану және жаңару философиясы: Оқу құралы. − Алматы: Қазақ университеті, 2009. − 282 б.

28. Нысанбев Ә.Н. Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі // З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 178 б.

29. Нұрышева Г.Ж. Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау / Монография. − Алматы: Інжу-Маржан, 2011. − 347 б.

30. Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. − Алматы: «Өнер», 2012. − 336 с.

31. Булекбаев С. Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию. / Монография. – Алматы: ТОО «BAViS systems», 2016. – 316 с.

32. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: Рауан, 2000. – 180 б.

33. Исмағамбетова З.Н. XX ғасырдағы батыс мәдениеті философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 132 б.

34. Есім Ғ. «Қазақ философиясы мен өркениетінің мәселелері» Сана болмысы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 309 б.

35. Масалимова А.Р. Культурная антропология. – Алматы: «Алла прима», 2006. – 167 с.

36. Шаукенова З.К., Дунаев В.Ю. Идеологическое конструирование в Республике Казахстан: вехи эволюции и траектории развития в контексте Стратегии «Казахстан-2050»: монография. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 438 с.

37. Изотов М.З., Сарсенбаева З.Н., Хамидов А.А. Формирование человеческого капитала в независимом Казахстане: социально-философский

анализ. Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2011. − 292 с.

38. Сагикызы А. Проблема гуманизма в философии Конфуция//Актуальные проблемы философии и политологии глазами молодых ученых− Алматы: Компьютерно-издательский центр ИФиП МОН РК, 2007.– 256с.

39. Абдигалиева Г.Қ. «Қазақстан Республикасының рухани-адамгершілік құндылықтарын жаңғырту» Кол.монография. Алматы, Қазақ университеті 150 б, 2014

40. Қасабеков А., Алтаев Ж. Қазақ философиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Ер-Дәулет», 1996. – 184 б.

41. Мырзалы С. Модернизация общества: взаимосвязь политики и морали. − Костанай. − 1998. − 266 с.

42. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы: Мәдениеттану оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 203 б.

43. Еділбаева С.Ж. Білім беру: модерн және постмодерн кеңістігінде. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 310 б.

44. Карабаева А.Г. Нарратив в науке и образовании // Серия «Symposium», Инновации и образование. Выпуск 29 / Сборник материалов конференции Санкт-Петербург: Санкт-Петербургское философское общество, 2003. − С. 89−96.

45. Сұлтанбаева Г.С., Құлсариева А.Т., Жұмашова Ж.А. Интеллектуалдық әлеуеттен – интеллектуалдық ұлтқа / Ұжымдық монография. – Алматы. ИП Волкова. 2012. – 316 б.

46. Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.

47. Шайкемелев М.С. Казахская идентичность / Под общ.ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 272 с.

48. Аташ Б.М. Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – Б. 196−216. 91

49. Абдрасилова Г.З. Философия: тарихи-теориялық дискурс. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 800 б.

50. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 1-том. Қазақ мифологиясына кіріспе. − Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. − 376 б.

51. Құранбек Ә.А. Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдық (XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы): автореферат / Ә.А. Құранбек. − Алматы: 2010. − 24 б.

52. Философский энциклопедический словарь / под ред. Е.Ф. Губского, Г.В. Кораблевой, В.А. Лутченкова. – М.: Инфра-М, 2007. – 575 с.

53. Мид М. Культура и мир детства. -М.: Наука, 1988. – 429 с.

54. Исхакова Г.И. Социальная преемственность: философский анализ: Автореферат дисс. . канд. филос.н. Уфа: Изд-е БашГУ, 2001. - 18 с.

55. Каган М.С. Философия культуры. – СПб.: Петрополис, 1996. – 414 с.

56. Зиммель Г. Избранное. Том 1. Философия культуры. — М.: Юрист, 1996. -671 с.

57. Kabul O., Yesim G., Velikaya O. The development of culture influenceg by religion and its connection with continuity as a philosophical notion // European Journal of Science and Theology. – 2018. –Vol. 14, №3. – P. 95-104.

58. Kabul O.A., Berkimbaeva B., Akhmetova B. B.BerkenovaPoliticalorientationsoftheyouthinTajikistan, Uzbekistanand Kazakhstan - CentralasiaandtheCaucasus // Journal of Social and Political Studies. – 2017. – Vol. 18, Issue 2. – P. 95-102.

59. Қабул О. Сабақтастық ұғымы мен рухани мәдениеттегі ықпалдастық // Новости передовой науки: 16-я халық. ғыл.-практ. конф. матер. – София, 2018. – Т. 12. – Б. 88-97.

60. Есім. Ғ., Қабул О. Құндылықтар табиғаты және адам мен әлем болмысындағы орны // Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Хабаршы. – 2017. - №4(62). – Б. 31-36.

61. Қабул О. Әлемдік тәртіпті орнатудағы құндылықтар шарты мен талабы // Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Хабаршы. – 2017. – №1(63). – Б. 22-29.

62. Синан Ө., Қабул О. Құндылықтар жүйесіндегі трансформация үдерісінің түрлері мен мәдениетті дамыту динамикасы // ӘЛ-ФАРАБИ атындағы қазақ ұлттық университеті ХАБАРШЫ. – 2017. – №1(63). – 278 б.

63. Қабул О. Сабақтастық – мәдениетті дамытудың заңдылығы // Новостипередовой науки: 16-я халық. ғыл.-практ. конф. матер. – София, 2018. – Т. 9. – 96-106 б.

64. Абдигалиева Г.К., Кощигулова К.И. Национальная идея и ценности этнокультуры // Әлемдік және Қазақ философиясындағы антропологиялық дискурс. Философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаевтың 60 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. − Алматы: Қазақ университеті, 2008. − Б. 91−96.

65. Абдигалиева Г.К. Аксиология культуры: Учебное пособие. − Алматы, 2012. − 120 с.

66. Маслоу А. Мотивация и личность. - СПб.: Евразия, 2006. - Т. 3. - 374 с.

67. Фромм Э. Иметь или быть. - М.: Айри-пресс 2006. – 384 с.

68. Вебер М. Избранные произведения. – М., 1991. – 202 с.

69. Сорокин. П. Социальная и культурная динамика: Исслед. изм. в больших системах искусства, истины, этики, права и обществ. отношений = Social & Cultural dynamics: A Study of Change in Major Systems of Art, Truth, Ethics, law and Social Relationships / Питирим Сорокин; Пер. с англ.

В. В. Сапова. — Санкт-Петербург: Изд-во Рус. Христиан. гуманитар. Ин-та, 2000. — 1054 с. — (Социология: Университет. б-ка / Ин-т социологии РАН, Междунар. ин-т Н. Кондратьева — П. Сорокина). ISBN 5-88812-117-7

70. Парсонс Т. Социальнаясистема. — М.:Академическийпроект, 2018. — 529 с.

71. Wortham R.A. Religious pluralism, cultural continuity and the expansion of early Christianity: Stark revisited // The Social Science Journal. – 2016. – Vol. 53, Issue 4. – P. 573-580.

72. Дюркгейм Э. Социология, ее предмет, метод, предназначение. – М., 1995. - 352 с.

73. Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 6 т. – М.: Педагогика, 1984. - Т. 4. – 310 с.

74. Крапивенский *С.*Э.Социальная философия*: учебник для гуманит.* - Волгоград*:* Комитет по печати, 1996. - 352 с.

75. Лук А.Н. Юмор, острословие, творчество. - М.: Наука, 1977. – 183 с.

76. Жекебаева М.А. Философиялық ойлар тарихындағы философтардың еркіндік, жауапкершілік мәселесіне көзқарастары // ҚазҰУ хабаршысы. - 2007. - №1. – Б. 147-150.

77. Кудряшев А.Ф. Единство наук: основания и перспективы. - Свердловск: Изд...во урал. университета, 1988. – 145 с.

78. Рубин В.А. Человек в древнекитайской мысли // Народы азии и африки. - 1968. - №6. - С. 82.

79. Есім Ғ. Жақсы адам – жарық шам. «Бүтін бітім» (Естеліктер, эсселер және шығармашылық портреттер) /. - Астана «Фолиант», 2012. – 560 б.

80. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. - Астана: Фолиант, 2010. - 480 б.

81. Кемеров В.Е. Общество, социальность, полисубъектность. - М.: Академический проект, 2012. – 252 с.

82. Очерки по истории мировой культуры / под ред. Т.Ф. Кузнецовой. - М.: Языки русской культуры, 1977. - 320 с.

83. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977. – 703 с.

84. Бахтин М.М. Очерки по истории мировой культуры. - Тамбов Издательство ТГТУ, 2002. – 275 с.

85. Федотова В.Г. Модернизация «другой» Европы. - М., 1997. – 253 с.

86. Галимова А.К. Понимание как проблема социальной философии // Вестник ВГУ. – Воронеж: Изд-во ВГУ, 2014. – №2. – С. 5-6.

87. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. - Алматы: Раритет, 2013. - 400 б.

88. Есим Ғ. Хакім Абай. - Алматы: Ғылым, 2012. - 384 б.

89. Кант И. Сочинения: в 6 т. – М., 1965. – Т. 4, ч. 1. – 544 с.

90. Трёльч Э. Историзм и его проблемы. - М.: Юрист, 1994. – 720 с.

91. Платон. Собрание сочинений: в 4 т. - М.: Мысль, 1994. – 654 с.

92. Каган М.С. Философская теория ценности. - СПб., 1997. – 205 с.

93. Кант И. Бүкіләлемдік-азаматтық тұрғыдағы жалпылама тарих идеясы. Мәңгілік бейбітшілік жөнінде. - Алматы: Жеті жарғы, 2003. - 164 б.

94. Бердяев Н.А. Проблема человека // Вопросы философии. - 1936. - №50. – С. 3-26.

95. Гаипов З.С. Политическое развитие Республики Казахстан и глобализация (политологический анализ): автореф. ... док.полит. наук: 23.00.02. - Алматы, 2010. – 40 с.

96. Сорокин П.А. Социокультурная динамика и эволюционизм // Американская социологическая мысль: сб. – М.: Изд-во МУБиУ, 1996. – С. 372-392.

97. Сагатовский В.Н. В.П. Тугаринов и проблема метода в философии // Тугариновские чтения: матер.науч. сессии. - СПб., 2000. – Вып. 1. - С. 69-74.

98. Фромм Э. Бегство от свободы. - М. Инфра-М, 2006. - 230 с.

99. Кант И. Метафизика нравов. - М.: Мир книги, 2007. - 400 с.

100.Маслоу А. Мотивация и личность. - СПб.: Евразия, 2006. - Т. 4. - 375 с.

101. Ойзерман Т.И. Проблема долженствования в философии Гегеля// Вопросы философии. - 1995. - №5. – С. 98-102.

102. Риккерт Г. Наука о природе и науки о культуре. – М.: Республика, 1998. – 472 с.

103.Аристотель. Сочинения: в 4 т. – М.: Мысль, 1976. – Т. 1. – 550 с.

104. Нысанбаев Ә., Изотов М.З. Әлеуметтік философия: 20 т. – Астана: Аударма, 2006. - Т. 17. - 480 б.

105. Гусейнов А.А. Мораль и разум // Научные и вненаучные формы знания: сб. – М.: 1996. – С. 183-201.

106. Фромм Э. Душа человека / пер. с англ., нем. – М.: Республика, 1992. - 429 с.

107.Парцвания В.В. «Генеалогия отчуждения».2003.: Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора философских наук. СПбГУ, 2003.

108. Исмагамбетова З.Н. Стратегии идентичности в контексте развития казахстанского общества // Казахстанская культура: между традицией и экспериментом: материалы международной научной конференции, посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан. – Алматы, 2011. – С. 159−163.

109. Кирабаев Н. Философия и культура в контексте кризиса «современности» // Философия в современном мире: стратегии развития. Материалы I Казахстанского философского Конгресса (Алматы, 27–27 сентября 2013 г.). – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – С. 43−55.

110. Куда идет Российская культура? (материалы «круглого стола»). Участвовали: Г.А. Гаджиев, А.С. Запесоцкий, А.Б. Куделин, В.Л. Макаров,

М.Б. Пиотровский, Г.М. Резник, В.С. Степин, Т.С. Юрьева / Вопросы философии. – 2010. – №9. – С. 3−63.

111. Степин В.С. Культура // Вопросы философии. – 1999. - №8. – С. 61-71.

112. Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық / бас сарапшы. Б.Әбіғазиев. – Алматы: Аруна Ltd. ЖШС, 2005. – 576 б.

113. Кондорсе Ж.А. Эскиз исторической картины прогресса человеческого разума. - М.: Наука, 1936. - 130 с.

114. Герцен А.И. Письма об изучении природы. – М.: Политиздат, 1946. – 314 с.

115. Виндельбанд В. Философия немецкой духовной жизни XIX столетия. - М., 1993. – 105 с.

116. Бергсон А. Два источника морали и религии / пер с фр. – М.: Канон, 1994. - 120 с.

117. Кафаров Т.Э. Культура компромисса и согласия // Философские исследования. – 2001. - №2. – С. 47-59.

118. Милд Э. Американская социологическая мысль: тексты. – М.: Изд-во МГУ, 1994. - 496 с.

119 Belzen J.A. Methodological concerns in the psychology of religion: Continuities, losses and transforming perspectives // Religion. – 2005. – Vol. 35, Issue 3. – P. 137-165.

120. Хвыля-Олинтер Н.А. Интернет-Фактор в ценностном развитии молодежи России// Alma mater. Вестник высшей школы. - 2016. - №5. - С. 104-109.

121.Асанбаева А.Е. Историческая преемственность в духовой культуре казахского общества XV-XVIII вв.: теоретико-методологические проблемы:дис. док.филос. наук: 07.00.09. – Алматы, 2010. – 220 с.

122 Назарбаев Н.А. Пять лет независимости. - Алматы: Қазақстан, 1996. – 624 с.

123 Қоңырбаева К.М. Қазақ философиялық ойы эволюциясындағы еркіндік идеясы. - Алматы, 2013. -213 б.

124 Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. - Алматы: Дайк-пресс, 2004. -204 б.

125 МансұровТ. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы батыс және Қазақстан кәсіби философиясы. - Астана: Аударма, 2009. -400 б.

126 Жетпісбаева М.С. Мұстафа Шоқай және ұлттықтәуелсіздікмәселесі. – Алматы: Жеті Жарғы, 2013. -190 б

127.Есім Ғ. Саяси философия: ойлар, тұжырымдар - Алматы: Ел-шежіре, 2006. - 256 б.

128 Кузнецов В.Н. Французская буржуазная философияXX века.– М.: Мысль, 1970. - 319 с.

129.Еңсегенов Қ. Қоғамдық сана формаларының даму диалектикасы: көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 1994. - 52 б.

130 Ковалев А.М. Диалектика способа производства общественной жизни. – М., 1982. – 255 с.

131. Гидденс Э. Социология и модерн // Контексты современности – 1: актуальные проблемы общества и культуры в западной социальной теории / Хрестоматия: Пер. с англ., и нем. – 2-е изд. перераб и доп. – Казань: Изд-во Казан., ун-та, 2000. – С. 11–16.

132 Дәрімбетов Б. Жұмабаев М. Таңдамалы: (өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). - Алматы: Ғылым, 1992. - 272 б.

133 Болотин И.С. Духовные основы преемственности поколений: автореф. ... док. филос. наук: 22.00.06. – М.: Наука, 1993. – 47 с.

134 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV съезі: сөздер жинағы / ред. Е.Б.Мұратбеков. - Астана: Фолиант, 2012. - 228 б.

135 Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 164 б.

136 Қожамқулов Т.А. АльФараби – Абай: проблема преемственности// Матер. междунар. науч. конф. – Алматы, 2007. – Б. 79-83.

137 Жұмабеков Ф.Н. Инновациялық педагогикалық технологияларды білім беру мазмұны сабақтастығын қалыптастыруда пайдалану // Білім-Образование. – 2006. – №2. – Б. 44-46.

138 Касымбеков М.Б., Пралиев С.Ж., Жампеисова К.К. Мәңгілік Ел: окулық. – Алматы: Ұлағат, 2015. – 336 с.

139 Сәрсенбаев Н.С. Салт, дәстүр және қоғамдық өмір. - Алматы: Қазақстан, 1973. -476 б.

140. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // [Электронный ресурс]. – 2015. – URL: http://www.akorda.kz (дата обращения: 23.05.2015).

141. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік // [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: http://www.akorda.kz (дата обращения: 18.03.2017).